

А 2017

4621к

Айтуар ӨТЕГЕНОВ

**БОЗ ЖУСАН ИІС  
БОЗ ДАЛАМ**









Айтуар ӨТЕГЕНОВ

# БОЗ ЖУСАН ИІС БОЗ ДАЛАМ



«Сардар» баспа үйі  
Алматы  
2017

ӘОЖ 821.512.122 (084)  
КБЖ 84(5Қаз)-5  
Ө 75


Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі  
«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату,  
қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау  
және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру»  
бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін  
басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы  
бойынша жарық көрді

**ӨТЕГЕНОВ А.**

Ө 75 **Боз жусан иіс боз далам.** / Айтуар Өтегенов. – Алматы:  
«Сардар» баспа үйі, 2017. – 400 бет.

ISBN 978-601-7174-98-9

Ақын А. Өтегенов шығармаларының тақырып аясы кең. Басты кредосы – өз оқырманының жүрегіне отансүйгіштік сезімін егу. Еліміз әлі еркіндік алмаған сонау тоталитарлық кеңес заманында-ақ Атырау мен Маңғыстаудың шежіресі мен тарихына терең үңіле білген ол балладаларымен өз оқырмандарын елең еткізген еді. Сонымен бірге тәуелсіздігіміздің Туын жоғары ұстай білуге де өзге жас қаламгерлерді жетеледі. Елбасымыздың саясатын кеңінен насихаттайтын публицистикалар мен көркем топтама өлеңдер жазды.



ӘОЖ 821.512.122  
КБЖ 84(5Қаз)-5

ISBN 978-601-7174-98-9

© Өтегенов А., 2017  
© «Сардар» баспа үйі, 2017

## АЙЫ ОҢЫНАН ТУҒАН АҚЫН

(Алғысөз орнына)

Айтуар Өтегеновтің «Қайшыбай жездемнің айтқандарынан» деген шежіре-баяндық қысқа әңгімелер шоғырын оқығанда, оның аңыз-әфсаналық әңгімелерді шып-шымыр, шашыратпай баяндауға шеберлігін көріп, осал қаламгер еместігіне көзіміз жеткен. Содан кейін «Маңғыстау ақын-жазушыларының кітапханасы» сериясымен шыққан (ҚазАқпарат, Алматы, 2013 жыл), өлеңдер, поэмалар, балладалар, әңгімелер топтастырылған «Мифпен өмір сүретін өлке» жинағын бас алмай оқып шыққанбыз. Енді міне «Боз жусан иіс боз далам» жинағы өз оқырмандарына жол тартқалы отыр.

Бұл жинақ 70 деген биіктің басына шыққан ағаның еліне берген шығармашылық есебінің бір парасы болар деп түсініп, ақын туралы қал-қадеріміз жеткенше аз гана пікір білдіруді жөн көрдік. Себебі Айтекең қолына қалам ұстаған әріптес ретінде біз үлгі-өнеге алатын аға буын өкілі. Ағамыздың адамдық болмысын сөз мергені – публицист, ақын-сазгер, өлкетанушы Біргали Байекеев ағамыздан асырып айта алмаспыз: «Шамшылдықтан шалғай, лепірмеліктен ада, төсқақпайлықтан таза, жаратылысынан жұмсақ, биязы мінезді ақын баяу ағатын тұнық өзендей арнасын бұзбай, байыппен жылжып, жай гана жан рахатына бөлейді» депті ол «Өлеңнен өрілген ескерткіш» атты мақаласында бұл ағамыз туралы.

Шығармашылық адамын шыңға көтеретін – шығармасы. Бұл жағынан келгенде Атырау мен Маңғыстау секілді қойы қоралас, ұңғымалары аралас екі өлкенің телқоңыры – Айтуар ақынның қоржыны тоқ. Ол кісінің қаламынан осы кезге дейін: «Тұңғыш» (1978), «Ақкөйлек» (1980), «Ақсұқсұр» (1994), «Арманым саған ауған» (1998), «Қарашүңгіл – қаракөзім тұңғыық» (2000), «Адыраспан» (2003), «Ата қазақ» (2011), «Мұнайы мол Маңғыстау» (2011), «Ақ көйлекпен шығып ең...» (2014) өлеңдер және прозалық жинақтары жарық көріпті.



Түйгеніміз – жазушы ата-баба тарихын жақсы біледі. Сол тарихтан тәлім-тәрбиелік мәні жоғары, имандылық пен адамгершілік нәріне суарылған түрлі аңыз-әфсаналарды жатық тілімен оқырманын тамсанта, тартымды шерте де біледі. Соның бірі – «Жара» хикаяты.

Негіздерінде тарихта болған бір-бір ру басы арыстар бейнесі жатқан – Арай, Дара, Қаз, Бай, Бек, Қара, Құл деген шартты түрдегі кейіпкерлерді қатыстыра отырып, бұрынырақта түбекте орын алып, аталас ағайындарға опық жегізген оқиғаны шебер құрастыра білген жазушы «Жара» хикаятында мынадай пәлсапалық ой айтады: «Бір әйелдің зар-байбаламы қырғынға ұшыратты, бір әйелдің ибалық сәлемі қырғынды тоқтатты. «Еркекті ақымақ ететін де, ақылды ететін де – әйел!» (119 бет).

«Бір әйелдің кесірі қырық есекке жүк болады» демекші, еншісі бөлінбеген екі рулы елді ала тайдай бүлдіріп, сүйекке өшпес таңба түсірген әзәзіл әйелді ауылдан аластап, төркініне апарып тастатынын кесімді шығарманың өзекті шешімі етіп қабылдауы – көпке сабақ болғандай сәтті шешім. Татулыққа татау түсіретін өрлік пен өшпенділіктің бұдан әрі ел арасында бұр жармауы үшін де жазушы қасиетті қаламға осындай шешім шығартқан.

Шежіре тінін шебер тарқата білетін жазушы ағайынды екі ауылдың арасындағы бір тоқтыдан өрбіген даудың соңы адам өліміне ұласып, ақыры ауылдың шабылуымен аяқталғанын аңыз бен ақиқатты шебер қиыстыра әңгімелей отырып, өскелең ұрпақты өткеннен сабақ алып, қатыгездік пен алауыздықтан аулақ болуға шақырады. Кек алу мен текетірестің соңы бармақ шайнататын орны толмас іске ұрындырарын өскелең ұрпаққа осылай ұғындырған.

«Шалмағамбет немесе сырлы асатаяқ сыры», «Құла ат қасіреті», «Ақшолпан» әңгімелерінің негізі де күні кеше осы өлкеде өмір сүрген белгілі адамдардың тағдырынан алынған. Жазушы өзі өскен жердің сырына құлағы қанықтығын, әдет-ғұрып заңдарына жетіктігін танытады. Себебі оның өсіп, жетілген ортасы – жездесі Қайшыбай, әжесі Жиде, әкесі Оспан секілді өңкей шежіреші, кәріқұлақ кісілердің арасы, қазақы салт-дәстүрдің қаймағы бұзылмаған орта.

Ал анасы Жаңылхан ертегі-аңыздарды, хиссаларды жатқа айтатын көкірегі ояу кісі болыпты. Ақынның өзі әкесі Оспан туралы:





«...әңгімені баппен айтатын да, тыңдаушысы келіспесе мүлдем үндемейтін» деп еске алады. Атасы Өтеген Қалмырзаұлы дауысы түстік жерден естілетін әнші екен. Оның әншілігіне қатысты оқиға ақынның «Ән» атты балладасына арқау болған.

«Ант немесе суын құлын хикаясы», «Әбілқайыр ханның құнын алуға аттанардағы Айбас батырдың бата сұрауы», «Ақсұқсыр», «Дос парызы» секілді шығармаларында да аңыз бен ақиқаттың шебер астасып, мазмұнды жырға арқау болғанын көреміз.

Айтуар Өтегенов – оқиғалы өлең мен балладаның шебері. Оның «Ұры тіс», «Қара жорға», «Табыттан табылған өлең», «Көкөтай мен Асалы», «Ақборан. Отар. Амандық.», «Ана шапалағы», «Өкініш» секілді шығармаларын оқыған адам бұған көзін жеткізе алады.

Ақынның әкесі Оспан өмір бойы жылқышы, ағасы Жұмақшам жылқының дертін білетін, емсек адам болған. Оспан Өтегенұлы майданда немістердің қолына түсіп қалып, өзі ұстауда жүріп те жылқы бағумен айналысыпты. Кейін, соғыстан соң озат жылқышы атанған Осекен Социалистік Еңбек Ері атағына ұсынылып тұрып, сол пленде болған «кінәсінен» өзіне тиесілі атақты ала алмай қалады.

«Жылқы десе ішкен асымды жерге қоятынмын. Мереке кезінде колхоз басшылары Құлсарыға келіп, мені бәйгеге шаптыру үшін мектептен сұрап алатын, сөйтіп балалардың алдында да беделді болдым», – дейді 5 сыныптан бастап «бәйге бала» атанған Айтуар ақын. Жоғарыдағы жылқыға қатысты шынайы өлеңдер бекер тұмағаны оқырманға енді түсінікті шығар.

«Өмірдің өзі бәйге екен. Сол 5 класта бәйгеге шапқаннан, шауып отырып киелі Маңғыстауға келдім. Ат бәйгесін жыр бәйгесіне ауыстырып, таласып-тармасып әлі шауып келемін. Кейде озасың, кейде шаң қауып қаласың», – деп ағынан жарылады жыр-бәйгесінде талай жүлдеге ие болып, жұлдызы жанған ақын.

Жаратушы ие әзелде ақын қылып жаратқан пендесінің түбінде жыр-додаға түспей қалмасы анық. Айтуар да сөйтіпті. Ақындық талабы жас кезінен байқалған ол көмекші шопан болып, қырда қой жайып жүріп те, механизатор болып темір-тұлпарын майлап, сылап жүріп те, әскер қатарында астық жинасып жүріп те қолынан қаламын түсірмеген. Өзі куә болып жүрген өмірдің суретін мақала қылып, өлеңге айналдырып аудандық газеттерге жолдаумен болған.



Әскерден оралған бетінде Ембі аудандық «Ембі» газетіне әдеби қызметкер болып жұмысқа алынып, содан былай әдебиет ауылына ат басын біржолата бұрған Айтекең міне, 50 жылдың үстінде қасиетті қаламды жанына серік етумен келеді.

Ақын жүрегіне айналадағы жақсылық пен жамандықтың қай-қайсысы да әсер етеді. Қарапайым адамға қарағанда ақын жүрегі сезімтал, сергек болатыны белгілі. 1985 жылы Бейнеу аудандық «Рауан» газетінің редакторлық қызметіне кіріскен Айтуар Өтегеновті басшылар бірден Кеңес жұмыстарына тартып, төрағалығына сайлайды. Сол кезде күн тәртібінде тұрған мәселенің бірі – Бейнеу ауданын экологиялық Арал апаты аймағына жатқызу екен. Осы мәселені республика деңгейінде көтеріп, ауданғаерекше қамқорлық статусын алу жұмысына Айтекең бел буып кірісіп кетеді.

Аудан халқының басындағы қиуын таппай тұрған қиын мәселенің бетін ашып, экологиялық апатты жағдайдағы Арал теңізінің сортаң топырағы тынбай борап, жаз шығысымен мал жайылымын жауып, адам ағзасына зардабын тигізіп жатқандығы жөніндегі өзекті тақырыппен «Бейнеу бейнеті» мақаласы арқылы өз жан айқайын сол кездегі Жоғарғы Кеңестің органы «Халық кеңесі» газетіне жариялайды. Сөйтіп, елі мен жерінің жоқтаушысы бола біледі.

«...1946 жылдың күзінде, егін орағы жүріп жатқан түнде, айтуып келе жатқан мезгілде дүниеге келіпін. Есімім содан Айтуар қойылған» дейді ақын. Айтуар Оспанұлы атына сәйкес айы оңынан туған ақын.

Ел қорғаған ерлердің төлеуі боп оралдық,

Үзілмеген үміттің сәулесінен нәр алдық.

Батырлардың рухы болу керек біздерге,

Олар үшін бақыт құс қону керек біздерге... деп қаламгердің өзі көрегендікпен жырлағандай, ерлердің өтеуіне туған ағалардың басым көпшілігі маңдайы жарқырап, қай істе де қайсарлық пен батылдықтың үлгісін көрсетіп, ел алдындағы азаматтық борышын артығымен өтеумен келеді.

Айтекең жырларын оқыған адам оған тән ойлылықты, этно-ұлттық қанық бояуды, биік пафосты азаматтық әуенді, нәзік сезімге суарылған сыршылдықты бірден сезінеді. Қазақ әдебиеті аталатын алып киелі кітап парақтарында Айтуар Өтегеновтің де ешкімге ұқсамайтын өз қолтаңбасы бар.



Өлеңді құрастырып, үзін, жалғамай, қорғасын секілді тұтас құя  
салатын ақынның қаламынан туған афоризмдер де баршылық.

Жауыздықтан туған нәрсе – тым келте,  
Махаббаттан туған нәрсе – өміршең.  
Қайғы дайын бергендерге қастаса,  
Бақыт дайын білгендерге достаса.

(60 бет)

Кей сөз – бақыт,  
Кей сөзден басы кетер,  
Ақын өмір – дария тасып өтер.

(51 бет)

Өмір – газжап,  
Алтындаған өзегін.  
Өмір – азап,  
Азабына төзе біл!

(212 бет)

Өмір – базар, жеткенше әл базарлайық,  
Өмір – жарыс, жарыста озар лайық.

(168 бет)

Жыраулар өткен өлкеде туған ақынның жырларында абыз атала-  
рының сарыны молынан кездеседі:

Саясы жақ тауыңды –  
Қорған демен.  
Жемісі жоқ бауыңды –  
Орман демен.  
Орындалмас қиялды –  
Арман демен.  
Жерұйық бар қиянды –  
Жалған демен...

(195 бет)

Өлеңнің түп-тамыры – Құран болар.  
Намыстың түп-тамыры – ұран болар.  
Жылқының түп-тамыры – құлан болар.  
Өсектің түп-тамыры – жылан болар...

(211 бет)



*Мұнайлы өлкеде туып-өскен ақын өлеңдерінде мұнай тақырыбының орны ерекше.*

*Қазыналы байлықты,  
Берген бізге құдайым.  
Қосты елге бай, мықты,  
Газым менен мұнайым.*

*(178 бет)*

*Қазағымның аспандатқан атағын,  
Біле білсек, сен Мұнай!  
Ояндық біз, айналамыз газжайып,  
Енді, енді ойлан, Қазақ қалғымай.*

*(219 бет)*

*Мұнай – Дәулет,  
Мұнай – Сәулет,  
Мұнай – Жыр,  
Міне, ұраны бүгіннің.*

*(180 бет)*

*Біргалидың ақын туралы: «Табиғатында қақта соқтықпен ісі жоқ, адам көңілінің тұнық көлін лайламауға тырысатын, үндемей жүріп үлкен іс тындыруға бейіл...» деген пікіріне қосыла отырып, жетпісіңіз жемісті болсын, жазар көбейсін дегіміз келеді.*

**Үміт ЖӘЛЕКЕ,**  
*Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі*

## Бірінші бөлім

# ҰЛЫ ДАЛАМ – МӘҢГІ ЕЛІМ, МӘҢГІ ӘНІМ – СЕН МЕНІҢ

*«...Біз Астанада барлық жақтарға автомобиль, теміржол және авиациялық магистральдар тарайтындай көлік желісін құруға тиіспіз. Жүректен тарайтын артериялар сияқты. Күннен тарайтын шұғыла сияқты...».*

**Н. НАЗАРБАЕВ**

*Осы жолдар апарады –  
Ұлы Елге Мәңгілік.  
Көшелері салтанат пен сән құрып,  
Татулығы,  
Туыстығы,  
Бірлігі,  
Жататұғын өзгелерді таң қылып.*

\* \* \*

Бозінген дауыс – боз далам,  
Ботасын іздеп боздаған.  
Баз біреу көңілін толқытып,  
Баз біреу шерін қозғаған.

Боз жусан иіс – боз далам,  
Бозторғай әуен маздаған.  
Боз селеу биік гүл атып,  
Боз саулық егіз қоздаған.

Бойжеткен қылық – боз далам,  
Айтатын ерке наз маған.  
Байлығын шүлен таратып,  
Бар кенін әлі қазбаған.


Боз қоян жымды – боз далам,  
Таптаса табан тозбаған.  
Бөріден қорғар үйірін,  
Боз айғыр сынды азынаған.

Бұлдырық түсті – боз далам,  
Бүркітке жем бола жаздаған.  
Қайғың мол мынау ғаламда,  
Шаттығың да бар аздаған.

Бозбала мінез – боз далам,  
Сырың көп ешкім жазбаған.  
Азап-мұңыңа таң қалып,  
Азаттығыңа мәз болам,  
О, боз далам, боз далам!

\* \* \*

Өткен мың жылдық,  
Бізге не берді?  
Талай қынжылдық,  
Талай көгердік.



Қазақ жел есіп айдары,  
Батыры, бағыланы, билері, байлары.  
Ту ұстап жадырап, сүт беті қаймағы,  
Ұлы даланы еркін жайлады.  
«Сүйем деп сұлу қыз,  
Ішем деп қымыз».  
(Білеміз бұлардың қызықты буын біз),  
Желіге құлын байлады.  
Ұл туса келіні, көкпар сап тойлады,  
Қайтадан желбіреп көк бөрі байрағы.

Сөйтіп біз әр жақтан әр ру жиылып,  
Ортада бір көлге бұлақ боп құйылып.  
Ақбоз ат шалынып, ақ киіз оранып,  
Аллаға сыйынып,  
Ұлт болып ұйыдық.  
Ай тұрды төбеде күлімдеп қиылып.

Сонан соң...  
Біз талай сөніп қала жаздадық,  
Бірақ... қайта маздадық.  
Өзгеге бодан боп көніп қала жаздадық,  
Бірақ... үміттен көз жазбадық.

Жұлқыстық,  
Қырқыстық,  
Қастастық,  
Достастық,  
Таластық,  
Жарастық.  
Қол созып ғасырдан ғасырға  
Әйтеуір әрі астық.  
Сөйтіп өткен мың жылдың жартысы,  
Біз үшін Өмір мен Өлім тартысы  
Болыпты.  
Мен соны ұқтым.

Соңында толыстым, толықтым,  
Бұғаудан босанып,  
Қайта жасарып,  
Бақпен, Бақытпен жолықтым.  
Міне, енді  
Үшінші мыңжылдық келіп тұр.  
Төгем деп Қазаққа көрік-нұр.  
Ей, Алла! Қыдыр түн өзіңнен тілерім:  
Келіндер құрсағын бос қылмай,  
Барыстың етіне жерік қыл.  
Болады бұл ғасыр,  
Енді өрлеу, өркендеу,  
Өмірді көркемдеу.  
Атанып Алаштың арысы –  
АЗИЯ БАРЫСЫ.  
Қазағым гүлдейді,  
Гүрлейді Ертеңдер...

## НЕМЕРЕММЕН ӘҢГІМЕ

*«Қай портқа бет алғанын білмейтін  
кеменің желі оңынан тұрмайды»*

**СЕНЕКА**

*– Жолдаулардың мән-мазмұнын түсіндіріңізші, ата? – деді маған он екі жасар немерем Қабидолла, – апайымыз осы тақырыпқа шығарма жазып келіңдер деген...*

– Балам, білгенің жөн, – дедім мен сұрақты кеңінен түсіндіргім келіп, – барлық елдің президенттері жыл сайын халқына Сөз арнайды, оны Жолдау дейді. Жолдауда елді өркендетудің болашақ бағдарламалары нақтыланады да, оны үкімет, жергілікті билік кезең-кезеңімен жүзеге асырады. Сонымен бірге Президенттің өз партиясы болады. Ол партия сайлауда жеңіске жетуге бар күш-жігерін жұмсайды. Президент саясатын үнемі қолдап, бағдарламалар қабылдап, оны жүзеге асыруға жұмыстанады.



Біздің елімізде билік қолына тиген партия – «Нұр Отан» партиясы. Мен сол партияға құрылғаннан бері мүшесмін. Оның бағдарламасы – менің бағдарламам. Тәуелсіздігімізді нығайтуға қарлығыаштың қана-тымен су сепкендей болса да жырыммен өз үлесімді қосып келемін. Сондықтан да кезінде «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарлама-сын халыққа кеңінен түсіндіретін публицистикалар мен көркемдел-ген «Барыс мінез халықпыз», Каспий қайраңын игеру инвестициясы туралы «Каспийдің түбі – алтын түп» топтама өлеңдерін және бірне-ше насихаттық мақалалар жаздым. Бір сөзбен айтқанда:

Жолдаулар,  
Жолдаулар,  
Жолдаулар,  
Әр сөзде терең сыр, толғау бар.  
Елімнің бүгiнi, ертеңi,  
Халықтық шын ниет, қолдаулар.

Жолдаулар өскенi сананың,  
Жолдаулар жыл сайын жаңару.  
Жолдауда әр тарау шертедi,  
Өркендеу iстерiн Даланың.  
Қазағым тiгедi алысқа,  
Алысқа,  
Ғарышқа жанарын.

Түсіндің бе енді. Жолдаудың маңызы үлкен. Мен саған сонау тәуелсіздік алған 1991жылдан бергі Елбасымыздың ғылыми еңбек-терін, Жолдауларын жіпке тізіп бере аламын. Мен Елбасымыздың тұңғыш Ант беру салтанатына қатысқан адамның бірімін. 1992 жылы Президентіміздің *«Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалып-тасуы мен дамуының Стратегиясы»* атты алғашқы ғылыми еңбегі жарық көрді. 1993 жылы *«Қоғамның идеялық бірігуі – Қазақстан дамуының кепілі»* атты екінші еңбегі жарияланды.

Осы еңбектердегі негізгі қағидалар 1995 жылы референдум не-гізінде қабылданған жаңа Конституцияда жарқын көрініс тапты. Біз бұдан Елбасының еліміздің өркениетті дамуының теориясын сонау тәуелсіздігіміздің алғашқы күндерінде-ақ ерте бастан ой елегінен өт-кізіп сараптағанын көреміз. Ал 1997 жылғы «Қазақстан – 2030» ұзақ

мерзімді стратегиялық Жолдауында Нұрсұлтан Әбішұлы еліміздің келешек келбетін әдеби метафоралық теңеумен былай деп бейнелеген-ді: *«2030 жылға қарай Қазақстан Орталық Азия Барысына айналады және өзге дамушы елдер үшін үлгі болады деп сенемін... Жануарлар әлемінде Жолбарыс туыстас болғанымен, Барыстың өзіндік ерекшеліктері де бар. Бұл өзіне тән тектілігімен, бұлалығымен, алғырлығымен, жасқануды білмейтін тәкаппарлығымен, батылдығымен, айлалығымен дараланатын Барыс болмақ...»*

Кетті күндер елесі,  
Небір тоңған, жылаған.  
Қазақстан кемесі –  
Штурвалда Нұр-Аған.

Бет түзеді сеніммен,  
Бақыт, шаттық портына.  
Мейірім боп төгілген,  
Тастап нұр іс артына.

Оның әрбір ісінде –  
Кемелденген болашақ.  
Ал жүзінде, жүзінде  
Имандылық, Парасат.

Бәрі осының, осының,  
Шыққан нәрсе намыстан.  
Тыңдап сөзін досының  
Айдаһар мен Арыстан,  
Қажет болса осы күн  
Қаймығады  
Барыстан.

Қазақстанның халықаралық аренадағы беделі жыл сайын биіктен биікке көтеріле берді десек, артық айтқандық болмас. Досты сүйіндіріп, дұшпанды күйіндірер небір тамаша табыстарға қол жеткіздік, балам! Елбасы бүкіләлемдік адамзаттық тәжірибемен байланыстыра отырып, бағдарлама сызып, республиканың өзіндік ұлттық идеологиясын ұсынды. Оның міндеттері: бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара отырып:

Ең бірінші – әлеуметтік бағдарланған аралас нарықты экономика құру;

екінші – ұлттық кәсіпкерлікті қолдау;

үшінші – өндірісті құрылымдық жағынан қайта құру;

төртінші – халықты әлеуметтік қорғау;

бесінші – мемлекеттерден экономикалық, саяси серіктестіктер тандау;

алтыншы – республикада құқық мәдениеті мен құқықтық реформаны жүзеге асыру;

жетінші – қазақ елінің қорғаныс қабілетін сақтайтын ұлт қауіпсіздігін нығайту;

сегізінші – *біздің барлығымыз да бұрынғы КСРО-ның немесе ТМД-ның емес, тәуелсіз, болашағы жарқын Қазақстан мемлекетінің азаматы екенімізді жан-жүрегімізбен түсініп, ұғыну, сөйтіп әрбір адамды бала кезінен «Қазақстан – менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты, мен де ол үшін жауаптымын» – деген қарапайым ойды бойына сіңіруге тәрбиелеу;*

тоғызыншы – *тіл мәдениетін көтеру, оның ішінде өзге тілдерге көлеңке түсірмей, қазақ тілін мәдениеттің бір бөлігі ретінде, барлық қазақстандықтарды біріктірудің қосымша факторы ретінде қарастыру. Ол барлық ұлттар мен ұлыстарға қазақ халқының мәдениетін, дәстүрін, әдет-ғұрпын, тұрмыс-тіршілігін танытып білдірудің негізгі ұйтқысы болуы тиіс.*

Біз осы міндеттердің көбін мерзімінен бұрын орындап шықтық. Партия мүшесі өз партиясының Жарғысын, Бағдарламасын білуі тиіс.

– *Ұлы Мақсатымыз не, ата?*

– Мәңгілік Ел болу идеясын жүзеге асыру. *Елбасымыз «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында біздің негізгі нысанамыздың осы екенін айқындап берді ғой. Ендігі бағдар – «Қазақстан – 2050»...*

– *Сонда Мәңгілік Ел дегеніміз қандай ел немесе кімнің елі?*

– Біздің еліміз. Қазақтың Елі. Ұлы Даланың Елі. Оны ұғыну үшін Жолдауды зейінмен оқу керек, ұлым. Әрине, ғылыми тұрғыдан түсіндірме де қажет болар. Адамдарды аудиторияға жинап алып, Президенттің сөзін үтір, нүктесіне дейін қалдырмай оқып беру деген түсіндіру емес, ол босқа уақыт алу, оған ғылыми тұрғыдан келу керек,

жалаң баяндаудан ештеңе ала алмайсың. Адамзаттың бар құндылығын бойына сіңірген, әлемдегі өркениетті отыз елдің қатарынан ойып тұрып орын алатын, олармен тең дәрежеде достық, туыстық қатынас орнататын елдігімізді нығайта түсу.

Атаң бәрін біледі деп ойлайсың ғой. Менің де білмейтіндерім көп. Менің ойымша, жыл сайынғы Жолдаулар мемлекетіміздің теориясы мен стратегиясын сызып берген сол ғылыми еңбектермен астарласып жатады. Байқасаңыз, биылғы Жолдаудың мақсатының бірі – Президенттің 1993 жылы *«Қоғамның идеялық бірігуі – Қазақстан дамуының кепілі»* атты екінші еңбегіндегі сегізінші, тоғызыншы тармақтармен сабақтас. Яғни, *«...болашағы жарқын Қазақстан мемлекетінің азаматы екенімізді жан-жүрегімізбен түсініп, ұғыну...»*; *«...өзге тілдерге көлеңке түсірмей, қазақ тілін мәдениеттің бір бөлігі ретінде, барлық қазақстандықтарды біріктірудің қосымша факторы ретінде қарастыру...»*.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Атырау облысына сапарындағы халықпен кездесуінде Мәңгілік Елдің идеясын түсіндіре келіп, Қазақстанды болашақта Қазақ Елі деп атауды референдумға ұсынуға болатынын айтып кетті. Демек *«...барлық ұлттар мен ұлыстарға қазақ халқының мәдениетін, дәстүрін, әдет-ғұрпын, тұрмыс-тіршілігін танытып білдірудің негізгі ұйтқысы Қазақ Тілі болуы тиіс...»*

Мәңгілік Қазақ Елін қалыптастырудың бір міндеті осы. Меніңше солай, ұлым!

Мәңгілік Ел,  
Мәңгілік Ел,  
Мәңгілік,  
Мәңгілік Ел идеясын өтемін мен ән қылып.  
Қайда барсаң Ұлы Далам жасампаз,  
Жайнай түскен жаңғырып.  
Мәңгілік Ел,  
Мәңгілік Ел,  
Мәңгілік,  
Мәңгілік Ел идеясын өтемін мен ән қылып.  
Ту көтеру Туыстықты, Достық және Еңбекті,  
Жасампазға тән қылық.  
Мұхиттардың аржағы мен бер жағы,  
Құрлықтардың арыстаны, айдаһары, көкжалы.

Бәрі, бәрі қол созады достықпен,  
Игеруге Каспийімнің «маржанын».  
Тату болсам көршіменен туымды кім құлатар,  
Күнім бірге батар болса, тандарымда бір атар.  
Нұр деген сөз қасиетті, киелі,  
Менің Елім – Мәңгілік Ел,  
Қазақ Елі – Нұрлы Отан!

Әлемдік өркениет Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлын бүкіл адамзаттық мүдде тұрғысынан қарайтын реформатор Тұлға ретінде біледі, мойындайды.

*– Өскенде мен де президент болсам деймін, ата!*

– Кім болсаң да алдымен адам бол, айналайын. Қазақ Елінің көсегесін көгертетін сендерсіңдер. Тек білім алуға, ұлттық рухпен өркениетті өмір сүруге ұмтыл, балам!

## ҰЛЫТАУ МЕН МАҢҒЫСТАУ – КИЕЛІ ЖЕР

Ұлытаудың төрінде, ұлағатты әңгіме,  
Әңгіменің арқауы, ұлы ел болу мәңгіге:  
Салтанатты сәнді де,  
Мағыналы мәнді де,  
Таза ұстап арды да,  
Жанды және тәнді де.  
Өзгелерге үлгілі,  
Болу елдер дүлдүлі.  
Қазақ Елі тұрағы,  
Ұраны:  
«Тату болса ағайын,  
Ат көп.  
Тату болса абысын,  
Ас көп!»  
Бармақ тістеп қалмас үшін «қап» деп,  
Сол татулық қонар басқа – БАҚ боп!!!

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Ұлытау сапарында тіл туралы:  
*«...өзіміз қазақша сөйлеуіміз керек. Қандай мінбеден қазақша сөйлесең*

де ешкім «тәйт, былай тұр» деп айтпайды. Қанша адам отырса да оларға аудармасын беріп қазақша сөйлеуге болады. Біз тілімізді құрметтей білуіміз керек» – деген. Тілді құрметтеуден шығады, Ақтауға бес мемлекеттің Президенті келгенде жұртшылықпен кездесу сәтінде Қазақстанға еңбегі сіңген қайраткер Дүйсенбі Әріпұлы аға олардың алдынан шығып, қолдарын алып, қазақ тілінде құттықтау сөз айтқан ғой, оны қасындағы В.Путинге Нұр-Ағаның өзі аударып тұрыпты. Міне, үлгі. Ұлытауда мүмкін Елбасымыздың есіне осы оқиға түскен болар. Ал дін жөнінде таратып айта келіп: «...Құранның қасиетті үкімдерін орындау үшін кемтарларға көмектесу, бір-бірімізге жанымыз ашу, бауырмал болу, үлкенді сыйлау, баланы тәрбиелеп өсіру, Отанды, елді қорғау, бірлікке шақыру арқылы дінді өркендеткен жөн. Сонда діннің мемлекетке зор пайдасы, үлкен қамқорлығы болады. Ол елдің басын біріктіреді», – дейді.

Елбасымыз тұңғық тарихымызды да саралады. «Тарихын білмеген елдің болашағы бұлыңғыр». Бұл біздің жас ұрпағымызға арнап айтылған сөз. Әрбір ата-ана, орта және жоғары оқу орны ұлт тарихын оқытуға баса мән беруі керек болса, тарихшыларымыздың жауапкершілігі одан да жоғары.

Аймағымыздың жазба тарихқа енбей ұмыт жатқан тұстары өте көп. Қазақ хандығы Қасым хан мен Хакназар хан тұсында Сырдария, Қаратал, Сайрам, Талас, Шу, Жем, Жайық өзендерінің бойын, Жетісу жерін түгел алып, өзінің аумағын едәуір кеңейтіп тастаған еді. Ол кездегі ұрыстар Мұхаммед Шайбани ордасы және Ақсақ Темір ұрпақтарымен болса, ал Тәуекел мен Есім хандық құрған тұстағы ұрыстар Жоңғар хандығымен өтті. Сол жорықтардың бәрінде де Кіші жүздің әскері ерекше көзге түсті. «Кіші жүзді қолына найза бер де, жауға қой» афоризмі сірә осы кезде шыққан болар.

«Ақбоз атты мінбей бер,  
Ақ сауытты кимей бер.  
Ақ қылышты шаппай бер,  
Ақсұқсырды құшпай бер!» –

деп, қазақтардың қалмақтармен бір ұрыстағы жеңісінен соң адай Жомарт Еңсегей бойлы Ер Есім ханнан «Хан сыбаға» аталатын сыйды қалап алған. Бұлар – қолды болған қалмақ қонтайшысының асыл бұйымдары мен ару қызы Ақсұқсыр (маңғыстаулық қазақтар қалмақтан

әкелген жесірді сұқсыр деген, оның сұлулығына орай алдына ақ сөзін қосқан, кейін Ақсұлу аталады) болатын. Осы соғыс жайлы ғалым Мырзатай Жолдасбеков «Еліне сөзі ем болған» (Е.Қ. №234, 25.09.2013 ж.) мақаласында: «...1620 жылы Есім хан Алтын ханмен, Ноғай ордасымен бірігіп, отыз мың қолмен ойратқа шабуыл жасағанда, Қара Ертіс бойында өткен осы соғысқа арғын Ағынтай, алшын Жиенбет, қоңырат Алатау, шапырашты Қарасай батырлармен бірге Құдайберді би де қатысады...», – дейді. Біздіңше, тана Жолымбет пен адай Жомарт мырза да қатысып, бабамыздың Ақсұқсыр анамызды Есім ханнан қалап алатын шайқасы осы. Шапырашты Қарасай батыр кейін Жомарт мырзамен әуелі қыз беріп, кейін қыз алысқан құдай қосқан құда болған. Жазушы І.Есенберлиннің «Алмас қылыш» романында осы шайқастан соңғы олжа бөлісте батырлар арасында келіспеушілік болып, Есім хан Жолымбет батырды зынданға салғызатыны, оған Жиенбет жыраудың ашуланып:

Жол тосып алып кетіпті,  
Қалмақтан алмақ сыйынды.  
Қаһарынды басқалы,  
Қалың елім жиылды.  
Бастап келген өзге емес,  
Жиенбет сынды биің -ді.  
Малын салып алдына,  
Әр саладан құйылды.  
Он екі ата Байұлы,  
Бір тәңірге сыйынды, –

дейтіні бар.

Жомарт жорық кезінде әскерді азық-түлікпен, мініс аттармен жабдықтаған әрі бай, әрі батыр, әрі мырза еді. Оның сақилығымен Атымтайдай аты шығып, әуелгі Аталық есімі ұмытылып, Жомарт аталған адам еді. Тарихта Ханның сыбағасын қалап алған жалғыз адам Жомарт қана. «Қазақ совет энциклопедиясы» (Жоңғар мемлекеті, 4-т., 474 б.) осы кезенді былай баяндайды: «...Моголстан мен қазақ хандарынан жеңіліс тауып, көшпелі жайылымдарынан айырылған ойрат феодалдары 16 ғ-дың ақырында қиын жағдайға ұшырады...». Бұл кезде Жоңғар мемлекеті әлі күшейе қоймаған, билеушісі Хара Хула болатын. Оның баласы Батыр (1635–53) қонтайшының тұсында

ғана Жоңғар мемлекеті нығаяды. Біздіңше, кейін қазақ халқының ірі руының бір бөлігіне абзал ана атанған қалмақ қызы – Ақсұқсыр (Ақсұлу) ару Хара Хуланың қызы немесе қарындасы. Халық жадында ұмытылмастай хатталып қалған бұл оқиға ауыздан-ауызға аңыз ретінде айтылып, ұмытылмай бізге де жетті. Ал тарихи жазбаларда қазақ-жоңғар байланыстары көмескі, шолу ретінде атүсті айтылады. Көміліп қалған ғажап оқиғалар қаншама?!

Жомарттың ханнан қалап алған нақсүйері Ақсұқсыр (адай тарихында батырлар әкелген бірнеше сұқсыр бар, олар қалмақтан алынған жесірлерді сұқсыр деген) шешеміздің қазақ тарихындағы орыны ерекше. Заты қалмақ қызы болғанымен (оның шешесі жаугершілікте қалмақтар қолына түскен қазақ қызы екен), бір тайпаның абзал Анасы атанған әйел. Басына салынған тағдыр тәлкегін өз заманының салт-дәстүріне сай ақылмандығымен жеңе біліп, ел сыйлаған абыройға бөленген. Жазмыш оның маңдайына әмеңгерлік жолмен ағайынды үш жігітке де жар болып, артына елеулі ұрпақ қалдыруды жазыпты. Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл толып отырған тұста, осындай жергілікті маңызға ие, ел арасында айтылатын ауызша аңыз тарихтардың да ұрпақ тәрбиесіне қосар үлесі ерен болмақ.

## ЖОЛДАР, ЖОЛДАР...

Білсеңіздер тебірене, толғана,  
Мақсаттарға жеткізетін ЖОЛ ғана.  
Ой-санаңда болар және түрлі жол:  
Біріншісі – Сырлы жол,  
Екіншісі – Жырлы жол,  
Үшіншісі – Нұрлы жол.

Сыр-құпияң жетелейді Арманға,  
Жыр-әуенің жүрек-тамыр жалғанған,  
Нұр-дүниенің шұғыла шашар бар маңға.  
Адамдарға Бақыт керек жалғанда.

Осы жолдар апарады –  
Ұлы Елге Мәңгілік.





Көшелері салтанат пен сән құрып,  
Татулығы,  
Туыстығы,  
Бірлігі,  
Жататұғын өзгелерді таң қылып.

Аспаны ашық сол елге,  
Қазынасы мол елге,  
Асығады әртараптан бар адам,  
Соғысты емес  
Тыныштықты қалаған.  
Тұлабойын тек шаттыққа малғызар,  
Сүртіп тастап қорқынышты санадан.

\* \* \*

Пенделердің бағына,  
Бұл өмірде болады екен тағыда:  
Тақтай сынды тегіс жол,  
Ойға түсер еңіс жол.  
Сәттілік пе – жеңіс жол,  
Сүріндің бе – сөгіс жол.

\* \* \*

Таусылмайды пендеңізде арман-ән,  
Түкпірі жоқ сол пенденің бармаған.  
Автожолы,  
Теміржолы,  
Әуежолы жоқ кезде,  
Түйе жолдар ел мен елді жалғаған.

Ұнатамыз әрқашанда жаңаны,  
Тазартатын ескіліктен сананы.  
«Жібек жолы»...  
Оны әулие тұтамыз,  
Салған сорап түйелердің табаны.

Жол бермелік ұрыс, керіс, атысқа,  
Шыны осы, ей, ғалымдар, шатыспа,  
Ілімінде, білімінде көшіпті-ау,  
Осы жолмен батысқа.

Тарихымыз сүртілмесін санадан,  
Жібек жолға берілмекші жаңа мән.  
Ауыл жолы,  
Бауыр жолы,  
Дәуір жолы басталды,  
Айтпақ ойым осы еді ғой манадан.

\* \* \*

Тасжолы,  
Әуежолы,  
Теміржолы,  
Білсеңіздер, бұл жолдар – Өмір жолы.  
Құс қанаты талатын байтақ далам,  
Ағайынмен көріспей жай таппаған.

Апасына көрісіп қайту үшін,  
Ағасына бір хабар айту үшін.  
Маңғыстаудан Сарыарқаға жол шеккен,  
Және жолды бір ай бойы мол шеккен.  
Сондықтанда жақындатар қашықты,  
Табыстырар ғашықты.  
Керек кезде асығыс,  
Қажет жүктер тасығыш.  
Платформаларында – мақсат бар,  
Айдаһар құйрық составтар,  
Қалып артта бел-белес,  
Жөңкитұғын дөңгелеп,  
Әлгі «Жібек...» сорабы,  
Болып жолдар торабы,  
Үзілместен қонағы.

Көрсетпестен қарсылық,  
Шығанаққа парсылық,  
Шығаратын жол керек.  
Мұхитпен жасап байланыс,  
Қол созамыз Айға алыс...

...сол жол бізден басталар,  
Құшақ жаяр дос та бар,  
Ой арқауы ас та бар...  
Жолдар жайлы келтірдім-ау мол дерек,  
Оны салар ақылды бас,  
Шебер қол дерек ек.  
Ей, адамдар, ұғынысу, түсінісу үшін де,  
Жүректерден жүректерге жол керек.

## ДАЛА ҚАСИЕТІ

Дала,  
Дала!  
Неткен ыстық осы есім,  
Бал бақыттың, думан тойдың көшесін,  
Көргің келсе,  
О шеті мен бұ шетін,  
Тауларды асып, теңіздерді кешесің.  
Дала,  
Дала!  
Шахталар мен заводтар,  
Құс жолындай шоғырланған сан оттар.  
Зіркілдеген ауыр- ауыр составтар,  
Дәуір жүгін алға сүйреп баратқан.  
Дала,  
Дала!  
Желбіреген көп тулар,  
Жігіт-қызы арман қуған, бақ қуған.  
Үлбіреген қырқа толы қызғалдақ,  
Сусыл қағып, ұшып өткен аққулар.

Дала,  
Дала!  
Шұғыласы мол таңдар,  
(Миллиард пұт сияр қамба-қалтаң бар).  
Маңғыстауға мұнара боп шаншылып,  
Аспанға атқан фонтандар.

\* \* \*

Шұрқырап кеп тоқпақ жалды бір асау,  
Бұғалықты сүйретсе,  
Бұрқырап кеп көк шалғынға құласа-ау,  
Қарғып мініп жылқышы,  
Бас білдіріп үйретсе,  
Тақымында ойнақтатса, билетсе –  
Дала қаным тулайды.  
Алқа топта шырқап тұрып бір жігіт,  
Домбырамен жыр ессе,  
Қолпаштаса оны өзгелер дүрлігіп,  
Сосын шығып күрессе,  
Өшіргендей бәстесінің ай-күнін,  
Бас жүлдесін алып жатса бәйгінің –  
Дала қаным тулайды.  
Шауып шығып, жолаушыны соқпаған,  
Намысымен азаматтық, кісілік,  
Жатқан болса өз үйіне түсіріп.  
Құдайындай сыйлап әлгі қонағын,  
Айтып жатса өкпе-назын, талабын –  
Дала қаным тулайды.  
Ал далада отсыз адам тумайды.

\* \* \*

– Тұлпар мініп шапқым келер, жан аға?  
– Себебі сен, туып өстің далада.

– Жұлдыз болып аққым келер, жан аға?  
– Жұлдыз – сәуле құйып өстің санаңа.

- Қырандарша қанатымды қақсам деймін, жан аға?
- Биіктерге ұмтылу тән балаға.
  
- Жүрегіме алау отын жақсам деймін, жан аға?
- Ошақ шоғын көріп өстің далада.
  
- Раушан гүлдер тақсам деймін, жан аға?
- Қызғалдақтар теріп өстің далада.
  
- Ақ жанымды қонағыма жайып салам, жан аға?
- Бір сен емес,  
Бәрі де сол, туған ұлдың далада.

### **ДАЛА мен БАЛА**

Ей, жусан кеуделі дархан далам, сен жайлы бір ұлың көңіл көншіместік көрсетті. Бір ұлың қадір-қасиетінді түсіндірді. Ол Москва – Алматы жүрдек жолаушылар пойызының үстінде еді:

- Тух!..
- Жалықтым, неткен шексіз сары дала?
- Шамасы сіз білмейсіз-ау, тебірене толғана.
- Тұншықтырар ойласаңыз, сүреңсіз де, сиықсыз.
- Тындап онда көрмегенсіз, дала күйін ұйып сіз.

Бағаламай қадірі мен қасиетін жерінің,  
Бұдан кейін үнсіз қалды, үнсіз қалды серігім.  
Қалада өскен шуды көріп,  
Тосырқаған жанары,  
Менсінбей-ақ келе жатты мына дархан даланы.  
Серігімнің бар қимылын болмысымен сынап кеп,  
Сұрақ қойдым былай деп:  
– Қалар едің қайсысын:  
Жоктық пенен барлықтың,  
Кендік пенен тарлықтың.  
Алтын менен қоланың,  
Ой толғайтын шежіресі көп даланың.

Деді ол сосын:

– Түсінбедім сенің жұмбақ сөзінді,  
Дала дейсің,  
Не бар сонда бауырарлықтай сезімді.  
Тас төбенді шыжытатын саясы жоқ аптабын,  
Келіп отыр не мақсатпен мақтағың.  
Оятатын, өсіретін ақылыңды, сананды,  
Айтсаңызшы онандағы, шіркін, менің қаламды.  
Бөленгендей құшағына ой-сезім,

Ол осылай биіктетіп қойды өзін.

Намыс қысып дедім мен де:

– Бері қара, тыңда онда:  
Арман үшін жігер керек жетелеген шыңдарға,  
Көру үшін, қиырларға тігу үшін көзінді,  
Адам деген болу керек, ауырларға төзімді.

Сондықтан да ұлын дала, жасымас қып шыңдайды,  
Қуанышты қадірлеуге және беред мұң-қайғы.  
Байлығындай қойнындағы зерек етіп зейінін,  
Байтақ дала дәл өзіндей кең қылады пейілін.

Ала білсең қазынасын, шығарады там-тұмдап,  
Ал оларың «қара», «сары» және де «ақ алтындар».  
Шаршап келе жатқаныңда, баяу айтып жол әнін,  
Кескестейтін «болыңыз деп құрметті қонағым».

Үй иесіне көрсете біл көкірегінде отынды,  
Құдайындай қадірлейді ол, сұрамайды атынды.  
Серуендеп көрінізші, қызғалдақты жотаны,  
Жусандары өмір жайлы сырлар шертіп жатады.

Құмар болсаң сен өмірге, ғашық болсаң аңсаған,  
Мынадай деп ән айтады, басын изеп ол саған:



«Түсініңдер, тірлік жайлы қызық хисса толғаймын,  
Аптаптарға мен неліктен, өзгелердей солмаймын.

Себебі оның, Дала-Анам, еркелеткен, билеткен,  
Бірақ онша тотай қылмай, төзімділікке үйреткен.  
Өзге шөпке мүсіркеймін, дәл осылай жатып паң,  
Тіл үйірер дәмім де бар, жүзім аздап тотыққан.

Дала-Ананың ұлы болам, десеңіздер адамдар,  
Үйреніңдер, менің осы өміршендігіме қарандар!».   
Солай құрбым үңілсеңіз, құпиясын ұқтырып,  
Топырағы да сездіреді қайсарлық пен мықтылық.

Дала деген үнсіз жатқан, көрегендік, даналық,  
Мастанбайды дүниеге әкелсе де сан алып.  
Бірақ, енді, алыптарға мүмкін емес таңғалмау,  
Сондықтан да дала ұлдары боп келеді аңғалдау.

Сондықтан да достарына нәсеріндей көл-көсір,  
Қастарына шөлдеріндей ашпас еді емге сыр.  
Ұмытуға болмайды оны, жетсін мейлі санамыз,  
Дала біздің,  
Ақ сүт беріп аймалаған анамыз.

Дегенімде үнсіз қалды, әлгі жолдас алдымда,  
Уа, дала, қасиетіңді түсіндіре алдым ба?!  
...Үшінші күн, мен купеде тербелумен келемін,  
Айналайын, асыл анам,  
Неткен сонша ыстық едің,  
Неткен сонша кең едің!!!

\* \* \*

Ойнақ салар төріңе,  
Құйыны бар даланың.  
Жеткізбейтін желіңе,



Киігі бар даланың,  
Мен бір ұлы боламын.

Құс қанаты күйетін,  
Аптабы бар даланың.  
Сан сыр ішке түйетін,  
Сокпағы бар даланың,  
Мен бір ұлы боламын.

Сусындайтын әрдайым,  
Көлі де бар даланың,  
Жабысатын таңдайың,  
Шөлі де бар даланың,  
Мен бір ұлы боламын.

Күндік емес жолының,  
Айлығы бар даланың.  
Сан қызыққа толы бұл,  
Байлығы бар даланың,  
Мен бір ұлы боламын.

\* \* \*

Намысшыл, бәйге десе қан қызатын,  
Бұл бабам, баптап мінген жалғыз атын.  
Аты болса байлықты көксемеген,  
Қайғырмаған жоқтыққа өкшелеген.

Ат үстінде намысшыл арлы болған,  
Түзде сері, үйінде жарлы болған.  
Сынайтын жігіт бағын бәйге болған,  
Ат мінбесе бабама қайғы болған.

Арманы сондықтан да бір ат болған,  
Бір ат міну бабама мұрат болған.



## ЖАЙДАРЫ МІНЕЗІН

(«Арыс жағасында» әнінің ырғағымен)

Бойында Ембінің,  
Кездестім мен күнім.  
Жүректер сонда жырлап тек,  
Жағада тұрмап па ек.

*Қ-сы:*

Жайдары мінезің,  
Арманым бір өзің.  
Батты, әне, баяу күн,  
Сен жоқсың, аяулым.

Жанарың нұр төгіп,  
Кеудеме жыр толып.  
Тұрып ем, сәулем, түн тымық,  
Өзіңе ынтығып.

*Қ-сы:*

Бардым мен тағы да,  
Сол жерге сағына.  
Біз тұрған бойлап жағаны,  
Ерке Жем ағады.

*Қ-сы:*

## ШІЛДЕ

Ақшағыл бастырмайды қызып кеткен,  
Балқырдай күн көзінен шыжып бөктер.  
Астынан аяғыңның көтеріліп,  
Құйындар мазақ етер,  
Бұзық неткен.



Көк шалғын,  
Қызғалдақтар қурап қалған,  
Тақырлар айнымайды тулақтардан.  
Жылқының бөгелектеп есі кеткен,  
Көктемді аңсап,  
Аунаған, қунап қалған.

Неткен өңсіз жылғалар көбі кепсе,  
Неткен өңсіз беткейдің шөбі кетсе.  
Бұлт шыға кеп ғайыптан осындайда,  
Шіркін-ай...  
Бір ақ жауын төгіп өтсе,  
Төгіп өтсе...

## ӘН

*(Баллада)*

Бұл ауыл Бесқала асқан қалашыларды ұзақ күтті. Еш хабар болмады. Күдіктенушілер де көбейді.

– Аман-есен болса игі еді.

– Жолда ұры-қарыға тоналмай...

Күздің кенеттен суытқанынан қауіптенген ауыл ақсақалы Қалмырза тосын байлам жасады.

– Ертең таң рауандап келе жатқанда қыстауға көшеміз. Жинақталындар. Аман ердің аты шығады, – деген.

Шағын ауыл көш қамына кірісті.  
«Жер жөргектей боп бітті алашұбар,  
Құс та қайта бастады даласынан.  
Екі ай өтті, несі екен кешіккені,  
Кешіккені,  
Япыр-ау, қалашылар?  
Жау алардай міні жоқ жарағында,  
Жігіттері татитын дара мыңға.  
Келе жатар соңынан,  
Ертең ерте,  
Көштің басын түзендер Қарақұмға».

Сыйлайды ауыл сыйынып жақсы атаны,  
Беделі асып шырқаған жақсы атағы.  
Бірі жарын,  
Бірі – ұлын күтсе-дағы,  
Шешті осылай ауылдың ақсақалы.  
...Елден ерте сол таңда тұрды келін,  
Шелегін ап желіге жүрді келін.  
Кенет, кенет боз інген бауырынан,  
Ұққандай бір алапат сырды керім.  
Түндігін ата жатқан ақбоз үйдін,  
Шалқасынан айқара түрді келін...

Тосын оқиға болды. Жұрт не істерін білмей аңтарылды. Кешегі атаның рәсімі бойынша көш басын Қарақұмға түзеуі керек еді. Ал мынау... Ақсақалдың ақбоз үйінің түндігі сыпырылудың орнына ашылып қалды...

Ақсақал орнынан тұрып дәрет-суын алып, таңғы намазға бас қойғалы жатқанда, кенет түндік жаңа туған әсем айдың қиығындай болып сәулеленді.

Ақсақал ақ боз үйден сыртқа шықты. Өзінің үйінен өзге үйлердің бірінің түндігі сыпырылып, бірінің уықтары алынғалы жатыр. Ал...

Желі жақтан шелек толы сүтін алып келе жатқан жас келінге көзі түсті.

Шелегін жерге қойып Жиде келін Атаға иіліп сәлем етті. Сосын сояудай қара кірпік көтерілмей біраз тұрып, аялы жанарын жарқ еткізіп:

– Ата! – деді.

– Иә, балам!

– Ата, бүгін, иә, бүгін көшпей-ақ еру болсаңыз. Өйткені қалашылар... балаңыз келе жатыр.

– Оны қайдан білдің?

– Ба-ла-ңыздың жаңа ғана салған әнін естідім...

Ақсақалдың миығына күлкі үйірілді. Кенже келінінің батылдығына, әрі жақсы ырымына риза болды. Сосын түйелерді қомдап жатқан жігіттерге:

– Бүгін еруміз, қалашыларды күтелік, – деді.

Бастамасын мейлі елдің әскерін,  
Күйеуінде болмайтын-ды әсте мін.  
Ақбоз інген бауырында тұрғанда,  
Рас,  
Рас.  
Естіді үнін жас Келін.  
Соның даусы, соның даусы, дәл соның,  
Мүмкін емес, мүмкін емес жаңсақ үн.  
Келіп-ақ тұр сөзі де анық құлаққа:  
«Сәулем, сені, сәулем, сені аңсадым!»

Көп ішінде жалғыз өзі қылаң-ды,  
Шөп ішінде дара өсетін ыраң-ды.  
Жиын-тойда домбыраны ап үкілі,  
Жиі айтатын, жиі айтатын бұл әнді.

Сәске болды, жоқ қалашы, қалашы,  
«Көш тоқтатқан»... көбейді елдің таласы.  
Қысылайын деді енді жас келін:  
«Менің ерім, ал олардың баласы,  
Менің ғана сол әнді  
Естуімді қарашы».

«Бай қызы еді шашбау, моншақ тағынған,  
Жарлы Атасы болды соған жағынған.  
Ерке келін көшті жолдан қалдырды,  
Сағынған соң, байын әбден сағынған».

Деген сөздер шығып жатты әр тұстан,  
Ағайын ғой бірін күндеп, тартысқан,  
Түс кезі еді, кенет керуен көрінді,  
Сонау-сонау түлкісі мол Ор тұстан...  
Таппай жүрген азаматтар мігірді,  
«Қалашы», – деп бәрі солай жүгірді.  
Ал жас келін жанарынан бақыт жасын бір сығып,  
Амалсыздан ақбоз үйде кідірді.

Көптен күткен қалашылармен қауышып, ауыл мәре-сәре болды.

– Бүгін көшкелі жатыр едік!

– Егер көшсек, орнымызды сипап қалады екенсіңдер!

– Айтпақшы, көшті тоқтатқан Жиде келін.

– Иә, сол.

– Қалай?

– Ол... келін... таң сәріде түйе сауып жатып күйеуінің даусын естіпті.

– Дұрыс. Ауылға жеткіміз келіп, түнімен қонбай жүрдік. Таң алдында бәрімізді ұйқы қысты. Сонда ұйқы ашар болсын деп ән салғанмын.

– Даусыңды әйелің түстік жерден естіген сенде арман бар ма, Өтеген мырза!

– ?!

## ЖІБЕК ЖОЛЫ СОРАБЫМЕН ШӨП БАСҚАН

*(Поэма)*

«Жібек жолы» ауданының тұрғындары өздерінің «Дала» атты төл газеті ашылғалы мәз-майрам, газет деген көреген көз, естігіш құлақ, айшықты сөз, шешен шежіре, осал тұсты дәл басатын ұшқыр жебе екен ғой. Шілденің аптабында тас астаудан шыңыраудың мұздайлығы зәрдей бал суын бас алмай сораптаған түйедей-ақ оқырмандар шөлдеп қалыпты. Ел-жер тарихы, есте жоқ ескі заманның бағылан батырлары, сырғалы сұлулары, байлары мен билері көне қорымдардан қайта тұрып, мүлдем өзге заманда өмір сүріп жатқан ұрпақтарының тұрмыс-тіршілігін аралап кеткендей ме?!

Өзі бір кезде саясаттағы қадамын аудандағы алақандай газет тілшілігінен бастаған Бірінші жаңа газеттің жаңа редакторын ел ішін аралау кезінде қасынан тастамайтын. Редактордың ескі жәдігерердің құпиясына құмарлығына қызығатын. Бірде редакторға беделді мекемеде бастық құрдасы былай деді:

– Бірінші мен редактор далаға шықса молаларды қоймай аралайды дейді, осы рас па?

Редактор ілкіде абыржып қалған. Сосын: «Бейіттер мен қорымдар біздің бабаларымыз. Шежіре... Жұмбақ... білсек, зерттесек деген ой ғой» деген.

– Одан да еріксеңдер Үстірттің ернеуінен арқар атыңдар, қасқыр қуыңдар, міне қызық! – бағалы кеңес беріп жатқанына шүбәсіз сеніп.

«Жібек жолы» десе дегендей. Бойындағы әр тастың, әр жусанның асты тұнған тарих. Бірде Алматыдан жазушы келді. Шығармалары әлемнің бірнеше тілдеріне аударылған, дарынды. Мақсаты – «Жібек жолының» бұрынғы сорабымен жүріп өту, осы өмір жайлы салыстырмалы шығарма жазу. Бірден күңіреніп қоя берді:

Жібек жолы,  
Жібек жолы, –  
Жібектей боп есілген Жүрек жолы.  
Күре тамыр іспетті толып аққан,  
Сан елдерді шарлаған тірек жолы.  
Скиф жолы,  
Мақта жол,  
Ноғай жолы.  
Қыраттардың тесілген талай жоны.  
Бума теңдер өңгерген түйелі көш,  
Межесіне жеткізбек қалайда оны.  
Осы жолда әр елдің ырымы да,  
Осы жолда Мысырың, Қырымың да.  
Жібек құртын жеткізген орап алып,  
Қыпшақтың бір аруы бұрымына.  
Түн қауіпті, күн шықса арай шыққан,  
Жар астында қалды ұры талай бұққан.  
Алдырғанын алдырып, қалғанын ап,  
Шын-Машыннан жетеді Сарайшыққа.  
Тұлпар мықты тұяғын тағаласа,  
Жігіт мықты ерлігін бағаласа.  
Нар жолында ешқашан жүк қалмаған,  
Қара жүрек қарақшы тонамаса...  
Делдалы – бітістірмек шатасқанды,  
Малғұны – айыратын отасқанды.

Керуеннен үзіліп қалған нарлар,  
Есенқазак түлейінде адасқан-ды.  
«Қос арыстан күзеткен Білеулі» – деп,  
«Қабырғасы сыйқырмен тіреулі» – деп.  
Батыс – шығыс танданған Білеуліде,  
Керуеннің бақытын тілеулі көп...

Жыры көкейді жарып түсіп, алпыс екі тамырыңды идіретін алматылық қонақтың көмейін түсінді де жолға құдайдай қадірлеп Біріншінің өзі алып шықты. Қасына редакторды ертті. Бұлар бұзылғанымен құрылысының қаңқасы бұрынғы сымбаттылығынан сыр шертіп тұрған Білеулі керуен сарайына тартты. Жазушының көкірегі – қазына, Бірінші – сыр сандық. Редактор болса кезіккеннің бәрін кейін сұрыптап алармын деп қоржынына тығуда.

– Адастық, – деді Бірінші – адастық, жолдастар. Байқамай Жібек жолы сорабынан шығып кетіппіз. Мана Құсшыдан шыққан соң байқап отыру керек еді. Әңгімемен... Арал теңізі беті-ау деймін. Неде болса алға ұмтылып көрелік...

Кенет бұлардың «УАЗ-игін» жарқыраған бірнеше прожектор қоршап алды. Аппақ ақ сәуле түн қараңғылығын тілгілеуде.

– Қолға түстіңдер ме, шпиондар!

Иығында капитан жұлдызшасы бар офицердің қысқа әмірі естілді:

– Штабқа алып жүріңдер!

Автомат асынған оншақты солдат әй-шайға қарамады. Алдарындағы «тұтқындардың» біреуі – бір ауданның Біріншісі және Республика Жоғарғы Кеңесінің депутаты, екіншісі – жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты екенінде жұмысы болған жоқ. Айдаладағы вагон үйде бұларды майор шеніндегі орыс қарсы алды:

– Әскери зонаға не мақсатпен кірдіңдер? Кімсіңдер?

– Сіздерге көрші «Жібек жолы» ауданының Біріншісімін, жанымдағылар жазушылар, тарихи-мәдени ескерткіштерді аралап жүргенбіз, адасып кеттік...

– Арал қаласына барасындар. Кім екендерің сол жерде анықталады. Үлкен бастықтың – генералдың алдында... Давай, жүруге дайындалыңдар!

Бұл жерден Арал қаласы қайда, біреу қайда? Оның үстіне Біріншіні тұтқындаған масқара ғой. Не істеу керек? Осы кезде Бірінші де

түсін суытты. Көкжалдай күжірейді. Бұлай істемесе болмайтынын мана сезген.

– Жолдас майор, байқаңыз. Осы өңірдің қожасы менмін. Аралыңа бара алмаймын. Қажет болса бастығыңызды осы жерге шақырыңыз. Әйтпесе әкел рацияны, өзім сөйлесем...

Екі мықтының жанарлары түйісіп қалды. Өңменнен өтер көзқарас. Офицер көгілдір көзін бұрын тайдырды да:

– Жарайды. Зонадан шығарып жіберіңіздер. Анау фотоаппараттарындағы пленканы алып қалындар. Бұл жер Отанымызды қорғау мақсатында әскери қару-жарақты сынақтан өткізіп жатқан жер. Екіншілей қолға түспеулеріңізді сұраймын. Біріншісің бе, Жоғарғы Кеңес депутатысың ба, жазушысың ба, бізге бәрібір...

Әншейінде аспанды тіреп, жердің тұтқасын ұстап жүретін бұлардың көкірегін әлгі оқиға су сепкендей басты. Күштінің аты... әйтеуір жеме-жемде бұлардың пысы жеңді-ау!

Осы көріністен кейін көп оқып, керегін де, керек емесін де қоржынына тыға беретін, болашақта мына қасындағы ағасындай танымал жазушы болғысы келіп жүрген аудандық газет редакторының есіне әлде қашан ұмыт болған бағзы заманның... бұдан мың жыл бұрынғы... кейінгіге Ахмад ибн Фадланның жазбалары арқылы ғана жеткен осы Сам құмында болған оқиға түсіп серіктеріне айтып берген...

Иә, әлгі жалғыз жаяу-дәруіш осы өңірде бір өзі бүкіл керуенді тоқтатып, сый-сияпат алған соң оларды ілгері жылжуға жіберетін еді-ау! Ал бұлар осы өңірдің иесі – Біріншісі бола тұра өз әскерлеріне (әрине ол кезде орыс әскерлерін де өзге елдікі деуге болмайтын) тұтқын бола жаздағаны. Бәрі қарқылдап келіп күлді... Сосын Жібек жолы бойындағы өздері білетін қызықты оқиғаларды жарыса әңгімеледі...

\* \* \*

Кейін (әрине бірнеше жыл өткен соң) редактор қоржынын ақтарып отырса әлгі өрімдер өз-өзінен өріле-өріле қамшыға айналыпты. Кәдімгі сегіз өрім жылан бауыр, шашағы тұлпардың кекіліндей күлтеленген қамшы. Кенет қамшыға жан бітіп, жылан тәрізді аунап түсіп, бауырымен жорғалағысы келгендей болып кетті.

– Ас-та-пыр-ал-ла!



## Бірінші өрім – жалғыз дәруіштің үні

...922 жылдың көктемі еді. араб халифатынан, яғни, Бағдат қаласынан шыққан сауда керуені Үстірт дөңіне көтеріліп, Сам құмының бұйрат-бұйрат жалдарына ілікті. Бес мың адамнан тұратын кішігірім қала көшіп келе жатқандай боп көрінетін керуеннің негізгі бағыты – Еділ өзені бойындағы Бұлғар мемлекетіне жету. Мақсат – сауда жасаумен қатар жол бойындағы халықтарды мұсылман дініне кіруге уағыздау, олардың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын зерттеу. Мұсылман Бұлғар мемлекетіне көмек көрсету. Керуеннің хатшысы Ахмад ибн Фадлан болатын. Төрт мың шақырымға созылған осы сапардағы жазбалар, кейін ибн Фадланның атын өшпестей етіп тарихқа қалдырды. Керуен Бағдат – Тегран – Серахс – Ашхабад – Бұхара – Үргеніш – Нөкіс – Қоңырат қалаларын басып өтіп, Сам құмының бұйрат-бұйрат жалдарына іліккенде бұларға алдарынан иығына қоржын асынған жаяу, жалғыз дәруіштің кезіккені.

Жалғыз жаяу таптап өтерлік бес мың адамнан айылын жиған жоқ. Бар даусымен «Тоқтандар!» деп айқай салды. – Бұл өңірдің шөбін таптауға кім рұқсат берді, – деп ақырды жүдеу өнді жалғыз. – Ел-жер иесіз дедіндер ме, менің рұқсатымсыз енді алға аттап баспайсындар!

Тентектеу сарбазының көтеріле берген қылышын керуенбасы қынына қайта салғызды. Сосын өзі атынан түсіп, «жүгенсіздіктері» үшін әлгі дәруіштен кешірім өтінді. Хан алдында тұрғандай сыйсияпат тартты. Керуеннің алған бағытқа жылжуына рұқсат сұрады. Дәруіштен мұсылмандыққа кіруін өтінді. Сақтардың Дай тайпасынан шыққан жалғыз дәруіш керуенбасының бұл бекзадалығына, жат елдің заңын қатал сақтайтын әдептілігіне аса риза болған.

\* \* \*

– Атақты Әмір – Ақсақ Темір Көрегеніңіз де осы Жібек жолының бойындағы керуенді тонайтын қарақшы болыпты ғой.

– Апыр-ай, ә?!



## Екінші өрім – қырық қаракшының бірі

Керуенді Ұлы Ханға сәлем ап  
Келе жатқан,  
Мақсаты оның тонамақ.  
Онда сыйлық Қаған үшін көп болар,  
Алтын да көп, күміс те көп, көп тауар.

Қауіпті топ – қырық қаракшы атанған,  
Бастығы оның – Ақсақ Темір қатал жан.  
Шыңғысханның ұрпағында өші бар,  
Ер әкесі Тарағайдан бата алған.

Басың кетер қанды ұрыстан қорықтың,  
Басың кетер алғы үміттен торықтың.  
Қырық қаракшы шапса егер... үрейлі іс,  
Алға қойған мақсаты бар жорықтың.

Ашуланса ол қысқа айналар көктемің,  
Ашуланса ол кетпес ешкім теп-тегің.  
Өйткені ол ажал әкеп анаға,  
Іштен туған, іштен туған кектеніп.

Анасы оның Сақыпжамал түс көрген,  
Ал түсінде...  
Әлде ғажап іс көрген.  
«Ұлы оның ханды өлтіріп, хан болар»,  
Міне осыған Тоқылық хан тістенген.

Түсті айтқанға құрбысына опынып,  
Қалды ана көзінен жас төгіліп.  
Бұл дүние опасыз ғой, опасыз,  
Ішін жарды өз қолымен Тоқылық.

Алла әмірі болмаса егер бола ма,  
Тірі қапты құрсақтағы шарана.

Дауыс шыққан тұсқа келіп бір ару,  
Аршып алды шарананы моладан.

Содан бері кешкен күні жасырын,  
Амандығы үшін алтын басының.  
Таудағы үнгір... мекені оның кім білсін,  
Домаларын қашан өрге тасының.

Тәрізді ме қарақшылық серуен,  
Не дертке де табылады дәру-ем.  
Шықпақшы еді (үш күн болды күткелі),  
Самарқаннан Сарайшыққа керуен.

Шөл далада қиын-ақ қой жол аса,  
Шабу керек атқан таңмен таласа.  
Қолайлы жер Есенқазак түлейі,  
Көп олжаға батар еді-ау тонаса.

Керуенде қанша түйе, қанша атты,  
Арадағы дәл өлшеді алшақты.  
Бөліп-бөліп қуып жатты түлейге,  
Қарсыласса қылша мойын ал, шапты...

Бәрін-бәрін бір қорқыныш билеген,  
Ауған теңді талай нарлар сүйреген.  
Осы кезде тайсалмастан бір ару,  
Қарсы жүрді түсті-дағы күймеден.

– Әйел бастар көшті батыр тонамас,  
Қаншықты да арлан төбет таламас.  
Керуеннің иесі едім мен бейбақ,  
Көркем жігіт, мынауыңыз жарамас...

Сұлу әйел қылықты сөзімен негізгі ойын нысанаға дәл тигізді. Бұған дейін тек: «Тона, ат, шап, айда» тәрізді қысқа-қысқа бұйрықтар ғана беретін жігіт бір сәт арудан көзін ала алмай тұрып қалды. Әркім өз жанымен әлек болып, таса-тасаға жасырынып жатқан шақта

каныпезерге тайсалмай тура жүрген жаужүрек қыз кім болды екен?  
Өзі аспаннан түсті ме, жерден шықты ма?!

Қанды қарайтатын қарақшылықтан да ләззат таба бастаған Темірдің бағылан жүрегін мүлде бөтен әлдене бүлк еткізді. Жанар мен жанар түйіскендегі жарқыл шашырандыларының бір ұшқыны жігіттің жүрегіне дәл тигендей. Ой дүниесінің астан-кестенін шығарды. Бұндайда тез шешім қажет. Қарауындағыларға әмір етті: – Бөрілер бір бұрауына да тимей керуенді өз жолына салыңдар!

Қыз да қарымды жауабын тез қайтарды: – Атыңызды айтып кетіңіз көркем жігіт. Кезі келер... мен сені бүкіл Мауреннахрды басқаратын хан жасаймын.

– Атым астымда.

Ауыздығымен алысып тұрған ақбоз айғырды оқыс тебініп қалып, айдалаға шаба жөнелді. Ел арасына «қырық қарақшы әйелі бар керуенді тонамайды екен» деген лақап кең тарады.

### Үшінші өрім – «Тесік тас» жыры

Мынау Құсшы. Айналасы аспан сор,  
Құсбегі екен, аспан сырын ашқан сол.  
Ғашық болып Білеулінің қызына,  
Сол қызды алып Сам құмына қашқан сол.

– Келін келді, уа, ана есікті аш!  
Дей бергенде мойнын жұлған тесік тас.  
...Лақтырған Білеулі еді ... ашумен,  
«...сыбағаң сол... батасыз ал алып қаш.  
Ақ бата алған еш уақытта тарықпас!»

Сол тесік тас,  
Тесік тас,  
Жатыр эне, ей, жолаушы, көзіңді аш!  
Көрместен сен басып кеттің  
Өзің біл,  
Қанша уақыт болар дейсің сезім мас.



Тағдырларды ету үшін ұқсатпас,  
Бұл жалғанда аяғыңды мықтап бас.  
Мавзолейге тас күйдірді ел,  
Қазірде ол  
Бейнеудегі музейде тұр «қыпшақ тас»<sup>1</sup>.

Тесік тастың көзіне уақыт құм құйды,  
Не замандар өтті-кетті сұм қилы.  
Әр заманның өз заңымен керуен,  
Тесік тастың жырын айтып жылжиды.

Жылжып келе жатыр...  
Неткен аңғал ек,  
Қойдық кейде қарауды да таңға көп,  
Ит үрді әне шабалақтап,  
Керуен  
Бұйрат құмды кірді міне, Самға кеп.

Сартап жолдың сайрайды тыныс-тілі,  
Деп түсінген далалық ырыс мұны.  
«Сүйінғара сыбаға» тастап кет, – деп,  
Бұрқырайды Самыңның күміс құмы...

### Төртінші өрім – қонырау сыры

Керуендер қонырауы сыңғырлаған,  
Қыста күнді, ал жазда түнді ұрлаған.  
Керуеннің әні де, сәні де мол,  
Күміс көмей жырау бар жыр жырлаған.

Қоныраулар, сыңғырлы қоныраулар,  
Қоныраудың үніне көңіл аудар.  
Шырт ұйқыдан оятар сиқырлы саз,  
Керуен сәні – қоныраулы омыраулар.

---

<sup>1</sup> Құсшы қорымының маңында кірпіш күйдіретін орын болған. көлемі бірдей қызыл қыштан қаланған бейіттер оның айғағы. Музейде ол – «Қыпшақ тас» аталады.

Қоңыраулар, сыңғырлы қоңыраулар,  
Ашылады құлағы саңыраулар.  
Сыңғыр үнге – бал суын әйкелге ұрып,  
Әңкіп-күмпіп жатады шыңыраулар.

Жазда күйіп, ал қыста үсік шалған,  
Талайлардың кеудесін үсітгі арман.  
«Сыңғырлау» деп бұл жерді... себебі бар,  
Жез қоңырау бұл сайда түсіп қалған.

Сөнбек емес көңілдің нұр шуағы,  
Жол дегенің бір түсіп, бір шығады.  
Естілетін сол сайда талай қыздың,  
Сырғаларын жоғалтып сыңсығаны.

Махаббатқа қажетсіз қайық деген,  
Жүрек тулар болсын тек лайықты өлең.  
Осы сайда ақсүйек ойнап жүріп,  
Ақбөбек қыз сүйіскен Қайыппенен.

### Бесінші өрім – Қараның құмы

Керуеншілер  
Қарақұмның көргеннен қарасын бір,  
Билей түсер еркін дем санасын бір.  
Түйелерін оттатып, белін жазып,  
Тынығуға қолайлы Қарашүңгіл<sup>2</sup>.

Діңгіл-діңгіл  
Сырлы әуен діңгілменен,  
Ауызбен күй тартуды кім білмеген.  
Тарихын жатқа білген керуеншілер,  
Қара – жігіт,  
Арудың Шүңгіл деген.

---

<sup>2</sup> Қарашүңгіл әулие қорымының жанында қазір сорға айналған шағын көлдің орны бар. Сол көлдің ортасында керуен сарайының орны әлі тұр.

Қыз-жігіттің көкірегін таза сезім –  
Махаббат қой жаулаған қарашы өзін.  
Шүңгіл болса Адай қыз – жауынгер қыз,  
Ал Қараңыз арабтың қожасы еді.

Жібек жолы бойында төкпе базар,  
Адалдықтың ақ отын жаққан озар.  
Қызға бола керуеннен қалып қойды,  
Сол қожаныз, салмайтын таққа назар...

Сүртті сырды нөсерлер төгіп кеткен,  
Сарай тұрған жер содан шөгіп кеткен.  
Қара менен Шүңгілдің құпиясын,  
Уақыт шіркін құмға орап көміп кеткен...

Құлпытасқа үңіліп қарағым кеп,  
Сол өңірге әйтеуір барамын көп.  
Бар білерім қорымың – «Қарашүңгіл»,  
Ақшағыл құм аталар «Қаракұм» деп.

### Алтыншы өрім –анамның тілі

Сарайшығым –  
Алтын Ордам – Астанам,  
Сенде сыр көп уақыт көміп тастаған.  
Жабылғалы қақпаң сенің не заман,  
Табылғаны қазғанда алтын тостаған.

О, тостаған,  
О, тостаған,  
Тостаған,  
Әнім сенсің – тұңғыш тойды бастаған.  
Тостағанмен шырқайтын бар әлі әнші,  
Есіме алсам,  
Жанарымнан жас тамар.

Аяғы бар дүниенің басы бар,  
Досы болса бұл пенденің қасы бар.  
Тостағанда жан жылытар жазу тұр:  
«Бұл көзеде менің көзім жасы бар».

Сайрап тұр ғой, уыз тілі ененің,  
Әсем әуен балқытады денені.  
Жас шығады қуаныштан, қайғыдан,  
Жаралғансың көз жасынан өлеңім.

«Бұл көзеде менің көзім жасы бар»,  
Ұғынуға емес ешкім асығар.  
Міне ғажап,  
«Алтын адам»<sup>3</sup> тағы бір,  
Табылғасын Жем бойынан тасыған.

Бағзы адамдар неге алтынға құмар тым,  
Десем егер, шірімепті шын алтын.  
Тәжі – алтын,  
Сауыты – алтын,  
Қылышының сабы – алтын.

«Табытымыз ашылатын болар күн,  
Табысармыз сонда ұрпақпен ділі бар,  
Бабасының кім болғанын ұғынар». –  
Дегенсің ғой алтын киген аямай,  
О, бабам-ай, жатқан жерің аядай.

Керуендер өтетін-ді Жемнен қаздай ырғалып,  
Кеткенің не саф алтынды  
Көр – үңгірге бірге алып.

---

<sup>3</sup> Жем өзені бойында қасиетті Бекет Атаның Ақмешітіне жақын жердегі Аратөбе үстіндегі қорымнан «Алтын адам» табылды. Бұрын Есік қорғанынан табылған адамға ұқсас. Есіктегі «Алтын адамның» қасында жазуы бар алтын тостаған болғанды. Дәл сондай тостаған Сарайшық қаласының орнынан да табылған. Міне бұл қазақ жерінің әуелден тұтас екенін көрсетеді.



«Қарап жатам жылқыларды қой, – дедің бе, – төбеге».  
Қорамсағың толып-ақ тұр, толып-ақ тұр жебеге.  
Алтын сапты қылышың да суырылмаған қынынан,  
Қын сыртында сурет бар – бөрілер-ау ұлыған.

Тостағанды ұстап жатсың, асылық қой осылар,  
Депсің және «бұл көзеде менің көзім жасы бар».  
Хор қызының қолынан сен шарап ішкің келді ме,  
Бұларыңды дүниеқоңыз деуден басқа енді не?!

Хансың ба сен,  
Батырсың ба,  
Байдың ұлы бағылан,  
Шынымды айтып, уа, баба, жарылайын ағынан.  
Ұрпағыңа мұра қылмай кеткеннен соң көрге алып,  
Қатал заман жұлды бізді әміршінің тағынан.

Содан бері саф алтынды түсімізде көреміз,  
Керуеннен түсіп қалған көр-жерлерді тереміз.  
Ыңылдаған әнге басып, терісінен тананың,  
Қамшы ғана өреміз.

### Соңғы ұғым

Автор сегіз өрім жылан-қамшының алты өрімінің сыр-сипатын жырлап болып, енді жетінші мен сегізінші тіндерді толықсытып толғамақ болған кезде... әлгі жерде жатқан қамшы-жылан басын оқыс көтеріп... айыр тілін сумаң еткізгендей болды. Өң мен түстің арасында отырған ақын тіксініп қалды.

«Бар пәле – тілден. Өткенге тіл тигізе бастадың. Олар алтынмен апталып, күміспен күптелсе – бастарына қонған бақ. Қалтаңда көк тиының жоқ, жалаңаяқ жүргенінді кімнен көресің. Дініңді, ділінді, тіліңді жоғалта бастаған өз ұрпағың кінәлі... кінәлі... кінәлі...», – дегендей ме әлгі... Қазір қазақтар да қос тілді болып кетті ғой.

Ақын қалған екі өрімнің сыр-құпиясын қоржынына асығыс-үсігіс қайта тықты. Кезі тағы бірде келер... Келмесе өзге біреу жырлар... ұлыстың ұраны – Пір Бекет Атаның аруағы – сарыүйек жылан деуші еді-ау!

Басын көтергені ұйқыдағы Рухымның оянғаны ғой.  
Бисмилла-рахман-рахим!

\* \* \*

Бұл Өмір тұрады:

– Қамығулардан, жабығулардан,

Торығулардан, зарығулардан.

Бағынатындардан, жағынатындардан.

Қаскүнемдерден, маскүнемдерден.

Алдаулардан, арбаулардан,

Зорлаулардан, зарлаулардан, қарғаулардан.

Есептерден, төсектерден, өсектерден,

Өксіктерден, өгейлерден, кедейлерден,

Сорлылардан, қорлылардан, темір торлылардан.

Аумалы-төкпелілерден, дүниеге өкпелілерден.

Жоқ! Бұл Өмір тұрады:

– Армандардан,

Ләззатқа қанғандардан.

Алау боп жанғандардан.

Үгіттерден, үміттерден.

Батырлықтардан, батылдықтардан, татулықтардан.

Сенулерден, берулерден, жақсы көрулерден.

Махаббаттардан, шапағаттардан.

Алғыстардан, дана ойлы жалғыздардан.

Ақ тілектерден, сүйенгіш тіректерден

Ғашық жүректерден.

Жомарттардан, мырзалардан,

Дүниеге ырзалардан.

## Екінші бөлім

# ЛҮПІЛДЕП АСАУ ЖҮРЕГІМ, АҢЫЗБЕН ӨМІР СҮРЕМІН

\* \* \*

*Кім айтты саған,  
Аңыздың бәрі жалған деп,  
Адамда рас орындалмаған Арман көп.  
Кім айтты саған,  
Құжаттың бәрі Шындық деп,  
Адамда рас сызатты көңіл Мұңлық көп.  
Әділдік те, Ақиқат та Ертегі мен Аңызда,  
Сондықтан да ие болған ол мәңгілік маңызға.  
Телеарна анау күндіз-түн  
Ақпарат шашқан көпірін,  
Мен білсем егер солардың...  
Көбі Өтірік.  
Уәкілдерің де ауданда Әкім қонағы...  
Жоғары жаққа саналы түрде, саналы  
Жұмсартып қана...  
Жазуға әбден болады.  
Мен берген цифр министріңді мәз қылар,  
Солай, солай...  
Жалғасар сапар, жол әні.  
Тізбек те тізбек өтеді сосын күн есен,  
Құжат дегенің  
Архив дегенің міне сол...  
Адамзаттың пәктігінің желбіреткен желегін,  
Мен тек қана Ертегі мен Аңыздарға сенемін.*

# СҮЛЕЙМЕН ПАТША ЖАЙЛЫ ЕКІ АҢЫЗ (Баллада)

## 1. Үкі

*«Пайғамбар патша Сүлеймен,  
Дүниеден көшерде.*

*«Адамға зиян етпе» деп,  
Ант алған жын мен періден».*

*Сәттігүл*

Таусылмайтын қызығы,  
Бұл бір аңыз үзiгi...  
«Басқарыпты перiнi,  
Сүлейменнiң жүзiгi».  
Жеткен бiзге өр үнi:  
Iште сезiм өрiмi...  
«Тастайды екен жусатып,  
Небiр тентек-телiнi.  
Сүлейменнiң жүзiгi...»  
Сыртта ызғырық күз үнi.  
Iште пейiш жүзiмi.  
Бөлек-ау аңыз танымы,  
Сендiрер және нанымы.  
Қиялданып ғажайып,  
Патшаның ерке Ханымы:  
«Бұлақ ағып көз жастан,  
Сыр тыңдатып мұңынан.  
Желпiп тұрар тынбастан,  
Құстың мамық қауырсынынан,  
Сарай салып берiңiз,  
Пiр тұтамыз сенi бiз,  
Ұлы патшам – Сүлейменiмiз!» –  
Дептi-мiс.  
Жалықтырып көп алтын мен көп күмiс.

Ханымына жасамақ боп сый нақты,  
Ұлы патша құс біткенді жинапты.  
Аты аталса Сүлеймен,  
Зәресі ұшқан үрейден.  
Бүркіті бар,  
Аққуы бар,  
Қазы бар.  
Самұрығы,  
Сауысқаны,  
Тауысы бар,  
Бұлбұл – әуен сазы бар.  
Бәрі, бәрі жиналды,  
Бұл пәрменге амал таппай қиналды.  
Ең соңында «мамық жүнді жиғанымыз жөн» депті,  
Ал жиынға Үкі ғана келмепті.  
– Қайда Үкі, қайда Үкі тез келсін,  
Патша үкімін тыңдамауды көз көрсін.  
Осы кезде ар жағынан есіктің:  
– О, Алдияр! Кешіріңіз, кешіктім, –  
Депті Үкі, – Падишасы он сегіз мың ғаламның!  
Шығарам деп өлі менен тірісін,  
Әйелі мен еркегін  
Адамның...  
Бәрі естісін зәресі ұшқан үрейден,  
Деген оймен құс тілінде сауалдасты Сүлеймен:  
– Тірі көп пе, өлі көп пе,  
Әйел көп пе, еркек көп пе, айт деді,  
Маған, маған белгілі бұл жайт деді.  
– Бір адамға өлі көп, бір адамға әйел көп.  
– Бұл сөзінде дәйек жоқ  
Көп болатын біреуіне тірі адам,  
Құтылмадың жаза үшін күнәдан.  
Әйел менен еркек саны тең еді,  
Бұлай маған жалған сөйлеу нең еді?  
– Дат, Хан ием, Алдияр,  
Қылышыңыз мойынымда жан қияр.

Есебiмдi жүргiзгенмiн өзiмше,  
Шыбын жанды қия көрiң, дұрыстығым сезiлсе.  
Заңы ғой бұл даланың,  
Күн шыққанша ұйықтағанды мен өлiге баладым.  
Құрбаны боп кетсем-дағы жаланың,  
Әйел тiлiн алған ердi мен әйелге санадым.  
Ғафу етiң, Алдияр,  
Қылышыңыз мойнымда жан қияр!  
Он сегiз мың ғалам қарар үреймен,  
Сонда отырып алтын тақта Сүлеймен:  
– Ей, Үкi!  
Небiр шыңы болады ғой тояттың,  
Қалғып кеткен намысымды ояттың.  
Салынбайды қауырсыннан сән сарай,  
Азатсындар, пәрмен берем, мен солай.  
Қыраның бар, аққуың бар және өзге құсың бар,  
Үкi дана арқасында көкке самғап ұшындар! –  
Дептi патша сиқыр жүзiк – Сүлеймен,  
Он сегiз мың ғалам солай құтылыпты –  
Үрейден!!!

*Сағ: 19:45, 19.05.2015 ж.*

## 2. Ешкi тұяқты ару

*«Он сегiз мың ғаламның,  
Падишасы Сүлеймен.  
Опасыз жалған дүние,  
Қалған екен солардан»*

***Нұрым***

Бағындырған өзіне,  
Он сегiз мың ғаламды.  
Табындырған өзіне,  
Сол ғаламдық санаңды.  
Алла ерекше жаратқан,  
Арасынан адамның.



Әуендері мың түрлі, тарам-тарам, тарамды,  
Тыңдайтұғын бәрін де рахаттанып сол әннің.  
Рас-өтірігін кім білген,  
Он сегіз мың тіл білген:  
Гүлдің тілі,  
Пілдің тілі,  
Жынның тілі,  
Киттің тілі,  
Иттің тілі,  
Арыстанның, барыстың...  
Жөнін білген әр істің.  
Болғаннан соң сүйікті,  
Оған Алла бар билікті үйіпті.  
Маңайы оның не жауһарға толыпты,  
Айтпағымыз,  
Патшамыздың сұлу қызы болыпты.  
Аузы болған ай десе,  
Көзі болған күн десе.  
Шашы болған қара орман,  
Тырнақтары тек күмістен жаралған.  
Кірпіктері – гүл сынды,  
Көрген еркек қайғы жұтып күрсінді.  
Сол бір ару он алтыға толыпты,  
Бірақ, бірақ...  
Тал бойында бір кемшілік болыпты.  
Ешкі тұяқ екен қыздың аяғы,  
Бір өсекші мұны елге жаяды.  
Біреу сеніп, біреу оған сенбейді,  
Әуелі оны көзбен көрген жөн, дейді.  
Бар әлемді ұстап тұрған үреймен,  
Осы кезде қызына арнап Сүлеймен.  
Салдырмақшы болды ғажап сән-сарай,  
Кетті оған біз білмейміз қаншама ай?!  
Білетінім сәулетшіміз-шеберіміз ерікті,  
«Қыз аяғын көрсетем», деп көпке уәде беріпті.  
Сарай бітті, бір күні,  
Бойға жиып бар салтанат, күлкіні.

Сұлуымыз болды оны көрмекші,  
Ұнаса егер көрімдігін бермекші...

*Иә, ханшайым өзіне арналған сарайды тамашалап көрмекші болыпты. Тамсанғаннан талып жығылатындай, сыйқыр сәулетті сарайдың алтын есігін аша бергенде толқып жатқан суға кездесіп қалғандай болған сұлу ханша «көйлегімнің етегі малынады-ау» деген түйсікпен асыл матадан тігіліп, небір жаһұтпен әдіптелген етегін жоғары көтеріп қалғанда ешкі тұяғы көпшілікке көрініп қалған екен. Шебер алыпқашпа сөздің рас-өтірігін дәлелдеу үшін, сарайдың кіре берістегі еденін толқыған су бейнесін берер бояумен бояпты... «Ондай-ондай кемшілік, ханның қызында да болады» деген мақал содан қалыпты-мыс.*

*Сағ: 14:15, 22.06.2015 ж.*

### **ЖЫР ОҚИМЫН ТАСЫҢНАН...**

О, Маңғыстау, жасырған,  
Құпияң мол неткен бұл?  
Жыр оқимын тасыңнан,  
Қына басқан көктеңбіл.  
Өткен өмір айқаста,  
Істеп кеткен дегенін.  
Қой таста да, ай таста,  
Таңбасы бар жебенің.  
Мәңгілік боп ұраны,  
Жоғалмастан нұр әрі.  
Мавзолейлер, мазарлар,  
Айдалада тұр әлі.  
Небір тарих жатыр-ау,  
Сынып, мұрты кертіліп.  
Жеті жұрт кеп, япырау,  
Кеткен дейді жеті жұрт.  
Тұлғасына тұнған әр,  
Сұрақ қоям шындарға.



Мына қорым кім болар,  
Сактар әлде,  
Оғыздар ма,  
Ғұндар ма?

### ЕСТЕ ЖОҚ ЕСКІ ЗАМАНДА...

Бұл Түбек пе,  
Бұл Түбек,  
Есте жоқ ескі заманда гүлденген-ді дүркіреп,  
Аспанынан тек қана Нұр жауатын сіркіреп.

Барыстары арс еткен орманы ну жайқалар,  
Көздей тұнық көлдері дауылға эзер шайқалар.  
Тым өр еді өңірді мекендеген тайпалар.

Адырнаны тартатын құлаштап кеп шіреніп,  
Арындап кеп жортатын Көк теңізге тіреліп.  
Күлсе – жаздай жадырап,  
Ашуланса... түнеріп.

Сән-салтанат сарайлы алтын қақпа қалалар,  
Қалалардан жан-жаққа бұрым жолдар таралар.  
Шын-Машыннан<sup>4</sup> сап түзеп керуендер оралар.

Көк теңіздің айдыны құс базарын жиятын,  
Жейхун<sup>5</sup> дария аптығып балдай суын құятын,  
Бәрі-бәрі Түбектің құшағына сиятын.  
360 әулие жұртты ауызына қаратқан,  
Дәріс алу үшін ел ағылды әрбір тараптан.  
Салды сөйтіп оң көзін бұл өлкеге Жаратқан!

Әлқисса, Ұлы Жаратушының ықыласына бөленген Түбек осылай мыңдаған аңы, мыңғырған малы бар Мың қыстау елі атанған-ды.

<sup>4</sup> Шын-Машын – Қытай елі.

<sup>5</sup> Жейхун – Амударияның бұрынғы атауы.

Дүниеде басталуы бар нәрсенің аяқталуы да болады ғой. Тым астамдық танытып Көкте Жалғыз Жаратушы бар екенін естен шығарған өлкені Тәңір ие шөміштен қыса қойып еді, дүние жалған ақ сағымға айналып жүре берді...

Бұл фәниде ашылмайтын бар ма сыр,  
Жасырса да қатпарына сан ғасыр.  
Тәңірінің төккен ашу, кәрінен,  
Жейхундария бұрып кетті арнасын.

Ну ормандар қуарып, көмір-борға айналды,  
Айна көлдер суалып, ойдым сорға айналды.  
Үккен Үстірт кемерін Көк теңіз де тартылды,  
Дуға бөлеп жататын жағадағы әр күнді.

Шөлді аймақта тек қана кепкен адам аңқасы,  
Қала берді құлазып, қалалардың қаңқасы.  
Естілмеді мақамды Машайықтар үні де,  
Солды сөйтіп бұл жерде Даналықтар Гүлі де.

Қолай қоныс өзіне Ну іздеген жайқалар,  
Батыс жақтан Шығысқа жөңкілді енді тайпалар.  
Қойсаңызшы мына енді өмір атты – Ұршықты,  
Асып-асып, жер асып Алтай таудан бір шықты.  
«Алда, – деді сонда да, – Біздер әлі тойлар Күн».  
Мойындамай көріңіз қайсарлығын Дайлардың<sup>6</sup>.

Осылай құлазып қалған Маңғыстаудың ойындағы аң-құсқа ұзақ жыл бойы Шер атты арыстан патшалық етті. Сонымен бірге Жалған есімді қыран бүркіт өмір сүрді. Ол жыл сайын бір жұмыртқа басып, балапан шыққан соң жем іздеп алысқа кететін. Қыран жем іздеп жүрген кезде ағайынды жеті қаракұс аңдып жүріп, оның балапанын өлтіріп, етін өздері жейтін де, ажалын Шерге жабатын. Көптің аты көп. Жалғыз қыран қайғыдан көз жасын көл қылып жүріп-жүріп, келер жылы жұмыртқасын қайта басатын.

---

<sup>6</sup> Дай – Маңғыстау түбегін мекендеген ежелгі тайпа.

Бір жылы ақ үлпе үрпек бас балапанына жем іздеп тағы аттанды. Бұл жолы нартәуекелге бел буған. Мерзімінен ерте келіп, балапанына араша түсіп, Шермен жекпе-жек алысу еді...Көз жасы жаңбырша жауған Жалған бауыр еті балапанына жеткенше асығып келе жатты. Ақтау мен Қаратаудың сұлбалары көрінді. Әлденеге елеңдеулі жортып бара жатқан Шерге көзі түсті. «Балапаныма бара жатыр», – деп ойлаған ол Шердің төбесінен қара бұлттай төнуге қанатын қомдап ыңғайлана берген-ді. Кенет Ақтау мен Қаратаудың дәл ортасындағы қыратқа салған өз ұясын жанары шалып қалды. О, Сұмдық! Жеті қаракұс бауыр еті балапанын жұлғылап жабылып жеп жатыр. Жалғанның қаны қайнады. Сұмдығына найза бойламас қаракұстар бар пәлені Шерге жауып, қастандық жасап жүргендерін енді түсінді. Жалғанның қызыл көзі өшпенділіктен отша жанды. Сонау биіктен ұяда қызылға үймелеген ағайынды жеті қаракұсқа оқша сорғалады. Екпінінен дауыл тұрып, ысылдаған дауыс бүкіл Маңғыстау түбегін жаңғырықтырды. Сол күйінде жеті қаракұстың үстіне болат тырнақтарын бүруге ыңғайлап, қос қанатын жайып, бәрін астына ала құлады...

Ақтау мен Қаратау үш күн бойы ақ тұманға оранып, ешнәрсені көрсетпей тұрды. Жортып келе жатқан Шер төбесінен ескен суылдан шошып кетіп жалт қараса, сорғалап ағып бара жатқан Жалған қыран екен. Таңданыстан кілт тұрып қалған. Иә, Шер де сол таңдана қараған күйінде, Жалған да жеті қаракұсты астына ала құлаған күйінде тасқа айналып жүре берді...

Шер дүниенің жалғандығын ұқтырып тұрған Жалған төбеге түсіне алмай әлі таңдана қарайды. Ал Шердің табанының астында бір кезде өркөкірек тайпалар құрғақшылықтан үркіп үдере көшіп, иесіз қалдырған алтын қақпалы, қымбат қазыналы Қаланың қалдығы жатыр. Сондықтан да Шер мен Қала бірігіп, Шерқала атанып кеткен.

Құпия сыр шертеді бұл жердегі әр атау,  
Алып пирамидалар – Ақтау менен Қаратау.  
Ал Сфинкс – Шерқала көз ілмейді күзеттен,  
Кездерді де елемей табанынан сыз өткен.

Не керемет ғажапты басып жатыр тас табан,  
Үңгір-қақпа тұр онда жер астына бастаған.



Не біледі отбасы шуылдақтар шулаған,  
Оны қазар археолог әлі-әлі тумаған.  
Ашпасын деп оны ешкім сиқырлаған дүлеймен,  
Қазына бар астында тыққан патша Сүлеймен.

Әлқисса, Сүлеймен демекші, он сегіз мың ғаламды өзіне бағындырып, адамзат түгіл жан-жануар мен өсімдіктер атаулының тілін білген Сүлеймен патшаның әкесі Дәуіт пайғамбар бірде намаз оқып тұрып, оң жағына бұрылса он бес ұлы, сол жағына бұрылса он бес ұлы әкесімен бірге сәждеге басын қойып жатыр екен. Сонда Дәуіттің көңіліне «отыз ұлым отыз рулы ел екен-ау» деген күпірлік ой ұялай қалғанын сезе қойған Жаратушы әлгі пайғамбардың отыз ұлын ер-тесіне бір күнде алып, Дәуітті қайғы жұтқызып, жалғыз қалдырыпты.

Уақыт өте райынан қайтқан Жаратушы сүйікті құлы Дәуітке аян беріп: – Уа, Дәуіт, сабаңа түсіпсің, айт қалауыңды, отыз ұлыңды сол күйінде қайырып берейін бе, әлде отыз ұлға татыр бір ұл берейін бе, – деген екен. Сонда Дәуіт: – Жаратушы ием, құлыңыздың астамшылығын кешіре гөр, ажалы жеткен отыз ұлды қайта сұрап не қылайын, сол отызына татитын біреуін берсеңіз ризамын, – деп сақалын көз жасына бұлайды. Сол отыз ұлдың өтеуіне берілген Сүлеймен патшаның оқиғасын күдіреті күшті Алла тағала Маңғыстау өлкесі үшін тағы бір қайталаған-ды.

Шер мен Жалған тасқа айналған соң бұл өңірге қоныс тепшек болған жеті ел-жұрт дүркіреп көшіп келіп, байыз, береке таба алмай, кейін қайтадан дүркірей көшіп кеткен. Алла бұрынғы Дай тайпасының соңғы ұрпақтарын өз ата жұртына қайта қайыруға, 360 әулиенің орнына елді дін жолына уағыздап, бірлікке, берекеге, әділдікке ұйытып тірісінде Пір атанатын Бір Әулие тудыруға, қирап қалған қақпасы алтын ежелгі ондаған қалалардың орнына бір жақұт Қала салдыруға, арнасын бұрған Жейхун өзенінің өтеуіне жер астындағы мұнай дариясының көзін ашуға, солардың бәрін Жадтан Хатқа түсіретін бір ақын дүниеге келтіруге әмір етті.

Қызыл-жасыл құлпырған Дүниенің барлығы,  
Келешекке ұмтылған бір Алланың Жарлығы.



Мейірім нұр шуағы көктен жерге сіркірер,  
Алтай таудан Батысқа жөнкілді енді Түркілер.

Қалың орман ішінде кім қызықпас қайыңға,  
Қалың түркі ішінде бар еді сол Дайың да.  
Қиыр-қиыр, қиырға жетеледі жол алдан,  
Шыңғысханның ең мықты сарбаздары боп алған.

Парактасаң тарихты шығар Шыннан із келіп,  
Араласқан және қан Ханзадаға қыз беріп.  
Қыркысып та, жұлқысып (дәстүр осы талайдан),  
Ұлы Такқа отырды мұрагер боп Адай хан.

О, Заман-ай, заман-ай, туыс такқа таласқан,  
Көйлек сынды ауысып төнді оған да қара аспан.  
Алды-артына қарамай бұзып жарып сең құмды,  
Қайдасың деп ата жұрт енді Адайлар жөнкілді.

Жайсаң<sup>7</sup> көлге құятын еміп суын телегей,  
Қала берді артында асау өзен Жеменей.  
Маңғыстау тұр алдында қайырлаған кемедей,  
Қорамсаққа салынған әр шыңдары жебедей.

Қиындықтың көкесін көрді олар не түрлі,  
Ер Құдайке<sup>8</sup> Шуға<sup>9</sup> кеп суға көшін кетірді.  
Өмір-өлім белдесіп небір күйлер ойналды,  
Сауран<sup>10</sup> атты қаланы бірнеше рет айналды.

– Алда, – деді сонда да, – алда Бақыт, алда Ырыс,  
Ырыс үшін бәрі де төкті қанды, салды ұрыс.  
Тұлпарының тұяғы дүрліктіріп Даланы,  
Жомарт<sup>11</sup> мырза Бас ханның сыбағасын қалады.

<sup>7</sup> Зайсан көлінің бұрынғы аты.

<sup>8</sup> Ер Құдайке – Адайдың белгілі көсемі.

<sup>9</sup> Шу, Жеменей – өзен аттары.

<sup>10</sup> Сауран – ежелгі қала.

<sup>11</sup> Жомарт – Еңсегей бойлы Есім ханның сыбағасын қалап алған Адайдың белгілі көсемі.

Қалаған соң, эрине, қалайда оны алады.  
Арылмайтын туыстық аға-іні, жеңге боп,  
Ат суарды, о, олар кең арналы Жемге<sup>12</sup> кеп.

Ел келген соң не қызыққа толды жер,  
Жеменейдей жайлы қоныс болды Жем.  
Артта Алтай, артта Сауран, Шу қалды,  
...360 әулиеге татитұғын Бір Әулие осы Жемде туған-ды.

(Бұл жерде де қала болған таңдандырған сән-тұлға,  
Сауытынды, шашбауынды соққан күміс-алтыннан).  
Ұлғайтқанды ұлы арнасын сол күні,  
Жарға соғып Ару Жемнің толқыны.

Төкті сәуле аямастан жерге күн,  
Нұрға жуып жас сәбидің жөргегін.  
Сызылдырып естімеген бір әнді,  
Жеті Ақку шомылды да, сыланды.  
– Бекет болсын, – деді, – бала есімі,  
Бір қария ашып қалып Құранды...

Маңғыстауға мейірімі қайта түскен Алланың әмірі толық орындалды. Бекет-Ата Жем өзені бойында дүниеге келе тұра назарын Маңғыстауға салып, елін бұрынғы ата-қонысына тұрақтандыруға жұмыстанды. Жем бойында, Бейнеуде, Оғыландыда жер астынан қашап, айтулы мешіт-медреселер салды, оған бұрынғы әулие-әмбиелердің киесін, қадір-қасиетін қайта дарытты. Дін ілімінің ең жоғары сатысын меңгеріп, бір елдің Пірі атанып, Ұранына айналды. Ежелгі қалалардың төлеуі – әсем Ақтау бұл күнде әлемнің қай-қай шаһарларымен де сұлулық таластыра алады. Ал Жейхундарияның орнына ағызылған мұнай өзені – Қазақ Елінің қазынасына кұйылар мол байлыққа айналып отыр.

Иә, Маңғыстау қайта түлегелі тұр. Тек Тәңір Ие түсін суытып, назарын өзге жаққа бұрып әкетпесін деңіз. Ал, ақын... Жадтан хатқа

---

<sup>12</sup> Жем – өзен аты.

түсіретін Бір Ақын... мүмкін арамызда елеусіздеу жүрген болар, мүмкін дүниеге енді келер...

## ҚҰЛПЫТАС

Қандай қиын ұл болмай оты молдау,  
Құл болып жазмышқа тіс батыра алмау.  
Кімге керек жай кезде білгішсініп,  
Едірендеу,  
Шолтандау,  
Одырандау.  
Қандай қиын (қалтада диплом бар)  
Құлпытастан тарихты оқи алмау,  
Оқи алмау, зердеге тоқи алмау...

Сыйпаймын араб әрпін бар болғаны,  
«Осында, – деп, – бабамның арман-бағы».  
Төбе астында көміліп қорғандары,  
Белгісіз боп лапылдап жанғандары,  
Белгісіз боп ашыққан, тоңғандары,  
Белгісіз боп тойлаған, толғанғаны.  
Соның бәрін аршитын төбе астынан,  
Сикым мынау адасқан жолаушыдай  
Ормандағы.

Сан ғасыр тұр арада ошақ басқа,  
Уақыт – сырға жүкпайды тосат босқа.  
Сол тосаттан тазалап алыңдар – деп,  
Кетсе бабам жырларын қашап тасқа –  
Қасиет қой!  
Сол қасиет құпиясын ұға алмаған,  
Қасірет қой,  
Замандас, қасірет қой!!!



## СУЫН АЙҒЫР БАРСЫҢ БА?

*Каспий теңізінде су жылқысы – суын өмір сүреді. Ол бір ғасырда бір рет жағаға шығады. Осы сәтте... биеге кісінесе... одан теңдесі жоқ тұлпар туады.  
(Ел аузындағы аңыздан)*

Каспий жатыр толқын ұрып айлағын,  
Қиялдандым, бір ғажап ой ойладым.  
Ойладым да, айлы түнде жағаға,  
Жібек жалды боз биені байладым.

Байладым да, аулақ барып жаттым мен,  
Кімге қонып, ұшпаған-ды бақ кімнен...  
Күмбір-күмбір кісінердей әлгі айғыр,  
Пайда болып ақ толқын мен ақ түннен.

«Қашыр болып азып кеткен жылқымды,  
Асылдатсам – деген ой ап ырқымды.  
Келіп едім.  
Суын Айғыр, қайдасың?»  
Деп жүрегім айқайлады, бұлқынды.

Бір ғасырда судан шығар бір рет,  
Жалынамын, о, құдірет, құдірет!  
Әкем айтқан «биыл жылың шығар дәл».  
Әкеп тұрмын сұлу байтал – сурет.

Іңкәр керек су астында саған да,  
Тұлпар керек құс тістейтін маған да.  
Тұлпарлықты ұғындырсам, – деп едім,  
Тұлпары жоқ заманға.

Келіп едім сұлулыққа сусап бір,  
Жерік едім жұпарына гүл шақтың...  
Таң білінді  
(Бермей суын құланды),  
Ал боз бие жусап тұр.



Өтірік пе айтқан аңыз... шықпады-ау!  
Шықпағаны (қиын мұны құптамау).  
Машиналар заманында тұлпардың,  
Қадірсізін Суын Айғыр ұққан-ау!..

### **ЕРЕКШЕ ШӨЛІМЕНЕН...**

Маңғыстаудың (айтпаймын текке мұны),  
Сүйсе, өртеп сүйеді көкте күні.  
«Іреңсіз де, сүреңсіз дала» – деген,  
«Таптырмайды саялар пана» – деген,  
Ұлы Кобзарь, саған мен өкпелімін.

Ескерткіші неткен көп өткенінің,  
(Өспеген аңызакқа текке гүлі).  
Бұл өлкеден орманды-ну іздеген,  
Бұл өлкеден Днепр – су іздеген,  
Тарас ата, саған мен өкпелімін.

Тағдыр оны ешкімге телімеген,  
Келіспеймін дегенге өлі дене.  
Әлсіздерге бермеген оң қабағын,  
Тоқу білген көңілге толған ағын.  
Бұл дала ғой ерекше желіменен,  
Бұл дала ғой ерекше шөліменен.

### **ЖЕР АТАУЫ – ШЕЖІРЕМ**

Шыңыраулар,  
Қыземшекті шоқылар,  
Аттарыңнан талай сырлар оқылар...

Тамшалы –  
Жаным сенің бал дәмінді аңсады.

Өрмелі –  
Үстіртімнің әдіптелген ернегі.



Көгесем –  
Көкейімнен кетпей жүрсің неге сен?

Оғыландым –  
Келмейді уыз қасиетінді төгіп алғым.  
Бекет-Ата мекені – киелі жер,  
Сенен тілер іздеген жоғын әркім.

Таушығым –  
Сазы бөлек дауысының.

Күйкенұшқан, Манашы –  
Өткенімнің сүртілмеген санасы.

Айрақты –  
Ұмытам ба сендей шерлі аймақты.

Ер Қонайдың үйігі –  
Кірлетпейтін намысымның биігі.

Бейнеуім, Сам құмым –  
«Жібек жолы» даңғылым.

Тасастау, Қайнарым,  
Сарқасқа, Тайланым –  
Қызып ішер қымызым, қаймағым.

«Қырғыным» –  
Жүректе жазылмас бір мұңым.

Қаражар, Қазыбек –  
Қаласың жанымның еркесі, назы боп.

Ақмешіт,  
Ақкиізтоғайым –  
Сендерсіз жоқ күнім, жоқ айым...  
Керек пе, бәріңе бұлақ боп ағайын,  
Керек пе, бәріңе жүрек боп соғайын!..



# АҚСҰҚСЫР

(Поэма)

*Аяулы анам Жаңылханға арнаймын.*

*Автор*

## I

Аңнан оралған Алдасай мерген иығындағы қояны мен қырғауылын босағаға лақтыра салып, лашығына кіріп келді. Жеңгелей алған айдай сұлу келіншегі Ақсұқсыр қаннен-қаперсіз ұйқы құшағында екен. Шәйі көйлегінің етегі тізеден сәл жоғары түріліп кетіпті. Ай сәулесімен шағылысып, арайлана түскен, күн тимеген аппак, ақ балтыр. Алдасай енді түсінді, өзін түзден үйге жеткенше асықтыратын осы балтыр екен ғой.

Ыстық дем... Қайратты қолдың уытынан келіншек оянып кетті.

– Не болды сонша, ұят-та-ғы...

– Ақсұқсыр...

– Ә-әу!..

Мерген жігіт келіншегін жаңа көргендей:

– Балтырың, әп-п-ақ ек-ен ғой?!

Енді Ақсұқсыр наздана жымиды. Күйеуіне еркелеген сыңай танытты:

– Бұл балтырға... талай-лар қызық-қан...

Осы сәтте қызылға шүйілген бүркітше төніп қалған Алдасай кілт кідірді. Көкірегіне біреу найза сұғып алғандай. Басқа тепкен ыстық қан суынып жүре берді.

– Талайлар қызыққан дедің бе, а-а?!

Ақсұқсыр ерінің аңсар сәтін пайдаланып, ерке қылық танытам деп бүлдіріп алғанын енді сезді.

– Талайлар қызыққан. Менен өзге тағы кімдердің көз құрты болып жүрсің, ей, сен?!

Келіншек үнсіз. Аузынан абайламай шыққан сөз үшін тілін тістеген.

– Мен, Алдасай, жеңгелей алған қатыным Ақсұқсырды талақ етем. Талақ! Талақ!

– Батыр, сәл сабыр ет! «Ашу – дұшпан, ақыл – дос». Құрсағымда сырлы зерендей дөңгеленіп ұлың өсіп келеді.



– Мен сенен ұл сұрағаным жоқ, ат сауырында келген күн!  
Ақсұқсыр селк етті.

Аңшы жігіт лашығынан атып шығып, беймәлім жаққа жүре берді. Бірақ аңғал батыр кейін өзінің ұрпағы сол құрсақта қалған ұл арқылы ғана жалғасатынын, сөйтіп Ақсұқсырға мәңгі қарыздар болып қалатынын білген жоқ.

## II

Алдасайдың лашығынан Ақсұқсырдың да қосын бөлектегеніне үшінші күн. Келіншек былайша көз жасын бұлады:

Маңдайға жазмыш жазылды,  
Қайтемін озмыш болмаса-ай.  
Айтқан бір ерке назымды,  
Көтере алмадың, Алдасай.

Саудаға салып басымды,  
Жаралап жанды дертті еттің.  
Қызы едім бекзат асылдың,  
Таңбалап сүйек, морт кеттің.

Шерім көп айта бастасам,  
Жомарт<sup>13</sup> боп қалар мұң-мүддем.  
Ойламап едім ешқашан,  
Тұтқынға түскен күңмін, – деп.

Кім айтар мені Сұқсыр<sup>14</sup> – деп  
Ханшасы қалмақ – лала гүл.  
Мәз болма  
Төсіме шықтым, – деп,  
Қылдым, – деп және талағым.

Ерсілеусіндер, Адайлар,  
Кеткенде бойда қызып қан.

---

<sup>13</sup> Жомарт – қыздай қосылған күйеуі.

<sup>14</sup> Сұқсыр – қалмақша ару, сұлу деген сөз.

Қайта айтам, өл, ә, талайлар,  
Ақ балтырыма қызыққан.

Қызыққан хан да, батыр да,  
Жүрегін көсеп, от қарып.  
Ақсұқсыр деген атым да,  
Сондықтан шыққан мақталып.

Түсіріп құнын бағамның,  
Қызғаншақ жансың сенбеген.  
Нақ сүйері болғам ағанның,  
Ат қойған абзал жеңген ем.

Өлгенде Жомарт көзіме,  
Есімнен тандым жас ұрып.  
Әмеңгерлікпен өзіңе,  
Тиген-ді отағасылық.

Қайтемін сырды жасырып:  
«Ақ жеңгем, сені төбеме,  
Көтеріп өтем», – дегенің  
Асылық болды, асылық.

Маңдайға жазмыш жазылды,  
Қайтемін озмыш болмаса-ай.  
Айтқан бір ерке назымды,  
Көтере алмадың, Алдасай!

Ақсұқсыр осыны айтып болып, қалың ойға батты. Өткен өмірі көз алдына келді...

### III

...Қалмақтың қонтайшысының қызы болатын. Ерке өсті. Ешкім маңдайынан шерткен жоқ. Қазақтармен болған бір жаугершілік ұрыста қолға түсті. Қасақана қазақтар қалмақтың сүт бетіндегі қаймақтары – ең сұлу қыздарын моншақтай етіп жіпке тізіп, елдеріне

алып жүрді. Әрқайсысы әр батырдың қанжығасына байланды. Ал бұны қолбасы ханға тарту етпек болды. Тұтқын болғанмен, балиғатқа жетіп қалған қыз емес пе? «Ханға бұйырсам, мүмкін ханым болармын», – деп өзін жұбатты. Әрі шешесі Айкөркем қазақтың қызы болатын. Жаугершілікте қалмақтардың қолына түскен. «Нағашыларың – жақсы жұрт, қызым. Әкең жауықты деп сен жауықпа», – дейтін. Енді қызы шешесінің кебін киіп келеді. Аумалы-төкпелі заман-ай! Сондықтан да сескене қойған жоқ. Бірақ бұны жүрек жұтқан Жомарт деген батыр ханнан қалап алды:

Алысқа салған өресін,  
Қасына жинап  
Бай,мырза, батыр, төресін.  
Тақта отыр ханы қазақтың.  
Еңсегей бойлы Ер Есім.

– Хан ием, – деді бір жігіт,  
Келісті сымбат дүр жігіт.  
Дауысқа шыққан жалт қарап,  
Өзгелер қалды дүрлігіп.

– Ә, Жомартжан, сен бе едің,  
Бұл жеңісте мол болмақ үлесің мен еңбегің.  
Қалауыңды айт, – деді хан,  
Ең кадірлі, ең сыйлы қонағымсың сен менің.

– Хан ием!  
Маған сыйға берсеңіз:  
Ақбоз атты мінбей бер,  
Ақсауытты кимей бер,  
Ақсемсерді шаппай бер,  
Ақсұқсырды сүймей бер,  
Ер дос болса, гүлдейді ел...

Сый ішінде осылардан жоқ асыл,  
Жомарт болса, асырды тым бағасын.



«Ханның сыйын сұрағаны сор маңдай», –  
Деп өзгелер ұстап қалды жағасын.

Тым қызбалау жас жігітке обал-ақ,  
Хан дегенің – тез жарылар қағанақ.  
«Итім кұрсын сары майдан дәме еткен», –  
Жатар ма екен кеудеден бас домалап.

«Хан сыбаға, сұрап тұрған сыбаға,  
Мына жігіт оны, сірә, ұға ма?  
Бәрінен де ең қымбаты – Ақсұқсыр,  
Не, – деп жауап бермек керек бұған, ә?!».

Жері жоқ-ты бұрын сөзден тосылған,  
Жері жоқ-ты бұрын жаудан шошынған.  
«Мына жігіт несін маған бұлдап тұр»,  
Ойға батты, ойға батты Есім хан.

Есім хан Жомартқа көзін алмай ұзақ қарады. Оң қолын жүрегiнiң тұсына басып, сәл иiлiп жiгiт тұр. Келiстi тұлға. «Хан сыбағасын сұрауға қалай батылы жеткен. Ақсауыт, ақсемсер, ақбоз ат, Ақсұқсыр. Осылардың бiреуiн сыйға ала алса, тақиясына тар келiп пе бұл шiркiннiң. Әлгiлердiң бәрi қараға емес, ханға ғана лайық емес пе? Анау басты домалатып түсiрсе, не iстер едi?! Жоқ. Болмайды. Онда менiң қол астымдағы халық екiге жарылады. Айбыным әлсiрейдi. Азан шақырып қойған Аталық атын өзгертiп халықтың Жомарт атауы тегiн емес. Дегенi-ақ болсын. Әлi талай кәдеге жарар...»

Жебелердi жауға қарай боратқан,  
Сен едiң-ау, ел мырзасы, қиын кезде қол артқан.  
Сұрағыңның бәрi де асыл,  
Асыл саған лайық,  
Бердiм, – дедi ол, – тiлегiңдi, Жомартжан!

#### IV

Жомарттың он екi қанат ақ боз үйi елдiң игi жайсаңдарына толы.  
Үй сыртындағы кермеде ақбоз ат байлаулы, төрде кереге басында



аксауыт пен аксемсер ілулі. Тек Аксұжсыр ғана көрінбейді. Кенет Жомарт есік алдындағы жігітке ым қакты. Қыз әкелінді. Сәукеленің үстінен төмен түсірілген ақ шәлі перде тағдыры қалай болатыны белгісіз тұтқын қыздың албыраған алма бетін онша жарытып жасыра алмапты. Сабаудай ұзын кірпік көздің аясын жауып жіберді де қайта көтерілген жоқ. Отырғандарға иіліп иба білдірді.

– Ей, Сұлу! – деді Жомарт тұтқын қызға қарап:

– Ей, Сұлу!

Әлгі ісіммен жасап сәл-пәл астамдық,

Ұғынсам да боп кетерін қастандық.

Хан алдында қалауымды сұрадым,

Беру үшін бір өзіңе бостандық.

Қазір, міне, осы сәттен азатсың,

Тек кішкене өзіңе айтар аз-ақ сыр.

Ел-жұртыңа барғаннан соң ұғындыр,

Кім екенін қазақтың.

Анау тұрған:

Аксауытты – киесің,

Аксемсерді – ілесің,

Ақбоз атқа мінесің,

Ел-жұртыңа жүресің.

Ел-жұртыңа барған соң

Бақытты өмір сүресің.

Әумин!

Қап-қара, мойыл көзді жауып қалған сабаудай ұзын кірпік көтерілді. Жанары мөлт етіп жасқа толды, екі тамшы жарыса мөлдіреп, алма беттің ұшына келіп қалды. Төрде малдас құрып отырған, басына азат құсын қондырған, жүзінен мейірім лебі ескен адамға қарады. Ат жақ, қыр мұрын, қап-қара қияқ мұрт, сонау самайдан жіңішкеленіп келіп, иек тұсына қоюлана түскен қап-қара шоқша сақал. Қара торы жүзінде қан жүгіріп тұр. Нұрлы жанарда кім-кімге де жетерлік мейірім бар. Сұлу бұл оқиғаның не өңі, не түсі екеніне сенбей тұрғандай. Тұтқын-



дықтан кейінгі Еркіндік адамды есінен айырады екен. Қыздың жанары төрде отырған Құдіреттің жанарымен түйісіп қалды. Қыз кірпігін бұрын қақты. «Мына жанардың аясында жүрген әйелде арман болмас». Ақсұқсыр дауыстап жібердім бе деп селт етіп еді, жоқ, ішкі үні екен. Әлгі үн қалайда бұлқынып сыртқа шыққысы келді.

– Мырзам! – Ақ желектің астынан сыбызғыдай сызылған әсем дауыс естілді. Алдында әміршім – дегелі тұрған. Мына сөздің ауызға қалай оралғанын білмей қалды.

– Мырзам!

Сіздей жомарт, сіздей дархан мырзаның,

Шын көңіліне ырзамын.

Көкірегімді өртеп жатыр бір жалын.

Ол – күндіктің жаулығы еді тартылған,

Келмеген соң құтқарушым артымнан.

Әр ісіңнен парасатың ашылып,

Тым биіктеп бара жатыр өр тұлғаң.

Кегі болса жібермейтін кектіден,

Текті едім. Жолығыппын тектімен.

Ерік бердің, бас иемін еркіммен,

Тек өзінді құтқарушым деп білем.

Өз еркіммен бас имес ем тексізге,

Қажет емес азсыз ба, әлде көпсіз бе?

Ақсауыт та,

Ақсемсер де,

Ақбоз да

Және бейбақ – Сұқсыр да

Жарасады тек Сізге!

...Ақсұқсыр бұл ерлігіне, бұл еркіндігіне, тым ашықтығына соңынан өзі таң қалды. Енді бір сәт кідірсе, әлгі нұрлы жанардың сәулесінен мәңгілік айырылып қалатындай қорықты. Еліне барғанда кім құшақ жайып қарсы ала қояр дейсің? «Қайтып келген қыз жаман,



қайта шапқан жау жаман». Жоқ, не де болса, Ақсұқсырдың нағашы жұртында қалғаны жөн. Құдайдың басқа салғанын көре жатар.

Ауыл молдасы ертесіне Ақсұқсыр мен Жомартқа неке суын ішкізді. Ішкізіп тұрып: «Ерінің айтқанын екі етпеуге, жар төсегіне адал болуға, ошағының үш бұтын аман ұстауға уәде бер», – деді. Берді.

Екі әйелдің үстіне үшінші болып түстім деген жоқ. Бақытты өмір кешті. Бәрі де ерге байланысты екен. Бұлар күндестік танытпады. Шіркін, сол Жомартпен отасқан кезі Ақсұқсырдың ең бақытты, ең ләззатты, ең балдәурен шағы екен ғой. Жомарт десе бүкіл ел ішкен асын жерге қоятын. Өзгелерге айтылған сәлемдемесі екі етілмей орындалатын. Халықты жарлы, бай деп бөлмейтін. Әсіресе қаріп-қасірлерге қайырымды еді. Жомарт аты сол жарлы-жақыбайларды жарылқағаннан шыққан еді. Ақсұқсырдың отауында кенеттен ауырып, дүние салды.

Жомарттың жылы өткен соң «аға өлсе, жеңге мұра» деп оны қайнысы Алдасайға атастырған. Жомартқа некесін қиған молда бұғанда неке қиып, су ішкізді. «Қайран, дүние-ай. Бәрі алдамшы екен ғой. Енді, міне, еш жазығы жоқ бір ауыз сөзі үшін әңгүдік Алдасай, бір бет Алдасай, сынса бір сынатын Алдасай, талақ етті. Неке төсегіме, адалдығыма бір Алла куә. Уһ!» Көпшігі көз жасына толып жатып ұйықтап кетті.

## V

Қатынына ашуланған күйімен,  
Үшінші күн кеткеніне үйінен.  
Үшінші күн аң қашпады алдынан,  
Іс болмады ешбір адам сүйінер.

Бес қаруы өн бойына сайма-сай,  
Ақсұқсыры еді көңіл айнасы-ай.  
Енді, міне, басқа теуіп бақытын,  
Айдалада аң іздеп жүр Алдасай.

Із кескеннен ала-көбең таң шыға,  
Жүтіргенмен кара терге малшына.  
Бұған деген барлық нәрсе қырсығып,  
Қанданбады қанжыға...

Әлқисса, Алдасай бір бұлақтың басына келіп, жартас көлеңкесінде отырып былай деп өксіді:

Бұрып арна, ағысымды,  
Маған Алла бақ ұсынды.  
Өзгеге оным көзін сүзіп,  
Таптап кетті намысымды.

Сол болатын асыл әнім,  
Қалай, сірә, жасырамын.  
Қорлаттырар басымнан сөз,  
Қалай және асырамын.

Білмегенмін ес-түсімді,  
Бәрін бірақ кеш түсіндім.  
Солай-солай бұл Алдасай,  
Айтты – бітті, кесті – үзілді.

Айтар болсам мырза атынан:  
Қызығатын бір затым – қыз,  
Бір затым – аң.  
Ішімді өртеп бара жатыр,  
Ішімді өртеп бір запыран.  
Уһ!..

Осы сәтте бұлаққа бір топ құлан үйірі келіп қалған еді. Алдындағы аламан айғыр адам иісін сезіп кілт тоқтады. Артында келе жатқан сауыры жылтыраған, семіз, сұлу байтал айғырға сүйкеніп қасынғысы келді. Байталдың әлгі қылығына Алдасайдың жыны қозды. «Ұрғашылардың бәрі бір тектес». Садағынан көздеместен-ақ жебе тартты. Сұлу байтал шыңғыра кісінеп барып, құлап түсті.

Үріккен құлан үйірі аулақ кетті. Қынынан қандауырын суырып алып бауыздау тамағын орып жіберген Алдасай ызалана тіл қатты:

Семіздің емі – пышақ,  
Сұлудың емі – құшақ.



## VI

Төртінші күні Ақсұқсырды ауыл ақсақалы шақыртты. Құр сүлдері ғана бар оны екі келіншек екі жағынан қолтықтап алып жүрді. Топ адамдардың ішінде бір кезде Жомартпен, ал ол дүниеден өткен соң Алдасаймен некесін қиған молда да отыр екен.

– Шырағым, күнәкәрсің, – деді бұған ауыл ақсақалы. – Күнәкәрсің. Жалаңаш тәніңді жарқыратып еркек аңсағаның үшін сені отағасың Алдасай талақ етті. Біз ата жолымен сені енді қайын ағаң Шылымға атастырғалы отырмыз.

Шылым – бай да емес, би де емес, батыр да емес, аңшы мерген де емес, мал біткен момын шаруагер ғана болатын.

– Айтумыс ұлы Шылым, – деді молда қолына көзеге құйған, құран сөзімен үшкірген неке суын ұстап тұрып, – жесір келінің Ақсұқсырмен некелесуге ризамысың?

– Ризамын, ризамын, әмбие, – деді Шылым шоқша сақалын саусағымен тарамдап. Айдай сұлуды құдіретті құданың қолына ұстата салғанына сенер-сенбесін білмей сасқалақтады.

– Жеменей келіні Ақсұқсыр! Айтумысұлы Шылыммен отасуға ризамысың?

Ақсұқсыр аузын жыбырлатты. Оны екі жағында тұрған келіншектің бірі қағып алып, «риза, риза», – деді.

Тағдыр тәлкегіне түскен жесір жас келіншек осы сәтте Алла тағалаға іштей жалбарынып тұрды:

Жар бола гөр бейбаққа,  
Жаратқан ием бір өзің.  
Кей уақта, тіпті кей уақта,  
Санайтын асыл, ірі өзін.

Жан болдым жиі адасқақ,  
Қабағым мұңлы қатумын.  
Үшінші рет отаспақ,  
Отағасыммен тату қыл.

Сәуірде, тылсым жаңбырда,  
Өседі көктеп лала гүл.  
Болашақ барар таң нұрға,  
Бауыры бүтін Ана қыл!

Күнәмді, бәрін, білемін,  
Жаратқан Алла, күніңмін.  
Өзге жоқ сізден тілегім,  
Түтінін түзе Шылымның.

Әлқисса, Алла тағала еңірегінде етегі толған, өмірден тауы шағылған бейбағының тілегін орындады. Отбасы берекелі болды. Шылымға арыстай үш ұл тауып берді. Шаруасы шалқыған Шылымның екі езуі екі құлағында. Бұрынғы бәйбішесін үлкен ұлымен бөлек жіберген.

...Заман өтті. Ақсұқсырдың Жомарттан, Алдасайдан, Шылымнан тапқан бес ұлы осы ағайынды үш жігіттің де аттарын аспандатқан бес рулы ел болды. Ал Ақсұқсыр (қазақтардың қойған есімі Ақсұлу) солардың ортақ абзал Анасы. Мерейлерін өсіргісі келген кезде олар өзгелерге осы Адайдың анасы атанған Ақсұқсырдың оқиғасын айтып мақтанады...

## ДОС ПАРЫЗЫ

(Поэма)

*Түрікпенадай Тіней қызы асыл әжем  
Бимағанбетқызы Жидеге ескерткіш.*  
**Автор**

*Даналығым – алтыстағы әкемнен,  
Балалығым – онбестегі шешемнен.*

**Қадыр Мырза-Әлі**

### Сөз басы

Түрікпен досым Дүрді, сен,  
Айтшы білсең (білгіш ең),  
Жау болмаған біздің халық дос болған,  
Қонақасы жеген талай қостардан,  
Аяқ-қолға түскен біздің бір кісен.

Түсіміз бір күн аптабы қақтаған,  
Ісіміз бір тұлпар ұстап баптаған.  
Даламыз біз – кең көсілген иенбіз,  
Бірімізге нағашымыз, жиенбіз.  
Айдап салса аттан салдық тек қана.

Сөз сөйлетіп обаларды тыңдатса,  
Шертер еді-ау небір сырды қымбат сан...  
Аңқау, адал қос халықтың арасын,  
От салумен қансыратты жарасын,  
Хорезм шах,  
Бұқар ханы,  
Сұм патша.

Досым Дүрді, көптен көрмей аңсаған,  
Зерттелместен жатыр тарих қаншама?!  
Бабалардың достығының куәсі,  
Бір әңгіме айтып берем мен саған.  
Тыңда, досым, қажет нәрсе бұл саған.

## 2. Мұз астына кеткен көш

Астамдықтан болды ма лай сезім,  
Алар деп кім ойлаған бұлай кегін.  
Мұз үстінде абайсыз суға кетті,  
Мал-жаны, бар көшімен Құдайкенің.  
(Толған ба сұм ажалдың қу өзегі,  
Дейді жұрт – «сол өңірге ну өседі».  
Улап-шулап қалың көш батқан өзен –  
Сонан соң атаныпты Шу өзені).  
Бұрын-бұрын Құдайке қандай еді,  
Аймағына ататын таңдай еді.  
Өзі батыр, өзі би, бір өзінің  
Болатұғын  
Он бес ұл,  
Төрт әйелі.

Құс тістеген ауызбен арман қайда,  
Бәрі-бәрі бұлдырап қалғандай ма?  
Ел тірегі – азамат ай маңдайлы,  
Қас қағымда айналды сормандайға.  
«Төрт әйел – бірі нәзік, бірі ұяң ед,  
Он бес ұл – келешегім, риям ед.  
Зарлады сақал жұлып, зарлады шал –  
Баянсыз, тұрлауы жоқ дүния», – деп.  
– Тұр, аға, басың көтер, елің келді, –  
Деп жылады інісі Келімберді.  
Жоқтауымен жаңғыртып кең даланы,  
Әже келді,  
Қыз келді,  
Келін келді...  
Ошағы өшіп, суалып ырысы бір,  
(Болар бәлкім тағдырдың бір ісі бұл).  
Жетпістен асқан кезде Құдайке шал,  
Қолына қарап қалды інісінің.  
«Алға салған билеген сезімді ұдай,  
Сонау, сонау жігіттік кезім бір-ай!» –  
Күрсінеді осылай бейшара шал,  
Кешегі деп санайтын өзін Құдай.

### 3. Келін тілегі

«Беркітем – деп – қотаным, кең іргемді»,  
Жорықтан оралған-ды Келімберді.  
Еріне сыр аңғарта сағынғандай,  
Баршын сұлу наздана керілген-ді...  
Бәйбіше еріне тым батымды еді...  
Ләззатқа қанған соң: – Батыр, – деді.  
Өз қызығың өзінде, ал қайнаға –  
Түніменен дөңбекшіп жатыр, – деді.  
Бәйбіше ойын солай жеткізгені,  
Әлі алда بازیнасы, өткізбегі...

– Тәйт әрі, не қауқар бар кәрі шалда,  
Төрінен көрі жақын жетпістегі.  
– Жок, Батыр, қате олай ойлағаның,  
Базына емес және де жай ғана бұл.  
Ұрпақ сүйер әлі де бұл өмірден,  
Бойында қуаты бар қайнағаның...  
– Кәрілігің дауасыз ғаріп, ғаріп,  
Қаңсып қалған метейдей жарық-жарық.  
Қайдан білдің сен өзін айтшы, кәне, –  
Деп күлді Келімберді қарқ-қарқ.  
– «Қазаны басқаның  
Қайғысы басқа», – деген,  
Әйел-балаң жаныңда таспа дер ем.  
Өтпеу керек ұрпақсыз дүниеден,  
Ол да бір кез ер болған асқақ ерен.  
Батыр, ойлан, өзіннен әлі өтінем,  
Өтінемін осы үйдің әулетімен.  
Тым тереңде көп жатар көбіктеніп,  
Үміттенем қайнағаның кіші дәретінен...

#### 4. Тосын байлам

Ертесіне, ие, ертесіне,  
Сәлем бере ауылдың серкесіне.  
Ақсақал, қарасақал, түбіт мұрттар,  
Отырды ақбоз үйде кең көсіле.  
– Уа! – деді бір кезде қарттың бірі, –  
Кетсін солай көңілдің, дерттің кірі.  
Құдайкеміз ағайын ортасында,  
Бірақ көріп жатқаны жаттың күні.  
Осы елден бір қыз таңдап алғаны жөн,  
Бір атадан бір ұрпақ қалғаны жөн.  
Сол қызды ризашылықпен ата-анасы,  
Қойнына Құдайкенің салғаны жөн.  
– Дұрыс!



– Дұрыс! – шу етті отырғандар,  
Жауға талай жебе боп атылғандар.  
Су түбінен талайды шығарып ап,  
Су түбіне талайды батырғандар.  
– Таңда кызды!  
– Кім болмақ қалыңдығың?  
– Қай сұлуды дер едің: «жаным, гүлім»,  
Келімберді құдаға санап бермек,  
Қалың малын бүтін...  
Бір күрсініп Құдайке  
Сақалын саусағымен салалады  
Салалады...  
Жанарына шық тұрып балалады:  
– Тұстастарым, інілер, балаларым,  
Келмейді бір-бірінді алалағым.  
Бір кезде болмад менен асқан ешкім,  
Ал қазір қыз таңдайтын жаста емеспін.  
Құлаған шаңырағымды көтерсеңдер,  
Ие бола алмастай бос та емеспін.  
Рахмет, бердіндер қалауымды,  
Көтерген – деп бір кезде жалауымды.  
Бір әйелді әйтеуір жылыта алам,  
Айтсам егер іштегі алауымды.  
Қайғысы жоқ бәріңіз байсыңыздар,  
Сендер үшін соқпай-ақ қойсын ызғар.  
Таңдағаным сол болсын, соны алайын,  
Қәне, маған қыз берер қайсыңыз бар?  
Келімберді:  
– Ағам айтқан бәрің де байсыңыздар,  
Осы елдің бетке ұстары – Айсыңыздар.  
Қалың малын екі есе айдатамын,  
Желіге жетпіс бие байлатамын.  
Отыз күн ойнатамын,  
Қырық күн тойлатамын,  
Қыз берер қайсыңыз бар?..  
Кімде қыз бар әркімге аян еді,

Әрқайсысы өзінше Баян еді,  
Құдайке «Бәленшенің қызы» – десе,  
Бәрі оны көндіруге даяр еді.  
Көктем менен қосылу күз дегенің,  
Осы сәттің әркімде іздеді емін.  
Бірақ, бірақ амал не, өз қолымен,  
Дей алмады ешкім де «қыз беремін»...  
Шешілер деп кім күткен бұлай керім,  
Қайтаруға жиналып тағдыр кегін.  
Қамшымен жер шұқылап кеткендерді,  
Селк еткізді дауысы Құдайкенің:  
- Жә!..  
Қайтемін бір қызды қимасандар,  
Бұлай болмас еді ғой сыйласандар.  
Өзім табам шығатын жолымды да,  
Қайғыма қайғы қосып қинасандар.  
Жара бітпес қара су бүріккенмен,  
Мен үрікпен, ал сендер үріккенмен.  
Досым бар – аты оның Қожанәпес,  
Қыз алам сол досымнан – түрікпеннен.  
Қиямет-қайымдағы досым еді,  
Тар тағдыр табыстырып қосып еді.  
Бір берсе, қызын маған сол береді,  
Құда түс, Келімберді,  
Өтінішім осы менің!!!

## 5. Гөзел сұлу

Әлқисса, Келімберді Құдайке ағасының айшылық алыстағы түрікпен досына құдалар аттандырды. Бір кезде Құдайке қолға түскен Қожанәпесті кепілдікке алып, ажалына ара түсіп, астына ат мінгізіп, еліне қайтарған болатын.

«Құдайке, қарызымды тірі жүрсем, бір өтермін», – деген сонда досы аттанып бара жатып.

«Еліңе аман-есен жет. Үйлен. Қатының қыз туса, ұлыма құда түсем», – деген Құдайке де әзілдеп.

Борыштың аты – борыш. Құдалар енді түрікпен жамағайынының қызын баласына емес, Құдайкенің өзіне айттыра бара жатыр. Өйткені басын әдемі бастап, аяғын қожыратып жіберген еліне өкпелі Құдайкенің қалауы солай. «Бар болса көре алмайтын, жоқ болса бере алмайтын» ағайын осы.

Қазақ досының елінен келген қонақты Қожанәпес құрақ ұшып бір күн күтті, ешкім бұйымтайын айтпады, екі күн күтті, ешкім бұйымтайын айтпады. Үшінші күні Қожанәпес: «Е-е, қонақтарым, бұйымтайларың болса, айта отырындар, Құдайке досымның отбасы аман ба?» – деді. Қонақтардың да күткені осы сұрақ болатын. Сыр түйіні ағытылды.

Қожанәпес үнсіз отырып қалды, өңі қуқылданып кетті. Көп отырды. Сосын «шаруаларыңның жауабын үш күннен кейін аласындар» деді де, тұрып жүре берді.

Содан бір күн өтті, бұларды елеген ешкім болмады, екі күн өтті, бұларды елеген ешкім болмады, үшінші күні Қожанәпес келді: «Уа, құдалар, құдай алдында берген уәдемді жұтпаймын, Құдайкенің басына іс түскен екен, бауыр еті – баламды оның түтінін түтетіп, орнын оңалтуға көндірдім. Тек бір тілегім бар. Қызым Гөзелден туған ұрпақ өз қарымына менің де қарымымды қосып атаса болғаны. Қызымның көші анау төбенің бауырында бара жатқан, ал аттанындар», – деді.

## 6. Сөз соңы

Солай, досым,  
Жал бітеді арықтаса жалдыға,  
Кермек жұтқан көп асайды балды да.  
Арқасында қиын кезгі достықтың,  
Жүре берді сөнген ошақ  
Қайта лаулап жанды да.  
Солай, досым,  
Өмір көлін кешеміз,  
Бірде қайтып, бірде қайтпай есеміз.  
Екі ұл тапты жетпістегі әкемнен,  
Он бестегі жап-жас Гөзел шешеміз.

Жанды талай, сөнді талай сан арман,  
Ұшқын атып, жалын атып жанардан.  
«Түрікпенадай» аталады қазірде,  
Өнген ұрпақ, өскен ұрпақ солардан.  
Солай, досым,  
Түсіміз бір күн аптабы қақтаған,  
Ісіміз бір тұлпар ұстап баптаған.  
Даламыз біз – кең көсілген иенбіз,  
Бірімізге нағашымыз, жиенбіз,  
Айдап салса аттан салдық тек қана.

## ШЕРҚАЛА

*– Шерқала – қалалардың арыстаны,  
Болды ма көне ғасыр, сол тұстағы? –  
Жауапсыз ол сұрақты көміп кеткен,  
Тарихтың, табиғаттың тартыстары.*

*Ғафу Қайырбеков*

Ұйып үлгермей  
Уыз қалпында төгіліп қалған.  
Содан сыр бермей,  
Сан ғасыр топырағына көміліп қалған.  
Шерқала – Троям менің,  
Менің Троям.  
Баба қала, аш көзінді, тұр, оян,  
Басып қалсаң сайрап жүре беретін,  
Қаратауың, Ақтауың тәрізді ғой рояль,  
Күй тілінді қалай бассам екен-ау,  
Құпиянды қалай ашсам екен-ау.  
Шырт ұйқыда ұйықтап жатқан мекен-ау!  
Кетпен ап қолға ақтардым бар ғой, ақтардым,  
Ұшығы шығып іздеген талай жоқтардың.  
Мәдени-ғұрпын суырып алам тереңнен,  
Каспийліктер,

Дайлар,  
Алан –  
Сақтардың.  
О, Шер<sup>15</sup>-қала  
Шерің әлі күзетіп тұр сол кездегі әр ізді,  
Египеттің Сфинксі тәрізді.  
Қалаң қайда, қалаң қайда, ал қалаң?  
(Мұп-мұздай тер шым-шым шықты арқадан).  
Сұрау салдым Ақмыш атты бұлақтан,  
Бұлақтағы сусылдаған құрақтан.  
Таудан, тастан, күннен, бұлттан тау асқан,  
Керуен сарай бағанындай баяғы,  
Анау кәрі ағаштан.  
Сауалыма, сауалыма жоқ бірақ,  
Ешқайсы да жақ ашқан,  
– Сыр тартайын, – деп ем, – әсем Гүл, сізден?  
Үндемеді...  
О, табиғат, сонша мылқау, тілсіз бе ең?  
Кенет, кенет...  
Мазалаған өн бойымды күнұзын,  
Құлағыма келді менің бір ызың:  
«Табиғатта мылқаулық жоқ,  
Болар оны түсінбейтін керендік.  
Биіктік пен Тереңдік,  
Ездік пенен Өрендік.  
Сұлулық пен Зұлымдық.  
Ал сұлулық – самала,  
Әйелге де, далаға да, қалаға,  
Қасірет боп жабысқан,  
(Обал-обал, обал, ә?)  
Ел мен елдер сол үшін,  
Атысқан да шабысқан,  
Бағы жанып бірінің,  
Біреуінің бағы ұшқан...»  
Деп тұрғандай бір ызың,  
Бір ызың бар құлағымда күнұзын.

---

<sup>15</sup> Шер – түрікмен тілінде арыстан деген сөз.



Алдым қолға құмыраның сынығын:  
– О, бастауым,  
О, мөлдірім,  
Тұнығым.  
Қыпша бел қыз суға барса сені алып,  
Ынтық жігіт қарына ілген құрығын.  
Бұлақ басы оңашада  
Дейді қыз:  
«Әкем сезсе, құрыдым ғой, құрыдым».  
Жігіт айтар деп білетін Ер өзін:  
«Сенің үшін біздің үйде төр әзір.  
Ақ отауға келін қылып түсірем,  
Керуен сап келгеннен соң Хорезм».  
Қашан, сірә, болар екен сыр аян,  
Арыстаным, аш көзінді, тұр, оян.  
Зерделі бір, төкпей-шашпай қазатын,  
Қазатын да, хас тарихын жазатын,  
Археологын күтіп жатқан Троям!

### АҚМЫШТАҒЫ КӘРІ АҒАШ

Алыптықты көргің келсе,  
Осы ағашты көр мықты.  
Шор-шор бұтақ, терең тамыр орнықты.  
Найзағайдың жебесіне шыдаған,  
Көріп зорлық, қорлықты.  
Жеткен бізге өлмей-өшпей дін аман,  
Ұғындырып ерлікті.  
(...Саяхатшысымақ біреу тандана,  
Танданғаны өз алдына, паңдана.  
«Тарас еккен бұны да», – деп кергіпті.  
Осындайға буырқанбай, күймей гөр,  
Шындық суға суарылған,  
Өтірікті сүймейді ел.  
Туған жердің топырағынан жаралған,  
Бұлағынан нәр алған,  
Мәңгі жаса, Бәйтерегім, билей бер).

Бұтағына талай қыран жұмыртқасын шайқаған,  
Бұл бәйтерек сұлап барып,  
Тік тұрыпты қайтадан.  
Айдаһардың елестетер кескінін,  
(Және оның ысылын да естідім),  
Жіті көзге байқаған.  
Ақмыштағы алақандай осы бір,  
Оазистің жұпарынан жұтамын.  
Қызыл қала, қызыл іңір, тұт<sup>16</sup> әнін,  
Көкірегіне қондырып,  
Мүмкін Тарас екен болар,  
Кетіктегі бағына,  
(Нулы, сулы Украинасын сағына),  
Кесіп алып осы ағаштың бұтағын.  
Кеуде кере, кеуде кере, осы бір.  
Оазистің жұпарынан жұтамын,  
...Сақтай алмай асылдарды кетті есе,  
Бірге көктер жасыл алқап көктесе.  
Бәйтерегім, тамызық боп бір пешке,  
Абайсызда кетпесе екен,  
Кетпесе...

## ҚАРАҒИЯ

Бұдан миллион жылдар бұрын Маңғыстау өңірі Тетис атты алып мұхиттың түбі болған деседі. Қарақия – теңіз деңгейінен 130 метр төмен жатқан терең қазан шұңқыр.

Қымызынан босаған,  
Күбі десең өзің біл.  
Уақыт жалмап, асаған,  
Бір кезгі алып Тетистің,  
Түбі десең өзің біл.  
Әйтеуір бұл бір қылын,  
Шертіп қалар сезімнің.

<sup>16</sup> Тұт ағашы бұлақ маңында өседі.

Бұйырған дәмдей азанда,  
Алтын, жауһар, сазан да...  
Барлық асыл құйылған,  
Қарақия – Қазанға.  
Болса зейін түсінбек,  
Зердесінде жас адам.  
Бұл түбекті мүсіндеп,  
Тетис өзі қашаған...  
Ойлаған-ды кім бұлай,  
Сәттерінде нұр жауар.  
Өзен түгіл, көл түгіл,  
Мұхитқа да сұмдық-ай,  
Туады деп бір зауал.  
Еткен соң ба жер тарлық,  
Сөйтіп семіп шалқарлық.  
Мұхит суын – мол мұнай,  
Балықтарын -Арқар ғып,  
Жіберіпті дейді аңыз,  
Сенбе мейлі, сеніңіз,  
Еркіңізде бұйданыз,  
Естіледі әйтеуір  
«Дүние жалған» күй нағыз.  
Үнсіз қалдық, беу, неге,  
Өткен шақты ойлап бір.  
Тым асқанды тәубеге,  
Келтіретін оймақ бұл.

## БУЛЫОЙЫҚ

Маңғыстау түбегінде Булыойық атты жерасты үңгірі бар. Терендігі 200-300 метрдей. Үш қабатты алып киіз үй тәрізді күмбездерден тұратын бұл жұмбақ үңгірдің түбінде көздің жасындай мөп-мөлдір су жатыр. Үңгірдің сырттағы аузында қой тастан қашалған астау тұр. Қай заманда болса да, әйтеуір адамға қызмет еткені осыдан ұғынылады.



## I

Булыойық –  
Маңғыстауда жұмбақ үңгір,  
Жұмбақ үңгір құпиясын тыңдағым бір.  
Келген еді,  
Амал не, жақпар тастар,  
Сұлық жатыр сыр шертпей күңгір-күңгір.  
Күңгір-күңгір сырлары ағытылса,  
Жүре берер еді ғой нұрланып жыр...

## II

Арда сүтін ешкімге емізбеген,  
Шөл дала,  
Қашық ақжал теңіз деген.  
Абайсызда үстінен түсті үңгірдің,  
Хатшы,  
Тілші,  
Директор<sup>17</sup> шөп іздеген.  
Жатыр үңгір құпиясы ашылмаған,  
Қабырғасын мүк басқан жасылдаған.  
Иланарлық,  
Сонау бір сәби кезде,  
Мекен еткен десе егер осында Адам.  
Болжамда дерек те мол, ағат та бар:  
– Мұнда әр ғасыр керуені қонақтаған,  
– Қарақшы да түнеген жалақтаған,  
– Батыр қонған жауға елін тонатпаған, –  
Жолаушылар дейді шай сораптаған.  
Сыртта ыстық күйетін құс қанаты,  
Ал үңгірден еседі сабат-самал.  
– Тылсым сырға тек қана ұққан қанар,  
Өмір үлесін жығылған, жыққан да алар.  
Талай заман өтті ғой, бұл үңгірде,  
Бай – алтынын,  
Сұлулар – сырғаларын,  
Ал ғұлама кітабын тыққан болар.

<sup>17</sup> Хатшы – Д.Әріпов, тілші – А.Өтегенов, директор – Н.Балмұханов.

– Үзілгенше ақырғы алатын дем,  
Сәуле іздеген адамдар кара түннен.  
Дәл осындай үңгірден басталыпты,  
Сүлеймен патша кенішіне баратын жол...  
– Дәл осындай... дәл осы... дәл осы жер,  
Бір сыр ұқтым ертегі елесінен.  
Кенет тілші орнынан атып тұрып,  
Өзеуреді, – Дәл осы, дәл осы жер!  
– Не осы жер, айтсаңшы не осы жер?  
– Ертегіге елтіп жаста ерке өстік,  
Естерінде бар ма батыр Ертөстік?  
Шалқұйрықпен жер астына түскені,  
Жер үстінен мәңгі күдер үзгені.  
Сонда... сонда...  
Ебін тауып жылан Бапы елінен,  
Туған жердің төсіне,  
Шыққан жері осы жер.  
Жарық дүние қадырын,  
Ұққан жері – осы жер!  
Деді хатшы:  
– Дұрыс байлам, шырағым,  
Сүйсінтеді құпияға құмарың.  
Ертегіде арманы бар халықтың,  
Сондықтан ол – асылың мен тұмарың.  
Табиғаттың көп қой салған өрнегі,  
Жаралғалы көрмед дейсің Жер нені.  
Мына үңгір де  
Болар соның жарасы,  
Бәлкім тыныс саласы.  
Дүниенің жұмбағы мол шешілмес,  
Байырқап бір қарашы...  
– Дәл таптыңыз, –  
Деді Тілші шаттықпен тән балаға, –  
Пікіріңіз ұғынықты санаға.  
Жер-Ананың тыныс алар Танауы –

Үңгіріңіз – үңгір емес,  
Жан Аға,  
Пікіріңіз құйылып тұр санаға.  
Ұлы Танау –  
Жерімде ата мекен.  
Болғанын айқай салып, атап өтем.  
Булыойықтан,  
Жазда есіп сабат-самал,  
Ал қыста бу бұрқырап жатады екен.  
Ей, Адамдар, нұр ұшқан ізетіңнен,  
Қиянаттың талайы түзетілген.  
Жер-Анамыз тұншығып қалмауы үшін,  
Бітемей,  
Тонамай,  
Құлатпай,  
Күзетіндер үңгірді, күзетіндер!

### Ш

...Ал директор үнсіз қалған манадан,  
Ойын айтты белін буып, қалаған:  
– Бұл үңгірдің түбінде,  
Жеткен аман бүгінге,  
Су жатыр.  
Көз жасындай түп-тұнық,  
Арулықты, зәрулікті ұқтырып.  
Бос сөздерге жем қылмалық уақытты,  
«Сол суды ішкен адам болар бақытты», –  
Деп естігем,  
Жүр, үңгірге түселік.  
Түселік те  
Әлгі судан ішелік.  
...Жүрегінде жанып тұрған жалын жыр,  
Жолаушылар бір әсерге малынды.  
Женді оларды құпияға құштарлық,  
Жетеледі тылсымына ал, Үңгір...

## ШӨЖЕП СҰЛУ

Даттау күпір әруағын өлгеннің,  
Мақтау күпір мырзалығын бергеннің.  
Бір-біріне оқ кезеді садақтан,  
Екі әйелі батыр Тәңірбергеннің.  
Екеуі де қызы еді тектінің,  
Екеуі де сұлу еді жоқ міні.  
Екеуі де бір-бірінен ассам деп,  
Бір тарқатып, бір өрген-ді кек тінін.  
Жеткен сөздер мынадай сыр шертеді,  
Екеуі де еркек үшін өрт еді.  
Бәйбішесі болса да сәл байсалды,  
Ал токалы тым өр еді, ерке еді.  
Сол еркелік, сол еркелік, еркелік,  
Бал денесін өректігі өргеніп.  
Ел таңырқар жасатты оған бір тойды,  
Енді содан аз ғана сыр шертелік:  
Бұл өмірден көп еді оның алмағы,  
Тоқал атын жою еді арманы.  
Бекбике ме, салуалы бәйбіше,  
Ал Шөжептің тоқал аты қалмады.  
...Үш күн бойы қалың елді тойлатты,  
Үш күн бойы он боз бие байлатты.  
Үш күн бойы бозбала, бойжеткенге,  
Алтыбақан ойнатты.  
Қамшы астында сабы күрең тобылғы,  
Боз биенің ақ сүтіне шомылды.  
Сосын шығып қалың жұрттың алдына:  
Кешір, – деді, – менің мұны-онымды.  
Мен бір бакта жұпар атқан гүл едім,  
Үзілдім де, бірақ қайта түледім.  
Тоқал деген кемсік аттан құтқарып,  
Бәйбіше деп атасандар – тілегім.  
Тәңірберген болып өтсін тәңірім,  
Соған ғана енді қалған өмірім.

Орындаймын, екі етпеймін ешқашан,  
Оның айтқан әмірін...  
Деді халық Шөжеп сөзін құптасып:  
(Қазы асап, дөнен қымыз жұтқасын).  
– Дұрыс, Шөжеп, Тәңірберген үшін сен,  
Қыз Жібексін,  
Гүлбаршынсың,  
Құртқасың.  
Бақыт сыйлар болсын саған алда күн,  
Тек кермексіз өмірің сүр, бал татып.  
«Ханым» деуге лайықсың бүгіннен,  
Әлгі анау... қалды атың...  
Той тарқады, той тарқады, тарқады,  
Сыйға алып бір тай, бір-бір марқаны.  
– Жаппар Құдай тілегімді берді, – деп,  
Шөжеп сұлу кеңге салды арқаны.  
Әркімдерде әртүрлі ғой ой шұбар,  
Жылқышы бар, түйеші бар, қойшы бар.  
«Қайдан келе жатсың?» деген сауалға,  
Былай депті (әлгі бетпақ) тойшылар:  
– Талай қызық, талай шұжық көргенмін,  
Болмау керек еш өкпесі ерге елдің.  
Ерке тоқалы еріккеннен той жасап,  
Батыр Тәңірбергеннің...  
Содан келем, ха-ха-ха!

## ТОБАНИЯЗ

### 1. Тобанияздың ұрпаққа үні

«Балықшының байлығы  
Етек-жеңі кепкенше,  
Егіншінің байлығы  
Ендігі жыл жеткенше»<sup>18</sup>.

<sup>18</sup> Өлеңде Тобекен қолданған мақалдар келтіріліп отыр.



Мал мен жерді тел емуді өзім бастап кеткенмін,  
Аусарыда<sup>19</sup> әлі де ізі жатыр кетпеннің.  
Құмыққан ба шөп басып, жаптарымның арнасы,  
Аты ғана қалыпты – «Тобанияз жармасы».  
«Хас сұлуды қаралысында сынама,  
Хас батырды жаралысында сынама».  
Сынама бізді жас ұрпақ, сынама бізді, сынама,  
Зұлмат дәуірдің шын сырын алмай да қалдық, ұға да.  
Ененді ұрайын тағдырдың  
Жазмышы солай болған соң,  
Үзілді қатпай бұғана.  
Әлихан сынды, Ахмет сынды асыл ойлар да өр тіпті,  
Қарақұрттың шырмауына оралды да мертiкті.  
Мертiкті бәрі, (кетпе оған бірақ мұнайып),  
Оңғалбаев, Мыңбаев, Көбеев және Жұбаев.  
Бәрі де оның алдаспан еді, нарқасқа еді кешегі,  
Тағдырдың ісі – «адам ойлайды, Алла шешеді».  
Борады сосын біз жайлы  
Қатыннан бетер үкіметшілер өсегі.  
«Арқаға ауыр жүк батса, нар да қашар жауырдан,  
Жайылымды жерге бакпаса, Аруана қашар сауыннан».  
Революционер едік өр кеуде жаңа заман орнатпақ,  
Опат болдық бәріміз сол революция – Дауылдан.  
Қойсайшы бакты, шіркін-ай, бүкіл Алшын кеп,  
Бас иді маған «Қарадан шыққан хансың», – деп.  
«Ісің әділ, бағытың түзу, баста алға», –  
Деген соң халқым, мектептер аштым жастарға.  
Округ үлкен қамтыған дұрыс жан-жақты,  
Қорғайтын елді әскер де құрдым салт атты.  
«Хас сұлуды қаралысында сынама,  
Хас батырды жаралысында сынама».  
Зұлмат дәуірдің шын сырын алмай да қалдық ұға да,  
Бірақ та, бірақ батқанмыз жоқ күнәға.  
Ененді ұрайын тағдырдың  
Жазмышы солай болған соң,  
Үзілді қатпай бұғана.

---

<sup>19</sup> Аусары – жер аты.



Сынама бізді, жас ұрпақ,  
Сынама бізді,  
Сынама!!!

## 2. Генерал Толстовтың өкініш өксігі

*«ОГПУ-НКВД органдары атаман Толстовтың 1920 жылы қашқанда Маңғыстауда қалдырып кеткен алтынын іздеуді 1958 жылдардың орта кезіне дейін жалғастырумен келді... Екі арба толы қазына – іздеп тапқан алақанның қышуы қанатындай-ақ несібе зой».*

*(Газеттен)*

Сертім мынау:  
Жігерімді құм еткен жасымаған,  
(Болмас, сірә, өтетін қасым одан).  
Тағдыр жазып, Ресейге барар болсам,  
Алдымен Әлниязовтың басын алам.

Адымымды алшаңдап асқақ бастым,  
Асқақтығын көңілдің тоқтатпаспын.  
Армиямды тоз-тоз қып Әлниязов,  
Сасқаннан алтынымды тастап қаштым.

Дәуірдің құбылмалы сазын аңғар,  
Ей, ұрпағым, өсиет, базынам бар:  
Кетіктегі мүйістен... бәлен аршын...  
Жерге менің көмілген қазынам бар...

Аласұрам, кеземін ой әлемін,  
Баласынан кім нені аяр еді...  
Тағдыр жазып Ресейге барар болсам,  
Әлгі адайдың  
Басын шауып, музейге қояр едім!  
Ех, шіркін, сонда ғана армансыз боп,  
Кегім қайтып қанға бір тояр едім!



(Атаманның бұл өксік арманын кейін оның коммунист қандасы Голощекин орындап берді).

### 3. Жала мен жаза

*«...Әзір бізде Адай округінде онсыз атком ештеңе істей алмайтын адайдың князі Әлниязов барда, әзір иеліктерінде сан мыңдаған малы бар, қалың бұқараны тұншықтырып, округтің іс жүзіндегі қожайыны болып табылатындар өмір сүріп отырғанда, жарлы-жақыбайды көтеру мен оны езгіден азат ету туралы сөз болуы да мүмкін емес...»*

*(Голощекин. VI Бүкілқазақтық партия Конференциясы.  
Қызылорда, 1927ж.)*

Халқыма төрт түлігін баға білген,  
Шімірікпей кінәні таға берген.  
Қаны қатқан қанқұйлы Голощекин,  
Тобекене осылай «баға» берген.

Бұ дүниелік жан үшін,  
О дүниелік иман үшін,  
Қазекемнің сан тұяқ жиғаны шын.  
«Мал алғаның қазақтан жан алғаның», –  
Дейтұғын Тобекеннің қиналысын,  
Кім ұғады, япыр-ау, кім ұғады.  
Лайланды ғұрпымның тұнық әні,  
Бір сөз үшін үш әріп иелері,  
«Сен жаусың» деп атуға құнығады.  
Тәңір куә жарлы үшін ақтығына,  
Сарп етпек күшін оның шаттығына.  
Деп жүргенде «еліме ес жиғызам»,  
Голощекин осылай тақты «кінә».  
«Болашақтан мол бақыт күтіп өтем,  
Мектеп ашам,  
Әскер құрам,  
Егінді бітік етем», –



Деп жүргенде хатшының жала сөзі,  
Тобекеңе кесілген үкім екен...




*«Қазақ ССР-нің ПП ОГПУ-1 жанындағы үлкен «үштік» «Әлниязовтың контрреволюциялық ұйымының» 21 мүшесін ең жоғары жаза – атуға кесті және 15 адамды он жылдық мерзімге... концлагерьге айдады.*

*(Архив материалдарынан)*

Үкім екен... кесілді ату жаза,  
Боздақтарды Маңғыстау көп тұтты аза.  
Ең соңында бұрқ етті көтеріліс боп,  
Дәуір желі үрлеген сөнбей қоза.  
Үстірттің ернеуіндегі құламалы,  
Төзім тозды, ізделді бір амалы.  
Мылтық алды жарлы да, жақыбай да,  
Жала,  
Жала,  
Жалаға шыдамады.

Осылайша, «Әлниязов ісінің» соңы Адай көтерілісіне қалай ұласқанын Кеңес өкіметінің өзі де білмей қалған-ды...

## ҚАШАҒАН мен АРАЛБАЙ

Баласы өліп, бал қызығы оралмай,  
Құяңы ұстап жайлауына бара алмай.  
Айрақтыда аласа үйдің ішінде,  
Жатыр еді қам көңілді Аралбай.  
Зор тұлғасын сом болаттан жасаған,  
Ширатардай қам көңілді босаған.  
Осы сәтте жүдеу ақын үстіне,  
Кіріп келді жігерші ақын Қашаған.  
Үндемеді,   
Көңіл айту   
Елемеуі қ  н шақты?

Қолына алып домбырасын Аралбай,  
Қашағанға мұң шақты:  
«Тұяғы сынған тұлпармын,  
Қанаты сынған сұңқармын!...»  
Ағытты ақын өкпесін,  
Ағытты сырын інкәр бір.  
Арманы оның көп еді,  
Болмады әсте дегені.  
Ағытты шемер-шеменін:  
«Көңілім шатты күнінде,  
Аралбай едім халқыма.  
Әлдилеп сүйген жалғызым,  
Қайырылмай кетті-ау артына...»  
Аяқтап жырын Аралбай,  
Қайтадан келді баяғы,  
Қамкөңілді қалпына.  
Ащыдан тұрған тек қана,  
Екі ақынның да өмірі.  
Жұбату айтты баппенен,  
Домбыра сазды қоңыр үн:  
«Замандасым Аралбай,  
Білмей қалдым балаңды-ай...  
Тұяғы бүтін тұлпар жоқ,  
Қанаты бүтін сұңқар жоқ.  
Болаттан бекем бол, жаным...»<sup>20</sup>  
Нөсерлете төкті кеп,  
Қашаған да арманын.  
Жасағанға не жазған.  
Шындықты айтты бір ғана.  
Қашағанға жыр жазған,  
Қимапты ғой бір бала.  
Тұр, Аралбай, орныңнан,  
Мойныңды бұр, бер кара.  
Шығар перзент алдыңнан,

---

<sup>20</sup> Аралбай, Қашаған өлеңдерінен.

Әкім үшін – билік те,  
Ақын үшін жыр ғана!..

Осыдан кейін Аралбай төсегінен тұрып, ұсталық, етікшілік, құлпытас қашау тәрізді кәсібімен айналысып, жырын жырлап кетіпті.

## АБЫЛ мен БАЛДАЙ ҚЫЗ

Басын иген бай, батыр, ақымағың,  
Маңғыстау ақиығы – ақын Абыл.  
Айтыста жеңіліпті Балдай қыздан, –  
Бұлбұлынан далалық сахнаның.  
Бір емес, жеңіліпті бірнеше рет,  
Жүректерден шалқыған үндесіп от.  
«Қызыл тілдің қылышы дүр ақынның», –  
Танданыпты қалың жұрт:  
– «Бұл несі?», – деп!  
«Жазайыншы дертімнің сыздатқанын,  
Қалмау үшін тамырда мұздап қаным», –  
Деді ме екен,  
Ұзатылып кеткен қызды,  
Жеңіліпті тағы бір іздеп барып.  
Кей сөз – бақыт,  
Кей сөзден басы кетер,  
Ақын өмір – дария тасып өтер.  
Он сегізде бұр жарған Балдай қызға,  
Өйткені: кексе жырау ғашық екен.  
Сол ғой жанын түсініп, ұғатын да,  
Тұңғыықтан сол алып шығатын да.  
Шын ғашықтың алдында жеңілу – шарт,  
Лебізіне елтіген шын ақынға.  
«Отырған қарсы алдымда Балдайымыз,  
Бал татыр жесе шекер таңдайымыз».  
Ақын жүрек қашанда ғашық болғыш,  
Біздің де болар ондай-ондайымыз.

## АРҒЫМАҚТЫҢ ТҰЯҒЫ ҚАЗҒАН ЖЕРЛЕР

Жауына семсер ұстап шапқылаған,  
Бабам-ай,  
Қулық-сұмдық пәк күнәдан.  
Арғымағың тұяғы қазған жерден,  
Қазірде  
Фонтан,  
Фонтан атқылаған.  
Қаракшыдан, жауыңнан ықпағаның,  
Әлі күнге танданып, сұқтанамын.  
Бірақ, баба,  
Далаңның қойынында,  
Білмедің жиһаз барын, тықпа барын.  
Жайлау іздеу, серілік – негізгі әнің,  
Кей тұста арықтады семіз халің.  
Білмей өттің астында табаныңның,  
Атыраудан өзге де «теңіз» барын.  
Намысқа, арға шапқан әр қадамы,  
Қозатын жиын десе арқалары.  
Жанады алау болып бұл күндері,  
Ата мекен – Маңғыстау жарты аралым.  
Назар салар бір нүкте картадағы.

## ШИПАГЕР ДАЛА

Дертім болса алған жанның мазасын,  
Жүректердің шер боп қатқан назасын.  
Туған жерім,  
Бұлағыңа қайнаған,  
Бір сүңгітіп аласың да жазасың,  
– Құдіретін-ай шымырлаған қайнардың,  
– Қасиетіңнен, туған өлкем, айналдым, –  
Деп жатады дауа тапқан ұлдарың.

Мен түсінсем,  
Топырағыңа жыр дарып,  
Тегін емес маңғазданса қырларың.  
Қоңыр далам, сахнамсың күй төгер,  
Қоңыр далам, отқа қақта, үйте бер.  
Өзің маған үйіп-төгіп зейнетті,  
Өзің маған арқалатып бейнетті,  
Өзің және емдейтұғын шипагер.

### ШӨЛ КЕМЕСІ

Түйе,  
Түйе,  
Иір мойын түйелер,  
Сен ғылымсың бір арнаға жүйелер.  
Ботаң өліп боз далада қайғы буған шағыңда,  
Алпыс екі тамырыңды идіріпті күй өнер.  
Жанар оты сағыныш боп маздаумен,  
Орта жолда құздан құлай жаздаумен.  
Мейлі Қырым, мейлі Қытай асырсын,  
Туған жерге оралыпсың боздаумен.  
Саған артып өмір жайлы толғаған,  
Үміт әнін, аттаныпты алға адам.  
Әуе жолы, темір жолдар жоқ кезде,  
Түйе жолдар ел мен елді жалғаған.  
Жүк қалмаған көшкен, қонған беткейде,  
(Керуендер сап түзеген өтпей ме?)  
Мадақтаған саған сенген адамдар,  
Түйе демей, «шөл кемесі» деп кейде.  
Санаспадың жақын жерің, қашығың,  
Деген жоқсың: «қажыдым да жасыдым».  
Расында:  
Атыраудың тұңғыш мұнарасын да,  
Арбаға сап тасыдың.  
Енді менің дәлелім мол сүйенер,  
Сен ғылымсың бір арнаға жүйелер.

Бүгін, міне, составтарға маңғаздана қарайсың.  
(Дәуір жүгін бердің соған, жарайсың),  
Түйе,  
Түйе,  
Иір мойын түйелер.

## ҚОЙ мен ҚОЙШЫ

Шіліңгір шілде ішінде,  
Күн тиіп азап тартасың.  
Ішкізер ем-дом үшін де,  
Қара койдың сорпасын.  
Қара құрт шақса уытын,  
Тағы да сорпа қайтарар.  
Шомылып соған, жігітім,  
Шыдамсыз жаның жай табар.  
Тұра алмай қалсаң шойырылып,  
Жел тиіп желкем беліңе.  
Сол койшы койын сойдырып,  
Орайды жылы теріге.  
Жайлауда ауырып қалдың ба,  
Ойламас әсте арам ой.  
Жайылып жүрген алдыңда,  
Қойшының емі – қара кой.  
Сәулесі күннің мол мұнда,  
Қара кой ғажап дара ғой!

## АТБЕГІ

Кез болатын қол босаған орақтан,  
Кез болатын көңілге нұр таратқан.  
Елдің Ұлы мерекесі. Бәйгеде,  
Атқа шаптым, Құдабай қарт жаратқан.  
Болатұғын ол қарт нағыз атбегі,  
Мақсатында өз дініне қатты еді.



Сондықтан да жаратқаны жүлде алар,  
Жолы болғыш, сәтті еді.  
– Сынға түстің, маған серік, қосшы дер,  
Аттың басын тежеп ұста,  
Тек көмбеде бос жібер.  
Бурыл айғыр – Тайбурылдай бабында,  
Бойында жоқ ащы тер.  
Емес менің тасқаным не асқаным,  
Менсінбейтін кезінде айғыр басқаны.  
Екі тезек болатұғын ішінде,  
Мана оны да тастады.  
Жассың әлі,  
Желкенінді желкідетпес қай ауыл,  
Бүге тұрам айтпай сөзім байлауын.  
Бір қиқуды сезіп тұрған тұлпарыңа қарашы,  
Жануар-ай, жанарының жайнауын...  
Бұл бурылдың жанында өтті көп кешім,  
Сезем және еңбегім еш кетпесін.  
Еш уақытта тұлпарларға қамшы ұрма,  
Етігіңмен қыса көрме өкпесін.  
Ортасына түстің дода-дүлейдің,  
Жоламасын маңайыңа үрей-мұң.  
Тұлпар мінген тұрымтайдай тұлымдым,  
Ал шап, енді,  
Сүрінбеуінді тілеймін. –  
Деген едің сапар тілеп,  
Қайран менің Атбегім,  
Жайшылықта мейірімді едің, ал мақсатта қатты едің.  
Келер жылы, аяулы ата, өзінді,  
Сұр жебемен аяуы жоқ атты өлім.  
Дәуірлеген мезгіл екен аз уақ,  
(Бұндай кезде өнерпаздың жатар әрбір назы ұнап).  
Сол бәйгеде бурыл айғыр көмбеге,  
Өзгелерден дара келді азынап.  
Ауылдастың кетті көңілі аспандап,  
(Адам қандай бақытты еді сезім-толқын тасқанда).



Ал, Құдекең «Тфа-тфа, тіл тимесін», – дей берді,  
Жалын тарап бурылды.  
Жанарынан жас парлап.  
Содан кейін айта алмадық асқак эн,  
Содан кейін мақтануға жасқанам.  
Тайбурылға басқа бала отырды,  
Жаратты да басқа адам.  
Содан кейін бурыл бағы жанбады,  
Шабысына ешкім көңілі қанбады.  
Атбегі қарт дүниеден өтті де,  
Батты әркімге тұлпардын,  
Тұғыр болып қалғаны.  
Содан бері көп күн шықты көгімде,  
(Бір жебеуші керек екен тегінде).  
Жыр бәйгеде құр қап жүрмін жүлдеден,  
Бір атбегім табылмай-ақ менің де.

## ҰРЫ ТІС

– Ұнағатын бұрын ойын, шабысты,  
Оттамайды, қазір іші қабысты,  
Құнан шығар кезінде бұл құлаға,  
Бір жамандат<sup>21</sup> жабысты,  
Бітіміне іштей көңілім толатын,  
Құйрық-жалы төгілген, бейне мақпал қара түн.  
Бүкіл табын жылқыны алдырмайтын қасқырға,  
Қалыбайкөк айғырдың бел баласы болатын.  
Бар айтарым, Құдеке,  
Бар айтарым осы енді,  
Енбегіңді жемеспін, кетіремеспін есенді.  
Қан қатқандай ішіне оңалтпайтын жас малды,  
Тауып берсең дауасын осы антұрған кеселдің.  
Жылқы десе биік ұстар еңсені,  
Атбегі қарт, оған қоса емші еді.

---

<sup>21</sup> Жамандат – мал ауруының аты.



– Олай болса, Жұмақшамжан, көрелік,  
Деп, ағама құнан жақты мензеді.  
– Атасын да емдегенмін аттатпайтын қасқырды, –  
Сөйлей жүріп, жылқышыға құнан аузын аштырды.  
Көп күн болған қалғанына от-судан,  
Ал құнанның жанарында жас тұрды.  
– Анау тісті көрдің бе,  
Өсіп тандай жарған-ды,  
Ұры тіс ол, оттатпайтын сол малды.  
Оның емі – дереу қағып тастаған,  
Әкел шапқы, балғаңды...  
...Содан кейін құла құнан,  
Терін төкті кездерінде терлейтін,  
Өрге ұмтылды кездерінде өрлейтін.  
Айғырлардың бірі болды атақты,  
Өз үйірін бөрілерге бермейтін.  
Зерделер бар тек жақсылық жиятын,  
Кеуделер бар үлкен жүрек сиятын.  
Содан кейін болып алды Ағам да,  
Ұры тісті қағатын,  
Киенкіні қиятын.

## ҚАРА ЖОРҒА

Шілденің тамған кезі болатын-ды,  
(Ажалға қандай тылсым ара тұрды).  
Кенет, кенет дүрлігіп жылқылы ауыл,  
Кекілі күлтеленген,  
Асау құлын желіге оратылды.  
Болар, бәлкім, тәңірі құптамаған,  
Түсінеді мән-жайды ұққан адам.  
Жеткенше құлын кетті шейіт болып,  
Ақ боз үйден жүгіріп шыққан Ағам...  
Деуші едік: айуан не түсінеді,  
Тағдырдың кез келтірмес ісі нені.

О дүниелік құлынын ұғып ене,  
Жанұшыра шұрқырап кісінеді.  
Есті-ақ екен, демесең нәті мал-ды,  
Адаспайтын түндерде не тұманды.  
Құлынының тұяғы тиген жерге,  
Жалын жайып жануар жатып алды.  
Қайғылы осы көрініс нықтайды ойды,  
Айғырдың да кәрінен ықпай қойды.  
Үш күн бойы су ішпей, оттамастан,  
Кісінеумен желіден шықпай қойды.  
«Тағдырыңа қалайша толғанбайын,  
Толғанбайын, қолда өскен сормандайым.  
Сормандайым сен емес бұл жалғанда,  
Талай ана осылай болған дәйім.  
Тұлпарлар да, тұғыр да туды мұнда,  
Қикулатар дүбірді, дуды мұнда.  
Жемтік болды бөріге абайсызда,  
Тұңғышың –  
Құлындаған қулығыңда.  
Кімдерді елітпеген жарау көрік,  
Мақпал қара құлынға тақау келіп.  
Сұқтанатын бір көздер,  
Екіншің де –  
Өлді солай ауырып «сақау»<sup>22</sup> болып.  
Құлын мүше жетілген шақта, сірә,  
Арқасына талай ер батпасына,  
Сенбеп едім.  
Үшіншің уыз кезде,  
Оратылды, міне, енді ноктасына.  
Қиын мұндай мұңлықты ұғып тұру,  
Ұғып тұру, үн-түнсіз бұғып тұру.  
Төрт аяғы тең жорға қарағым-ай,  
Керек саған қайғыны ұмыттыру», –  
Деді де ағам, ер-тұрман түгендеді,  
Түгендеді,  
Қара жорға биені жүгендеді.

---

<sup>22</sup> Сақау – мал ауруының бірі.

Әбзелдерге жинаған бар асылды,  
Өмілдірік құйысқан жарасымды.  
Күні бойы қыдыртып жүрді-жүрді,  
Түнге қарай қаңтарып, таң асырды...  
Су төгілмес тайпалған сауырынан,  
Қара жорға жарады бауырынан.  
Жал-құйрығы төгіліп мүсінделді,  
Арылғандай қайғының ауырынан.  
Ең сұлу түс дүниеде қара ма екен,  
Көздері де жарқырап жанады екен.  
Билегендей секілді кербез жүріс,  
Кербез жүріс мұндайда болады екен.  
Ұмытқандай кешегі бар азапты,  
Алған жөн деп өмірден алашақты.  
Бір айдан соң бағыты тойлы ауыл боп,  
Ағамның тақымында,  
Жайқалып бара жатты...  
...Осы сырдан ерекше дәріс ұғам,  
(Кім бөлісер қайғыны, қол ұсынар?!)...  
Содан бері бас бәйге алады ылғи,  
Қара бие жорғалар жарысынан.

## МАХАББАТ МАҚАМДАРЫ

### 1. Кілт

О, Махаббат!  
Кім жазбайды сен жайлы,  
Сен жайлы сыр әрбір жүрек толғайды.  
Біреуінде – бақыт балы – тәттілік,  
Біреуінде – зар қайғы.  
Бұл махаббат – түпсіз терең мол арна,  
Терең тамыр ойлаңызшы солар ма?  
Махаббаттың туындысы, жемісі,  
Семирамида бағы мен  
Пирамидалар да.

Негіз осы байырқаса, барласа,  
Сақ болған жөн дақ түсірмей арға аса.  
Не болар ек, не болар ек, адамзат,  
Ең асыл зат – бұл махаббат болмаса...

## 2. Табыттан табылған өлең

Адам дос боп, адам және жауықты,  
Дәуір өткен талай-талай қауіпті...  
Археологтар Египеттен ежелгі,  
Нефертити табытын да тауыпты.  
Көрді ме, әлде көрмеді ме жан азап,  
Білмейміз біз (дәстүрі де және жат).  
Сұлу әйел мүрдесінің үстінде,  
Өлең жатты тасқа жазған  
О, ғажап:  
«Тыныс алам сенің тәтті деміңнен,  
Қуанамын күн шыққандай сен көрінсең көгімнен.  
Тілегім сол – есту сенің үніңді,  
Солтүстіктен ескен жібек желіндей.  
Сенсіз маған тамақ батпас, қарным аш,  
Рухыңмен тыныстармын кең құлаш.  
Талай заман өтсе-дағы бәрібір,  
Саған деген махаббатым мәңгі жас».  
Асыл жырды зердесізге сөккізбей,  
Асыл тасты күл-қоқысқа төккізбей.  
Нефертити атты арудың есімін,  
Махаббат қой бізге осылай жеткізген.  
Бір сауалды алдарыңа тоса алам:  
– Нефертити атты аруды жасаған.  
Фараон ба аты әйгілі Эхнатон,  
Мүсінші ме әлде тасқа қашаған?  
Жауап іздеп соған өзге күйге енем,  
Пар ат жеккен жүрген сәнді күймемен.  
Сол мүсінші сол сұлуды, меніңше,  
Фараоннан кем сүймеген.

Дәл шертпесең қыл пернені басты сын,  
Таба білсең бұл қазына айқышын.  
Кім екенін ғашық жырдың авторы –  
Айтар еді-ау, Нефертити тас мүсін...

### 3. Сәулет сыры

Баспаған жер болмасын, – деп – табаным,  
Қай жерде өлді қаһарлы күш – Қағаның.  
Белгісіз ол,  
Ал Сұлулық тұр асқақ –  
Мавзолейі Яссауи Бабаның.  
Бір сөз айтам сол Мавзолей хақында,  
(Түркістанда болғаным бар жақында).  
Ғасырлардан озу сыры ғасырға,  
Орнатылған ескерткіш бұл –  
Ақынға.  
Боз жусанды далам менің көделі,  
Жатты бәрін қасіреттің көтеріп.  
Бұл даланы ұстау үшін кісендеп,  
Керек болған Ақындардың беделі.  
Қойша иіріп бейбіт жұртты сан қырған,  
Ету үшін өзіне бас, мал құрбан.  
Атышулы Ақсақ Темір қатыгез,  
Шебер жиып, Даңқ үшін салдырған.  
Бір арнадан бастау алар мың арна,  
(Даңққұмар Әмір оны ұғар ма?)  
Ал сәулетші бір сұлуға ғашық боп,  
Соған арнап соқты сәулет-шығарма.  
Әсемсің ғой құпияңмен, өмір сен,  
Төгілесің құмарлық боп төгілсең.  
Жауыздықтан туған нәрсе – тым келте,  
Махаббаттан туған нәрсе – өміршең.  
Қайғы дайын бергендерге қастаса,  
Бақыт дайын білгендерге достаса.  
Талай хандар жерленсе де осында,  
Түсінеді ел сәулет сырын басқаша.

...Солай, досым, Сұлулықты Зұлымдық,  
Жеңбек емес ешқашан,  
Ешқашан!

#### 4. Көкетай мен Асалы

Күлкісі әсем сазы дерсің сырнайдың,  
Ару жүзі сәулесіндей нұрлы айдың.  
Сүмбіл шашы толарсағын қағатын,  
Бұл өлкеде қызы бопты бір байдың.  
– Көкетайым,  
Еркем,  
Арым,  
Көкешім!  
Жұрт алдында мерейлі еткен әкесін, –  
Дейтін Әке, – салтанатын асырып,  
Ұзатамын сұлтанға қидырып ақ некесін.  
– Жарқыраған күндізім,  
Маңдайдағы жұлдызым,  
Бағым,  
Гүлім,  
Құндызым!  
Теңгермеймін ізіне өзгелердің мың қызын. –  
Дейтін шеше өзге теңеу таба алмай,  
Сүйіп, құшып Көкетайдың нұр жүзін.

Көкетай қыз сәні екен сол елдің,  
Көкетай қыз әні екен сол елдің.  
Бәріне де салмапты қыз көз қырын,  
«Жар етемін», – дегеннің,  
Сол кезде айтса нанбас еді бір кісі,  
(Солай болса қайтпек жүрек бұлқысы).  
Жорға мінген жас сұлтанға емес ол,  
Ғашық болды Асалыға жылқышы.  
...Шак жетіпті түнеретін басқа бұлт,  
Жүрген жігіт ер-тұрманын жастанып.

Көкетайын қос атпенен бір түні,  
Елсіз шынға қашты алып.  
Екі ғашық түнді етті баспана...  
Бай келіні түндік ашты жасқана.  
Сосын ауыл дүр сілкінді кенеттен,  
Жалшыға жар бай қызы,  
Болу неткен масқара?  
Желбіреткен жақсы жырдың желегін,  
Ғашықтықтың қосылу ғой тек емі.  
Дала төсін дүбірлетіп тұяқтар,  
Өмір қашып, өлім қуып келеді.  
Екі ғашық махаббатын желкен ғып,  
Зымырайды бақытына ертеңдік.  
Шырқырайды Жауыздықтан қорғалап,  
Сұлулық пен Көркемдік.  
Екі ғашық құтылам деп қашады,  
Жақын қалды жауыздықтың жасағы.  
«Көкетайым, сен құтылшы», – деді де,  
Аттың басын кейін бұрды Асалы.  
– Біздер үшін біткен бе өмір көктемі,  
Қылышкер ең...  
Бірақ олар көп тегі.  
Осы айқаста, Арысым-ау, мерт болсаң,  
Маған да өмір жоқ тегі. –  
Деді сұлу жанарынан жас тамып,  
Ал жылқышы жалтармады жасқанып.  
Қарсы шапты қуғыншылар тобына,  
Көру үшін өмір алдан тосқанын.  
Күй тартқанда тұлпар тұяқ дүсірлі,  
Ат бауырына үш жігітті түсірді...  
Топ басшысы сұлтан қанға қарайып,  
Терісіне сыймай қатты ісінді.  
Біреуге ерлік,  
Біреуге ұрлық жасатар,  
Бұл өмірдің асатар,  
Сыбағасы таусылғаны сол болды,  
Асалы үшін от шашты да бесатар.

Қызыл көрген құзғындардай үймелеп,  
Ат-матымен кетті қызды сүйрелеп.  
Көкетайдың жүрегінен бір шыққан,  
Асалының жүрегінен тиген ок.  
Жанар ма енді қайта мынау өшкен от,  
Тіккен талай шәйі орамал кестелеп.  
Асалысы қалды артында,  
Ал бұған,  
Қайда апарып, не істемек.  
Бақытсыз ба шын ғашықтар ежелден,  
Қосыла алмай Баянына Қозы өлген.  
Не істеп еді сол сәтінде қыз Баян?  
Ал Көкетай шырқау керек қандай ән?  
«Қаптаған жау шат-шадыман жан-жағым,  
Мен де жетем саған қазір, жан-жарым», —  
Деп Көкетай камзолының астынан,  
Суырып ап,  
Салды өзіне қанжарын...  
Сүйгені үшін бірін-бірі үздігіп,  
Заңның қатал от алауы шыжғырып.  
Қала берді қос төмпек боп далада,  
Он сегізге жетер-жетпес қыз-жігіт.  
...Бұл өмірдің көп қой тартыс, шатағы,  
Біреу өлсе, біреу туып жатады.  
Көкетайдың сіңлісіне үйленіп,  
Жас сұлтанның шықты абырой-атағы.  
Зорлықшыға жақпайды екен қаралық,  
Зауал болып төнеді екен қара бұлт.  
Қайтып келе жатқанда бір жорықтан,  
Сол сұлтанды шағып апты қаракұрт.  
Сыйпай алмай Көкетайдың бұрымын,  
Ызасына салған елге бүлігін.  
Қаракұрт боп келіпті де бармақтай,  
Оған да ажал салған солай құрығын.  
Бұл өмірдің көп тағы да мазағы,  
Асқандарға тарттыратын жазаны.



Қос ғашықтың қабірінің тұсы екен,  
Сұлтанның да өлген жері –  
Ғажабы.  
Мықтылық-ай,  
Ал інісі сұлтанның,  
Атышулы қас шеберді алдырды.  
Тас қашатып талай белді талдырды.  
Сөйтіп оған бұл өмірде теңдессіз,  
Бір мавзолей салдырды.  
Жүргенменен қожайыны кісімсіп,  
Деген оймен: «зерделілер түсінсін».  
Қос ғашықтың махаббатын ал оған,  
Өрнектеді, барын салып мүсінші.  
Қос ғашықтың махаббатын қашады,  
Атып кеткен жауыздықтың жасағы...  
Халық естен сұлтан атын шығарып,  
Атап кетті мазарды –  
Көкетай мен Асалы.  
Жыр ғып өткен жоқпын тегін оны мен,  
(Ай далада асқак күмбез көріп ем).  
Соғып берді махаббатқа ескерткіш,  
Уақыт өзі Жауыздықтың қолымен.

\* \* \*

Кеудеде нөпір толқын тасып ізгі,  
Тағы бір жыл есейтіп жасымызды.  
Он жетінің өріне шыққан кезде,  
Қайырдық шалқасынан шашымызды.  
Бұрынғыдан толысып, толғанбыз ба,  
Жігіттік жайлауына қонғанбыз ба.  
Сол жылы...  
Ғашық болдың, асыл досым,  
Жаныммен мен ғашық болған қызға.  
Рас, біздер майдан сап ұрыспадық.  
Батырлардай серттесіп тұрыспадық.  
Қос жүрек те ынтығып сол сұлуға,  
Сол сұлуға төрт жанар нұр ұшты алып.

Бір төсектен және біз өретін ек,  
Талай сырды екіге бөлетін ек.  
Әттен. әттең, екіге бөлінбейтін,  
Сол аруды шын жақсы көретін ек.  
Түн болып... не таң болып ата алмадым,  
Достық-ай, жібінді үзіп өте алмадым.  
Балаң сырды Арманға ақтаруға,  
Мен сенен бата алмадым,  
Сен менен бата алмадың.  
...Тағы да қуа алмадық түріп кекті,  
Бір ыза ішімізді бүріп кетті.  
Бірімізге-біріміз қимай жүрген,  
Сол сұлу өзге жанмен жүріп кетті.

### СЫРЫҢДЫ АШ ҰЛЫҢА

Мен де саған бөтен емес, бел бала,  
Бұл жерде өмір сүре алады Ер ғана.  
Сырыңды ашшы, сен ұлыңнан бүкпеші,  
Шерқала!  
Бір кезде Шер,  
Қазір енді Көр қала.  
Алтын-күміс,  
Жібек нарға арта ма,  
Бал жасайтын шырын қосып тортаға.  
Қасындағы Қызылқала қыз мінез,  
Самал желпіп арқаңа.  
Тұратұғын қан базарың тарқамай,  
Шерқаланы мен іздеймін картадан.  
Бірақ, бірақ таба алмаймын, таппаймын,  
Жүрегімде шешілмес шер, жатты-ай мұң.  
Сол тарихты іш-бауырым елжіреп  
Жоқтаймын.  
Қыш құмыра сынықтары көзіме  
Басылады оттай бір.

Кұлақ тосам  
Дауыстарға, үндерге  
Мекен болдың екен, сірә, кімдерге?  
Сәйгүлігін аш күзендей бүгілтіп  
Кімдер екен жортқан талдай түндерде?  
Білмей қалай тоқмейілсіп жата алам  
Тарихымды іргемде?  
О, Шерқала, Шерқала!  
Мен де саған бөтен емес, бел бала.  
Бұл жерде өмір сүре алады Ер ғана.  
Сырыңды ашшы, сен ұлыңнан бүкпеші  
Бір кезде Шер,  
Қазір бірақ Көр қала!

### АҚСҰҚСЫРДЫҢ ЕЛІНДЕ

Өтті бастан талай-талай дауылдар,  
Өтті бастан талай-талай жауындар.  
Даласында, даласында қалмақтың,  
Аман-есен жүрсіндер ме, бауырлар.  
От демінен мұз таулары еріген,  
Достарына орын берген төрінен.  
Сәлем сізге, сәлем сізге, ағайын,  
Күн сәулетті Қазақстан Елінен.  
Қарсы шаптық тұрса-дағы күз алдан,  
Қатар жайлап өрісіміз ұзарған.  
Шайқасып ап, шайнасып ап соңынан,  
Бір-бірінен татулыққа қыз алған.  
Шалқып жатқан кең даламыз, иенбіз,  
Бірімізге нағашымыз, жиенбіз.  
Ақсұқсырлар ана болған қазаққа,  
Деп келдім мен қалмақтан бір сүйем қыз.  
Біздер жайлы шертілген-ді сан дастан,  
Кім қалайды өшіргенді жанбастан.  
Жаңа заман туыстығы нығайып,  
Ескі заман ұмытылсын шаң басқан.

Кең даламыз бәріміз де, иенбіз,  
Мен де сенен Ақсұқсырдай сүйем қыз.  
Құшағыңды аш қазағыңа, қалмағым,  
Туысқанбыз, нағашымыз, жиенбіз.

## ТОМИРИС ЕМЕС ТАҢЫРЫС

Геродот дейді:

– Томирис!

Мен болсам деймін:

– Таңырыс!

Таңырыс салған сан ұрыс.

Ен дала кезген еркіндік үшін бәрі де,

Бәрі де соның көрмеуі үшін жәбір іс.

Келбеті айдай

Пәтшайы өң,

Байы өлген жесір патша әйел.

Жар төсек аңсап берілмей ғашық патшаға,

Не керек артық жарасын жазар тапса ем.

Темір қыз – деп те,

Тұмар қыз – деп те айтып жүр.

Қиялдың құсы сан тұсқа барып қайтып жүр.

Кир патша басын қан толы салған торсыққа,

Әйтеуір сол жыл бағы асқан Дайдың жойқын жыл.

«Таң болып атсын

Әкелсін елге мол Ырыс,

Жорықта жүрсек жабылмас жарқын жолымыз», –

Депті әке Ұстаз Хафиз, (грекше Спаргапис)

Осыдан шыққан, Тәңірге тілек есім бұл.

Бар сыры осы, (мінеки, түйін шешілдің).

Өзгеше болып дыбыс пен ырғақ, тіл, екпін,

Өзінше жазған саяхатшылары гректің.

Ұғуға мұны қажет те емес көп нәрсе,

Қазақы сезім, лүпілі керек жүректің.

Құс жолы болып жосылған көкте Тәңір із,  
Жұлдыздар – адам кезінде салған сан ұрыс.  
Ырым ғып қойған бабамыз ұл-қыз аттарын,  
Әкелсін бізге күн сайын атар таң Ырыс!!!

## АҒАМЕН СҰХБАТТАРДАН (Әбіш Кекілбаевқа)

### I. Диалог

Деді Ағам:

– Анау Темірқазық,  
Анау Жетіқаракшы,  
Анау Ақбозат, Көкбозат!  
Білсең, інім, аспанда да, жерде де,  
Байланысқан біз білмейтін көп ғажап.

Дедім мен де:

– Анау Үркер...  
Кімді іздейді сабылып,  
Ынтығады аласұрып, сағынып.  
Жетіқаракшы алып қашқан қызының,  
Тілейді ме гүлдегенін бағының.  
Тыншымайды көк аспанды кезеді,  
Қыз-гүлінің оралмасын сезеді.  
Сезген сайын, сезген сайын қуады,  
Өртеніп ой өзегі.  
Бұ не ғажап аспанда да жүргінші ел,  
Бұ не ғажап аспанда да сүргін сел.  
Қаракшыдан қалар едім қызды алып,  
Көкбоз атты жетектеп,  
Ақбоз атқа бір мінсем!..

Деді Ағам:

– Әртүрлі өмір әр пендеге дарыған,  
Бір жүректе мейірім мол,  
Бірі аяз боп қарыған.

Аспан кейін (қақты арқамнан) әуелі  
Арылалық жердің қарақшыларынан...

## II. Сыр

– Өлкеміз күй мен жыр кені,  
Сыйқырлап кеткен сыр кені.  
Жазсақ деп соны талпынған  
Мені де қаққан бір Пері,  
Сені де қаққан бір Пері.  
Иектейді олар жалқыны,  
Сыр ашар солар арқылы.  
Ұстатқан қалам маған да,  
Ұстатқан қалам саған да,  
Сол Перінің салқыны.  
Құйылсын құттың нұры – сел,  
Дүниеге керек дұрыс Ем.  
Өз орнын таппай жүргеннің  
Бірі мен, інім,  
Бірі – сен.  
Ұялаған шақта басқа –  
Арман,  
Жырақтап топтан, достардан.  
Менде де, інім, бір кезде,  
Дәл сендей  
Қап-қара бұйра шаш болған,  
Қап-қара бұйра шаш болған...  
– Деп Ағам бір сәт қалды үнсіз,  
Желімен толқып салқын күз.  
Тулады шашы көк бурыл,  
Бұздадық оның қалпын біз.  
Бұзуға сірә, батпадық.  
Жанары тұрды шоқтанып.  
Жанында аға тоғыз балл,  
Бір дауыл тулап жатты анық.

Ұғылмас Дана тылсымы  
Жалғанса дедім сыр сымы.  
Айтты оған бір гәп мен білсем,  
Күйкеннің сонау тұмсығы...

## ЕР ДОСАН

Бейнесі Ер Досанның қол бастаған,  
Тәрізді қиып түсер алмас маған.  
Елі үшін жан мен тәнін беретұғын,  
Өтпеген жігіттерде нарқасқа одан.  
Тағдырдың сыйы бөлек алыптарға,  
Керек-ақ батыр перзент халықтарға.  
Өзіңсің, О, Ер Досан, жер жүзіне,  
Адайдың кім екенін танытқанда.  
Даланың ұлылығын таныттың сен,  
Бағасын еркіндіктің сан ұқтың сен.  
Құлдық кісен бұғауын тас-талқан ғып,  
Ұл болғың келді сенің анық білсем.  
Көзімнің қарасы мен ағы сын-ды,  
Иса-Досан құптаймын шабысыңды.  
«Басымды кес, – дедің сен, – мейлі, жендет,  
Таптатпаймын бірақ ар-намысымды».  
Дедің тағы:  
– Мастанбасын Ақпатша құр тағына,  
Мақтанбасын қыз-дамбал жыртарына.  
Елі үшін, ары үшін жан беретін,  
Сенемін мен келешек ұрпағыма.  
Неге елімнің аспанда бұлты қалың?  
Менің де бар сүйіктім, ынтығарым.  
Сенемін мен қазақтың қатындары,  
Менен де асқан намысшыл ұл туарын.  
Сенемін мен сол ұлдар өсеріне,  
Сенемін мен дәрі боп кеселіне.  
Біздің арман айналып ақиқатқа,  
Бар нәрсені ақылмен шешеріне.

Туған жерде табылар бейіт маған,  
Ақылсыз деп кінәлар кей ұқпаған.  
Мен емеспін жан үшін жалбарынар,  
Құрбан болам, ел үшін шейіт болам.  
Жасықтарды ешкім де асыл демес,  
Ал асылды ешкім де масыл демес.  
Жеңілгенмен мен саған бағынбаймын,  
Неғып тұрсың, әй, жендет, басымды кес!..  
Өзің де алмас,  
Сөзің де алмас, еңіреген батыр баба,  
Өмір көркі мәрттікте, ақылда ма?  
Өлдің солай ерлікті туғып ұстап,  
Қас жауыңды өртеумен ызасына,  
Ал мұң тастап ақынға, жақынға да.  
О, Ер Досан! Арымның биігі едің,  
Түсіме кіріп жүрсің жиі менің.  
Ұрпағыңның бірінің –  
Өзіндей мәрттігіне сүйінемін,  
Ал бірінің –  
Күні үшін екіжүзділігіне күйінемін.

**ӘБІЛХАЙЫР ханның құнын алуға  
аттанардағы АЙБАС батырдың бата сұрауы**

Шопан-Ата,  
Масат-Ата,  
Қараман-Ата,  
Шақпақ-Ата,  
Қарашүңгіл әулие,  
Ұшқан-Ата!  
Қосай-Ата,  
Жомарт-Ата,  
Аталар, Ата, Ата!  
Сартап болды жамбасым жата-жата,  
Түс айырдан туылған мен бір бота.



Аттанайын алысқа – арманыма,  
Сол ботаңа ақниет берші бата.  
Мен бота едім елтіген дала-күйге,  
Елеусіздеу ұстаған қараша үйге,  
Жамау жыртық кигізіп.  
Көз тиіп кетпесін деп, сөз тиіп кетпесін деп,  
Әжем ғана еміреніп дара сүйген.  
Бойымда сай асынған бес қаруым,  
Атастырған бесікте өсті аруым.  
Бесті тұлпар кермеде арқырайды,  
Бөрліктірмек қалыңдық кешкі ауылын.  
Келген жоқ әлі тағдыр қырын маған,  
Сұлулар жоқ мен жаққа бұрылмаған.  
Бір ерлікпен танытып өзімді-өзім,  
Содан кейін қайынға ұрын барам...  
Жезде боп келетұғын тегі маған,  
Қазақта шыққан асқар көгі ұнаған,  
Барақтан Әбілқайыр хан иемнің,  
Қас батырдай қасқайып кегін алам.  
Кегін алам,  
Айттым мен кегін алам,  
Жазықты болды жездем не күнәдан?  
Ханына қол жұмасаған ел оңбайды,  
Сол иттің қабырғасын сөгіп алам.  
Абыройын-сақалын кесіп алам.  
Кесіп алам, қыл шылбыр есіп алам.  
Бұлқып-бұлқып бойымда тулайды қан,  
Жұлқып-жұлқып...  
Күш-жігер жасымаған.  
Бас хан өлді. Барақтан жазымы анық,  
Құныкерлік,  
Қайын жұрт,  
Базыналық.  
Құқайымды көрсетем көздеріне,  
Бопайыма кигізем тәжін алып.  
Келген жоқ-ты әлі өмір қырын маған,  
Сұлулар жоқ көз тікпей бұрылмаған.

Барақты масқаралап келген күні,  
Досымды ертіп, қайныма ұрын барам.  
Сартап болды жамбасым жата-жата,  
Түс айырдан туылған мен – нар бота.  
Ал, аттандым алысқа – құн алуға,  
Сол үшін де шын ниет берші бата –  
Шопан-Ата,  
Масат-Ата,  
Қараман-Ата,  
Шақпақ-Ата,  
Қарашүңгіл әулие,  
Ұшқан-Ата,  
Қосай-Ата,  
Жомарт-Ата,  
Аталар, Ата, ата!!!

Аталарға жалбарынып Шотан батыр, Қонай батыр, Айбас батыр Орта жүзге аттанады. Жас тоқалының ыстық төсегіндегі Барақ сұлтанды Айбасқа ағалары «Қараға хан тұқымының қанын жүктеу жазбаған» деп өлтіртпейді. Бірақ «өлімнен де күшті масқаралау осы», – деп жас Айбас батырға сұлтанның сақалын күзетеді. Барақтың Орта жүзге хан сайлануға дәмеленіп жүрген кезі екен. Батырлар Әбілқайырды өлтірген кезде басынан Барақ алып кеткен тәжді Бопай ханымның үйіне қайтарып әкеледі. Сол тәж қазақтың ең соңғы ханы – Жәңгірге дейін жетті...

## ҚАРАТӨБЕ

*(Қаратөбе – Маңғыстау халқының тарихынан ерекше орын алатын жер. 1998 жылы осы жерде Шотан батыр, Абыл ақын, Досан батыр аруақтарына арналып ас берілді)*

Қаратөбе,  
Қаратөбе,  
Қаратөбе!  
Маңғыстауда ерекше дара төбе.

Біздер үшін қасиетті киелісің,  
Дем беретін әр кезде сүйенішім.  
Сенде ақыным, батырым Абыл, Досан,  
Сан ой келер басыма дамылдасам.  
Сенде алғашқы адайлық болған сияз<sup>23</sup>  
Сол сиязда Хан болған Тобанияз.  
Сырға толы әр тасы бұл араның,  
«Қаратөбе» жазылар романым.

## 2

Маңғыстауды Адайға киелі мекен жер еткен,  
Көшіріп Мұңалжарынан, Жем, Сағыз, Қобда, Електен:  
Атағозы батырдың найзасының ісі дер,  
Лабак-дүлей батырдың түнеріңкі сұсы дер.  
Қожамбеттей палуан білегінің күші дер,  
Шотан мінген шұбар ат тұяғының ұшы дер.  
Осыдан-ақ бұл халық көп нәрсені түсінер.  
Бұл мекенде алда да өтер небір кісілер,  
Бұл мекенде алда да небір шарбат ішілер.  
Шотан мінген шұбардай құйрық жалы төгілген,  
Бұл мекенде алда да талай тұлпар кісінер.  
Ұрпақ үшін алысып, сый қалдырған маған мол,  
Баба рухы тұрғанда адаспайтын табам жол.  
Халық болып ұйыған Тобекенді Хан сайлап,  
Қасиетті, киелі Қаратөбем аман бол,  
Қаратөбем аман бол!!!

### ЖҮРЕТІН-ДІ ҮШ АҚЫН

*(Әбдібек Жаманбаев, Уәйс Қайралапов,  
Қаржаубай Жылқыбаевтың рухтарына)*

Армандары ақ бұлттарды құшатын,  
Мейірімдері ақ кептер боп ұшатын.  
Бір кездері көшесінде Бейнеудің,  
Жүретін-ді қол ұстасып үш ақын.

<sup>23</sup> Сияз (съезд) – 1917 жылы Ә.Жангелдин өткізген Маңғыстау халқының жиыны.

Үшеуі де білімі мол, мықты адам,  
Әрбір сөзін тыңдаушысы құптаған.  
Үшеуі де жыр кені еді, бірақ та,  
Еш баспадан кітаптары шықпаған.  
Шәкірттерге ақ таң еді ататын,  
(Мезгіл кепті күндері де бататын).  
Семсер тілмен, семсер тілмен, шіркін-ай,  
Бірін-бірі сойып салып жататын.  
Тез танитын жастар болса талапты,  
Бойларында жомарттық та молақ-ты.  
Үшеуі де Омар һайам тәрізді,  
Жырлағанды ұнататын шарапты.  
Үшеуі де айтатынын айта алды,  
Жыр бәйгеде оздыра алды байталды.  
Ай астында Алтыбақан тербетіп,  
Өз халқына Ақбөбегін қайтарды.  
Не дүлдүлін шерте білді күйлердің,  
Түндіктерін желпілдетіп үйлердің.  
Мұраларын ұрпақтарға сыйлады,  
Акындардың, батырлардың, билердің.  
Үшеуі де білімі мол, мықты адам,  
Әрбір сөзін тыңдаушысы құптаған.  
Үшеуі де жыр кені еді, бірақ та,  
Еш баспадан кітаптары шықпаған.  
Армандары ақ бұлттарды құшатын,  
Мейірімдері ақ кептер боп ұшатын.  
Бір кездері көшесінде Бейнеудің,  
Жүруші еді әзілдесіп үш акын.  
Өмір жолы... сүрініп көп, тайып көп,  
Бұрқанатын Атырау боп, Жайық боп.  
Естілмейді дауыстары самбырлап,  
Қайда кеткен сол үш акын ғайып боп?  
Кемшіліктер тауып біздің кей істен,  
Келіп-кетіп жүрсіндер ме пейіштен?  
Сыртымыздан желеп-жебеп жүретін,  
Тәрізденіп ақ қанатты Періште!

Бұдан соң да талай жылдар, күн өтер,  
Жырларыңды көкірекке түнетер,  
Өлеңдерің өлтірмейді сіздерді,  
Әбекем-ау, Қаржекем-ау, Уәкем!!!

## ҚАРАКІСІ

Аты оның әйгілі Қаракісі,  
Қаракісі өзгеден дара кісі.  
Дара тұлға,  
Дара мінез,  
Дара ісімен,  
Кім-кімнің де өмірде қалады ізі.  
Жан болыпты анадан дара туған,  
Біртуарлар осылай жаратылған.  
«Қаракісі келеді» деген кезде,  
Жұбаныпты бесікте бала атынан.  
Мәрттіктен де кей адам қайғы шегер,  
Шығара алмас бойынан жай кісі өнер.  
Ол келгенде сұрлерін сақтап жүрген,  
Қазанға салады екен бәйбішелер.  
Кім-кімге де тең ауа, аспан, күні,  
Депті біреу «жаралған тастан мұны».  
Өзін зор деп түсінген мырзалардың,  
Болыпты белін басар астамдығы.  
Досын қамдап, жүретін жауын шатып,  
Түндіктерді желпінтер дауылдатып.  
Алатұғын өзіне қорлық көрген,  
Қойшы-қолан, әлсіздің дауын сатып.  
Жетістігі –  
Теңдік үшін үмітін үзбейтіні,  
Бура, үлекті бір қолмен тіздейтіні.  
Кемістігі – досты да, дұшпанды да,  
Ағайынның ішінен іздейтіні.  
Қырсықпасқа және де қырсығатын,  
Иілмейтін морт етіп бір сынатын.

Кейде төгіп мейірін балапанға,  
Кейде уысқа түскенін бір сығатын.  
Жүрген шақта елдікке қосып үлес,  
Осы мінез танытты досына ілез.  
Осы мінез атағын аспандатып,  
Түбіне оның жеткен де осы мінез.  
Қылпып тұрған жүзіндей ұстараның,  
Қиып түсер жерінен ұстағанын.  
Тарихта қалды ол бірі болып,  
Адайдағы атақты үш Қараның<sup>24</sup>.

### ТІЛЕДІМ ТІЛЕК...

Мединада – Мұхаммед,  
Түркістанда – Қожа-Ахмет,  
Маңғыстауда – Пір Бекет!  
Салтанат-сәнді Ауыл ек,  
Достыққа құшақ Бауыр ек.  
Қастыққа дүлей Дауыл ек  
Жалбарынам қол жайып,  
Тілегімді қабыл ет!  
Асқақ-асқақ Арманым,  
Білсем де Дүние жалғанын.  
Мұхаммедтің Үмбеті,  
Мен бір Құлы Алланың.  
Ұнатпайтын мактауды,  
Жаратпайтын боктауды.  
Адал ниет, пәк сезім,  
Жүрегімде сақтаулы.  
Бергендер сертке тұра алсын,  
Құдай – Біреу, Құран – Шын.  
Үш әулием, үш Пірім,  
Мұсылманға – Ұрансың,  
Мойынға тағар тұмарсың.

---

<sup>24</sup> Адайдың үш қарасы – Сүйінқара, Қаракісі, Ботағара.

Менде бұрқап ішкі леп,  
Құштарлық сезім күштірек.  
Тілейтінім ал енді,  
Бар болғаны үш тілек:  
**Бірінші:**  
Үзілген бодан ноктасы,  
Еркіндіктің қақпасы.  
Түркілер алтын бесігі –  
Ұлы Даламды сақташы.  
Алтындар, – дейді, – көшеді,  
Далада аң-құс төсегі.  
Далада байлық-қазына,  
Далада Бидай өседі.  
**Екінші:**  
Исі бар жұпар Гүлімнің,  
Дінімнің және Ділімнің.  
БҰҰ-да сөйлер көсемдер,  
Шұрайын шығар Тілімнің.  
Өзге жұрт, шіркін, тамсансын,  
Алыстап кетсе аңсар сыр.  
Домбыра-шанақ күмбірлеп,  
Күміс көмейлер ән салсын.  
**Үшінші:**  
Алып жүр қырттар жағамнан,  
Сескенбей тұлпар-тағамнан.  
Барады жастар жасық боп,  
Рухымды қайтар жоғалған.  
Кештік қой күнді жасқақтап,  
Жараспас енді бас бақпақ.  
Бойымда жүрсін әрдайым,  
Ұлттық Намыс асқақтап.  
Жайнамазын жайған бар,  
Дін жолынан тайған бар.  
Қазаққа Қожа жіберген,  
Өзің едің ғой, Пайғамбар!  
Таусылмас айтсам мың күн жыр,  
Тағы да дүркін-дүркін бір.

Өзіннің адал Үмбетің  
Қазакты шаңнан сілкіндір!  
Мединада – Мұхаммед,  
Түркістанда – Қожа-Ахмет,  
Маңғыстауда – Пір Бекет!  
Тілегенім үш тілек,  
Тілегімді қабыл ет!!!

### **АЛЛАНЫҢ сүйген ҚҰЛЫ боп...**

*«Біле білсең шапағаты барларың,  
Сүйген құлы боларың һақ Алланың».*  
*(Құран. 3-сүре, 141-аят)*

Бекет бала  
Медреседе шәкірт еді үлгілі.  
(Болған жоқ-ты әлі, әлі қазағының қасиеті, дүлдүлі)  
Сабактан соң... бос кезде  
Шәкірттерін жинады Ұстаз бір күні.  
Салқын түскен мезгіл күзгі маусым-ды,  
Есіктерін талай үйлер қаусырды.  
Деді ұстаз: «...отын теріп келіндер,  
Медреседе ертеңгі отын таусылды».  
Торғайлардай дүр ете ұшқан топтала,  
Тоғайлыққа кетті еніп көп бала.  
Қарсы алдында карағай ма, қайың ба,  
Жұлды, шапты, жоқ ешқайсы тоқтаған.  
Сиреп қалды әлгі тоғай қап-қалың,  
Тонаттырып көк бұтағын-мақпалын.  
Мақтанышпен ұстазының алдына,  
Төгіп жатты шәкірттер  
Шапқаны мен тапқанын.  
Отырғанда бәрі ұяға кеп қонып,  
Мақтаныштың сөзі ауызға кептеліп.  
Бәрі келген, бәрі келген тек қана,  
Шыққаны ғой Бекет бала жоқ болып.



– Қайда?  
– Қайда?  
– Бекет бала қайда жүр?  
– Мүмкін білмей адасумен сайда жүр.  
– Далалық қой отын мәнін түсінбей,  
Тезек теріп жайылымдағы қойда жүр.  
Айтып жатты әртүрлі сөз әр талап,  
Әрқайсында алысқа ұшпақ бар қанат.  
Осы кезде  
Қу томар мен қу томаштан тұратын,  
Келді Бекет бір арқа отын арқалап...

– Балам, неге кешіктің? – деп сұрады Ұстаз. – Сенімен бірге кеткен өзге шәкірттер отындық ағаштарын мана әкелді...

– Ұлағатты Ұстазым! – деді Бекет бала қолын жүрегiнiң тұсына қойып иіліп тұрып. – Ұлағатты Ұстазым, шөпшек пен томаш теруден үлгеріп келгенім осы...

Бекеттің сөзіне шәкірттер ду күлді.

– Тоғайдағы қарағай, қайың, тал-теректі көрмегені ғой...

– Жә, балаларым, сабыр етiндер, мен Бекетпен әңгіме-дүкен құрып отырмын, – деп шәкірттерінің шуылын тыныштандырған Ұстаз сауалдасып отырған балаға қайта бұрылды.

– Иә, мына құрбыларың айтқандай, тоғайлықтағы самсап өскен ағаштардың бұтақтары жетпеді ме?

– О, Ұлағатты Ұстазым! – деді Бекет. – Ол ағаштарды отауды білдім, бірақ қолым бара бергенде көк жапырақ жайған әлгі бұтақтардың жанарларынан жас парлап:

– Біздің өмірімізді көктей солдырмаңыз, аяңыз, мейірімді адамзат, – деп тұрды. Тірлік иелерін өз қолыммен өлтіруге қимай, бойында жаны жоқ қуарған томашаларды ғана отындыққа терем деп кешігіп қалдым.

Ұстаз ләм-мим деместен Бекет баланың жауабына көңілі толған сезіммен орнына отыруға ишара жасады.

Бүгін, міне,  
Сезе білген Бекет бала далалық,  
Жоғалды да мейірімділік, даналық.



Теңіз кеуіп, орман біткен оталып,  
Айуандықпен жатыр бәрі тоналып.  
Көркім қайда бұзылмаған қаймағы?  
Тонап біткен қайдағы мен жайдағы.  
Тонап біткен, қазіргі елім атауы –  
«Экологиялық апат аймағы».  
Запыранды төкпей, сірә, тоқтаман,  
Көп күнәдан қалай адам ақталар?  
Қасиетті қайран Бекет-Атам-ай,  
Жапырақты жұлуға да батпаған.  
Адамзатқа алда апат, қауіп тұр,  
Шомылмасак Алла Нұры жауып бір.  
Тілейтінім сенен, Ұлы Әулием,  
Ұрпағыңның жанын жаман кеселден  
Сауықтыр!!!  
Хақ алдында жалбарыншы, Ардағым,  
Мынау еді есіл-дертім, Арманым:  
«Өмір сүру жұмыр жердің үстінде,  
Біз де сүйген құлы болып Алланың».

## АНТ

*(Суын құлын хикаясы)*

### 1. Боз бие. Суын айғыр. Қара құлын

Жыртатұғын намысқой өз ұлтының жыртысын,  
Түгендейтін көзбенен малдарының түр-түсін.  
Түрікменнің Жәуміті,  
Қазекемнің Адайы,  
Қатар жайды бір жылы жағалауға жылқысын.  
Бұл теңіз ғой екі елді телқоңырдай емізген,  
Дейтін екі ел бакталас: «өздеріңнен неміз кем?!»  
Екі байдың жылқысы қатар жатты сол жылы,  
Ада атты қолтықта сұғыныңқы теңізге.  
Талай бастан ғаламат, адам сенбес өтті іс,  
Бұл дүниеде жыртылып, жамалған да көп тігіс.

Бір көріпкел әулие әлгі-әлгі байларға,  
«Судан суын шығар кез осы көктем», – депті-міс.  
Жылқыларын жағадан ұзатпады екі Бай,  
Жағалаудың ну шалғын биыл тіпті отын-ай.  
«Суын айғыр шапқаннан туады тек қас тұлпар»,  
Кімнің бағы үстем боп жанар екен, япыр-ай!  
Жауапты істің салмағын кім қалады сезінбей,  
Жылқышылар күзетті кезектесіп, көз ілмей.  
Суын айғыр шығатын түнді асыға күтті олар,  
Төзім болмас, сірә да, аңсап күткен төзімдей.  
...Қияқтанған Ай сұлу сүттей жарық түн еді,  
Қабыл болып бір байдың көктен күткен тілегі.  
(Айта алмаймын оны мен сол байыңыз кім еді)  
Суын айғыр күмбірлеп кісінеген сәтінде,  
Биелер мен байталдар дүр сілкініп түледі.  
Ақ толқындар ақ шулан, ақ көбігін шашады,  
Күміс – құйрық, алтын – жал және жібек – шашағы.  
Суын айғыр келді де боз биеге артылды,  
Бұл кезде ұйықтап кеткен-ді жылқышылар жасағы...

Әлқисса, бұдан кейін аңыз былай дейді. Түрікмен байы ертесіне қасына жасы тоқсанға келген сыншы, әрі сейіс ақсақалды ертіп қосқа келіпті:

– Иә, біліштерім<sup>25</sup>, суын айғыр жанасты ма? – деп сұрайды сыншы жылқышылардан.

– Көз ілмей күзетудеміз, бірақ суын шығар емес.

– Ұйқы дұшпан болады, біліштерім...

Сыншы осыны айтып, үйірлерді аралауға кіріседі. Балауса көк құрақты күрт-күрт үзіп тұрған боз биенің жанына келіп тоқтайды.

Боз биенің алдына бір, артына бір шығады. Сосын: «Көзден таса қылмандар, суын тұлпар осының ішінде», – дейді де, өз жөніне кете береді.

– Боз бие ерекше күтімде болсын, оның амандығына бастарыңмен жауап бересіндер, – дейді Бай да жылқышыларына.

<sup>25</sup> Біліштерім – түрікмен тілінде достарым мағынасында.

Бұдан былай судың мөлдірін, әрі тұщысын боз бие ішті. Жердің отына боз бие жайылды, жемді боз бие жеді, жал-құйрығы жұма сайын таралды, қыста жібек жабу жабылды. Көктем шыға құлындады.

Жылқышылар қосына сыншы мен Бай тағы келді. Боз биенің бауырында мөлдір қара құлын ойнақтап жүр. Жүнінің түті мақпалша құлпырады.

«Иісі түрікменді ауызына қарататын болашақ дүлдүл, ақалтеке тұқымының асыл қанын тағы бір жаңғыртатын осы жануар», – деп тебіренеді сыншы.

Бір жұма өте сыншы тағы да келді. Келе боз биенің қасына барды. Мөлдір қара құлын ойнақтап жүр. Бірақ... Сыншы өз көзіне өзі сенбеді. Өткендегі дүлдүл шығар құлын тәрізді емес. Әлде тоқсан жас көз жанарына кіреуке түсірді ме екен?

– Құлын басқа, тұлпардан айырылыппыз.

– Мүмкін емес, біз құлынды көзден таса етпей бағудамыз.

– Қазақтар келген жоқ па еді?

– Жоқ.

Сыншы атқа мінді де, көршілес қазақ ауылдарына тартты. Жоқ қараған болып, жылқы табындарын аралады. Кенет... көзі бір боз биеге түсті. Өз ауылының боз биесінен айнамайды-ау, айнамайды. Бауырында мөлдір қара құлын ойнақ салады. Әр қар басқан сайын қарабауыр, көкбуырылданып түлеп, ең соңында ақбоз айғыр болып арқырағалы тұрған тұлпар құлынды көрді, таныды. Сол. Дәл сол. Япыр-ай, бұл қазақтар қапысын қалай тапқан? Енелеріне қалай телінген? «Мынау біздің түрікмен малы, суын айғырдың тұқымы, іздеген жоғым осы», – деді.

Сыншының бұл сауалын қазақтар келеке қылды.

– Су жылқысы суын ертегіде ғана айтылады. Сізді пері еліктеген болар. Жүріңіз, Бекет әулиеден дұғалық алып берелік. Мойнына бойтұмар етіп тағып жүр. Ха-ха-ха!

– Жын қаққан болар.

– Алжыған кезде адам сәбидей болады.

– Ха-ха-ха-а-а!

– Отағасы, ол құлын, өзіміздің қолтума бәйге Ақтанкер айғырдың баласы. Көр де тұр, ертең сол атасындай болып шыға келеді.

Сыншының іші удай ашыды. Қазақтар сөзге қонақ берер емес. Маубас жылқышылардың суынның судан шыққанын да, ақбоз биеге шапқанын да көрмеген, тіпті көз алдындағы құлынды ауыстырып кетуін де сезбеуін қарашы. Өң бе, түс пе? Запыран ойын, көрген-білгенін Байға айтты. Бай орнынан атып тұрып айқай салды:

– Атттан! Шабындар қазақтарды, құлынды, үйірді айдап әкеліндер!

Атттанса екі елдің арасы қантөгіс болады. Бір қантөгіс кеше ғана басылған. Сыншы ақсақал Байға кеңес айтты:

– Қантөгіс халқыңа сын. Олармен анттасайық. Антқа шылқыған бай Қожаназардың сұлу, жас тоқалы Ақшолпаннан туған алты жасар оғыланды ұстасын, – делік. Бір құлын үшін қазақтар оған бара қоймас. Малымызды қайырап.

Мұны естіген соң қазақтар да ақиып тұра келді.

– Анттасамыз!

– Құлын өзіміздікі. Өз енесінің бауырында. Бұл не басынғандық.

– Қожаназар байдың асыл тұяғы Қошан баланы антқа ұстаймыз...

Іс насырға шапты. Түрікмендер талабы: «Не қантөгіс, не анттасып, құдай алдында өздерін ақтап алсын».

Қазақтар уәжі: «Анттасақ анттасамыз».

## 2. Бекет-Ата байламы

Сұлулардың мықынындай мықыны,  
Кекіліне тағар сәндеп үкіні.  
Көшпелілер үшін қымбат бәрінен,  
Қас тұлпардың тұқымы.  
Көкейімнен көмкерілген сырғы жыр,  
(Қатпарларың неткен көп ед нұр-ғұмыр).  
Екі елдің намыс-ары боп шықты,  
Сырты түк-түк  
Қарны жыныс  
Бір құлын.  
Бір құлынға бола екі ел дауласқан,  
Бір құлынға бола екі ел жауласқан.  
Сосын қыз ап татуласқан, қайтесің,  
Мінездері болса солай, әу бастан.

Жүре алмайсың сонда да елді аңсамай,  
Қызықтырмас өзге елдегі сән-сарай.  
Сөз асырмау бастан жөнсіз, қайтесің,  
Даладағы жазылмаған заң солай.  
Күннің нұры күлімдеген – Гүлдікі,  
Ләззатың төсектегі – Түндікі.  
Дүниеге келмей жатып сынға түскен тағдыры,  
Сонда, сонда...  
Мынау құлын кімдікі?  
Бұл адамның көзі жіті, болжампаз ғой санасы,  
Бала Мұхаммедті<sup>26</sup> де өлтірмек боп іздеу сапты,  
қарашы

Өмір заңы (оққа ілігер қай кезде де Дарасы)  
Ал осы ғой,  
Ал осы ғой,  
Ал осы.  
Мұндай сәтте үзілген жөн тек мықтының жұлыны,  
Сонда ғана кек қайтады шығып ырым-жырымы.  
Боз биенің бауырында ойнаған сол құлындай,  
Қожаназар – Ақшолпанның оққа ілінбек құлыны.  
Бекет-Ата қалың ойда, түйіліңкі қабағы,  
Ойлануда күтсе-дағы мешіттегі сабағы.  
Бір құлын бұл...  
Бір құлынның әрі кетсе құны да –  
Бір тай-жабағы.  
Істің мәнін ақылға сап, безбендеп көр, қарап көр,  
Боп тұрғандай қазақ жағы айыпкер де,  
Түрікмен жағы талапкер.  
«Жауластырмақ жаушыдан да, бітістірмек елшіден»,  
Жаппар ием, пендеңізге осы тұста қанат бер.  
Екі жақты табыстыру, осы істің қиыны,  
Қайткенде де шешкен дұрыс ши байланған түйінін.  
Ант үстінде мәмлегер болуға Ата бел буды,  
Бір Аллаға сыйынып.

---

<sup>26</sup> Болжампаздар Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) дүниеге келетінін алдын ала білген, жас баланы өлтіру үшін қастандық құрығын құрған деседі.

### 3. Тілек

Анттасу Маңғыстау өңіріндегі атақты 360 әулиенің бірі Қараман-Атаның басында өтуі тиіс. Қараман-Ата, Қошқар-Ата, Масат-Ата, Шақпақ-Ата... киелі де, қасиетті Аталар мекені болған Маңғыстау өңірінде екі елді бітістірер, не кетістірер тағы бір ұлы жиын болғалы тұр. Тірілердің мынау дүние жалғандағы пақыршылық әрекеттеріне өлілер патшалығының әулие-әмбиелері риза ма екен? Қараман-Ата әулие аруағы «өлімде де тыныш жатқызбадың» – деп ертең құмырсқадай қаптаған қалың жұрттың алдында бұлан-талқан ашуланып, күн көзін жабатын кара бұлт болып түнерсе немесе кара жер топырағын суырып, тойымсыз көздерге тықпалаған дауыл болып соқса... онда екінші жақтың, яғни айыпкер саналатын жақтың бел омыртқасының үзілгені. Қалай болғанда да Ант күні Аруақ көңіліне кіді алмай: «Ұрпақтарым, өз қал-қарекеттеріңді өздерің шешіндер, бір жабағыға бола, біріңнің жағаңа бірің жармасқандарың не, ол ақылгөйлер жасар іс емес, ұят, ұят», – деп жайма-шуақ қабақ танытып, шалдуар балалардың асыққа таласқанына қызыға қараған әкедей болып жатуы керек.

Бекет-Ата Қараман-Атаның басына үш рет келді. Сырт кісі келу-кету сапарын ғана жіпке тізді, бірақ оның әр келісінің сыр-құпиясын аңғара алмады. Оны Бекеттің бір өзі ғана білді.

Әйтеуір, үшеуінде де Баба жер асты ғибадатханасында жападан жалғыз ұзақ болды...

### 4. Құрбандық

Кесілді үкім ая мейлі, аяма,  
Нағыз шындық бермейді ғой бояла.  
Шашын жайған жатты Ақшолпан талықсып,  
Садақаға ұлын қимақ қай Ана?  
Еркін өскен ерке тоқал пәк, салқам,  
Талайлардың жүрегіне шоқ салған.  
Қошан бала мінген кезде кара атқа,  
Талып жатты, талып жатты Ақшолпан.  
Солдыруға кім қияды Гүлді өскен,  
(Дәл осылай біздің қазақ күн кешкен).

Қоштасқанда ағайындар аңырап,  
Жымың какты көзін қысып күндестер.  
Шыққаннан соң береді күн қысқара,  
Болған болса Ант басында іс қара.  
Екі «кұлын» – құрбандыққа шалынбақ,  
Тым қатыгез неткен жандар, маскара?!

## 5. Аруақ ашу танытпады

Қараман-Ата қауымының басы қаптаған қаракұрым халыққа толды. Жүздері суық, қабақтары қатыңқы, өмірде күлкі дегеннің не екенін білмей өткен жандардай. Екі жақ бір-біріне қара бұлттай төніп тұр. Қылыштар әзірге қынында тұрғанымен, әп-сәтте лыпып, жарқ етуге дайын-ақ. Істің ушыққанын тілеп жүргендер қаншама?

Бірақ адамдардың қабақтары түнеріңкі болғанымен аспандағы алтын күннің қабағы жадыраңқы, жайма-шуақ еді. Лып етер жел де жоқ, әншейіндегі аяқ астынан көтеріліп лаң салатын тентек құйындардың да қарасы өшкен. Аруақ оқыс мінез танытпады. Екі жақтың ділмарлары жүрелесе отыра қалып, бие сауым мезгіл қызыл тілдің майын тамызып салғыласты. Ортада – кекілін, құйрығын қара матамен түйген қара арғымақ үстінде қара киім киген, бұл фәниге қылдай қиянаты жоқ Қошан сәби. Қара тоқымды, қара бас ердің қасына қара жүген қаңтарылған. Қошан баланың оң қолында кәдімгі етік тігетін, ағаш сапты ілмек қармақты біз. Қара құрмен ноқталанып, қара қазыққа байланған, екі аяқты адамдардың не істегелі жатқанынан еш хабарсыз, даудың басы – қара құлын.

Айтыс шарықтау шегіне жеткен кезде Бекет-Ата Қараман-Ата бейітіне қарап тізерледі де: – Уа, аруақ, қара болсақ қара атты, біз болсақ бізді ат! – деп айқайлады.

Осы сәтте Қошанның қолындағы біз ортасынан қақ жарылып, қара ат құлап бара жатты. Оңтайда тұрған бір жігіт Қошанды жерге құлатпай ат үстінен көтеріп алып кетті... Екінші жігіт құлаған қара аттың тамағынан қанжарымен шалып жіберді. Осының бәрі қас-қағым сәтте, ешкім есін жиып үлгере алмайтындай кезде болған еді. Көпшілік қауымның аруақтың құдірет күшіне тәнті болып, құлшылық етуге ғана шамасы жетті.



– Аруақ қара атты ғана атып, татулыққа, бітімшілікке шақырды. Бір құлынға бола ел ішін ала тайдай бөрліктіргеніміз болмас, Қараман-Ата басында жарықтық Қожаназардың қара арғымағының етінен ауыз тиіп, сорпасын ішіп, бата жасасып, туысқан болып тарасалық, – деді Бекет-Ата түрікмендерге қолын ұсынып.

Бұл уәжге талапкер жақтың көнбеске еш лажы қалмады. Сөйтіп Бекет-Ата екі елдің арасында қантөгіс болдырмай, бейбіт татулықты сақтап қалды.

Айтушылар Бекет-Ата үш күн бойы Қараман-Атадан тілдесуді тілек етіпті. Үшінші күні Қараман-Ата аруағымен тілдесіп, жоғарыдағыдай байламға келіскен екен дейді. Ал әлгі суын құлын тұқымы адай жылқыларынан қуса жететін, қашса құтылатын ұзақ жолда шаршау мен шалдығуды білмейтін талай тұлпарларды шығарыпты.

## **6. Қателесем кешірім өтінемін**

Қиыстырып қиялдан жаздым мен де шығарма,  
Мұның үлкен мәні бар түсінерге, ұғарға.  
Биесі еді ол қай байдың, айта алмаймын дәл басып,  
Біледі оны  
Ер Бекет,  
Қараман-Ата,  
Бір Алла!  
Көмілулі сырың көп, Маңғыстауым-Бесігім,  
Сол сырларды ашуға талаптансам несі мін.  
Жетегімен шабыттың артық кеткен тұстарға,  
Бекет-Ата, өзіңнен  
Өтінемін кешірім.

## **АРУ ЖЕМНІҢ ЖАҒАСЫНДА АҚМЕШІТ...**

Ару Жем-ау,  
Ару Жем –  
Жан дертіме дәру Жем!  
Менің Мысыр Шәрімсің.

Намысымсың, Арымсың.  
Дәмі аузымнан кетпеген,  
Менің, менің алғашқы,  
Гүл махаббат – балымсың.  
Жүректегі жалынсың,  
Ұмытылмас әнімсің.  
Қажеттерім өзіңнен,  
Табылмасын, табылсын.  
Жарылайын ағымнан,  
Менде, менде жүрек бар,  
Өзіңді аңсап сағынған.  
Менде, менде тілек бар,  
Нұр арманға бағынған.  
Сүңгігенмін, жүзгенмін қасиетті суыңа,  
Бекет – Атам шомылған.  
Шынымды айтсам егерде,  
Мінім де бар аздаған,  
Тереңіңе тұңғыық кетіп қала жаздағам.  
Осы тұстан о, ғажап,  
(Етем оған мінажат),  
Тұратұғын тек қана жаһұт пенен лағылдан,  
«Алтын Адам» табылған.  
(Қасиетіңді туған жер жөндеп жырлай алмасам,  
Шапалақпен аяусыз тартып жібер жағымнан).  
Ару Жем-ау,  
Ару Жем –  
Жан дертіме дәру Жем!  
Тудың небір алыпты,  
Соның бірі – Пір Бекет оқытсам деп халықты.  
Сенің, сенің ең әсем ақ қайраңды жағаңнан,  
Ақмешітін салыпты...  
О, Ақмешіт,  
Ақмешіт!  
Сен айшықта тегімді,  
Сенде жатыр бақ-несіп.  
Сен тербеткен елімді,  
Аялаған ақ бесік...

...91-дің күзінде етуге бір мінажат, келіп едім басына,  
Балдызымды,  
Бажамды  
Және асыл жарымды ертіп алып қасыма.  
Қасиетті мешітің төмпек болып құлаған,  
Мұны көріп талайлар көз жастарын бұлаған.  
Қасиетсіз заманда қасірет шегер бұл адам.  
Құлап жатқан сайғақты тіктеп қайта шаншыдым,  
Айтсам егер бүкпесіз осы менің бар шыным:  
Желмен сыбдыр сыңсыды тоғайлықта құба тал:  
«Ұмытылу шағында қасиеті мол бұл атаң».  
Қаптап өрді үстіңнен судан қайтқан бір отар.  
Ұшты бір топ пыр етіп қарабауыр-бұлдырық.  
«Қуырдактар кетті-ау» – деп қойды бажам күлдіріп.  
Кәрі болар шамасы қара жылан қып-қысқа,  
Сумаң қағып асықты көп қауымнан бір тұсқа.  
«Аруақтар көрінер жылан болып» – деуші еді,  
Әлі ұмытар емеспін, әлі ұмытар мен соны.  
Қуанғанда ұмытып, қайғырғанда еске алар,  
Бұл адамдар беу, сені.  
Күн көзіне мүжіліп сайғақ ағаш қуарған,  
Баяғыда айырылған топырағың құнардан.  
Атыздардың бойдағы бар ылғалы суалған.  
Жібек жолы ең бір кезгі жұрнақ та жоқ ізіңнен,  
Мұңаяды үн- түнсіз күмбез тамдар мүжілген.  
Осы кезде о,ғажап, ұшып өтті төбемнен,  
Бір топ аққу тізілген.  
(Жалғанар деп түйдім мен жібек жібім үзілген),  
Құлап жатқан сайғақты қара жерге шаншып ем,  
Бойлап жүре берген-ді,  
Жанарымда қуаныш ойнап жүре берген-ді.  
Тік шаншылған сайғаққа ақ орамал байладық,  
Ақ тудай ол желбіреп, көңілімізді жайладық...  
...Тағы келдім.  
Ақмешіт келтірілген қалпына,  
Күмбездері күн сүйген салтыма сай, салтыма.

Пірдін ата-анасын қос күмбез ғып шалқытқан,  
Кең Жылойдың әкімі Төкен неткен алтын, ә?!  
Төкен аға басынан көп оқиға, көп қызық,  
Мұқалмастан өткізіп.  
Ата үшін нұр істі тастаған ғой орындап,  
Бұрық-сарық еткізіп.  
«Иман жүзді жігіттер тосты қайыр-қолдарын,  
Мен тек қана оларға нұсқап бергем жолдарын». —  
Дейді ағам күлімдеп нұр жүзімен жайдары.  
Шынында да ағаның тым бөлек-ау тойнағы.  
Жасағанды астамдық алғызбайтын жағадан,  
Оның кесек мінезін түсінбейді көп адам.  
Ей, ағайын, айтарым ісіңе адал, мият бол,  
Тұңғыш меценаты қазақтың —  
Жомарт<sup>27</sup> бабам сияқты ол.  
Пірім Бекет мешіті — берер бәрін тілесен,  
Өсіріндер бұл жерге хош иісті гүл әсем.  
Аттарыңды бәріннің атай алмай барамын,  
Жылойлық жомарт жігіттер,  
Ата қолдап әрдайым, ақ жүрекпен жүр есен!!!

## ӨЗЕН БОЙЫ КӨП ТОҒАЙ...

Аманбайтоғай,  
Жыңғылтоғай,  
Ақкиізтоғай,  
Шоқпартоғай...  
Тоғай, тоғай көп тоғай.  
Тартам алға біріне де тоқтамай.  
Туған жер бұл — Бекет Пірім және Мен,  
Жем бойында мен білмейтін жоқ маңай.  
Бекет бала туған күні бұл жерге,  
Барлық нұрын төккен дейді сүт сәулелі аппақ Ай.

---

<sup>27</sup> Жомарт — Есім ханның заманындағы бір соғыста әскерді тамақпен, көлікпен, қару-жарақпен жабдықтап, «Хан сыбағасы» аталатын қалмақ ханының қолға түскен асыл бұйымдарын олжа бөлісі кезінде Ханнан қалап алатын Адай руының көсемі.

Жағасында табыстырып ғашықты,  
Ару Жемім қуаныштан тасыпты.  
Тасыпты да арнасынан асыпты.

Жан-жағына құлашын кең жайыпты,  
Жайыпты да маңын сумен шайыпты.  
Жайқалыпты содан кейін көп тоғай,  
Тоғайларды аралаймын тоқтамай.  
...Өмірге өмір жалғасты,  
Көрегендік былай бопты алғашқы.  
Көңіл көншіп тоқталар,  
Кеткендерден жоқ хабар.  
Ақталынбай ел үміт,  
Сол жорықта қалыпты ерлер жеңіліп.  
Сонда ерлерді сынай кеп,  
Бекет бала жұбатыпты былай деп:  
«Жортуылшы  
Аман да келер жорықтан,  
Жаман да келер жорықтан.  
Шегірткеден сірәда,  
Егін екпес қорыққан.  
Үмітсіздік белгісі,  
Болашақтан торыққан.  
Жоғалмайды жортқан із,  
Тағдырыңа өкпелеп бізге кінә артпаңыз.  
Жыртығынды бүтіндер,  
Кездің қашан келерін, өзім айтам күтіндер!» –  
Дегенде әлгі Бүлдіршін,  
Тоқтаған-ды үлкендер – дейді аңыз кім білсін?!.  
Жем бойының жағалауы оба кіл,  
Обалардан көп құпия табамын.  
Аратөбе – «Алтын Адам» жатқан жер,  
Талай судай адам қаны аққан жер.  
Бір мысқалы тимесе де қолына,  
Қабірдегі сол алтынмен мақтанды ел...  
Өлең құрап отырмадым жоқтан мен,  
Топырағың тең ғой сенің мақпалмен.

Оған куә баба қорым – Бақашы,  
Бақашыда жатыр рас талайлардың бабасы.  
Жер дауында депті менің бір әкем:  
«Анау тұрған Бақашы,  
Арқамды соған тақашы».  
...Меңдекешім,  
Қабиболлам,  
Аманқосым,  
Қонашым,  
Мұқан және Өтегенім,  
Аман менен Бүркіттей,  
Шықты сенен талай ақын Ақтангер.  
Жүректері тылсым іздеп жалындар,  
Ұмытпандар, жерлестерім, танындар,  
Шықты сенен  
Қуанғали,  
Боқай сынды,  
Ғұламалар, ғалымдар.  
Отан үшін бұлдамаған терлерін,  
Шықты сенен көп-көп Еңбек Ерлері:  
Әкелерім Нұрмағамбет, Әбді және Ақашым.  
Женгелерім Сәли менен Жанбөпе,  
Ақылына көркі сай жалын болып жанды өте.  
Қалды артында ескерілмей көп іздер,  
Міне, қазақ әйелдері дегізген.  
Абзал аға Кісенбай, ал құрдасым Аманжол,  
Малбегілер қиындықтан табар жол.  
Өрнектейтін әрқайсысын әсем-әсем жыр керек,  
Назар, Әбдір, Әбділдамыз бір бөлек.  
Тұрдығали, Есенгелді және Келтір тәрізді,  
Аға-іні тұлғалары тұрды ерек.  
Бақашы бар,  
Бақа бар.  
Қазыбек пен Жанбике,  
Жота-жота, жоталар, –  
Бәрі біздің аталар.

Алтынтапқан, Қаражар,  
Түстігінде Сарқасқаның жалдары...  
Бәрі- бәрі мықты болған талғамы,  
Жайлаған жер біздің ауыл шалдары...  
Имандылыққа халқы ұйып,  
Ұғынған соң хат танып.  
Ару Жемін шексіз сүйіп,  
Пір Бекетім,  
Жыр Бекетім,  
Ұлысқа ұран – Әулием,  
Маңғыстауға бара жатты аттанып ...

Ақмешіт маңында дүниеге келген ақындар:

Меңдекеш Сатыбалдиев, Қабиболла Сыдиықов, Аманқос Ершуов,  
Қонаш Қалдыоразов, Мұқан Мақуов, Өтеген Оралбаев, Аман  
Жанкеев, Бүркіт Базарбаев, т.б.

Социалистік Еңбек Ерлері:

Нұрмағамбет Арқабаев, Әбді Дүйсенбеков, Ақаш Мұқамбаев,  
Сәли Шәкірова, Жанбөпе Мергенбаева, Аманжол Кенжеғариев, т.б.

Ел басқаруға еңбегі сіңген азаматтардың аузыма түскендерінің бір  
тобы:

Әбділда Оразбаев, Назар Ершуов, Әбдір Биманов, Тұрдығали  
Мәмбетов, Есенгелді Нұршаев, Келтір Шәненов, т.б.

22.08.2010 ж.

## АМАНБАЙ-АТА, КЕШІР МЕНІ

1964 жылдың күзінде Құлсары поселкесінен Абай атындағы орта мектепті бітірген соң, Алматы қаласына барып, зоотехникалық-мал-дәрігерлік институтына түсе алмай ауылға келсем, біздің үй Жем бойындағы Алтынтапқан жайлауында отыр екен. Келе «Коммунизм таңы» кеңшарына көмекші шопан болып орналастым. Кәкем Оспан (әкемді осылай атайтынмын) отарды таңертең өргізіп, түске дейін жайып келеді де, мен түс қайта суатқа айдайтынмын. Бірде кәкем өрісте қонып отырған қаракұстың жанынан өтіп бара жатқанда, қара-

күс кенеттен жалып етіп ұшып, астындағы асаулау аты үркіп кетеді де абайсыз отырғандықтан атынан құлап түседі. Бірақ жүгенінен айрылмай, шығып кеткен қолын мойнына асып алып, атына өзі мініп ауылға келеді.

Ол мені Қазыбектегі ферма орталығына жұмсап: «ферма меңгерушісі Әбдірге жағдайды айтып, машина сұрап, сынық салатын Қайшыбай қартты алып кел», – деді. Мен әлгі кәкемді жығатын үркек асау атқа міне сап қамшы бастым. Алтынтапқан мен Қазыбектің арасы жиырма шақырымнан кем емес. Жастайымнан тай-құндарға бас білдірген, аламан бәйгеге шауып «бәйге бала» атанған мен бар ашуымды әкемді құлатып қолын шығарған шабдар аттан алып, қамшылап шауып келемін. Қара терге малшынған ат теңселіп келеді.

Алтынтапқан жалынан төмен құлаған кезде жолдағы Аманбай тоғайынан ши тартып жүрген кісіні көрдім. Қасында түйесі жайылып жүр. Тұсынан өте берген мені қолын бұлғап шақырса да мен оған қарамай өз жөніммен шаба бердім. Асығыс едім. Сөйткенше болмай «Аманбай жертөлесі» аталатын шұңқырдың жанына келіп қалғанмын. Жертөле жанынан өтетін жол тақтайдай тегіс болатын. Қырық-елу қадамдай жерден осы тұста жағасы жарқабақтау болып келетін Жем өзені сылдырап ағып жатыр. Жаз мезгілінде үзіліп, бөлек-бөлек қарасуларға айналатын өзеннің арнасы бұл тұста үзілмейді.

Әлгі жертөленің дәл тұсына келгенде шауып келе жатқан атым сүрініп кетті де омақаса құлады. Ол жерде сүрінетін де ешнәрсе жоқ еді. Мен құламай аттың үстінде отырып қалдым. Ат тұмсығымен жер сүзді де мінер қапталға аунап түсті. Ердің үстінде отырып қалғандықтан сол аяғым аттың астында қалды. Аттың бар салмағы аяғыма түсіп ауырсынып кеттім. Аяғым аттың астында қалғандықтан ат тұрған соң барып тұрдым. Бірақ жүгеннен айрылып қалған едім. Шідерлемесең тұсауымен де ұстатпайтын қашаған шабдар сілкініп-сілкініп жіберіп, әлгі ши тартып жүрген адамға қарай жүрді. Ол алдынан шыққанымен оған да ұстатпай кетті.

– Салаумағалайкүм аға, – дедім. Бірақ ол кісі сәлемімді алудың орнына жақсылап тұрып шешемді бір боктап алды да: «Не болғанын біліп тұрсың ба? Әулиенің тұсынан неге шауып өтесің. Сені құлатқан Аманбай әулиенің аруағы» – деді де өз жөніне жүре берді. Мен өз жөніммен атымның соңына ердім. Бір кезде жүген шұбатылып кетті де талға оратылып қалды. Атымды ұстап мініп алып, қайта шапқанмын...



Есейгенде еске түскен сол өрескел оқиға үшін Аманбай атаның аруағынан кешірім сұраймын. Кейін білсем әлгі жертөле атаның жайлаудан қыстаққа көшкен елден қалып, бір жыл қыстап шыққан баспанасы екен. Жаз шыға ел жайлауға қайта келсе Аманбай атамыз оларды қызыл шырайлы күйінде күліп қарсы алыпты. Жалғыз өзі қыстанені азық қылғанын ешкім білмейді. Басындағы сайғақ ағашта қызыл-жасылды шүберек, орамалдар жалаудай желбіреп тұратын. Ол әрі-бері өткен жолаушылардың, не сырқатынан арылуға келіп түнеген адамдардың Аманбайға деген ықылас-ниеттерінің белгісі болатын...

Кешір мені Аманбай!  
Ол кезде мен жас едім,  
Қайратыма мас едім.  
Мақтағанмен дос едім,  
Боктағанмен қас едім.  
Құлағымда әсем үн:  
«Бақыт көлін кешемін,  
Жұмбағыңды шешемін.  
Жалбарынбай ешкімге,  
Өзім өз боп өсемін» –  
Дейтінмін.  
Қиял-жеміс жейтінмін.  
Елігіп те желігіп,  
Ләззатына кей түннің.  
Кезім жоқ-ты жасқанған,  
Тылсым күш кеп аспаннан,  
Көкке алып кетердей,  
Ерекше боп басқаннан,  
Жүретінмін.  
Періште өмір сүретінмін,  
Пенделерге күлетінмін,  
Менсінбей.  
Ал бүгінде мазақтаймын өзімді,  
Ар алдында азаптаймын өзімді,  
Деп: «Сол періште сенсің бе, ей?!»

...Жерге түстім  
Тал бесік боп тербетер,  
Адам үшін барлық қызық жерде екен...  
Бағындырар өмір қатал заңына,  
Өткен күндер енді ұстатпас сағым, ә?!  
Білмейтіндер қарсы жүзіп опат боп,  
Білетіндер ұтады екен бағына.  
Ешкім мәңгі отыра алмас патша боп,  
Дүниенің тағына.  
Қалса болды өзге Есімді ұнатып,  
Кете берер сені тақтан құлатып,  
Кете берер аямастан жылатып.  
Сосын сола береді,  
Тұрған бағың гүл атып.  
...Дүниенің жалғандығын түсінбей,  
Жатамыз ғой, жатамыз.  
Бұл өмірге тәй-тәй басқан ботамыз.  
Ұрпақтары бөскендіктен тек қана,  
Болғандардың кейбірінің аты аңыз.  
Биліктегі қатыгездік Патша атын шығарған.  
Ойланамын, ойланғанмен мен осыны ұға алман.  
Биліктегі жұмсақтығың елді еркіне жіберген,  
Бұған, бұған жылар ма едің, күлер ме ең?!  
«Құлды жіберсең еркіне,  
Күнде тышар бөркіңе».  
Сана-сезім биік болып, деп ойлаймын бүгін мен,  
Дұрыс болар, дұрыс болар заңға ғана жүгінген.  
Өмір заңы туамыз да, өлеміз,  
Нәпсімізді бірақ әлі билей алмай келеміз.  
Байлық қана адамзатты шығара алмас ұшпаққа,  
Табиғатпен үндес болу  
Сізді жалғыз Жем бойына қыстатқан.  
...Бас қатырып не қыламын,  
Бәрі пенде өз жемсауын күйткеннің,  
Сіз тәрізді әулиелер бірен-саран өйткені.  
Кешір мені, Аманбай!

25.09.2010 ж.

## ҰЛ МЕН ҚЫЗ

немесе

әкем айтқан әңгімеден кейінгі ой

– Адамдар бар жаны ізгі,  
Халықтық боп кететін.  
Туғызған не аңызды,  
Ақбөбек – қыз.  
Бекет – ұл.  
Не кездеспес адымға,  
Аттар кезде, көкешім.  
Жүрсін әркез жадында,  
Осы екі...  
Екі есім.  
Әлсіздерге бірі оның –  
Үміт берді, дем берді.  
Жігіттерді бірі оның –  
Жүрегімен меңгерді.  
Ұлы оның дәрі ойлап,  
Ара түсті кеселге.  
Қызы оның – арай нақ,  
Көрік болды осы елге.  
Айтқанымды екі етпе,  
Ұғынып ал, жарығым.  
Шын ғашықтар – Бөбекке,  
Жәбірленген – Бекетке,  
Сыйынады әлі күн...  
Алдында әлі түнегің,  
Алдында әлі жарығың.  
Алдында әлі тілеуің,  
Алдында әлі бал үнің.  
Жарығым!..  
Деген-ді әкем сонау жыл,  
Тербеп Сана, Арымды.  
Содан бері жарау жыр,  
Мазалайды жанымды.

Өзге ойым – қарау бір,  
Жазалайды жанымды.  
Және желпіп алау нұр,  
Тазалайды жанымды.  
Мен Бабамның,  
Тас қашап,  
Жазған сырын ашпасам,  
Құмға көміп тастасам.  
Онда мені, туған жер,  
Ұлым деме ешқашан!

### **АҚБОРАН. ОТАР. АМАНДЫҚ**

1985 жылдың ақпаны. Қарақұм. Каникул кезінде ақ боранмен арпалысып, қоғам малын апаттан сақтап қалу жолында жан қиған Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтының студенті Амандық Есбаев туралы сөз. Ол осы ерлігі үшін қаза болғаннан кейін «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды.

Жеке мүдде, дейміз және қоғамдық,  
Осы екеуі – сынға салып Адамды.  
Келбетінді кескіндейді сондықтан,  
Коллектившіл еді біздің Амандық.  
Білетін-ді қайсарлықтың не екенін,  
Білетін-ді жайсандықтың не екенін.  
Білетін-ді аярлықтың не екенін,  
Мақсат үшін даярлықтың не екенін.  
Алматыдан аңсап әсте келген-ді.  
Қарақұмын – мекенін.  
«...Сағындым ғой жусан өскен төбенді,  
Шалқымайсың неге енді,  
Ұлың келді чемпион боп бокстан...», –  
Деген-ді.

...Асау ақпан ақ бораны оқыстан,  
Сокты-дағы,  
Басып кетті аула, қотан, көгенді...  
Оралмаған отар үшін тыпыршып,  
Дей берді Ана:  
«Амандығым бөгелді ғой, бөгелді...»  
Ал Амандық – кең даланың боздағы,  
Безбендеді қоғам малын, өз жанын.  
(Қойды тастап тартып кетсе ауылға,  
Өлмес еді, болар еді-ау олжалы).  
Жазда жайнар бүлдіргенді, аршалы,  
Терең сай да қабак түйіп қарсы алды.  
Қайырам деп қайыртпаған отарды,  
Шаршады әбден, шаршады ол, шаршады.  
Бірінші күн ақ боранмен алысты,  
Екінші күн ақ боранмен алысты.  
Үшінші күн, үшінші күн студент,  
Құлап түсті талықсып...  
Төртінші күн тапты үсіген денесін,  
Іздеушілер жалын жүрек арыстың...  
Күн де күлді қабак түйіп бұртиған,  
(Бұл өмірдің жалғандығын кім тыйған).  
Жұлып жатты жып-жинақы ал отар,  
Жусан басын қар астынан қылтиған...

...Сол жылы қыстан шетінемей аман шыққан әлгі отардың әр 100 саулығынан 115-тен қозы өрді. Ал ол қозылар қазір мыңғырған бірнеше отар құрады.

## АНА ШАПАЛАҒЫ

Ұлы композитор Құрманғазы демократиялық бағыттағы көзқарасы үшін ұсталып, абақтыға айдалғалы жатқанда анасы Алқа қоштауға келеді. Аяулы ананы көргенде арыс азаматтың көзіне жас моншақтары іркілді.

Жау алдында жасығанына намыстанған ер ана: «Ұл тудым деп жүрсем, жасық құл туған екенмін ғой» деп ұлының жағынан шапалақпен тартып-тартып жібереді.

Сондағы Құрманғазының іштей толғанысы:

Жасып тұрған шағымда,  
Қайраттандырған.  
Сасып тұрған шағымда,  
Айбаттандырған, –  
Сенің шапалағың,  
Қайран шешем!  
Көзіме жас іркілсе – сені аяғаным-ды,  
Аңсағаным еркіндігімді, баяғы әнімді.  
Туар, – деп, – қару ұстар қашан күнім.  
Жаралады-ау жаныңды осалдығым.  
Жаныды жігерімді –  
Шарт еткен шапалағың.  
Танытты бұл өмірде –  
Кім болмақ атар оғым.  
Жат маған батпақ-елес,  
Шарықтар шабытыма енді ешкім тоқта демес.  
Қайғырма, қайран ана, қанжар-ұл жарып шығар,  
Қап түбінде жатпақ емес.  
Есейдім бір күнде мен,  
Құл болман міңгірлеген.  
Халқымның қамын жейтін,  
Күй болам күмбірлеген.  
От құйып ой-санама,  
Жандырып өткен жағымды.  
Ұмытпан еш, жан ана,  
Шапалағыңды –  
Жасып тұрған шағымда,  
Қайраттандырған,  
Сасып тұрған шағымда,  
Айбаттандырған.

## ӨКІНІШ

Салған мені ақжелкенді Арманға,  
Туған жерге – Жем бойына барғанда.  
Түсті есіме бір елесі бал күннің,  
О, несі екен,  
О, несі екен,  
Бәрі ұмыт боп қалғанда?  
Кім-кімге де артар өмір мол жүгі,  
Алтыншыда оқитынмын сол жылы.  
Бір аруана сатып алды біздің үй,  
Түркіменстан жаққа бастар – жол жыры.  
Жасырмастан жас парлаған көзі мұң,  
(Кім түсінер хайуанның сезімін).  
Жерсінбеді Жемнің суын, мол отын,  
Темір кісен қажытса да төзімін.  
Тұсау – темір. Жел бұйдасы – темірден,  
Азуға сап талай оны кемірген.  
(Міз бақпаған бірақ әлгі темірлер).  
Сәл босанса қашатұғын шығысқа,  
Құтылсам деп мына тосын өңірден,  
Жоқ боп шықты, әлгі аруана бір күні,  
(Дүрбелеңге салып бізді құрғырың).  
Шешем шықты аруананы іздеуге,  
Мен де шықтым мойныма іліп дүрбіні.  
Жағаладық ұзақ күнге Жем бойын,  
Жем бойында тоғайлықтың өн бойын.  
Бақашыдан, Шындауылдан<sup>28</sup> әрі астық,  
Аруана жоқ тоғайларда кең қойын.  
Болған шақта, болған шақта кешкі ымырт,  
Жатты алдымда ескі атыздар... ескі жұрт.  
Бір кездерде болса болар, ал қазір,  
Қалған бәрі, қалған бәрі ескіріп.  
Кенет маған деді шешем:  
– Тоқта, ұлым!  
Осы жұртта береке мен тоқтығың.

<sup>28</sup> Бақашы, Шындауыл – Жем өзені бойындағы қорым атаулары.

Сен туған жер – мына жатқан ескі жұрт,  
Туған жерсіз бәсің төмен, жоқ құның.  
Аунашы, ұлым, жеті мәрте жұртыңа,  
Жасың ұзақ, биік болар шоктығың.  
Аң-таң тұрдым...  
Болды өзгеше сөйлемім,  
Басыма да келді одыраң ой менің.  
– Мына жұрт па?  
Не бар дейсің осында,  
Ондай діндар ырымды, ана, қой, – дедім.  
«Білгендігің емес, ұлым, бұл бірақ.  
Туған жерге махаббатсыз,  
Жаның жүрер құлдырап.  
Кішіреймес едің жұртқа еңкейсең», –  
Депті ару Жем сонда ағып сылдырап.  
Ұғынбаппын, оны мына мен – маубас,  
(Ұғынуға керек боп па молдау жас).  
Тағы келдім, тағы келдім сол жұртқа,  
Ағалық пен Балалығым, ал, даулас!  
Жем суынан қанбастан кеп ішемін.  
Ақ шағылға – құмына да түсемін.  
Туған жерге деген ыстық махаббат,  
Сонау,  
Сонау Аруанаға үздірткен де кісенін!  
Өзгешелеу көңілімде бүгінгі ән,  
(Кінәлі өзім көбін кештеу ұғынған).  
Жүргендігім жыр-көштің ең соңында,  
Сәби кезде сол жұртқа,  
Аунамағандығымнан!

## ӘЖЕ

Жүрегімде сен жүрсің,  
Жалын әже, өр әже.  
Баласы ғой кемпірдің, –  
Деген үлкен дәреже.



Құшағың нұр әкелді,  
Еміренсең маған көп.  
Сенің балаң – әкемді,  
Атап кеттім ағам, – деп.  
Кернеп шаттық санамды,  
Еркін өсіп еркелеп.  
Сенің келінің – анамды,  
Атап кеттім жеңге, – деп.  
Анам деуге келісем,  
Өсірдің қол тигізбей.  
Балам дедің мені сен,  
Басқа адамға сүйгізбей.  
Өтті уақыт, сан жылдар...  
Түссең еске кейде сен.  
Мен әкеммен қалжыңдап,  
Құрдастарша сөйлесем.

\* \* \*

Жан аға,  
Мен саған қарыздармын,  
Көп әлі өтелмеген өзіңе парыздарым.  
Әкеме іні болып,  
Мен саған бала болдым,  
Көңілің маған деген далиған дала болды.  
Бірінде мен өрістен ауылға ат мініп келдім,  
Жылқышы болдың-ей, – деп қолыма құрық бердің.  
Бұл күні оны ұмытып, қалайша жайғасамын,  
Ерге өзі отырды, – деп сен шалқып той жасадың.  
Ұшырдың өз ұяңнан жетіскен қыран қылып,  
Сондықтан маңғаздана маңайға тұрам күліп.  
Жан аға! Сен сыйладың,  
Өзге адам бас иетін,  
Болса бір қасиетім.

## ШОПАН МОНОЛОГЫ

Тақымымда ақ боз атым,  
Ауызымда – өлеңім.  
Жастан кеткем шоқ басатын,  
Қой өргізіп келемін.  
Берілмейді атыма мән,  
Менсінбейді оқыған.  
Мен – малшымын оқымаған,  
Бірақ бәрін тоқыған.  
Менсінбеген менсінбесін,  
Түгел менің ұпайым.  
Қиындықтар келсін, келсін,  
Көрем өмір құқайын.  
Қорықпадым кәрінен де,  
...Шенеунігің ұрғам ба?!  
Мен сыйлымын бәрінен де,  
Қолымда ырыс тұрғанда.  
Жан беремін, жан аламын,  
Мақсат үшін түнімен.  
Мына жердің саналамын,  
Асыраушысының бірінен.  
Мен даламнан бөлектеніп,  
Ұзамаспын алысқа.  
Ұшатындар кезек келіп,  
Ұша берсін ғарышқа.  
Сөндірмесе, сөндірмесе,  
Болды дүние жарығын.  
Сағынышпен мөлдір кесе,  
Олар да,  
Жерге қайта оралады бәрібір!  
Жерге қайта оралады бәрібір!

## ҚҰЛСАРЫ

Орбитаға ұшырған,  
Аспанымсың, Құлсары.  
Ақ ниетін ұсынған,  
Достарымсың, Құлсары.  
Менің тәтті балдырған,  
Жас шағымсың, Құлсары.  
Кеудеме арман жандырған,  
Аңсарымсың, Құлсары.  
Небір хат-сыр салынған,  
Жәшігімсің, Құлсары.  
Жетсем-ау деп сағынған,  
Ғашығымсың, Құлсары.  
Ақыл беріп қайтарар,  
Данамсың сен, Құлсары.  
Көңілім балқып жай табар,  
Анамсың сен, Құлсары.  
О, Құлсары, Құлсары,  
Жанның сәні, жыр сәні.  
Би билеп жүр көшенде,  
Жастығымның нұр шағы.  
Қасиетің мол сенің,  
Жанға қуат, дәрі-бал.  
Маған қажет нәрсенің,  
Сенде, сенде бәрі бар.

## ДӘРІБАЙ ҚАУЫМЫ БАСЫНДАҒЫ ОЙ

О, Дәрібай,  
О, Дәрібай,  
Дәрібай!  
Текті адамның тұқымысың,  
Әрі мырза, әрі батыр, әрі бай.

Жомарт бабам сенен кейін өкпелепті деп бізге,  
«Ұрпақтарым ұсақтапты торғай шоқыр тарыдай».  
Айтар болсам перзентің боп сыр төге,  
Бәріңе де мекен бопты бір төбе.  
Жатырсыңдар, жатырсыңдар тып-тыныш,  
Бір төбеде мәңгі сапар бір кеме.  
Болсам егер шын сырымды баяндар,  
Жапа шексем саған ұшам қанатымды жаям да.  
Баба деймін, әке деймін, аға деймін... мен солай...  
Қарсы ап мені.  
Ертесіне мына сөзді кіргізеді аянға:  
«Аман жүрсін деп тілеуші ек қайда да,  
Тағдырменен ешуақытта ойнама!  
Ерте әлі қосылуға біздерге,  
Тындырмаған істерің көп, ей, Бала!  
Тағдырменен ешуақытта ойнама!»  
...Дейді әке, дейді аға, дейді ана.  
Осы сәтте, осы сәтте түнерген,  
Ап-ашық боп шыға келер айнала.  
Мұңлы ауыл, жырлы ауыл – Дәрібай,  
Жеттік біз де бостандыққа арымай.  
Ұлы бабам Жомарт сынды ұл туар,  
Бір келінді талғақ қыл,  
Әрі мырза, әрі батыр, әрі бай,  
О, Дәрібай!  
О, Дәрібай,  
Дәрібай!

## АДЫРАСПАН

«Ассаламағалейкум, адыраспан,  
Мені сізге жіберді Омар-Оспан».  
Дені сауға шөңгесің қадірі жоқ,  
Ал ауруға дәрісің қадірі асқан.

Ал ауруға дәрісің қадірі асқан,  
Жаралылар жарқылдап жадырасқан.  
Нусыз жерде өсетін, сусыз жерде,  
Неткен шөпсің, киелі адыраспан.  
Өмір-дария толқынын жүзіп көрген,  
Білер сырды тұратын үзіктерден.  
Көктем еді сол жылы бала қызға,  
Сенен моншақ әдемі тізіп бергем.  
Жігіт болсаң өмірден қасқиып өт,  
Жас болсақ та әр іске тас түйін ек.  
Тағы бірде, иә, иә, тағы бірде,  
Дедім: – Кәке, мынаны таспих ет!  
– Арманыңды алыстан ізде, балам,  
Не нәрсе де піседі күзде, балам.  
Адыраспан киелі, – деді кәкем, –  
Киеліні орынсыз үзбе, балам...  
Толып тұрсын Үстірттің даласында,  
Әртүрлі ой бар әркімнің санасында.  
Бір сен ғана дәрусің, адыраспан,  
Апатты аймақ даламның жарасына.

### **ҚОСЫЛА АЛМАЙ ҚОС ТЕҢІЗ...**

Жанарымда – жабырқаған қайғы-мұң,  
Жасыл түсті жапырағын жайды гүл.  
Қаңсып жатқан Аралыма қоса алмай,  
Асып-тасқан Атырауым – айдынын.  
Қос егізім салды-ау мені сарсаңға,  
Ой шытырман жетелейді жол санға.  
Жағалаудың жалмап бірі жайлауын,  
Бірі ұшып айналуға сор-шаңға.  
Арнаң қайда, қос теңізім қосылған,  
Армандай ма қосылсам деп тосыннан.  
Неге ғана жалғасқан қол үзілді,  
Неге ғана екі ғашық шошынған.

Ақ толқындар, көп толқындар шулайды,  
Су – рахат, су – ләззат, су – кайғы.  
Бірі – жүдеп, солып бара жатыр да,  
Бірі – ашуға буырқанып тулайды.  
Болды ма екен қол үздірген тосын жай,  
Соғып жатыр жүректерің басылмай.  
Жадыратар Арал-қыздың ақ жүзін,  
Қаласың ба шынымен  
Атырау-ер қосылмай...

## СЕРТ

Қылыш бол алмас жүзді, асыл жігіт,  
Түсірер қас жауының басын жұлып.  
Біздерге жасық болу жараспайды,  
Исатай, Досан жерін басып жүріп.  
Жалын бол лапылдаған, асыл жігіт,  
Өнеріңмен қара тау тасын жібіт.  
Күй болып күмбірлемеу жараспайды,  
Құрманғазы, Есір жерін басып жүріп.  
Өмірдің өр шыңына ғашық жігіт,  
Буырқанған теңіздей тасып жүріп.  
Отты жыр жазбау әсте жараспайды,  
Махамбет, Абыл жерін басып жүріп.  
Бабалардың үнінде өктем дыбыс,  
Бостандықты аңсаған неткен тыныс.  
Асылдарды алға алып бара алмасак,  
Масылдарды көбейтпей онда өмірден,  
Ертерек кеткен дұрыс!

Үшінші бөлім

**КӨМБЕДЕН КӨРКЕМ  
СЫРЛАР КӨМКЕРЕМІН,  
АЛЫҢЫЗДАР ІШІНЕН  
ЕҢ КЕРЕГІН**

## ЖАРА

(Шағын повесть)<sup>29</sup>

«Қырғыным» –

Жүреkte жазылмас бір мұңым!..

Автор

Байдың жүйкесін жұқартқан келінінің зарлы жоқтауы болды. Күйеуі кісі қолынан қастандықпен қаза тауып, оны тумаластары арулап қара жер қойнына берген күннің ертесіне-ақ ауылдың орта тұсындағы ақбоз үйден араның ызыңындай ащы дауыс сұңқылдады да тұрды. Алғашында Бай онша мән бермей, «қайтсін, байғұс, құдай қосқан қосағын соңғы сапарға шығарып салып жатқаны ғой, міне, келін болсаң осындай...» деп іштей сүйсінген-ді. Бара-бара бұл ызың-ызаның әр сөзі бір-бір бөгелек боп шақты. Жарықтық жылқылар осы бөгелектен жаз күндерінде жанын қоярға жер таба алмай басын шұлғып, құйрығын сабалап, тұяғын тарпып әлек-шәлек болатын еді-ау. «Адам да жылқы мінезді» деген ғой. Әлгі байы өлген келіншектің жоқтау-зары кейбір тарпаң мінезді жігіттердің мазасын кетірді:

Бегіс деген батыр ел,  
Тегіс деген қатын ел!..

Қара жамылған келіншек ауылда Бай жоқта жоқтауын қоя қойып, шаруасына айналысып, ал Бай алыстан ауылға оралып аттан түсіп, асын алдына енді алып жатқанда «әндететін» болды. Әлгі келіні бұл әдісін осы ауыл ашса алақанында, жұмса жұдырығындағы қайнағасының ашуын қоздырып шарасынан шығартып, ерін өлтірген ауылдың күлін көкке шашқызу үшін әдейі істейтін-ді. Тіпті қайнағасының бұл қаралы оқиға жөнінде әлі тіс жармағанына өшіккендей ме?!

Байдың басынан аттап, екеуінің арасында он жыл бойы бітіспес бітеу жараға айналып кеткен бақталастықтың соңының қанды оқиғаға айналуына себепші болған көрінде өкіргір Қара...

Ебелек, қаңбақ шөп емес,  
Тегіс деген ел емес...

---

<sup>29</sup> Автордан: Бұл хикая оқиғаларының кей тұстары ел арасындағы аңыздарға ұқсап кетсе, кездейсоқтық деп қабылдансын.



Қаралы келіннің жоктауындағы әр теңеу нысанасына дәл тигендей осы ауылдағы әр еркек кіндікті шар қайраққа салған қанжардай ширектіріп, өткірлендіре түсті. «Неге біз азаматымыздың құнын ала алмайтындай қатынбыз», «Неге біз ел емеспіз». Қазекен мақалды тегіннен-тегін шығармайды ғой. «Қоянды қамыс өлтіреді, ерді намыс өлтіреді», «Әр кеудеге бір аяқ ас сияды», «Қуыс қуысты жібермейді». Жас жігіттердің бес қарулары сайлаулы, арғымақтары белдеулерінде байлаулы болғалы қашан. Бірақ, ауыл басшысы Бай асығар емес. Асықпақ түгілі осы оқиғаны... түбін сиырқұйымшақтандырып, елеусіздеу ұмыттырып жібергісі келгендей ме?! «Бір адамның екі баласынан тараған ұрпақтың өзара атысып-шабысып кек, құн сұрасып жатқаны естір құлақ пен айтар ауызға ұят нәрсе, бас жарылса бөрік ішінде, қол сынса жең ішінде. Бектің құны төленіп қойылған...»

Басу айтқан бір ақсақалдың бітімгершілік осы сөзі Байды көпке дейін әлгі... қара жамылған ұрғашының арандатуына ылықтырмаған. Айтақтаса арлан алатындай арсылдайтын көпек иттер тәрізді өре түрегелген кейбір жас жігіттерге басу айтқан... Құны төленген деген уәждің де жаны бар болатын. Ол бұдан аттай он жыл бұрын болған-ды...

\* \* \*

Қараның аулына ағайыны Құл келді. Құл бегістердің басшысына арыз айтты. Еңірегінде етегі көз жасына толды. Былтыр Байға қойшылыққа жалданған екен. Ақысы айына бір қой. Жыл өткен соң ауылына қайтқысы келіп, ақысын сұрағанда он бір қой беріп, бір қойын алып қалыпты. Неге бұлай деген сұрағына «күзде бір қойымды қасқырға жегіздің, соның өтеуі» – депті де көп сөзге келмей он бір қойын алдына айдатып жіберіпті. Әрине, бұл Байдың «тағы бір жыл жалшылыққа қал» дегенде қалмаған Құлға істеген қысастығы болатын.

– Аға, – деді Құл. – Аға, ағайыным еңбегімді жеп қалды. Біз бегіс болсақ, ол тегіс. Ал бегіс пен тегіс екеуі де бір әкеден туған жоқ па? Қиянат жасағаны несі? (Құл «бір шешеден...» деген сөзді қосқан жоқ. Өйткені бірі бәйбішеден, бірі тоқалдан тарайтын-ды). Жазығым – жарлылығым ба? Қатын-баламды қара табан, мандай теріммен асырап жүрген адаммын. Қасқырдың шапқаны рас. Түз тағысы менің құйрығын бұлғандатып тұратын асыранды итім емес қой. Қайта

отардың бәрін жайратып кететін бөрілердің жойқын күшінен араша-лап қалғанмын. Жарлының да көз жасын көретін шығар бір Құдай!

Құлдың өткен күзде жұмыс іздеп Байға жалданғанын білетінді. Алдына келген адамның арыз-шағымын мұқият тыңдауды, жарлы-жақыбайға қол көмегін беріп жіберуді парызым деп санайтын, ал мықтымен ғана алысуды, мықтымен ғана бәсекелесуді, мықтымен ғана дауласуды жаны қалайтын Қара шалқасынан жатып, көп ойланбастан:

– Інім, – деді. – Інім, бұл дауыңды маған бер, мен дауласайын Баймен. Айғыр мен айғыр ғана шайнасады, арлан мен арлан ғана таласады. Сенің оған шарқың жетпейтіні белгілі. Байдан алашағың бір тоқты болса, оны менен алып кет!

Құл інісі Қара ағасының ауылынан риза болып аттанды. Әлсізге пана, жетімге қамқор осындай аға бергені үшін Тәңірге шексіз алғысын айтқан. Және жүрген жерінің бәрінде өзінің Байдан көрген зәбірін, Қараның мәрттігін асыра айтып, атағын аспанға шығарған.

Ал Қара болса, ертесіне Байдың ауылына аттанған. Марқасын сойып, қонағасысын берген Бай аттанарда Қарадан бұйымын сұраған. Осы бұйым екі қошқарды сүзістіретін бітпес дауға ұластырған.

– Ол жалшыға берешегім жоқ. Мүйізін сырқырамай-ақ қойсын.

– Бар. Жарлының еңбегін қанама, Байеке! Оның сенен алашағын алдыма жылап келген соң мен төледім. Енді әлгі қойыңды маған берешексің. Тіпті бермесең де болады. Тек айыбыңды мойындасаң болғаны...

– Қареке, менің ешкімнен алты аласым, бес бересім жоқ.

– Тағы айтамын, жоқ емес, бар, Байеке! Інім Құлдың еңбегін жеп отырсың. Оның есімі Құл болғанымен, өзі саған құл емес. Сол бір қой отарыңда жүре береді. Бірақ есінде болсын, ол жыл сайын өсіп отырады. Мәселен, келер күзде екі қой, арғы жылы төрт қой, одан арғы жылы сегіз қой, одан арғы жылы... Солай, Байым, мені ашуландырма бір тоқтыға бола...

– Сен де, Қареке, ағайыныңмен кетіспе бір тоқтыға бола... Далаға шашатын малым жоқ...

Табиғат қыңырлықты Қараға да, Байға да бірдей тең бөліп берген екен. Уәдесін ұмытпай келесі жылы Қара Байға «екі бас қойымды беріп жіберсін» деп хабар жіберген. Оған алынған жауап: «Ешкімге бес бересім, алты аласым жоқ».

Екі дәу осылай бір атадан тараған екі ауылды екі бөліп басқарып, көшіп-қонып жүре берген. Бұрын бір басшыға бағынатын екі ауылдың бұлай қоныстарын бөлектегені «ортақ өгізден оңаша бұзау» болып шықты.

Қара жыл сайын Байға хабар салып, алашақ малының санын ескертіп отыруды ұмытқан жоқ. Уақыт деген тез өтеді ғой. Сөйтіп, ит-ырғылжыңмен жүргенде он жыл өтіп-ақ кетіпті.

«Дауды сатып алады» атанған, айбаты алысқа тараған, атын атағанда жылап жатқан бала жұбанатын Қара ақбоз үйінің төрінде шалқасынан шаңыраққа қарап жатып, іштей есеп шығарған. «Он жылда бір қой мың қойға жетеді. Мың қой. Ал мың қой Әз-Тәуке ханның жеті жарғысында айтылғандай бір ер кісінің құны. Егер әйел болса – екеуінің. Мен ғой Байдың Құлға берешек, бірақ қараулық істеп, зорлық жасап бермей кеткен дауын орнына бір қой беріп сатып алдым. Өйткені құлдың аты құл. Байдан алашағын ешуақытта қай биге жүгінсе де ала алмайды. Енді Бай маған берешек. Құл түгіл оны мен де ала алмай жүрмін. Адам байыған сайын қалтырауық болады. Мың қой – бір ердің құны. Байды сабасына түсіретін кез осы. Бұны есіне салып есеңгіретейін...»

Бірақ бұл ойының елге ойран салатынын, өзіне де, Байға да көптен тісін қайрап, оң жамбасқа бір келсеңдер деп жүргендердің қармағына түсіп бармақтарын шайнап, сүйекке кетпес таңба салдырып өмірден өтетіндерін білген жоқ.

\* \* \*

Дара көк теңізге сұғына кіріп жатқан Ман аталатын ежелгі өлкені еркін жайлап отырған Арай руының көсемі болатын. Сегіз арыс Арайдың еңкейген кәрісінен бастап еңбектеген баласына дейін Дараның айтқанынан шығып көрмеген. Жарылқаушы да, жәбірлеуші де өзі. Алғаш рет айтқанын тыңдамаған, айдағанымен жүрмеген осы Қарағана еді. Үйдің ішінен үй тігіп, өзіне табиғи тайпаны бөліп алды да, өз бетінше көшіп-қона берген. Рулық жүйенің іргесін сөкті. Алғашында ел ішінде бір тентек жүре берсін деген-ді.

Бірде Дара тапсырма бермек боп Қараны шақырған. Ал Қара болса «қолым тиген кезде соғармын» деген сәлемін айтып жүріп алды. Қолы тиген кезде рубасының шақыруы есіне түсіп, Дараның аулына келген.

Қараның қарасын алыстан көрген Дара ат үстіндегі адамға асылып айбат шегетін түрікпен тұқымды алабай төбетін босатып қоя берген. Бұл Дараның да Қараға деген ішкі қыжылының сыртқа шым-шым шыққан көрінісі еді. Ойы алабай төбеттің айбарымен Қараның қауқарының қандай екенін көріп алмақ. Өзгелер болса алыстан алабайдың төбесін көргеннен-ақ «ұстаң, ұстаң...» – деп безілдей жөнелетін-ді. Ал Қара болса сасқан жоқ, аттың омырауына алдыңғы екі аяғын асып алған ызбарлы дәу төбетті қолындағы қамшының тобылғы сабымен тұмсықтан шертіп қалғандай ма, әлгі «дәуің» «қаңқ» еткен дыбыс шығарды да сылқ етіп құлап түсті. Сол құлағаннан тұрмай қалды.

Дара «итімді өлтірдің» деген жоқ, Қара да «алдымнан күшігінді арсылдатып жаман қабақ таныттың» демеді.

Сол күні Қара Дараның аулына қонып қалды.

Ертесіне жүрер кезде аты жоқ болып шықты. Көкке ұшты ма, жер жұтты ма, белгісіз. Сұрастыра келе алған жауабы: «тентек балалар қойға мініп кетіпті, кешсіз келмейді енді, асығыс болсаң алдындағы құдық басында жылқылар тұр, ішінен біреуін ұстап мінерсің...» болды. Дара Қараны осылай ықтырып алмақ. Рубасымен қалай сөйлесу керектігін түсінсін. Жалғыз жаяуға жайлаудағы ұзын сирақты желмен жарысқан бос жылқы ұстата ма? Ерін арқалап аулына эзер жетсін, – дегендік еді.

Қара да мәрттігінен бір сәт айрылғысы келмеді. Астындағы атының кешегі алабай төбеттің төлеуіне қалғанын түсінді. Ат болғанда қандай еді. «Ат – ердің қанаты». Қара тегін ат мінбейді ғой. Ерін арқалап жүре берді. Төбеден асқанда құдық басында бір үйір жылқы қамалып тұр екен.

Сәттілікті қойсайшы. Мойнына шылбыр сүйреткен сүліктей сұлу торы айғырға көзі түсті. Мойнына бұғалық салғанмен жылқышылар кеше ұстауға әлдері келмей жіберіп алған-ды. Қара қуанып кетті. Анау шылбырдың бір ұшы қолына тисе, қанша асау, қанша тарпаң болса да торы айғырдың тақымына басыларын түсінді. Ең бастысы жылқыны үркітпей, елеусіздеу болып жақындау керек. Жалғыз жаяудан жылқылар онша үрке қоймады. Қара қырындап барып шылбырға жабысты. Жерден көтерген бойда сілкіп қалып, екі өкшесін қара жерге қадай қойды. Екі өкше қара жерді қак айырып барып кілт тоқтады. Темірше тартылған шылбыр дір-дір етеді. Сілкіп қалғанда торы айғырдың омырауындағы шылбыр тамағына дәл келген екен. Екі иіні-

нен дем алып, қылғынып, шыбын жаны мұрнының ұшынан шығып кетердей. Көз ілеспес жылдамдықпен жүгенделіп, аяғына тұсау мен өренің қалай түскенін білмей де қалды торы айғыр. Арқасына ер салынып, Қара қарғып мініп жүре берді. Торы айғыр бас білген жылқы екен. Мықтының тақымының қышқаштай тым қатты екенін сезген соң көнбеске амалы қалмады.

Қара торы айғырдың үстінде Дараның көзіне түскісі келді де, бауырын жаздыра ауылдың тұсынан шауып өтті. Айғырды алып қалмаққа тұра ұмтылған баласын Дара тоқтатты. «Кете берсін, қайсар екен, қаймықпады, қайыспады, жігіттің сырттаны екен-ау!» Дара әрі сүйсінді, әрі қызғаныштың қызыл иті ішін өртеді. «Өзіне қызмет ететін осындай жігіттер болса, шіркін-ай! Көнбей кетті ғой. Сырттан екен-ау. Бірақ сырттан да қақпанға түседі. Бағынбағанды басына жіберуге болмайды. Бір айласын табу керек...» деген сонда Дара тісін қайрап, бармағын тістеп тұрып.

\* \* \*

Арайлар өздерінің арғы тегін күн шуағынан жаралған Ұлы Қаһанның ұрпағымыз деп санайтын. Атадан балаға тарап келе жатқан шежіре солай. Сондықтан да Дара қазақ рубасылары басқосуларында өзін өктем ұстайды. Буынсыз жерге пышақ ұратын тұстары да бар. Ашық айтпаса да, сөзінің әр екпінінен «сендер қарасындар, ал менің бойымнан жиһангер Патшаның қаны тулайды. Танысаң күннен тамған Араймын, танымасаң Құдаймын» лебі есіп-ақ тұрады.

Мұндай өктемдікті Арайдың ілкі көсемдерінің бірі Ата мырза да ұлы ханның өзіне көрсеткен ғой. Жаугершілікте қолға түскен қазыналардың ішіндегі хан сыбағасын «ол маған тиесілі» деп қасқайып тұрып сұраған қарашаны о заман да бұ заман кездестірген адам бар ма екен?! Жоқ қой жоқ. «Егер маған берсең, қалмақ қонтайшысының қызы – ханшаны күшпай бер», – дегенде, хан маңайындағылар ұлы мәртебелінің қаһарына ұшырап қалудан зәрулері кеткен ғой. Ал Ата мырзаға мұндай өктем сөзді айтқызып тұрған өзінің де арғы тегі хан тұқымы екендігі болатын. Әбден қараша болып кеткен Атадан бірақ хан тағына еш қауіп жоқ-тын. Тек пайда ғана болатын. Соны ұққан хан Атаға сұраған асылдарының бәрін берген ғой. Бүгінде Арайдың жартысын осы қалмақ қызынан туғандар құрайды. Сонымен бірге Арайлардың ішінде кімдер жоқ дейсің. Елінен зәбір көріп қашып кел-

гендер. Киімді балалар, қыздан туған жиендер. Арай өзім деп келгендердің ешқайсысын да жатсынбай, ішіне тарта білген.

Иә, ерте, ерте, ертеде Арай атты хан болыпты. Тақты тақымға қысып отыру қиынның қиыны. Басты жау – өз бауырларың. Билік жолында әкең де, анаң да, ағаң да, апаң да, бәрі – құрбан. Арай да көп тұрақтай алмай, таққа бакталас соңынан еріп келе жатқан өз бауырының қолынан ажал табады да, балалары жан сақтау үшін тоз-тоз болып қашады. Тақ мұрагері Ел Алтай тауының орманды етегіндегі Жем-Ене жазығында, Жем-Ене өзенінің бойында отырған қалың жұрт ішіне бой тасалайды.

Жалғыз атты жолаушы шөлдеп келе жатып, алдынан алғаш кезіккен ақбоз үйге түседі. Үйде бәйбіше мен бойжеткен қыздан басқа ешкім жоқ екен. Отағасы аңға шығып кетіпті. Қымыздың сапты-аяғын тартып алған жолаушы жігіттің көзі ілініп кетсе керек. Кенеттен шыққан айқай-шудан оянып кетіпті. Алаңсыз отырған, еркек кіндіктері ертелетіп аң қағуға кеткен ауылға бір топ қарақшы шабуыл жасап, тонамақ ниетте екен. Бес қаруы бойында жүретін ханзада орнынан атып тұрады. Ақбоз үйдің сықырлауығын найзаның ұшымен ашып, іштегілердің түгел сыртқа шығуын талап етіп тұрған әумесер қарақшыны ат үстінен жұлып алады да, өзі атқа қарғып мінеді. Жалаң қылышын жарқ еткізгенде бұндай ер жігіт ауылда жоқ деп ойлаған қарақшылар қаша жөнеліпті. Сөйтіп жалғыз жолаушы ауылды тонаушылардан құтқарып қалады. Бәйбішенің де, сұлу бикештің де ыстық ықыласы жас жігітке ауады.

Бәйбіше аңнан оралған үй иесі Қын байға болған оқиғаны түгел айтып береді де, «отағасы өзіңнен қолқам бар. Егер орындасаң ғана айтам. Ал орындамаймын десең онда ішімде сыртқа шықпай тұншығып қала бермек» деп назданады. Қын шабуылшылардың да кімдер екенін сезетін. Осы үйдің қызына қырындап, «берсең қолыңнан, бермесең жолыңнан» деп жүрген атышулы ел тонаушы еді.

– Қолқанды қабыл алмасам назың сызға айналып, сол қолқана тастығыларын ұғамын. Бұлай қинамайтын едің. Бір білгенің бар шығар. Айт ендеше!

– Айтсам, «қырықтың бірі қыдыр» деген. Мына жолаушы тегін жігіт емес. Алланың бізге жіберген аманаты шығар. Тектілігі тегеурінді көзінен төгіліп тұр. Бибіні қосалық, өзімізге бала етіп қабылдалық. Жел жағымызға пана болар.

Қынға да Елдің сыр-сымбаты ұнап қалған-ды. Әрине, жігіттің жасырын сыры бар екенін де білді. Білсе де, бәйбішесінің қолқасын қабыл алады.

Қын елдің есінде қаларлықтай айран асыр той жасап, Бибі мен Елдің некесін қияды. Бірақ жатса да, тұрса да Елдің ойынан хан сарайы, әкесінің інісінің қатігез қылығы кетер болмады. Есі-дерті өзіне жақтастардан қол жинап, қайткен күнде де әке тағын қайтадан тартып алудың қамы. Үйленгеннен кейін көп кешікпей келген жағына азынаулақ жігіттермен аттанып кетеді де, содан еш хабар болмайды.

Ал құдай қосқан жарын күте-күте екі көзі төрт болған Бибі сұлу айы-күні жетіп, аман-есен босанады. Осы кезде Ел шайқаста жау қолынан қаза тапты деген жаманат хабар жетеді. Аты Ел болғанымен, ел-жұртты басқару арманына жете алмаған ханзада өзін жасырған қараша қалпында дүниеден өтеді. Әйтеуір ғұмырын жалғастырар ұрпақ қалдырып үлгереді артына. Ол ұрпағы аман-есен өсіп, өз қолы өз аузына жетуі үшін алшын Қынның ұлы ретінде қараша болып тәрбиеленеді. Тұмса босанып, қалжырағанын басуға қалжа жемек боп бағыланның бал етін аузына енді ала берген, сағыныштан сарғайған Бибінің құлағына «күйеуің ажал құшты» деген хабар қанжардай қадалады да, жүрегі жарылып сүйіктісінің артынан жүре береді. Жарық дүниеге шыр етіп түскен бойда әке мен шешеден бірдей айрылған сәби жетім қалады.

Қын жиеніне Арай деп атақты атасының атын береді де, жас әйелі Моншақтың бауырына салады. Моншақ та сол кезде жас босанып, Қаз атты ұлын емізіп отырған-ды.

– Арай – жиен емес, ұлым, – дейді бай. – Жанымдай жақсы көретін Бибімнің көзі. Бетіне шаң тигізбей өсіремін. Шикілік сөз айтқан кім болса да менен жақсылық көрмейді.

«Қаз бен Арай емшектес» деген нақыл содан қалған-ды.

Арай жөнінде әңгіме көп. Біреу өсіріп айтады, біреу өшіріп айтады. Аңызға құлақ түрсең, Қынның бәйбішесі балаларына енші үлестіріпті-міс. Далада ойнап жүрген Қаз бен Арай кешігіп барады. «Ойбой, сендерге не берсем екен, бәрін бөлісіп алып кетті ғой, жүгірмектер, ертерек келсеңдер қайтеді.» Жан-жағын қарманған бәйбіше Қазға: «Саған қазанымның құлағы, ал Арайға – бұтымдағы тылағым: барыңдар соған риза болып» деген екен. Арай «өз баласына ырыс – қазанның құлағын берді де, маған бұтымдағы тылағым – деген құр

сөзбен қолын шығарды» деп ренжіпті. Шын мәнінде нағашы әжесі жиені Арайға ерсілеу қылық танытқанымен, ер жігітке аса қажет әйелдің махаббат сезімін сыйласа керек. Еркек үшін әйелдің өзіне деген ықыласынан асқан не бар. Әжесінің еншісінің арқасында Арайдың ұрпағы дүркіреп өседі. Ол ауылға түскен келін торсық шеке ұл-қызды толассыз таба берген де, олар қаулап өрби берген ғой. Сөйтіп жетім баладан тараған ұрпақ қыдыр дарып, қазақтың ең қабырғалы руларының бірінің дәрежесіне жеткен.

Арайлардың кейбір орынсыз өркөкіректігіне, шашпалығына, қыңырлығына ыза болғандар қыздан туғанын, әкесіз өскенін бетіне басып әлек болып жатады. Бірақ оған апшып, ісіп-кеуіп жатқан арайлар жоқ. «Біз нұрдан жаралғанбыз» деп айды аспанға бір шығарып, насыбайды ауызға бір атып, шырт түкіріп жүре береді. Ал нұрдан кімдердің жаралатыны белгілі ғой. Бұл сөздің шығуының да өзіндік сыры бар.

Бірде Дара Қызылжар жәрменкесінен келе жатып, жолда Жем өзенінің бойында отырған қаздан тарайтын дәулетті құдасының үйіне бір топ серіктерімен сау ете түседі. Құда құрақ ұшып қарсы алып, қонағасы береді. Үйде қаздың от ауызды, орақ тілді ақыны Қашау отыр екен. Өткір тілі губернаторға тиіп кетіп, Сібірге айдалып келген беті болатын.

– Қашау ақын, аман-есен елге жетуіңмен, айтқандай, осы итжеккенге кетуіңнің себебі не еді? – дейді Дара сөз арасында. Сонда Қашау кекесін сұраққа шамданғанын жасырмай, Дараны шағып алады: – Арай нағашымның әкесін іздегенмін!

Үйдің ішін үнсіздік басты. Қонақтардың беттері әп-сәтте ісініп, көздері алайды. Бірақ қарымта жауап қайда? Оны кім айтпақ? «Айтпаса сөздің атасы өледі». Дара атқосшысына қарап, Көмей жырауды алып кел дегендей ым қақты. Жәрменкеден бірге келе жатқан жырау өз жекжаты көрші үйге түскен-ді.

Ақынға ақын ғана жауап беруі керек. Әңгіме жарасым таппай қалды. Көп күттірген жоқ, Көмей жырау есіктің табалдырығынан бір аяғын аттаған бойда тұра қалды да домбырасын қағып-қағып жіберді. Сосын қоңыр дауыспен әуендетті дейсің. Шежіре-жыр ағытылды. Орындарынан атып-атып тұрған қонақтар қаққан қазықтай қаздырып қалыпты. Бәрінің назары жыраудың ауызында. Үй толы кісілер тым-тырыс. Көмей жыраудың көмейінен небір алтынды, күмісті шу-



мактар төгіліп жатты... Тақ етері Арай Алланың әмірімен еркектің жүзін көрмеген Бибі шешеміздің құрсағына нұрдан түсіпті...

Адам ата, Хауа ана жұмақтан қуылып, Жерге түскенінен басталатын жырды адамзаттың өсу-өркендеу жолдарын, бел-белестерін тізіп-тізіп толғай келіп былай түйіндейді: «Қашаужан, сен де сұңқар, мен де сұңқар, сұңқарға сұңқар ғана болады іңкәр. Әкемді егер менің тауып келсең, мойныма шешем таққан тұмарымды ал... Білгендерге дүние жалған екен, бұл сырым бабалардан қалған екен. Жаратқан Ием анамыз жатырына, нұрымен әкемізді салған екен»...

– Уф!

Дара Көмей жырауға асқан ризашылық сезіммен қарап, қасынан орын ұсынды. Тәуба, тәуба, Арай батырға да, биге де, палуанға да, ақынға да, әншіге де, мешкейге де кенде емес екен-ау! Және Дараның жанында осылардың бәрі де бар еді. Жәрменкеде бойларына біткен өнерлерімен дараланып, бас жүлделерді иеленіп, көңілдері өсіп, мерейлері тасып келе жатқан-ды.

Енді Қашау ақын не дер екен. Жоқ, ол да Көмейдің жауабына қанағаттанғандық танытты. – Сен жеңдің, Көмей, шындыққа бергісіз ұшқыр қиялыңмен, қисынды дәлеліңмен жеңдің. Егер қаласа, дүниені тарының қауызына сыйғыза алатын Алланың құдіретіне шәк келтіре алмаймын, дұрыс бәрі, ақындық шабытың дер шағында екен. «Барлық пәле – тілден», «Өнер алды қызыл тіл». Иә, тіл өрге де шығарады, көрге де түсіреді. Мен осы тілдің құрбанымын. Саған бұндай тағдырды қаламас ем. Өрлей бер! – Қашау орнынан тұрып келіп, үстіндегі шапанын Көмейдің үстіне жапқан. Сосын Дараға қарап былай деді: – Ашуыңды ішіңе бүге білдің. Және бұл жерге тілдінің қажет екенін ұқтың. Оны ұқпасаң Дара болар ма едің. Арайдың тарихы біздің зердеміз жете бермейтін есте жоқ ескі заманнан бастау алады – деп тұрғой мына Көмей жырауың. Иә, адамзат тарихы түпсіз. Сол түпсіз тереңге тұншықпай бойлай алғандар ғана тылсым жұмбақты шеше алады. Иренжіме, Дара, бәріміз де оны түсінуге дайын емеспіз. Ол үшін Көмей жыраудың көрік-көкірегіндегідей батын<sup>30</sup> көз керек. Бізге бұйырған сыбаға – әркімнің өз түсінігімен өмірден өтетіні.

Осылай Көмей жырау Дараның мерейін тағы бір асырған-ды. Содан Дара шешілді дейсің. Қарасөздің шешені екен, екібастан өзі

<sup>30</sup> Батын көз – дүние тылсымын меңгерген кездегі ғалымдардың көкірек-көзінің ашылуы.

Арайдың көсемі ғой. Арай руының тарихын жанындағыларға бастарын шұлғытып қойып саралаған сонда... (Шіркін, солар шерткен шежіренің, бізге, қырық күн шілдеде үзік-үзік қара суларға айналатын Жем өзені секілді сұлбасы ғана жеткен ғой).

\* \* \*

Байдың бекзат інісі Бек бастаған қалашылардың Бесқалаға аттанғанына екі айдың жүзі болған. Келер мезгілі әлдеқашан өтіп кетсе де, әлі хабар жоқ. «Базаршының кешіккенінен дәмет». Ауылдың тері-тірсек, жүн-жұрқасымен қоса, табын-табын жылқысын базарға айдағандардың сауда-саттығының ұзаққа созылатыны түсінікті. Барып өткізіп болған соң елге керек-жарак нәрселердің ұшығы жеткізбейтін. Қыстың қамы астықтан бастап, кездеме мата, айна-тараққа дейін әркімнің аманаттарын ұмытпай алу керек.

Артынып-тартынып, ырғалып-жырғалып келе жатқан ауыр жүкті көш-керуен жалпақ жатқан қазақтың кең даласының шетіне де жетті-ау. Ұзақ жолдан шаршаған ер жігіттер белбеулерін босатып, қырағылықтарын бәсеңсітіп, қылыштарын қынабына салып, ауылдағы ата-ана, абзал жар, бала-шағаларына қауышуға аз-ақ уақыт қалған. Анау – Дараның, мынау – Қараның ауылы. Ал Байдың ауылы бұлардан әрірекке ығысып, жаңа жұрт аударған екен. Енді бір аттаса...

Кенет бұлар жиектеп келе жатқан сайдан көш алдында әудем жер озып кеткен Бектің тұсынан баран атты шыға келді. Бетін тұмшалап алған қараниет қарақшы келе Бекті шоқпарымен ондырмайтындай бір ұрып, атынан құлатты да, жайбарақат келе жатқан керуеншілер естерін жинағанша, сайға қайта түсіп, ілезде көзден ғайып болды.

Бәрі көзді ашып-жұмғанша болды. Ешкім ешнәрсе түсінбей қалды. Айлық жолда жауға алдырмаған жігіттер өз жеріне табандары тиіп, арқаны кеңге салған кезде дәл мұндай пәлеге ұшыраймыз деп ойламаған-ды. Қараса, Қараның ауылының тұсынан өтіп бара жатыр екен. Демек, бұл іс – Қараның ісі. Байға айтқан ескертпесі бар. «Мың қой – бір ер кісінің құны...» Қалашылар Байдың ауылына басын тауға да, тасқа да соғып, «ой, бауырымдап...» кірді.

Әп-сәтте-ақ «Қара Байдың інісі Бекті өлтіріпті. Масқа-р-а! Айтқан сертіне тұрған екен» – деген қаңқу сөз қалың елге шөп басымен де, құс қанатымен де тарап жатты.

«Бұл менің ісім емес»... деп қанша қақсаса да, ешкімді сендіре алмаған Қара ең соңында ашуға мініп: «Сенбедіндер ғой, қолы қара мен-ақ болайын, ал кесіндер к...ді,» – деп тұрып алған. «Өткір қылыш жанға қас» дегендей, тым өркөкіректік те адамның қас жауының бірі емес пе?!

\* \* \*

Бұл оқиғаның соңы қалай да қанды оқиғаға алып келетіндей шиыршық атып ширьға түсті. Иә, Байдың алыстан ауылға оралып, асын алдына енді ала бергені сол еді... қаралы келіншек бар шаруасын тастай салып, зарлы жоқтауына қайта басты:

«Бегіс деген батыр ел,  
Тегіс деген қатын ел...  
Бектің кегін ала алмай,  
Үйінде арам қатып өл,  
Қай-на-ға!...»

Бай ерніне енді апара берген кесені лақтырып жіберді. Ашу бұрк етіп бетке шапшыды. Күре тамыры күмпиіп кетті.

– Жағы қарысқыр мына қатынның жағын қарыстыратын кім бар, а-а?! Ішкеніміз ірің, жегеніміз желім болды ғой... Балға, а, Балға, қайдасың?! Жина жігіттерді. Қараның қанын ішем, шаңырағын ортасына түсірем!..

Қызу қанды жігіттердің де көптен күтіп жүргені осы сөз болатын. Әп-сәтте жинала қалды.

Жақсы жарақтанған жиырма жігіт Қараның ауылын шабуға аттанып кетті. «Көрсін енді кімнің батыр, кімнің қатын екенін..» «Ашу – дұшпан, ақыл – дос». Арыстан кейпіне түскен ашу ақылдың белінен бір басты да, қан толған көзге ештеңе көрсетпеді. Жиырма жігіттің жиырмасының да есіл-дерті – қамсыз жатқан Қараның ауылын басып қалып, әңгір таяқ ойнату. Бұрын бабалары ата жауы – қалмақтардан, көршілері түрікпендерден ұлтарақтай жерін қорғап, жанын шүберекке түйсе, енді бұлар өз туыстарының басына қара түнек орнатқалы келеді. «Бектің кегін алмасаң, үйінде арам қатып өл!» Басына бөрік киген әрбір еркек бұндай сөзді естігеннен...

Қайрауы әбден жетіскен жігіттер тіпті олардың өздерінің «ұяластары» екенін де ұмытты, «жалған намыс жарға жығады» деген осы да.

Бөрілер қан көрсе, ұяластарын да талап жеп қояды ғой. Бұлардың да бойындағы сол бөрі мінез ұйқысынан оянып кеткендей.

Таң алдында тәтті ұйқы құшағында жатқан ауылды бұлар ту-талақай қылды. Әр жігіт өздерін бір-бір Қобыланды, бір-бір Алпамыс тәрізді сезініп, жазықсыз, қарусыз, әлсіз жандарды найза ұштарына іліп лақтырды. Бейне Сырлықала мен Қырлықаланы шапқандай шапты. Бай сөзіне тұрып, бақталасы Қараны төсегінен басып қалып, қанын ішті. Енді Қараның екі жасар немересін борбайынан ұстап лақтырғалы жатыр еді, қарсы алдында иіліп сәлем етіп тұрған жас келінді көрді. Көзінде жас, «қайнаға, сауға, сауға, күнәсіз сәбидің қанын маған қиыңыз», – деп жылады.

Байдың осы кезде ғана барып есі кірген-ді. Қарсы алдында жібек орамалы сусып жерге түсіп, қолаң шашты қос бұрымы тарқатылып, екі иықты жауып кеткен бір кезде өзі бата берген жас келіншек иіліп сәлем етіп тұр.

Есін жаңа жиған Бай немен жуса да кетпейтін, кешірілмейтін күнә істегенін енді түсінді. Баланы жас келіншектің қолына ұстата салды. Жайлауда отырған он үйдің быт-шытын шығарып жүргендерге аюша ақырды:

– Тоқтатындар, жігіттер!

Бірақ бұл кеш айтылған бұйрық еді. Он үйлі жазықсыз жан қырғынға ұшырады. Көбі не болғанын, өз тумаластарының неліктен бұлай қатыгезденгендерін білмей-ақ кетті.

Бай есін жиды. Есін жиды да, айналаға қарады. Қан жоса болып жайрап жатқан ауыл. Бейне бір кездегі Хиуа хандарының жорығынан кейінгі шабылған ауылды елестетті. «Бұлай істеген кімдер екен?» Өздерінің ісі екеніне сенбей тұрғандай... «Жоқ, мен емес мұны істеген, мен емес», – дей берді Бай. «Ашу – қасқыр, ақыл – бағылан». Қасқыр бағыланды жеп тынды. «Әйелдің айтқанын тыңда, бірақ соя айтқанына қарсы іс қыл». Қайран әкесі осы нақылды үйде де, түзде де жалықпастан қайталап отыратын. Бірақ оның мән-мағынасын ұғынбапты ғой, ұғынбапты бұл. Қолмен істегенді мойынмен көтеру керек. Ертең Дара билер сотын шақырады. Дар ағашының қыл арқаны өз мойнына ілінгелі тұрғанын түсінді Бай. Бір әйелдің зар-байбаламы қырғынға ұшыратты, бір әйелдің ибалық сәлемі қырғынды тоқтатты. «Еркекті ақымақ ететін де, ақылды ететін де – әйел!»

\* \* \*

Сонау, бұдан он жыл бұрынғы жалшылықтың еңбек дауынан кейін Құл біржола аңшылыққа бет бұрған-ды. «Енді ешкімнің есігіне телмірмеспін». Айдалада Алланың аңы көп, оларды да адамның азығы үшін жаратқан. Құл өзін ғана емес, көрші-қоланды да киік, арқар, қоян, қарақұйрықтың етіне көміп тастайтын. Киімдері де киіктің жарғақ терісінен тігілетін. Қақпан құрумен бірге, жан серігі – мылтығы бағытталғанын жібермейтін.

Иә, сонау Байдан зәбір көргеннен кейін үйіне келіп жатып алған. Үй шаруасына да араласпаған. Ешкіммен шешіліп сөйлеспеген. Ұзақ ой үстінде, өз-өзімен жүрді де қойды. Бірде әкесі «балам, бұлай босқа жата берген жігітке жараспайды, кәсіп қыл», – деген. Сонда Құл біраз үнсіздіктен кейін: «Кәке, бір өтініш айтсам орындайсың ба?» – дегені. Енді әкесі үндемей қалған. Тағы біраз мезгіл өткен соң әке өткендегі сөзін қайталаған, оған баласы сол бұрынғы сұрағын қайта көлденең тартқан. Әке тағы үнсіз қалған.

Әке біраз уақытты өткізгеннен кейін «балам, кәсіп қылсайшы...» деген сөзін үшінші рет айтты. Баласы да «Өзіңнен өтінішім бар, орындасаң ғана айтам», – деп тұрып алды. Әке баласының ойындағысын жете білмесе де, келісімін беруге мәжбүр болды.

– Алған бетіңнен қайтпадың-ау! Тегіміз солай, қасарған жерінен қан алмай қоймайтын. Айт өтінішінді...

– Аңшылық құрам. Боталы інгенді беріңіз, мылтыққа ауыстырам.

Боталы інген бір үйлі жанның таңдайына тартып отырған жалғыз сауыны болатын. Әке қапелімде не дерін білмей қалса да, уәдесін жұта алмаған.

Құл боталы інгенді жетелеп, қалашылармен бірге жүріп, Бесқаланың саудагерлеріне мылтыққа ауыстырған-ды.

\* \* \*

Құл мен Бек түйдей құрдас болатын. Жастайынан бірге өсті. Балалықтың да, бозбалалықтың да бал дәуренін бастарынан бір кешті. Қар көбесі сөгілген наурыз айы туа Манның ойын қыстап шыққандар жасыл жайлауға жеткенше асығатын. Әр ауылдың өз жайлауы бар. Жем, Сағыз, Ойыл, Қиыл өзендерінің бойларына дейін қанаттарын жаяды. Көш қызығы өз алдына бір әлем десе болғандай. Ойдан Қыр үстіне көтерілген соң-ақ ың-шыңсыз сұлық жатқан дала дүбірге

толады. Отар-отар қой, келе-келе түйе, табын-табын жылқы, түйелері тізбектелген, әсем-әсем жасау артқан көш керуені аспандағы жыл құстарының ұзын тізбегін көз алдына елестететін. Көш пен көштің арасында жосылып, ала шапқын, аударыспақ ойнаған, мүше алып қашқан, көкпар тартқан, асау жуасытқан бозбалалар мен бойжеткендер астындағы аттарын ақкөбікке шомылдырып жүргендері.

Бек ойынқұмар, әзілкеш, аңқылдаған, аузын ашса, қолқасы көрініп тұрады дейтіндей, әншілігі бар, үлкенге де, кішіге де жұғымды салсері жігіт болатын.

Сондай бір жылғы көші-қон кезінде Құл мен Бек бір топ нөкерлерімен Дараның көшіне келді. Келе, көштің алдындағы көсем түйенің үстіндегі текемет қоршауында бәйбішенің қасында отырған қос аруға тиісті.

...Көшкен едік бетке алып төскейді біз,  
Емшегің ұстамасам, өспейді қыз...

Бек ән ырғағын әуендете отырып ат үстінен көсем атанның үстіндегі қызға қолын созып, қыздың кеудесіндегі қос алманы ұстап, қысып-қысып жібермек тәрізді кейіп көрсетуде. Ұйлыққан көш тұрып қалды. Нөкерлер көш иесі бәйбішенің қалай ашу шақырарын күтіп, әлденеден қуыстанғандай-ды. Бірақ салиқалы бәйбіше ондай жөнсіз қылық танытпады. Керісінше атанның бұйдасын тартып, «қой деймін енді, жүкті аударасың, шешек шыққыр.

Бота болсаң, мойнақ бол,  
Жігіт болсаң, бойдақ бол, –

деген осы-ау», – деп сылқ-сылқ күліп жүріп, Бектің қолына бір ұшы түйілген қызыл шарқатты ұстата салды. Бұл «мүше алып қашу» ойынын бастау еді. Кімнің аты жүйрік, мүше сонікі. Сосын мүше тиген жігіт, әлгі орамалды кімге сыйға тартарын өзі біледі.

Әлгі бозбалалар тобы Бектің артынан аттарын борбайлап, тырағайлап шапты. Құлдың аты да жүйрік болатын. Бек пен Құл ат үстінде алысып барады. Бек кенет Құлға сыбыр етті: «Құрдас, ана төбенің баурайына барған соң аттан түсе қалып күресеміз. Сен менен бүгін жығыл. Тілеуім сол. Мына орамалды Дара көсеміміздің қызы Айға сыйға ұсынғым келеді. Қыз менің күшіме де риза болсын». Құл да сөзге келместен: «Иә, солай болсын», – дей салған.

Екі жігіт аттан түсе сала алыса кетті. Арттағы көш қапталдарына келіп қалды. Көштің түйелерінің үстіндегі жәудір көздердің наза-

ры алысқан екі жігітке. Көсем атанның үстіндегі екі қыз да, бәйбіше де қызыға қарап қалған. Кенет күресіп жүрген Құлдың жанары түйе үстіндегі Гүл қыздың жанарымен тоғысып қалған. Қыз көзі бар нұрын төгіп жәудірей қалыпты. Құлға енді шегінетін жер қалмаған. Әуіп – деп Бекті алып ұрған... Уәдеге тұрмағаны үшін Бек ашуланып Құлды қамшымен бір тартқан да, атына міне сала айдалаға шаба жөнелген. Екі құрдас содан бір жыл бойы бірін-бірі көрмей жүрген-ді. Сөйткен Бектен айырылып қаламыз-ау деп кім ойлаған?! Дүниенің бұлай астан-кестен болып, бұрынғы қызық-шыжықтардың көзден бұлбұл ұшарын кім болжапты.

\* \* \*

Аннан оралған Құл ауылының қан-жоса болып жатқанын көріп есінен танып қалды. Бейне аранға ұрынған киіктер тәрізді. Аңды аранға айдау – Құлдың сүйікті кәсібінің бірі еді.

– Бұл оқиғаның түп-төркіні маған тіреледі, – деді өзіне өзі Құл. – Кекті мен ғана қайыра алам. Бай, жаназаң Қара ағаммен бірге шығарылатын болады. Сен енді жер басып жүруге тиіс емессің!..

Үнемі бауырынан жарап жүретін құла атқа қарғып мінді де, белгісіз бағытқа құйындата жөнелді. Балаларын ертегімен ауыздандырып өсіретін қазекен сөз араларында Құлды «керқұла атты Кендебай» дейтін. Керқұла атты Кендебайды тоқтату қиын еді. Тек өз айтқанымен, өз ұйғарымымен ғана жүріп тұратын.

Құл өз ауылын ойрандаған қарақшы топты қуып жетті. Жаңбырдан пайда болған қақ суына аттарын суарып тұр екен. Бұлар да екпіні қатты келе жатқан жалғыз аттыны көрген. Бірақ көпке жалғыз не істей алуы мүмкін. Сондықтан да айылдарын жия қоймаған.

Құлдың өзгелерде жұмысы болмады, бірден назарды Байға салды. Шауып келе жатып, қолтығынан қол басындай әлденені суырып алып, алға ұмсынғаны сол еді, ауаны жарған ащы дауыс «шаңқ» етті де, атының сауырынан Бай сусып құлап бара жатты. Екінші рет «шаңқ» еткен дауыстан Байдың оң қолы Балға жер құшты. Үшінші рет тау тұлғалы жігітке кезенді де, бірақ оны атпады. Ол Байдың жылқышысы болатын. Құл тілге келместен атының басын кері бұрып, әп-сәтте көзден ғайып болды. Қолы қаралы топ оның артынан қумады, мылтықты адамды қуа алмайтын да еді... Жылқышы жігіт ұмтыла жаздап тұрып қалды. Аңшы-мергеннің өзін ажалға қимағанын түсінген.

«Жалған намыс жарға жығады». Қажет жерінде кешіре білмеудің кесірі екі өр көкірек мықтының да түбіне жетіп тынды. Екі ауылдың да үстін қайғы бұлты тұмшалап, жоқтау-зар ғана теңселтіп, тербеп тұрды. Зарды естігісі келмеген жүйкесі жұқа еркектер ауылға келуді қойып, далаға түнеді. Әйелдердің зарлы үнінен ауыл үстінен құстар да ұша алмайтын болды. Иттер құйрығын бұтына қысып, басын жерге салып жатып қалды. Бірақ бұл әйелдердің зары енді еркектерге ашу-ыза емес, ақыл кіргізе бастаған. «Неге бұлай болды, кім кінәлі?». Осы «кім кінәлі?» сұрағына жауап таба алмай, шакшадай бас шарадай болды...

\* \* \*

Арай руының басына ақырзаман орнағандай. Тісін Дараға қайрап жүрген көрші хандық Ман аймағына әскер аттандырды. «Арайлар бірін-бірі шайнап жатыр. Олар бір пәтуға келгенше біраз заман өтеді. Ұрымтал тұс осы. Маған Дараның басын әкелесіңдер!..» Қазак «өз ағам» деп өрге оздыратын көрші ағайынның ханының әмірі осы болды.

Іші бүлінген, сырт жауға қарсы тұрарлық қауқарынан айрылған, бас-басына би болуды көксеп, ақсақал ақылын тыңдаудан қалған арайлықтарды олар оп-оңай шауып алды. Шапқыншы әскердің алды – толы мал, қойны – толы жесір, қалтасы – толы алтын. Ырғалып-жырғалып кейін қайтты. Ман даласы қанырап бос қалды.

«Алтау ала болса, ауыздағы кетеді». «Абырой қырыққан тоқтыдай». Еңсесі түскен ел күңіреніп кетті. Бұрынғы ақ дегені алғыс, кара дегені қарғыс Дара бәріне кінәлі өзі екенін іштей мойындады. Бірақ сыртына шығара алмады. Көсемдікті өз еркімен өзгеге тапсырды да құдайға құлшылық етіп, бар күнәларынан арылуға қажылыққа аттанды.

Қажылыққа аттанар алдында ол ел есіне алып жүретін ерен іс жасап, шын мәніндегі көсемдігін көрсетті. Кемшілік кімде болмаған. Арайдың игі жақсыларын Пір-Атаның сүйегі жатқан мешітке шақырды. Бегіс пен Тегіс ағайындарды ала жіп кестіртіп, татуластырды. Татулықтың белгісі – Байдың баласы мен Қараның баласы мешіт ішінде құшақтасып жатып түнеп шығатын болды. Бұл ендігәрі құшақтары жазылмаудың белгісі. Екі жақ он жыл бойы қысқы, жазғы қоныстарын бөлектесіп, кикілжің ұмытылып, ескірген мезгілде ғана шұрқырасып



табысуы тиіс. Ал аяғы ауыр қалған Бектің келіншегі жас босанып, ұл туған еді. Баланың атын Жара қойды. Бала ағайынның арасында, Байдың бәйбішесінің қолында тәрбиеленеді де, әзәзіл-жоктаудың иесі – шешесі төркініне апарып тасталады. Өйткені «сөз сүйектен өтеді». Сөйтіп бұрынғы бабасы Арай тәрізді еш күнәсі жоқ Жара сәби де тұлдыр жетім қалды. Ол қашан ержетіп есеймек. Жанға түскен жара қашан жазылмақ? Әрине, не нәрсенің де емшісі уақыт екенін бұрын биліктің буымен көзін шел басқан Дара соңынан түсінді. Түсінген соң да осындай қатал шараға барған еді...

06.09.2007 ж.

## **ШАЛМАҒАНБЕТ** **немесе сырлы асатаяқ сыры** (Әңгіме)

*Әкем Оспанның аруағына арнаймын.*

*Автор*

Ол шаршы орамалдағы құмалақтардың тәртіппен орналасуына қарап, үнсіз ұзақ отырды. Үш қатар тізілген құмалақтарды араластырып жіберіп, ақ мата үстіне қайтадан тізді. Тағы ойланды, бір нәрсенің қисыны келмей тұрғандай. Бал аштыруға келіп отырған алдындағы рулас інісі Қонайға көз қиығын салды. Жас жігіттің жүзіндегі абыржу сезімі қанша жасырғысы келсе-дағы сезіліп тұр.

Құмалақ ақ шаршының үстіне үшінші рет шашылды.

– Қонай інім, – деді ол құмалақтардың тізілісінен бір нәрсені оқып отырғандай. – Келіннің ішіндегі баласы әлденеден шошып, бұғып қалыпты. Бершімекке айналып бара жатыр. Бірақ түсетін дауасы бар. Екеуін таптым, ал үшіншісі... үшіншісін құмалағымға түсіре алмадым. Оны кітабына бір түсірсе орта Сарқасқаны жайлап отырған қараш Есембет түсірер. Уһ! Айтқандай, әлгі екі нәрсе – ақсарбас тоқты, бүркіт...

Шалмағанбет орнынан тұрып, бүгінгі құмалағына көңілі толмай, әрлі-берлі жүрді. Бұрын шашып жібергенде-ақ ақ мата үстіндегі қойдың қара құмалақтары сөйлей жөнелетін, әрі алдына келген сырқаттардың ем-домын да өзі жасап, дауасын да өзі түсіретін. Шешек

шығып, жаппай ауырған бір ауылды құмалағына түскен дауа бойынша, бірнеше қазанға кәдімгі адыраспаннан дәрі қайнатып (әулие адыраспанның жанына барып, «ассалаумағалейкум, адыраспан, бізді сізге жіберген Омар, Оспан», – деп басталатын дұғалық-жыр оқып, адыраспанның өзінен рұқсатын алған соң, оның еркегін бір бөлек, ұрғашысын бір бөлек алып), суына шомылдырып, буына отырғызып, бір сәбиін де шетінетпей, аман алып қалған. Бір қауым халықты ажалдан арашалап алған осы еңбегінің өзі-ақ, оның даңқын аспандатып жіберген.

Бірде көрші ауылдан құрдасы келді. Шаруасын айта алмай, қипақтап көп отырды. Ақыры... белі жоқ екенін, оны үйленген соң бір-ақ білгенін... енді әйелінің алдында қара жерге қалай кірерін білмей жүргенін айтып: «Құрдасжан, бүкіл қара орманым, байлығым сенікі, тек қолыңнан келсе емдеп, әйелімнің қатулы қабағын бері қарайтын жаса», – деп жалынды.

Шалмағанбет құрдасын сөзге келмей, өз үйінде бір апта емдеді де:

– Ал, құрдас, үйірге қосамын, тек бір айтар нәрсем – батыл бол, бойындағы бұрынғы сенімсіздіктен арыл, ал бар, айғырым, – деп қамшысымен жон арқасынан бір тартқан. Сол құрдасы – қазір бір-екі қара домалақтың әкесі.

Тамағынан тамшы су өтпей қалған қылтамақ бір-екі адамды қимайымен емдеп, құлан таза айықтырып жіберген. Ал қимайыны алудың өзі – тер төгіп еңбектенуді қажет ететін күрделі іс. Қазір қылтамақ – ешқандай ем қонбайтын, жазылмайтын аурулардың бірегейі. Жіпке тізе берсе, бұндай сәтті оқиғалар көп-ақ.

Ал бүгін қардер адамға, тіпті ет жақын келініне жәрдем жасай алмай, қараш Есембет емшіге жұмсады.

Сонда қонған аруақтың кетейін дегені ме? Әнеугі бір келеңсіз оқиғадан кейінгі бірінші рет бал ашуы еді. Иә, сандық түбінде жатқан сырлы асатаяқтан айырылғалы көңілінің қошы болмай жүрген. Ет жақын інісі Қонай ауру әйелін әкеліп отырғасын амалсыз бал ашқан...

– Шал-аға! – деді жігіт үйден шығып бара жатып. – Шал-аға, әйелімнің ішіндегі бала... ағам Саназардан қалар жалғыз тұяқ еді... сол үшін де оның дүниеге аман келгені қажет. Марқұм ағамның жарын құшсам, әмеңгерімін, дауаның түспей тұрғаны біздің қым-қиғаш тағдырымызға аруағыңыздың өкпе артқаны ма екен?

– Алла сәтін салса, дауа Есембеттен түсіп, сәби дүниеге аман келер. Тек ағаңмен араздасып аттанба!

Міне, дегені болмаса ағайын осы. Дүниенің тұтқасы осының қолында тұрып, оны қасақана жасамай отырғандай қазандай өкпе-наз айтпақ. Алла аузына салмаса, бұл не істемек? Сол сырлы асатаяқ енді қайтіп бұның қолына түсер ме?

## II

Сырлы асатаяқ демекші, оның Шалмағанбеттің қолына түсуі де қызық, адам айтса сенгісіз. Бірақ сену, сенбеу әркімнің өз еркі, ал оқиғаның дәл солай болғаны рас. Ол кезде бұның ауылы Маңғыстау бойындағы Қаратаудың қойнауында қыстап, күн жылына көшіп Қаракұмға қой қоздатып, Жем бойын жайлайтын.

Бір қыста Дәнеш байдың көп жылқысы жоғалып кетті. Қыс онша қатты болмаған соң үйренген үйірлер қайда кетер деп ешкім қарай қоймаған. Бір күні Дәнеш Шалмағанбеттің үйіне келіп, әкесінен мұны жылқы қарап келуге сұрады. Әкесі келісті.

– Бір табын жылқы Сарытасқа құлапты деген хабар бар, сол біздікі болар, ауылға айдап кел, – деді бай.

Шалмағанбет онда 16-17-лердегі балаң жігіт болатын. Астына ат емес, жазыланған сары нарды мінді. Ол сар желіп отырып, Сарытасқа келді. Кездескеннен жылқы сұрады, олар бұдан біраз бұрын табын жылқының осында құлағанын, бірақ олардың кетіп қалғанын айтты. Сарытасқа шығып, айналаға көз жіберіп тұрғанда бұған ақ мұртты, ақ сақалды, ақ шапанды, ақ есекті ақсақал кездесті. Бір жерде кездескендей ме қалай, әйтеуір, жүзі жылыұшырады.

– Ассалаумағалейкум, ата, – деді бұл.

– Уағалейкум, ә, Шалжансың ба, іздеген жоғың ауылыңа өзі барады, алаң болма, ер менің соңымнан, – деді де, ақсақал есегін тепендетіп алға ұзай берді. Шалмағанбет есекті кісіге еріп келе жатып, ылғи да түсінде бұның қойнына қағаз тастап кететін ата екенін білді. Иә, дәл сол. Ақсақал есегінен түсіп, сары нарды шөгертті. Бұйдасын бір қазыққа байлатты. Бір нәрсені басып қалып еді, жер астына қарай есік ашылып кетті.

– Жүр, Шалжан, абыржыма! – деп ақсақал өзі бастап, жер астына түсіп кетті. Шалжан да баспалдақтармен төмен түсті. Ортаңғы бөлмеде әлгі есекті ақсақалға ұқсас ақ сәлделі ақсақал намаз оқығалы жиналып жатыр екен.

– Кел, Шалжан, намазға тұр, – деді әлгі. Шалмағанбет бұл бейтаныс адамдардың бәрінің де өзін жете танитынына қайран қалды.

Шалмағанбет Жем бойындағы Дүйсеке мешітін тәмамдаған, зеректігімен Дүйсеке ишанды таң қалдырған, ауылда «молда бала» атанып үлгерген еді. Бұлармен бірге тұрып, намаз оқыды. Одан арғысы өңі, бірақ түс секілді нәрселер болды. Қанша күн болғаны белгісіз, әлгі ақсақалдардан дәріс алды. Оқығандарын құйып алғандай, жадына тоқи берді. Бірге отырып тамақ ішті, алдындағы ыдыста бал тәрізді тамақ тұрады, үлкен қасық салғанда толып шығады, бірақ қанша жесең де ыдыс ортаймай, сол қалпында тұра береді. Бейне астынан өніп жатқандай.

– Шалжан, ауылыңа қайтатын мезгілің келді, – деді бұны ертіп келетін ақсақал, – іздеген жоғың сенен кейін ауылыңа түгел барады. Ішіндегі торы айғыр өлер, оны бауыздамандар. Арам өлгені жөн. Одан кейін торы бие ауырар, оны Дәнеш бауыздап көршілеріне бөліп, үлестіріп берсін. Көктем шыға ел жайлауға көшкенде өзің Манашы сайынан әрі өтпессің, егер өтсең Күйкеннен төмен түспегенің дұрыс. Ал одан да түсіп кетсең, амал не, Жем бойындағы Жаманқұмаққа барасың. Онда жетіқара, таз Басар деген кісі бар, оның әйелі сенің ағайының Жолдасбайдың қарындасы екіқабат, босанған соң ажалы жетіп өлер, баланың есімін Төлеш қоярсың.

Ақсақал одан әрі былай деді. – Шалмағанбет, сен енді жай адам емессің, қолыңа аса беремін, бұл асаны ешкімге ұстатпайсың, ұстатпаған емес, белгілі мезгілге дейін ешкімге көрсетпейсің де, ал хош!

Содан кейін-ақ Шалмағанбеттің ел ішіндегі аты шыға бастады. Айтқаны келетін, емдегені жазылатын болды.

Дәнеш бай айтқанды істемей, торы айғырды семіздігіне қызығып сойып алды, содан кейін-ақ оның байлығы қолдың кіріндей жуылып, сүртіліп кете берді.

Көктемде ел көшкенде Манашы сайы мен Күйкеннің бойында жалғыз үй қала алмады. Ілгері көше берді. Тек Жаманқұмаққа барған кезде ақсақалдың аманатын орындап, дүниеге келген баланың атын Төлеш қойды. Көп кешікпей оның шешесі әлгі ақсақал айтқандай дүниеден өтті.

Ал ақсақал берген көздің жауын алатын сырлы асаны қызыл мақпалға орап, теңге салып тастады. Үйленді. Емші, солтаналы Шалмағанбеттің атағы шартарапқа жайылды. Ол кейін білді: сонау жылқы

қарап жүріп тап болған жерасты үйі – Шақпақ-Атаның жер асты мешіті екен. Оған ұшпа құздың астынан да, үстінен де баратын есіктері мен адам таң қаларлық дәрістері адамзаттың өмір сүру қадесіне жарайтын таптырмас ілім болып шықты.

### III

Әлгі әйелге түспек дауаның үшіншісі не нәрсе болды екен? Япырмау, бұ несі? Асаның жоқтығы... Шалмағанбет өзінің ата тегін көз алдына елестетті. Ойлап отырса текті тұқымнан. Өзіне дейін де талайларды аузына қаратқан бабалары өтіпті бұл фәниден.

Ақсақалдар: – Аруақ атадан балаға ұрпақ жеті атаға жеткенде, не төрт атаға жеткенде қонады, – дейтін. Ойлап көрсе, Шалмағанбеттің жетінші атасы да, төртінші атасы да осал адамдар болмапты. Жетінші атасы Жомарттың азан шақырып қойған есімі Аталық екен. Алла оған адам бойына тән асыл қасиеттің бәрін жомарттықпен үйіп-төгіп бере салыпты. Мырзалығы ертегідегі Атымтай – Жомарттай болыпты. Сол ертегідегі Атымтай деген кісі адалдығының, арамдыққа жақсылық қана жасауының, жетім-жесірге қамқорлығының, қолы ашық мырзалығының арқасында ажал оғын төндіргендердің де мейірімін оятып, Атымтай-Жомарт атанып кетпей ме? Ал бұның атасы Аталық ертегіде емес, өмірде дәл солай Аталық-Жомарт атанған адам. Кіші жүздің қадірлісі, би мырзасы, батыры болған.

Ол кезде қазақ біртұтас ел, ханы еңсегей бойлы ер Есім екен. Ханның әскерінің негізі Кіші жүздегі он екі ата байұлының жігіттерінен құралған. Қалмақтармен болған бір жойқын ұрыста қазақ қолы жеңіске жетеді.

Ұрысқа аттанар алдында Жомарт Есім ханға барып:

– Хан ием, әскеріңіздің бір көш алдын, не бір көш артын беріңіз. Сарбаздардың ас-суы мойнымда болсын, – депті.

– Жауға шапқанда сарбаздардың көңілділігі жақсы, ал ол жорық алдындағы татқан тамағына да байланысты, бір көш алдымды ал, Жомарт, – деген екен хан.

Содан Жомарт әскердің түстенетін, қонатын жерлерін алдын ала белгілеп, сарбаздарға ауқаттанған кезде құнан қойдың үйітілген майлы құйқалы төстігін қоса беріп отырыпты. Төстік ер жігітке қуат береді екен.

Жеңістен кейінгі олжаны бөлісер тұстағы хан кеңесіне Жомарт келмей қалыпты. Хан шабарман жібереді. Оның бірінші шақырғанына келмейді, екінші шақырғанына келмейді, хан ашуланып, шақырушыны үшінші рет жібергенде Жомарт келе:

– Хан ием, келмеген себебім, дүнием де, малым да өзіме жетеді, мен үлестен сұрасам жүрегім қалаған нәрсемді сұраймын, оны сіз бермейсіз, сондықтан сұрағанымды ала алмай қапа болмайын дегенім еді, – дейді.

– Жомарт, менің бермейтінімді қайдан білдің?

– Өйткені асыл ханға да керек.

– Бірақ ол ханға би, мырза, батырынан артық емес, сұра қалауыңды, Жомарт!

– Сұрасам... сұрасам, хан ием, Ақсауытты кимей бер, Ақбоз атты мінбей бер, аққылышты шаппай бер, ару қыз – Ақсұқсырды сүймей бер. Менің қалауым осы. Ақсұқсырдай аққу қызды құшпай көңілім көншімейді, – демей ме қасқайып тұрып.

– Есім хан Жомарт мырзаның қалмақ ханының қызы Ақсұқсырға әуелден сырттай ғашық екенін, ол үшін жеңіс жолына бар байлығын сарп еткенін, енді ұрымтал сәтті ұтымды пайдаланып, қажет болса басын да бәйгеге тігіп тұрғанын сезді. Ал ғашықтықтың не нәрсе екенін Есім хан жақсы біледі (Оның үстіне Есім хан Ақсұқсырды көрген жоқ-ты, өзгелерден ерекшелігі жоқ көп қыздардың бірі болар деп түйген, кейін айдай сұлу Ақсұқсырға сұқтанып, бармағын шайнап қалған). Ол ойланып отырып: «Бәрі саған лайық екен, қалағаныңды бердім», – депті.

Той жиын мен қаралы жиында оның ұрпағының иығына арнайы жабатын «Жомарт шапан» атты сый-сияпат маңғыстаулықтар ішінде әлі бар.

Шалмағанбеттің төртінші атасының есімі – Шақан. Жомарттан Солтангелді, одан Солтаналы, одан осы Шақан. Оны келіндері «әулие қайнаға» атап кеткен.

Себебі былай екен. Бірде ауыл жайлауға көшіп бара жатса керек. Көш аралап жүрген Шақанға аттылы келіні қарсы келіп қалады. Ол кездегі салт-дәстүр бойынша, келін атынан түсіп, үлкен кісіге иіліп сәлем етуі тиіс. Төркіні мықтылау жерден болса керек, келін пандықпен атынан түспепті, тек жанынан аузын жыбырлатып өте шығыпты. Көш қонар жерге жетіп, келін атынан түсейін десе, түсе

алмайды, тақымы атқа жабысып қалыпты. Әлгі келін жылап-еңіреп, жазып-жаңылғанын айтып, Шақан атасына барып жалбарыныпты. Атасы кешірім жасап дұға еткен соң, келіннің тақымы босапты. Содан кейін ол осылай «Әулие қайнаға», «Әулие ата» атанып кетеді. Сол Шақан жетпіске келген кезде ауылында тосын оқиға болады. Жаугершілікте қолға түскен түрікмен қызы Шақанның үйінде жалшылықта жүреді екен. Жалшы деген аты болмаса сол үйдің қызымен тең дәрежеде тұрыпты.

Бір күні ақсақал сусын сұрағанда әлгі қыз қожасына бір зерен шұбат құйып береді. Шақан әлгі шұбатты ұрттап қалады да, ауызы толы ақты ішпей, от басындағы күлге түкіріп тастайды да, қызға тұра ұмтылады. Қорыққан қыз тұра қашады. Жетпістегі Шақанның он сегізге енді толған жалшы қызды қаһарына мініп қуып жүргенін бүкіл ауыл көріп, арашаға жиналады, бірақ оларға араша бермей қуады. Сасқан қыз жүгірген бойына «не де болса суға батып өлейін» деп шығыр құрылған шыңырау құдыққа қауғамен түсіп кетеді. Ағайындары бойын ашу кернеген шалды: «Ол бишара құдыққа түсіп кетті, тірі дейсің бе?», – деп тоқтатқан соң, қызды шыңырау құдықтан қос арқан жіберіп тартып шығарып алады.

– Сорлы бала-ау, шалға соншама не жазып қалдың? – деп сұрамай ма әйелдер жағы жіберілген екі арқанды қосқабат беліне байлап, шыңыраудан аман-есен шыққан қыздан.

Сонда қыз: – Өзіме жетерлік күнәм бар, – дейді ғой жылап тұрып.

– Не күнә, айтсаңшы? – деп өзеуреп естігенше шыдамдары таусылған әйелдерге:

– Айтсам... айтсам... жасым болса балиғатқа толды. Қожайынымды өз теңім деп түсініп, мені некелеп өзіне атастырып алсын деп, ағарғанға дем салып бергенмін, оны ол кісі қасиетімен біліп қалып, жұтпай түкіріп тастады. Күнәм сол. Мен оның өз отағасым болғанын қалаймын, – деген ғой қарбаша қыз.

Бұдан кейін ауылдастары, ағайындары әлгі қызды Шақанға некесін қиып, қосыпты.

Шақан дүниеден өтер кезде үлкен ұлы Әтембекті шақырып алып: «Балам, мен енді дүниеден өтемін, мына кіші шешеннің ішінде ер бала бар, оның қатарынан кем болмай өсуін өзіңе тапсырдым», –

депті. Шақан өлгеннен кейін дүниеге келген баланың атын Қойгелді қойыпты. Шалмағанбет болса осы Қойгелдінің немересі. Демек, су-сынға дем салған әжесі де, оны біліп, жұтпай түкіріп тастаған атасы да тегін адамдар болмағаны.

Ал ақ мұртты, ақ сақалды, ақ киімді, ақ есекті кісі мүмкін, желеп-жебеп жүрген сол бабаларының аруағы шығар. Әйтеуір Шалмағанбет те дін оқуына зерек болды. Дүйсеке мешітін бітіріп «молда бала» атанса, жылқы іздеп жүріп Шақпақ-Атаның мешітіне барып келген соң бұған «пері оқуын тауысқан» деген атак қосылды. Әйтеуір бұдан ықпайтын, бұған табынбайтын адам аз еді.

Енді сол қадір-қасиеттің кетейін дегені ме?

#### IV

Қонай жеңге алған ауру әйелін түйеге мінгізіп, өзі атқа мініп, түйені жетегіне алып орта Сарқасқа жайлауында отырған Есембетке тартты. Орта Сарқасқаның жалы алыстан қарауытты, бірте-бірте ақ жұмыртқадай болып тізілген ақбоз үйлер қарауытқан жалдың баурайында ақ сағымға бөленіп, билеп тұрғандай болды.

Ауылдың ең шетінен Есембеттің үйін сұрап еді, ауылдың орта тұсындағы ақбоз үйді нұсқады.

Үйде екі адам отыр екен. Қонай амандасқан соң Есембет емшіні бірден таныды. Бірақ әңгімені оның қасындағы бурыл сақал бастап, бұны тергеп-тексере бастады.

– Неге келдің?

– Бал аштыруға.

– Кімге?

– Әйеліме.

– Қатынжанды неме екенсің, орамалың бар ма?

Қонай сөзге келмей, он екі мәнет дәлдірді бурыл сақалдың алдына тастай салды. Ақшаны көрген бурыл сақалдың көзі жайнап кетті.

– Әй, Есембет, – деді ол жанындағы биязы мінезді адамға қарай, – өзіңе ниеті ауып, ықыласы түсіп келген адам екен, аш кітабыңды.

Есембет асықпай орнынан тұрып, керегенің басында ілулі тұрған қоржыннан қалың мұқабалы кітабын алып, орнына қайта отырды. Әлденелерді оқып болған соң, кітабын ашты да:



– Қызыл шырайлы, әдемі өнді кісі сілтепті маған, ол сырқаттың түскелі тұрған дауасының екеуін тауыпты да, үшіншісін айтпапты. Сірә, Шалмағанбет болар?

– Иә, сол кісі.

– Дауа түсетін екі нәрсені не деді?

– Ақсарбас тоқты, бүркіт, – деді.

– Дұрыс, ал үшіншісі – ақ этештің қаны...

Есембет осылай деді де, Қонаймен ісі болмай өзінің қам-қарекетімен айналыса берді. Не тұрарын, не отыра берерін білмеген Қонайға бурыл сақал:

– Әй, енді нағып отырсың, шаруаң бітті емес пе? – деді. Орнынан апыл-ғұпыл тұра берген Қонайға әлгі бурыл сақал тағы да:

– Әй, жеменей, сонау шеттегі біздің үй, әйелінді сонда алып барып түс. Ақсарбас тоқтыны тапқанмен аспандағы бүркітті, орыс пен татарда болатын этешті табу қолыңнан келмес, мен көмектесейін, – деді.

Бурыл сақал үйіне келген соң Қонайға қонақасы бере отырып:

– Жеменей нағашым еді, ойнап жатырмын, – деді де, көршілерін шақыртты.

– Құрман, сен аңшы едің-ау, қақпан құратынсың, бір бүркіт ұстап әкеліп бер, ал, Әділбек, сен тауық бағасың, құдай жолы ем үшін ақ этеш тауып бер, мынау ақыларың, – деп екеуінің алдына бір-бір дәлдір мәнетті тастай салды.

Ертесіне бүркіт те, этеш те, ақсарбас тоқты да табылып, Қонайдың әйеліне емнің дауасы түсіп, аман-есен босанды. Баланың атын Шалмағанбетке ұқсастырып Аймағанбет қойды.

Бұл оқиғалардың бәрін Шалмағанбет үйінде отырып-ақ білді. Есембетке жібермей-ақ, өзі емдей салатын. Бірақ оны аруақ қолдамады. Есембетке аударып жіберді. Бәрі сол сырлы асаның қолдан шығып кеткендігі. Шалмағанбет енді бал ашпауға, ем-дом жасамауға бел буды.

## V

Иә, сол сырлы аса қолдан қалай шығып кетіп еді? Көктемгі көші-қон кезі болатын. Қарақұмға бет алған ауыл Манашыдан өтіп, Күйкеннің тұмсығының дәл астына келіп қонған еді. Ауыл бірер күн

еру болуды қалаған. Таңертең сыртқа шығып тұрса, немере туысы Қырғынбай келе қалды. Екеуі жандай құрдас еді. Әзілдері жарасатын.

– Құрдас, жасымыздан құлын тайдай тебісіп бірге өскенде менен жасырып жүрген бір құпияң бар екен, соған өкпелімін, – деді ол.

– Не құпия екен?

– Сенде пері ұстазың берген аса бар дейді. Тым болмаса бір көрсет!

– Кім айтты, қаңқу сөз-дағы...

– Жоқ, рас көрінеді, әрі сырласың, әрі құрдасың менен жасырғанда...

Шалмағанбет ойланып қалған: «Шынында да осы Қырғынбайдан жақын кімім бар, кішкентайдан бірге өстік».

– Мынау жан алғыштай қоймады ғой, теңдегі асаны көрсетші, – деді әйеліне.

Қызыл мақпал матаға оралған әсем асаны қолына ұстап тұрып, Қырғынбайдың аузының суы құрыды. – Оюы әдемі екен, сыры неткен қалың, – деп асаны сыйпап қалып еді, сыры сырғып түсіп қалды. Мұны көрген Шалмағанбеттің өңі құп-қу болып кетті. Есіне ұстазының: «Ешкім көруші болмасын», – дегені түсіп, асаны Қырғынбайдың қолынан жұлып алып, матасына орап, теңге қайта тықты. Бірақ бір жамандықтың нышанын сезгендей көңілі алай-дүлей болды. Келесі күні ел көшетін болды. Өзі қойын айдап, өзгелері жүкті түйеге артуға қалған.

Қой өргізіп келе жатқан бұның алдынан баяғы ақ мұртты, ақ сақалды, ақ шапанды, ақ есекті қарт шыға келді де:

– Шалжан, асаның сыры түсіп қалды ма, болмаған екен. Асаны әкеліп бер, өзім алып кетейін, – деді.

Шалмағанбет жүк артып жатқандарға бұрыла бергенде, әлгі қарт:

– Шалжан, барып керегі жоқ, аса міне, өз қолыма тиді, – деді де, өз жөніне жүре берді. Әлгі ақсақал төбеден төніп тұрған Күйкен ұшқан тауының дәл тұмсығының астындағы жыра жықпылға түсіп, көрінбей кетті.

Міне, Шалмағанбет құрдасының көңілін қимай көрсетемін деп, қасиетті асасынан осылай айырылып қалған. Ол енді өзінің аруағының бірте-бірте әлсірей беретінін сезген. Соның куәсіндей өзіне қарала келген келінінің дауасын тап басып таба алмай, Есембет емшіге жұмсағаны. Бәлкім, бұл Шалмағанбеттің балгер-емшілігінің соңғысы да болар.

## VI

«Жынынан айырылған бақсыдай» деген осы екен ғой деп уайымдады Шалмағанбет. Кеше өзіне қаралуға келген екі сырқатты қабылдамай, қайырып жіберді. Кеудесінде ойран жүріп жатқандай. Кенет есіне со-н-ау балаң кезі, ақ шекпенді ақсақал, жер астындағы қалың-қалың кітаптардың беттеріндегі тылсым құпиялардың сырларын ашу жолдары түсті. Шалмағанбет сонда жылқы іздеп жүріп, кездейсоқ тап болған Шақпақ-Атаның жер асты ғибадатханасына тағы бір барып, мінәжат етуді ойлап, сапар шекті. Сарытас қыратының үстінде сол баяғы Дәнеш байдың жылқысын қарағандай айналаға көз салды. Тек айырмасы онда қыстың көктемге ұласар өліара мезгілі болса, қазір жаз. Маңайдағы елдің бәрі қыр асып, жайлауға көшіп кеткен. Мынау Маңғыстаудың кара ойындағы жалғыз өзі ғана тәрізді.

Екі ұшпа жағалауды қак айырған кең арна, оның түбінде жылымшы бұлақ суы ағады. Сонау етектегі ескі бейіт-қорымдар. Онда, шіркін, кімдер жатпады дейсің. Ұшқан кара жоқ. Құлазып жатқан қу дала. Міне, дәл аяғының астында жер асты ғибадатханасының жоғарыдан кірер есігінің аузы үңірейіп тұр.

Шалмағанбет атынан түсті. Бұрынғы Сары нарды шөгерген жер екен. Атын тұсады. Жүрелеп отырып ғибадатханаға дұға бағыштады, ұзақ сүреден қайырды. Орнынан тұрып, ғибадатхананың есігінен төмен түсіп, бөлмелерге енді. Мешіт бөлмелері қаңырап бос тұр.

Бұрын өзі дәріс алған ақсақалдар да, оның алдындағы тағамы ортаймайтын табақ та жоқ. Иесіз қалған ескі жұрт.

Шалмағанбет енді төмендегі есік арқылы тысқа шықты. Жақпар тастардағы жазуларға, жануарлардың суреттеріне құлықсыз көз салды. «Ұрпақтарыңа қажет жерінде жәрдем беріп, күш-жігеріне қуат қосып отыратын әулие-әмбиелерім қайда көшіп кеткен, әлде бұл өңірден алдағы мезгілде бақ пен бақыттың таятынын білді ме екен», – деп ойлады Шалмағанбет.

Қайтадан жоғарыға мешіттің төбесіне көтерілді. Көзі дөңес тас үстіне ойып сызылған тоғызқұмалақ тақтасына түсті. Қандай әдемі әрі шебер ойылған, мейлі қар, мейлі жаңбыр жаусын, мейлі құм борасын, әлгі тақтаға сызат түсіре алмапты. Тоғызқұмалақтың тақтасын кім ойғаны белгісіз, кім болса да қазақтың кіндік қаны тамған киелі жері екенін дәлелдейтін мәңгілік ескерткіш орнатқан.

Шалмағанбет тоғызқұмалақ ойынының шаршы тақтасының жанына келіп отырды. Бұл жерден жан-жағың түгел көрінеді екен. Мына тақтада нешебір марқасқалар, әулие-әмбиелер талай тоғызқұмалық ойнады-ау!

Шалмағанбет қалтасындағы ақшаршы орамалын алып, байлауын шешті де, ішіндегі құмалақтарды тақта бетіндегі оймақтарға толтырды.

Сосын өзімен-өзі тоғызқұмалақ ойнады. Алдына ойша бұрын өзін осы ғибадатханаға алып келген, сырлы асаны беріп, кейін қайтарып алып кеткен ақсақалды отырғызып қойды. Екеуі бие сауым мезгіл шайқасты дейсің. Соңында Шалмағанбет ұтылып шықты. Ол бал ашатын қырық бір құмалағын қайтадан жинап алмады, тақта ұяларында тұрған оларды шашып жіберді, әр құмалақ әр жаққа домалай жоғалды.

Шалмағанбет Шақпақ-Атаның ғибадатханасынан жүдеп оралды. Ол әулие-әмбиелердің бұл өңірден өзге жаққа қоныс аударғанын, енді адам санасында рухани құлазу басталатынын, енді дінсіздер қоғамының жұлдызды сағаты соққалы тұрғанын іштей сезіп қайтты. Енді ол бұрынғы айтқаны келетін, емдегені жазылатын Шалмағанбет емес, мүлдем бөлек, өзге пенделермен бірдей мүсәпір Шалмағанбет еді. Аруақтар білгендей қашқан екен. Көп кешікпей жаңа құрылған өкімет бай, би, бақсыларды қуғынға алып, соттап, жер аудара бастады. Солардың ішінде жынынан айырылған «бақсы» Шалмағанбет те кеткен. Құлазып қалған Маңғыстауға қайтып оралған жоқ. Сүйегі жер аударылған Красноводск қаласында қалды...

## VII

Қазір атақты бабаларының аруағын тірілтуді, өмірге қайта әкелуді мақсат еткен бір жас жігіт Шақпақ-Ата басындағы Шалмағанбет шашып кеткен құмалақтарды әр жерден бір-бірлеп теріп жинап жүрген көрінеді. Ол құмалақтардың сол домалағаннан домалап отырып, сан-сапат жер-су асып кеткені анық. Қырық бір құмалақтың қашан түгенделері белгісіз. Ал түгенделген жағдайда, әлгі бабаларының аруағы сол балаға қонып, сырлы аса қайта оралмақ екен?!!

## ҚҰЛА АТ ҚАСІРЕТІ

(Әңгіме)

### I

Бұл пәниден пешенесіне жазылғанның бәрін тілімен татып, көзімен көрген Тұрмамбет батырдың қартайған кезінде келінінен естіген сөзінің іште тынған құсасы жан досы Балуанияз батырдың бейітінің басына келгенде лықып ақтарылды.

– Уа, Балуанияз! Еңіреп өткен ерім, орда бұзар отыз-ақ жасында елінді жаудан қорғап жүріп, майданда қаза болған неткен бақытты едің. Сенің артыңда қалып, боқ домалатқан қара қоңыздай ұзақ ғұмыр сүргенде көрген напақам қайсы? Ошағының отын эзер жағып жүрген салпыетек, шайпау келіннің тілі тиді. У жыланның тіліндей екен, ет-сүйектен өтіп, жүрегіме дәл қадалды. Жаудан қайтпаған жүрегім бір шүйкебастан шайлықты. Енді өмір сүргім келмейді, мені қасыңа алып қал, құрдас...

Тұрмамбет атынан түсе сала құрдасының қабірінің суық топырағын құшақтап, еңкілдеп жылады. Өзі ес білгелі сексен жылдық ғұмырында тұңғыш жылағаны да осы болар. Келінінің «осы кәрі қақпастан-ақ құтылмадым-ау» деген сөзін естігеннен өлгені артық. «Қасына ал, құрдас, тай-құлындай тебіскен, жарты құртты бөліскен, жан досым, бұл күнде сексен жастағы менің емес, сенің айбының зор ел ішінде, мен де дамылдаймын, қу тірліктен жалықтым».

Мәрт батыр ағайынының, балаларының жалынған-жалбарынғандарына қайтпады.

– Көштерінді жолдан қалдырмай жүре беріндер, мен енді Балуанияздың қасында қалам, – деумен болды. Қар көбесі сөгіле қыс бойы паналаған жылы ойдан қырға жайлауға бағыт алған ауыл көші амалсыздан Балуанияз батырдың бейітінің қасына келіп қонып, төрт-бес күн еру болуды қалады...

### II

Балуанияз батырға мәңгі мекен болған төрткүл төбенің топырағы өмірдегі сызығы таусылған күні өзіне де мәңгілік торқа болып жабылғанын қалайтын. Жаз бойы от-судың мол жерін іздеп, тұрақтамай көшіп-қонып жүретін бұл ауыл жайлауы биыл қай өңірде болатынын бір құдайдың өзі білсін. Егер олай-бұлай болып кетсе, Жем-Сағыз

өзендерін бойлап қоныс тебетін елдің шілденің аптабында бұның мүрдесін өзі қалаған осы төрткүл төбеге жеткізе алары екі талай. Сол себептен Тұрмамбет Алладан ажалды осы сәтте тілеп, қан қысымын кенеттен өзі көтерді. Шынында да қарт батыр пәниден бақиға біржолла кеткісі келгені және оның тым-тым жақындап қалғанын сезгені рас еді. Өйткені бұл жерде Маңғыстау қазақтарының елдігін сақтап қалған, аруағын асырып, мерейін үстем еткен, кейін оны ақындар жырға қосып, әркім құмарта тыңдайтын, сол ерлердің туысы, ұрпағы, жекжат-жұрағаты, үзеңгілес серіктері болғаны үшін мақтаньш сезімін кернететін дастанға айналдырған жеңісті шайқас өткен. Бұл жерде тұтқындалып, айдалып бара жатқан, аңыраған жесірлер мен жетімдерді, қолды болған мал-жанды құтқару жолында шейіт болған ерлер жатыр. Соның басшысы Балуюанияз еді. «Ел шетіне жау келсе менен сүйінші сұра», – дейтін бұла қайратына мас, ақкөңіл, аңғал батыр, қайран Балуюанияз. Соңғы шайқаста өзіне сай, қолтығында қанаты бар деп есептелетін астындағы пырағы – Құла атты да Тұрмамбетке бермек болып, «осы жорыққа бір мініп шығайыншы, сонан соң сенікі, құрдас!» – деп ағынан жарылып еді-ау! Сол шайқастан соң Тұрмамбетке Балуюаниязбен жүруді де, қазақ пен түрікпеннің талай ер көңілді жігіттерінің арманы болған Құла атқа тақым салуды да жазбады. Ер жігіттер қуса жетіп, қашса құтылатын сәйгүліктерге, сұлу қызға ғашық болғаннан кем қызықпайтын. Жаугершілікте қолға түскен олжаның ең құндысы мыңғырған мал, алтын алқа емес, айдай Ару мен асыл текті Арғымақ болатын.

Иә, сол шайқас қалай болып еді өзі. Тұрмамбет батырдың бір ерекшелігі – сауда-саттыққа үйірлігі, Бесқала жаққа барып елдің керек-жарағын әкеліп тұратындығы еді. Жанына онша көп кісі ертпей-ақ, жалғыз-жалпы жүре беретін.

Тұрмамбет бір сапарында Бесқалаға келе жатып, Айбүгір тауының астында отырған түрікмен досы Құрбанияздың үйіне түскен. Ол осы өңірге белгілі саудагер еді. Кейде оны-мұнысын алып, Сам өңірін жайлайтын Тұрмамбеттің еліне де келіп, саудасын жүргізіп кететін.

– Тұрмамбет, құдай қосқан білішім едің, айтпасам адалдығыма сын болар, – дейді Құрбанияз. – Маңғыстаудың ойындағы қазақ туыстарды шабуға екі жүз елу атты түрікмен аттанып кетті. Басшысы – Қара Бақы. Бүгін екінші күн. Хабар тарап кетпес үшін ауылдан адамды шығармайды.

– Ох, әттеген-ай, Бақы өткен жылғы кикілжіңде айтқан уәдесінде тұрған екен-ау! Мен оны айтыла салған, атасы өлген сөз болар деп едім. Кейін қайтпасам болмайды, – дейді Тұрмамбет санын өкініштен бір соғып.

### III

Өткен жылы көне Үргеніштің базарында жүргенде сұлу арғымақты саудалап тұрған балуан тұлғалы түрікмен жігітіне кезіккен.

«Тұлпарды тақымы мықты адам ғана саудалар болар, кәне, жолымнан былай тұрыңдар», – деп әлгі алға ұмтылған. Өзгелердің сыпырылып жүре бергенінен-ақ, оның тегін адам еместігін бұлар түсінген. Аттың иесі де өңірге белгілі байдың бірі болса керек, саудаласушыны жазбай таныды да: «Бақы батыр, арғымақтың өзіңе лайық пырақ екені рас. Бірақ маған мал-мүлік, ақша емес, қызметші құлақ кесті құл керек, егер... », – деп сөзінің соңын жұтып жіберді.

– Келер күзде қазақтарды шабамын, сонда қазақтың он баласын тұтқындап, құлдыққа әкеліп беремін, уәде осы болсын, Хемрақұлы, ал ат басыбайлы менікі, – деді де әлгі мықты өзге сөзге келмей, сүмбіледей жараған сұлу сәйгүлікті жетектеп жүре берген. Әлгінің үстем сөзіне шыдай алмаған Тұрмамбет тұра ұмтылғанда осы Құрбанияз жібермей қалған: – Еліңнен жырақ жүрсің, әрі жалғызсың, ол болса түрікпеннің атақты Қара Бақысы. Сабыр, сабыр, сабаңа түс, базарда әркім не айтпайды, – деген.

Осы сөзді кейін біреу Бақыға жеткізсе керек. Құрбанияздың үйіне қылышын жалаңдатып жетіп келгені:

– Басын аламын!...

– «Мейман атаңнан ұлы» – деген, Бақы, мейманыма қол көтеруге қандай хақың бар? Әуелі менің басымды шауып барып, қонағымның басын аласың, – деді үй иесі.

Бабалардың салт-дәстүрін қатаң сақтайтын аңғал батыр сәл абыр-жығандай болып: «Менің сыртымнан сөз айтып, жағама жармаспақшы болыпты», – деп кешірім сұрағандай, үй иесіне ишара білдірді де, қонаққа сұсты көзімен өңменінен өткізе қарады, сосын:

– Әй, қазақ, айтқаным айтқан, келер күзде қан майданда кездесерміз, менің ажалым ба, сенің ажалың ба, оны жекпе-жек шешер, – деді.

– Бекет-Атам жар болса, қасанды тістеп, сүйегің сол жақта шіріп қалмасын, – деді бұл да жасқанбай, келушіні ала көзімен атып. Бақы одан әрі сөзге келмей шығып кеткен.

– Бақы уәдесінде тұрған екен, – деді Тұрмамбет тағы да, әп-сәтте әлгі оқиға көз алдынан көлбеңдеп өте шыққан соң. – Мен елге тез жетуім керек, тамыр, сен маған көмектес.

Үй иесі үнсіз біраз отырған соң: – Тұрмамбет, бәріміз де түбіміз бір мұсылман баласымыз, еліңе тез жетуіңе көмектесейін, айыпқа бұйырма, әлгі айтқан жасақтың ішінде менің де ұлым бар. Жасақты аттандырып отырған Хиуа ханы: «Адайлар орысқа қарап кетті. Салық төлейтін түрі жоқ, оларды тәубесіне келтіріңдер», – деп отыр, оның үстіне Хемрақұлы тәрізді байларға қолға түскен жалшы-құлдар керек. Жасырынып жет, күндіз ешкімнің көзіне түспе, ыңғайлы мезгілде өзінді жолға салып жіберем. Бірақ өз атың жарамайды, жолға төзімді емес, әрі ауылдан шыққан аттының ізін аңдып жүргендер көп, соңыңнан қуса қолға түсесің де жаныңмен мәңгілікке қош айтысасың. Менің жарамды қашырым бар. Жүріске талмайды. Еліңе сені бір жеткізсе сол жеткізеді. Араға бір күн салсаң, небір арғымағың да оған жете алмас...

Уәде осы болды. Тұрмамбет бой тасалап жатты. Түрікмен досы жүріске мықты, екі-үш күн бойы шабысынан бір танбайтын айғыр қашырын ерттеп дайындап қойды да, түннің бір мезгілінде Үстірт бағытындағы жолға шығарып салды. Досының қашыры шынында да қажырлы болып шықты. Бір күннен кейін түрікпен ауылының із кесушілері бір іздің Маңғыстауға бет алғанын біліп, түре қуған екен, бірақ аттары болдырып, жете алмай кейін қайтыпты. Ал қашыр Тұрмамбетті Сам құмын жайлап отырған қалың елге жеткізді. Келе: «Балуанияз батыр, қайдасың, Маңғыстаудың ойындағы бейқам жатқан елді шабуға Хиуа хандығының түрікмен жасағы аттанып кетіпті. Артынан тез жетіп, туыстарымызды құтқаруымыз керек», – деп айқай салды.

#### IV

Ер көңілді Балуанияз түн ортасында төсегінен атып тұрып, жайжаққа жаушы шаптырып, Жарқұдықтағы биік төбеге ұран отын жақтырды. Сондағы Балуанияздың да, өзінің де, Асар сұпының да сөздері әлі күнгідей құлағында самбырлап тұр.



**Балуанияз:**

Салсам деп ем жауыма бұлағай сын,  
Құрдастардың ішінде дүр адайсың.  
Жау тиді деп Еліңе, ей, Тұрмамбет,  
Неге менен сүйінші сұрамайсың?

Жүргенімде жау қосын шапқым келіп,  
Құла атпенен жұлдыздай аққым келіп.  
Жүргенімде бұла күш бойға сыймай,  
Қара Бақы кәллесін қаққым келіп.  
Сұрамайсың сүйінші неге менен?  
Қылмысы мол қазаққа төленбеген.  
Күні кеше қайшылап қос құлағын,  
Құла тұлпар жер тартып елендеген.  
Өзі кепті кектесім Қара Бақы,  
Жаннан асқан болса да дара Бақы.  
Ажал айдап мұнда оны келген болар,  
Қара да тұр, Тұрмамбет, қара да тұр.

**Тұрмамбет:**

– Ей, Балуанияз!

Бұл өмірде қайғы көп, шаттық күй аз,  
Ұран от жақ, жасақ жи, шақыр сияз.  
Жүрген соң жел өтінде, ел шетінде,  
Бала Нияз, атандың Балуан Нияз.  
Тағдыр алға тартқан соң қиын сынды,  
Неге азапты бізге Алла жиі ұсынды.  
«Сұрағаным сүйінші ұлық болар», –  
Деген едім,  
Бер онда сүйіншімді.

**Балуанияз:**

Сенен алып сыйлаған сұлуларға сырғам көп,  
Шейіт болар елі үшін кім кетсе де құрбан боп.  
Аңсап күткен жорықтың хабаршысы ең Қыдырдай,  
Қалауыңды айт, Тұрмамбет!

**Тұрмамбет:**

– Ердің сөзін кім-кімде тұрақты дер,  
Бес қарудың бірі сол – мұрат-жігер.

Арманым – жауға мініп шапсам деген,  
Арманым – жұлдыздай бір ақсам деген,  
Қалауына – Құла атты бер!  
(Пенделік-ай, мың жылқы бір бөлек те, Құла ат басқа,  
Қоймады ішкі сезім сұратпасқа).

Балуанияз сонда сәл ойланып қалған-ды. Әрине, құрдасынан астындағы атын сұрар деп күтпеген-ді.

Батырдың аты шулы Құласы еді,  
Баласындай баптаған бұласы еді.  
Құла ат шапқан мезгілде тегістеліп,  
Кететіндей даланың жыра, селі.  
Көзі жайнап, шабыс тілеп тұрар еді,  
Қаз мойынды керіле бұрар еді.  
Қос қолтықтан қос қанат суға малар,  
Ат емес хиссадағы, пырақ еді.  
Бәйгеде шыға келер дараланып,  
Баратын жер жоқ оған ара қонып.  
Аруға емес, Құла атқа ғашық болып,  
Көп жігіттің жаны жүр жараланып.  
Соның бірі Тұрмамбет болатұғын,  
Ат көркіне көңілі толатұғын.  
– Құда түссем Құла атқа, құрдас-ау, – деп,  
Үйеңкіден найза сап жонатұғын.

**Балуанияз:**

Уәдем, уәде,  
Өтінем бірақ сенен,  
Жемдеп жүр ем арпа, бал, құрақпенен.  
Алайын ақсемсермен Бақы басын,  
Шабайын осы жауға Құла атпенен.  
Содан кейін дегенің болсын, құрдас,  
Маған бағыт сілтейтін жолсың, құрдас.  
Ерлігімді көзіңмен тамашалап,  
Маған деген көңілің толсын, құрдас!  
Содан кейін асылым – құла тұлпар,  
Сенікі болсын, құрдас!

**Тұрмамбет:**

Батыр, уәден, уәде,  
Өтінбе бірақ менен,  
Жемдеп жүрсің арпа, бал, құрақпенен.  
Мен алайын, маған қи Бақы басын,  
Мен шабайын осы жауға Құла атпенен.

**Балуанияздың әкесі Мүсіреп:**

Бірге өскенсің екеуің жастайыңнан балдырған,  
Бекет-Ата жар болсын, ақ жол шықсын алдыңнан.  
Екі сөйлеп алдырмай Тұрманжанға бер атты,  
Ер жігітке жараспас достың көңілін қалдырған.

Батыр Балуанияз әке сөзінен кейін Құланың жүгенін Тұрмамбетке ұстатқан да жүре берген. Қайран, мәрттік-ай!

Тұрмамбеттің ас ішпей аңсаған арманы құла ат қолына қас-қағым сәтте тиген-ді. Қас-қағым сәт. Бақтың да жігіт басына қона кетуі қас-қағым сәт екен ғой. Шіркін, құла атқа тақымы тиген жігіт аруақтанып кетпей ме?

Осы сәтте Пір Бекет-Атаның ілімін жалғастырушы, жорықтың ту ұстаушысы Асар Сұпы сөзге араласты. Екі құрдастың арасында алғашқы әзіл шынға айналып, жорыққа аттанғалы тұрған алпыс жігіттің арасына жік салатындай болып сезілгендей ме?!

**Асар Сұпы:**

Ей, Тұрмамбет, Тұрмамбет!  
Бесқаладан әкелген сақинаң мен сырғаң көп.  
Бірақ соның бәрі де бір құланың нарқына,  
Безбендесек тұрған жоқ.  
Мал жайылған беткейге,  
Нөсер төгіп өтпей ме?  
Сол беткейің құлпырып  
Түске енбей ме көк бейне?  
Тұлпар – ердің қанаты,  
Тұлпар – қамқа, жанаты.  
Не кездеспес майданда  
Асылықты ойға алма,  
Қапылыс сәт болғанда

Бар арманы ішінде  
Қас батырдың кетпей ме?  
Бесқаладан әкелген сақинаң көп, сырғаң көп,  
Бір құланың нарқына безбендесек тұрған жоқ.  
Тақымына үйренген бас батырдың өзінің  
Бер тұлпарын, Тұрмамбет!

Бұлар үшін жорық туын желбіретіп биікке ұстаушы Асар Сұпының айтқаны заң болатын. Тұрмамбет ләм-мим деместен Құланың жүгенін Балуанияздың қолына қайта ұстатты...

Жорыққа жиналғандар алдында саны көп жаудан жасқанбай, үрей туғызбай, қызға ұрын бара жатқандай қос құрдастың осылай ойнақы мінез танытуы, олардың сөздеріне Асар Сұпының күліп тұрып төрелік айтуы жігіттерді жігерлендіріп, көңілдендіріп, жеңіске деген үміт отын маздатып жіберген.

## V

Әне-міне дегенше, Балауанияздың ауылына қару-жарағы сай 62 жігіт жиналды. Аттарының жарамсыздығын сылтау етіп, екеуі қалып қойды да, алпыс қыран аттанып кеткен.

Бұлар кеткен жауды қайтар жолдан күтіп алуға келісті. Өйткені олар барар жеріне барып, бейқам елдің шабатынын шапты, алатынын алды, айдайтын малды айдады. Ойдағы шабылған елдерден қапелімде қуғыншы жасақталып шыға қоймайтынына, ал қырдағы елдің хабарсыздығына түрікмендер сеніп келе жатқаны кәміл. Алдынан тосып, тұтқындар мен малды айырып алып қалу керек. Олар ескі жолдың бірімен қайтады. «Ебелектің елу аңғары», не «Қараған босаға». Ақылдаса келе бұлар шапқыншыларды «Қараған босағадан» күтпек болды. Осы жерде барлаушылар шапқыншылардың артық қару-жарақтарын күзетіп жатқан бір топ адамдарын ұстап алып, барлық мәліметтерді білді. Ертеңіне сәске кезінде шапқыншылардың қарасы көрініп, тұтқындарды улатып-шулатып аңғарға енді. Осы сәтте қуғыншылар тосыннан лап қойды. Кескілескен ұрыс болды. Түрікмендер тар жерде не істерін білмей сасып, тұтқындардан айырылып қалды. Шапқыншыларды кеңге шығартпай, есеңгіретіп тастады. Қазақтардан мұндай әрекет күтпей бейқам келе жатқан олар алданғандарын кеш түсінді.

Балуанияз шапқыншылардың басшысы Бақы батырды бірден тапты. Екі батыр жекпе-жек майдандасып кетті. Кек күші бойын кернеп

келе жатқан жас пері Балуюанияз жанталасқан арпалыс үстінде Асар Сұпының: «Батыр Бақыға найза сілтер болсаң, емшектен жоғары көздерсің», – деген сөзін қас-қағым сәтте есіне алған. Сонда беліне орап байлап алған қазақтың екі жас баласының қылтиған басын көріп қалды. Бойындағы қаны қайнап, қуаты тасып кеткендей болды. Ол Бақыны емшектегі тұсынан найза шаншып ат сауырынан аударып түсірді де, алға шауып жүре берді.

Тұрмамбеттің де іздеп жүргені осы Қара Бақы болатын. Балуюанияздың найзасының ұшынан құлап түскенін көзімен көрді. Бұдан кейін Балуюанияздың қайратының судай тасығаны сондай, қашқан жауды қоғадай жапырды. Атақты жүйрік Құла өзге аттарға омыраулап жетіп барғанда, оның үстіндегі адам Балуюанияздың бір сілтеуінен бөріктей ұшып түседі.

Майданда жеңіс қуғыншылардың қолына әбден көшкен мезгілде ақмоншақ арғымақты қашқынды Балуюанияздың көзі шалып қалғанды. Батырдың ниетін ұғынған ту ұстаушы Асар Сұпы: «Қашқынды қумас болар», – деп басу айтса да, қанына қарайып алған Балуюанияз тындамады. Құла ат қашқынның астындағы ақмоншақ арғымақпен құйрықтаса берген сәтте, қашқынның қолындағы бесатар дауысы саңқ етті де, үстіндегі батыр еңкейе бере жерге сыпырылып түсті. Құла ат оқыс тоқтап, иесінің жанында оқыранып тұрып қалды. Осы сәтте Балуюанияз батырдың інісі Қонабай шауып жетті. Ағасының кегін алмаққа өз атының үстінен құла атқа қарғып мінді де, алға ұзап кеткен қашқынды қайта қуды. Жұлдыздай аққан Құла тұлпар лезде-ақ қашқынның жанына қатарласа берген, Қонабайдың найзасы қас жауының кеуде тұсына енді кіріш-кіріш қадалғалы қалған. Оқыс дауыс шаңқ етті де, Қонабайдың қолындағы найза төмен сусып жүре берді. Қонабай ат сауырынан сыпырылып түсіп бара жатты. Өзімен қатарласа берген аттың түрікмен-қазақ жігіттерінің арманы болған әйгілі Құла екенін аңғарған қашқын тізгінінен алып, алға шаба берді. Бұны қуар қуғыншы енді шықпады. Ұрыс қазақтардың жеңісімен аяқталды. Мал-жан айырылып алынды. Шапқыншылардың көбінің ажалды сағаты соғып, жайрап қалған. Астындағы аттары жарамды жиырма шамалы түрікмен ғана құтылып кетті. Бірақ амал не, соғыс заңы қатал, осы ұрыста бесатардың құмалақтай қорғасын оғынан бас батыр Балуюанияз, оның туған інісі қаза тапты. Құла тұлпар жау жетегінде кетті...

## VI

Әттең-ай,  
Әттең-ай,  
Әттең-ай!  
Ағаттық кетті екен қап, қалай?  
Оққа ұшты Балуанияз, есіл Ер,  
Деп жүріп «жауымды тонаған,  
Тынбаймын табанға таптамай».  
Жосадай қызыл қан аққаны-ай,  
Өлікке толыпты көп маңай.  
Кімге де, сірә да, кімге де,  
Асылық айтылса жақпағай.  
Ұрасың мандайды  
Баурыңды,  
Тұрасың қалайша жоқтамай.  
Ел үшін еңіреген есіл Ер,  
Ағаттық жіберді қап, қалай?  
«Жау келсе сүйінші ал» – дегенің,  
Асылық болды ма,  
Әттең-ай!  
Құрдас-ай,  
Құрдас-ай,  
Құрдас-ай-ай!  
Қыздарға бір барған сырлас-ай!  
Бір жоқтар ел қамын мұңдас-ай!  
Зарымды запыран тындашы-ай!  
Кеудемде соқса егер бұл жүрек,  
Кегінді бір алмай тынбас-ай!  
Алмасам қайтарып құла атты,  
Құрдас-ай,  
Болайын Ер емес, ұрғашы-ай!

Тұрмамбет осылай аһ ұрды. Бесатарлы қашқын түрікпеннің астындағы ат бір кезде Қара Бақы базарда саудалаған, өтеуіне қазақтың он баласын құлдыққа әкеліп бермек болған «Аққұш» атты атышулы арғымақ болатын. Кейін Қара Бақы бұл атына сай құстай ұшатын арғымақты қашқанды қуып, алдына әкеліп отыру үшін інісі Ораз-

мендіге мінгізген еді... Құла аттың жүйріктігі одан да асып түсті. Бірақ бұл қасиет Құла үшін сор болды... Қолында ажал сепкіші бар қарақшыны аттатпаймын деп ағалы-інілі екі арыстың жанын шейіт етті. Әйелдің соры – көркінде, батырдың соры – намысында, аттың соры – жүйріктігінде екен ғой.

Тұрмамбет қолына қан шеңгелдегендей алас ұрып жүріп, кенеттен мана Балуанияз аттан аударып түсірген Қара Бақының мүрдесін көргісі келді. Неге екені белгісіз. Атақты қолбасшы Бақы аттан құлағанда-ақ оның жасағы қожырап, бытырай қашқан-ды. Жоқ, Қара Бақы өлмеptі. Ауыр жараланған, тістеніп тая бастаған жанарымен Тұрмамбетке қарады.

– Ей, Қара Бақы! Иманыңды үйіре бер, өз қолыммен өлтірем, – деді Тұрмамбет.

Екі батырдың да беттерінде айықпас ызғар оты жанып тұрған. Қара Бақы тіл қатпады. «Өлтірсең тезірек өлтірмейсің бе, неғып тұрсың?!» – дегендей еді.

– Жоқ, Қара Бақы, жаныңды жаһанамға жіберместен бұрын соңғы тілегінді айт, орындаймын. Бірақ қандай өліммен өлетінін білесің бе, өзіңнің Төремұрат батырға істегеніндей... Дүние кезек...

– Тө-ре-мұрат ба-тыр-р-ға...

Қара Бақы оқыстан тілі күрмеле, әзер осы сөздерді айтты да, қозғалмастан үнсіз жата берді. «Мейлің, ажалы жеткен адамға қалай өлсе де бәрібір емес пе?!» – дегендей. Осы сәтте екі батырдың да көз алдынан бұдан біраз жыл бұрын өткен қанды оқиға желілері елес берді де, ғайып болды.

## VII

Иә, заман-ай! «Дүние жалған, бірде алдын, бірде артын береді», – деген осы да. Ол шайқас – «Қызданайдың қырғыны» деген атпен екі халықтың да есінде қалған еді.

«Қызданайдың қырғыны». Атақты Ару – Қыздансұлу үшін болған қырғын еді бұл.

Исі түрікмен мен қазағында ол кезде Қыздансұлудан асқан перизат бар ма еді?.. Елі еркелетіп, Қызданай атап кеткен. Шіркін, заты атына сай Қыздансұлу десе қыздан сұлу еді-ау! Оған кімдер ғашық болмады... Төремұрат, Нарынбай, Өтен батырлар, Құрманғазы күйші, Қашаған ақын... және осы Қара Бақы... Бірақ сол ару Төремұрат батыр-

дың несібесіне тиді. Көп батырдың ішінде оның аруағы басып, қызды өзіне иліктіріп, табындырған. Қызғаныштың қызыл иті деген пәле де жаман ғой... Айдай ару келіншегін алып, ағайын арасынан жырақтап, бір кездерде қатар көшіп жүрген түрікмен достарының ішінде қоныс тепкені де бар... Әйел көркі көз құрты емес пе, орталарындағы жалғыз қазақтың сұлу жарына түрікмен жігіттерінің де аңсары ауа бастады. Соның бірі Қара Бақы болатын. Қонсыларының арам ойын сезген Төремұрат өзі өкпелеген ағайын жағына ойысып, қазақ пен түрікменнің орта қонысын ала отырды.

Есіл-дерті Қызданай болған жас батыр Қара Бақы үйінде байыз тауып жата алмады. Бар арманы Қызданай... Жорыққа шығуды аңсады. Оның да сәті түсті. Есептеп отырса, қазақтың батыры Төремұраттың түрікмендерге тізе батырғаны көптеу болып кетіпті. Тіпті оның жалғыз үй отырып-ақ кеудесін асқақ ұстап, өктем-өктем сөйлеп, кейбір қылжақпас жігіттерді тақымына басып, тәубесіне келтіріп жіберуінің өзі намысты аяққа басқандық екен-ау. Кезінде оны қалай аңдамаған. Жалғыз-жарым түрікмен оның ауылының маңынан аттай алмайды. Аттаса көкесін көзіне көрсетеді.

Демек, оны тәубеге келтіру керек. Оның жалғыз жолы – аттанып барып, Төремұраттың ауылын шабу, ал соғыста аяушылық болмайды. Оның өз заңы бар, өлім, жесір, құл, мал-мүлік... жеңген жақ мол олжаға кенеледі. Сол олжаның ең бастысы – Қызданайды қолды қылып, елге келген соң өзіне атастыру...

Сол жолы Бақының жолы болудай-ақ болған. Қамсыз ауылды аяусыз шапты. Жасанған жасақ қарсыласқанды қырып салды. Ұйқыдан оянған олар да өршеленген. Бірақ қайқы қылыш дегенін істеді. Қапыда қалған батырды Бақының өзі аттан құлатты... Қызданай сұлуды артына өңгерді. Аруағы асты. Қуаты тасты... Кенет жерде ауыр жаралы жатқан Төремұрат ызбарлана:

– А, Қызданай! – деді, – ат көтіне мінгеніңе риза болып, бара жатсың ба, айт ана сүмелекке, мені өз қолымен өлтіріп, бетімді жауып кетсін!

– Ә, сен әлі тірі ме едің, кәрі азбан, тілегінді қазір орындаймын!

Қара Бақының қылышын көтере бергені сол еді, Қызданай сұңқылдай жылады:

– Батыр ием, сенен бұрын мен өлсемші, бұндай қорлықты көргенше шыққыр көзім шықсашы!



Қара Бақының басына қан тепті. Мейірім, аяушылық деген сезімді ұмытты. Болашақ жар етпек Қызданайдың көңілін Төремұраттан біржола суытып кетуді ғана ойлады. Ол үшін не істемек? Е-е, тапты.

– Қызданай, сенің қимай тұрғаның мынау екен ғой!

Ол кенет аттан түсе қалды да, қимылдауға әлі жоқ жаралы батырдың шалбары мен тіз киімінің ауын бірге дар айырып жіберіп, ұстара кездігін қынынан көз ілеспес шапшандықпен суырып алып, Төремұраттың екі бұтының арасына қолын сүңгітіп жіберіп... қызыл шақаланған екі жұмыртқаны Төремұраттың екі езуіне нығарлай тықты да, Қызданайға:

– Енді енсіз еркек қай қатынға дәрі болыпты, көзіңмен көріп ал, – деп ақырды.

Қапелімде болған оқиғаны аңғара алмай қалған Қызданай істің мәніне енді түсінген. Бетін басып, көзін тарс жұмып, жүгіре бере етегіне сүрініп жығылған...

## VIII

Адамның зердесі неткен күрделі. Осы оқиға екі батырдың да көз алдарынан қас-қағым сәтте өте шықты. Үрлесе лап ете түсетін қоламтадағы қызыл шоқтай, ескі кек, кеткен есе құрғырың да ұмытылмай, еске сап ете түскен шақта шоқтан алауға айналып, лапылдап шыға келеді екен ғой.

– Дү-ние ке-з-е-к, Тұрмамбет, ол тәсілді мен бұрын істеп, жа-а-ныма ләз-зат алған-мын. Білгенінді аяма! Қазақ қатындарының «күн-тимесінен» талай рет дәм татқан «ызбырайымды» айызың қанса үйтіп же!

Қара Бақы да қасарысқан батыр екен. Төніп тұрған ажал қылышына мойынсынар емес.

– Онынды не істерімді өзім білемін, кәне, тұруға уақытым жоқ, соңғы тілегінді айт!

– Өлсем, майданда өліп барам, арманым жоқ, тек тілегім – сүйегімді еліме жеткіз, қазақ жерінде қалып қоймайын, Тұрмамбет!

– Тілегінді аман жүрсем орындаймын, өз тәсілінді өзің бір сына...

Тұрмамбет Бақының шалбарының ауын дар еткізіп айырып жіберіп... қанжарын жалаң еткізді...

## IX

Жорықтан соң бірнеше айдың жүзі өтсе де, Тұрмамбет тыншыр емес. Ұйықтаса-ақ болды, түсінде Балуюанияз, жер тарпыған Құла ат, ұрты томпайған Қара Бақы жүреді.

– «Ел шетіне жау тисе менен сүйінші сұра!». «Аңсаған жауын келді, сүйіншіме Құла атты бер», «Айтқаным, айтқан, уәдем – уәде, құрдас, тек осы жорыққа бір мініп шығайыншы!». Алас-қапаста батырдың өзіне өзі үкім шығарып қойған бұл сөзінің астарына Асар Сұпыдан басқа ешкім түсінбепті. «Қапылыста Балуюанияздың арманы ішінде кетер, Құланы батырдың өзіне бер, Тұрмамбет!». О, әулие Асар, табынар піріміз Бекет-атаның ілімін ілгері апарушы Асар, сен неткен көреген едің. Сонда Балуюанияз: «Құрдас, мен Құланы соңғы рет мініп жауға шапқалы тұрмын ғой, содан соң саған қалдырмай, кімге қалдырам», – депті де, болашақ ұрыстың немен тынарын алдын ала болжаған Асекен: «Бұл шайқас – соңғы шайқасы. Жеңісті әкелетін Балуюанияз. Ал Балуюанияз Құла аттың үстінде ғана аруақты. Және бір жай, жүйріктің үсті барлық уақытта басқан тақымға құт бола бермейді!» – дегенді қалайша астарлап, әдемі түсіндірген.

Құла атқа Тұрмамбеттің шынымен тақым сала алмай кеткені ме? Қосылған бәйгенің алдын бермейтін, денесі қызып, терлеген сайын өрлейтін Шалқұйрық тектес Керқұла...

Иә, қазақтың кәрі-жасы аузының суы құрып, тындайтын ертегілердегі Шалқұйрықтай, Керқұладай Балуюанияздың құла атының да ертегі-аңызға бергісіз өз тарихы бар-ды...

Бірде жас батыр атақты Саназар байдың ауылында болып, кетерінде: «Нағашы, ен жылқының ішінен мініске жарайтын бір тай бұйымшыласам... әрине, бұл аяқ артар таппағаннан емес, өзіме лайық тұлпар тай, сұңқар тай іздегендіктен», – деп жымыды.

Сонда Саназар жылқышыларына: «Құлагер биенің құла тайын ұстап әкеліндер», – деп бұйырды. Сонан соң «жиен, мен мал танысам сенің қанатың осы Құла болар деп тұрмын. Арғы тұқымы суын су жылқысынан пайда болған. Екі елді жауластыра жаздаған құлын оқиғасын білесің ғой. Қазақ пен түрікмен анттасып, оған Қожаназар байдың алты жасар Қошаны антқа ұсталатыны. Сондағы суын құлының тұқымы бұл. Өзі көп емес. Бұл тұқым Қожаназар мен менің жылқымда ғана бар. Бірақ кестіріп, ат қылып беремін. Осы тұлпарды мінетін біздің жақта жігіт болар ма екен деп жүр едім. Түр-тұлған

сүйсінтеді. Бірақ бір ескертерім: сутағы тұқымының ер жігіт үшін құт болатынын не жұт болатынын айта алмаймын».

Көзі қаракты Балуанияз тайдың тұлпар мүсінін бірден таныған. Сол Құла жау қолында кетті. Киелі жануарды елге қайтару керек. Бірақ қалай? Тұрмамбеттің ойы сан-саққа жүгірді. Жасақ жинап барып, шаңырағын ортасына түсіріп шауып ала ма? Олай істей алмайды. Қазір екі жақта өліара мезгіл, тыныштық сәтінде. Бір тай үшін ешкімді жаугершілік жорыққа ылықтыра алмайсың. Түн жамылып барып, ұрлап кетсе ше? Тағы келіспейді. Ашық күнде келісіммен ғана қайтару керек. Сонда қайтіп?.. Е, тапты, тапты. Тіпті ұмытып кете жаздапты-ау! Қара Бақыға берген уәдесі бар емес пе еді... «Соңғы тілегінді айт», «Сүйегімді туған жеріме, еліме жеткіз».

Қара Бақыны Тұрмамбет қара жерге аманат етіп көмген. Бұл кейін сүйекті қайта ашып алып, өзге жерге табыстаймын деген сөз. Енді сол аманатты орындау керек. Жау болса да ерлікпен өлген батырдың аманатын орындай отырып, қарымтасына Құла атты кейін қайырып беруді сұрағаны жөн. Құла атты қайтарудың ең тиімді жолы осы. Яғни екі жақтың асылдарын бір-біріне айырбастау. Осы ойға бекінген Тұрмамбет жол сапарға жиналды...

## Х

Кеш білді,  
Білді енді Құла өзінің жау қолына түскенін,  
Жас болып тамды жанардан запыран қайғы іштегі.  
Қамыс құлағы жымыып, тарпаң мінезбен келгенді,  
Артына келсе тепті де, алдына келсе тістеді.  
Артына келсең тепті де, алдына келсең тістеді,  
Жемеді берген арпаны, бал суын берген ішпеді.  
От-суы жат бұл жердің  
Топырағы жат, жат бәрі,  
Құлын кезде өскен өріске махаббат неткен күшті еді?  
Сан бәйгеден, сан жорықтан сыналған,  
Суын тектес тұлпарды тақымға басып құмардан  
Шығу дегенің,  
Шығу дегенің, шіркін-ай,  
Исі түрікменге, исі қазаққа бір арман.

Өз құнына сан азаматты құрбандап,  
Қолға енді, міне, өзі ұшып келіп тұрған бақ.  
Шулатып жұртты бәйгеден дара келетін,  
Құла тұлпардың қызығынан кім құр қалмақ.  
Алланың сыйы – Оразмендіге қиғаны,  
Өйтпесе бұған жетпес ед барлық жиғаны.  
Бақ құсы қонды жігіттің батыр қолына,  
Дүрліктіретін Хиуаны.  
Бола ма жайлар қисыны, сірә, келмейтін,  
Бола ма жайлар ойға алсаң-дағы өнбейтін.  
Қос қолтығында қос қанаты бар тұлпары,  
Тұлпары құрғыр дегенге әзір көнбей тұр...  
Ойланды қисын, қалайша, сірә, ісі өнбек?  
Жұтқаны қайғы бақыттың балын ішсем деп.  
Ашуға мініп темір шарбақтың ішіне,  
Ұстады атты кісендеп...

Әлқисса, осылай жылға жуық мезгіл өтіп, жаздың жадыраған күндерінің бірінде атақты атсейіс, білгіштер жиналып, кеңес құрды. Құла тұлпарды көндіру үшін не істеген жөн? «Бостандыққа шығаралық, енді қайда кетер дейсің, келген кезде ер-тоқымын бауырына алып тұлағандай ел-жұрты, от-суы есінде қалды дейсің бе, ұмытылған болар, қанша дегенмен айуан ғой, ол түгіл адам да басына түскен тағдырына көніп, басын имей ме?»

Құланың аяғындағы кісені алынды, бір топ саяқтың үйіріне қосылып, еркіндікке жіберілді. Алғашқы кезде аяғын кібірткітеп басқан Құла бірте-бірте терісін қиып тастаған тұсауынан босағанын сезіне бастады, айналасын бағдарлады, тың тыңдады. Жерге жата қалып аунаған, төрт аяғын көкке шаншып әрлі-берлі асып түсіп еді, үстін күндіз-түні басып жүретін зіл-батпан ауырлықтан құлан таза арылғандай болды. Денесі жеп-жеңіл, қиқуы мол шабыс тілегендей ме?! Кәдімгі тұяқты толықсыған топыраққа толтырып, артқа лақтырып, ақ шанды шұбалтып шабатын шабыс...

Қамыс құлағын тіктеп, алдына танауын делдитіп жіті қарап еді, алдынан еш кедергі жоқ далиған жазық дала көрінді, мұрнына Маңғыстаудың сабат самалы ескендей болды. Құйрығы көтеріліп еді, екі-үш тезек тастады. Денесі дір етіп, ыстық қан теуіп, жүрегі дүрс-дүрс

соғып кетті. Құйындатқысы келгендей. Оқыстан кісінеп жіберді. Басын қақшитып алып, құлағын қайшылап, құйрығын көтеріп жіберіп желіп жүріп, тағы бір кісінеуі мұң екен, ауыл жақтағылардың әлденелерді айтып абыр-сабыр болып жатқан шаң-шұң дыбыстары естілді. Әлдекімдер ерттеулі аттарына жүгіргендей ме?

Тұлпарға қызбалық тән. Ауыл жақтан шыққан шаң-шұң дауыс құланың делебесін қоздырып жіберді де, әуелі желіске, сосын текірекке, сосын шабысқа басты. Арттан оншақты атты тырағайлап қуды. Құла шауып бара жатып, тағы кісінеді. Бұл түрікмендердің құлағына жеткен соңғы кісінеу, құланың еліне бет алғанын толық аңғартты. Құла қыза-қыза құстай ұшты. Еті қызған сайын бұлшық еттері бұрынғы қалпына келіп, бойына жаңа қуат пайда болды.

Артта қиқулаған қалың аттылар, қамшыларын аттарының сауырына аямай салып, тырағайлап-ақ келеді. Алғашында абайламапты, алдында көл бар екен. Енді бұрылуға кеш. Қуғыншылар алыстан орап, көлге қамап ұстағалы келеді. Құла екпінін тоқтатпастан көлдің жарқабақтау тұсынан суға бір қарғыды. Бір сүңгіп су бетіне қайта көткерілген соң еш қиналған жоқ, жеңіл жүзді. Тіпті үйрек тәрізді. Басы, мойны, арқасы, құйрығы су бетінен едәуір көтеріліп ағып бара жатты. Бұл оның терең ағынды суға тұңғыш рет түсіп, тұңғыш рет жүзуі еді. Маңғыстаудың ойы мен Үстіртінің үстінде су болатын ба еді, ондағы кілең шымыраулар ғой.

Қуғыншылар құланың мына оқыс қылығына таң қалды. Әп-сәтте көлемді көлдің арғы жағына өтіп шығып, бір сілкінді де, желіп кете берді.

– Арғы тегі су жылқысы екенін дәлелдеді, – деп түрікмендер қауқылдасып жатты. Құла естіген жоқ, тіпті арғы атасы суын екен – деп адамдардың өзіне айдар тағатынын да білмейтін.

## ХІ

...Есіл-дерті Құла ат болған Тұрмамбет белін бекем буып, басын бәйгеге тігіп, батырдың соңғы тілегін орындамақ болып, Қара Бақының сүйегін артқан атанды жетелеп, түрікмен ауылына келіп отырғаны осы. Түйе жетектеген адамға ара жолдың қашықтығын айшылық деп атайды. Атын қаңтарып, түйесін шөгеріп, сәлем беріп, үйге кіріп келді. Үйде, сірә, марқұмның зайыбы болу керек, бір әйел, екі жігіт отыр екен. Төрге шыққан Тұрмамбет малдасын құрып жіберіп, отаға-

сынан айырылғалы жылға жақындап отырған үйге күңіретіп бата оқыды. Үйдегілер қонақтың жайын сұраған. Батырдың өз өмірінде есінде қалған шешендігін танытқаны да, батырлығын танытқаны да, қатты қорыққаны да осы сәт.

Шешендігі – түрікмен мен қазақтың арасындағы ұрысты, оның негізгі күнәкері осы үйдің иесі Қара Бақы екенін, өздерінің жетім-жесірді айырып алу үшін соңынан қуып жетіп соғыс ашқанын, майданда екі жақтан да аяулы ерлерінің қайтпас сапарға аттанғанын, Қара Бақының соңғы тілегін орындау үшін сүйегін еліне табыс еткелі келіп отырғанын жеткізе білуі. Бұл жерде дүңк еткізетін батырдың доғал тілі емес, бидің майдан қыл суыратын шешен тілі керек.

Қорыққаны – әкесін осы кісінің өлтіргенін естіген сәтте екі жігіттің үн-түнсіз, сұп-сұр қалпында кереге басында ілулі тұрған қылышқа тұра жармасып, қынынан жалаң еткізіп суырып алуы. Бұл сонда «ажалымның жеткен тұсы осы жер екен ғой», – деген ой сап ете түскенде, орнынан атып тұра жаздағаны...

Батырлығы – сол қас-қағым сәтте сол қорқыныш сезімін, ішкі үрейін жеңе біліп, ештеңе елемегендей отыра бергені. Бәрі де бірер сәттің ішінде болған сезім арпалысының үстінде әйелдің дауысы саңқ етті:

– Ұлым! – деді ол.

Осы сөз одан әрі буынын бекітіп, нығарлана отыруына жағдай жасады. Төніп келген өлім бұлты сейіліп жүре берді. Тұрмамбет «Ұлым!» деген бір сөзінен-ақ әйелдің, яғни өзі саудырлатып құр сүйегін әкеліп отырған Қара Бақының қаралы зайыбының не айтарын бірден ұқты.

– Ұлым! – деді ол, – әкеңнің кегін алар орын бұл жер емес, төрімді қанға былғама. Әкең өзі іздеп барып, қан майданда қаза тапты. Ние-тінен тапты. Кегін майданда ал!

Сонда Тұрмамбет әлгі әйелдің төменетектікке салынып шашын жұлып, бетін тырнай түсіп, қолында қылышы жалаңдаған ұлына «неғып отырсың, әкеңді өлтірген қас жауыңның басын жұлмай» деп зарлап жатып алмай, аналық ақыл айтуына тәнті болған. «Біз, еркектер, өркөкіректігімізбен нәзік жанды әйел затының асыл қасиеттерін түсінбейді екенбіз ғой», – деп ой түйген.

Бұл келсе Құла елге қашып кетіпті. Құс қанат тұлпар бұл жолы да қолына түспеді...

## ХІІ

Көзі үңірейген, ерні салпиған, кірпігі эзер қимылдайтын, іші қабысқан Құла Көгесем құдығының басына келіп, ауызды астауға салған... Тас астаудан күңсіген күн исі шықты. Құдықтың әйкеліне үнілді. Танауға дымқыл ауа тиіп, құлаққа судың сыңғыры естілгендей. Осының өзі оның бойын сәл-пәл тыңайтқандай.

Шыныраудың со-о-нау түбінде бір нәрсе жылтырайды. Ол – өмір, ол –нәр, бірақ оны кім қауғалап тартып алып, астауға сарылдатып құймақ. Шыжыған шілденің аптабында бір тамшы судың ерініне тимегеніне, міне, он күн. Ел-жұртын аңсаған қайран Құла, жершіл Құла... ажалыңның жетіп, дәм-тұзыңның біткен жері осы болар. Төрт аяқтының сұңқары – Құла, бір кезде Құла тұлпар едің, қазір құла тулақсың. Иә, сонау Хорезмнің ойынан қуғыншыларды шаң қаптырып, көлге қарғып, үйректей жүзіп өтіп, үстіндегі суды бір сілкіп желіп кеткенсің.

Қасқа жолдан Үстірт үстіне бір-ақ шыққан соң барып, сәл кідіріс жасадың. Еркіндікке шыққаныңды әбден сезген соң Үстірт топырағына армансыз аунадың. Төрт аяқты аспанға көтеріп олай бір, бұлай бір он рет астың. Тұрдың. Сілкіндің. Сосын маңдай алдындағы жусан, изен, ебелектерді шалып оттап, тағы жол шектің. Бір-екі күннен соң шөлдегенінді сездің. Балуюанияздың тақымында талайыңа тап келген шымыраулардың бірінен соң біріне соқтың. Бірінде де ел жоқ, бәрі қоныс іздеп алыс жайлауларға көшіп кеткен. Мынау – Жаңасу, мынау – Тесіктам, мынау – Үйсін, мынау – Ұзын. Бәрі иесіз. Япырау, қалың жұрт қайда кеткен. Балуюанияздан айырылғалы халық бұл өңірді талақ қылған ба?

Су, су, бір жұтым су! Бірақ су жоқ. Соңғы үмітің Көгесем еді. Бұған да жеттің. Ол үмітің де үзілді. Шөлден есің кетіп қаңғуырлап басың ауған жаққа жүре бердің. Басқарып келе жатқан басың емес, тек төрт аяқ қимылдайды. Қай жерге келдің, белгісіз, бір кезде сүрініп кеттің де... сол жатқан жерден тұрмадың. Сені бұл жерге жетелеп келген төрт аяғың емес, басың, зердең, ой-санаң екен. Өйткені баяғы үстіңнен Балуюанияз батыр оққа ұшқан жерге құлапсың.

Кейін елге оралған соң Құланың елге келіп өлген хабарын естіген Тұрмамбет оны ит-құсқа жегізбей, сол жерде адамша жерледі де, басын кесіп алып, Балуюанияз батырдың бейітінің қасына апарып көмді... Сөйтіп Құла атқа да туған жердің топырағы бұйырып, иесінің жанынан мәңгілікке орын тепті.

### ХІІІ

...Атынан түсе сала құрдасы Балуюанияздың бейітін құшақтап еңкілдеп жылаған Тұрмамбет ақыры балалары мен ағайындарына дегенін істетті. Көш сол жерде еру болған соң Тұрмамбет те дүниеден өтті. Сөйтіп, кәрі батыр өмірден жас кеткен құрдасы Балуюаниязбен, өзі кезінде бір мінуді армандаған Құла аттың қасына барып мәңгілікке дамылдады...

### АҚШОЛПАН

(Әңгіме)

Жар төсегінен ыстық, жар төсегінен ләззатты, жар төсегінен тәтті нәрсенің мынау жарық дүниеде жоқ екеніне Ақшолпанның көзі жетіп, көкірегіне түйгелі қашан? Байлық – бақыт емес бедел, өзгені қорқытып, үркіту үшін, алдына әлсіздің тізесін бүктіру үшін ғана қажет екен. Ал жар құшағы...

Атақты бай, құдай қосқан қосағы Қожаназардың дүние салғанына да үш-төрт жыл мезгіл өтті. Қара жамылып жылын күтті. Бұдан емес өзге әйелден, әлгі жаугершілікте қолға түскен жеменей Қонай батырдан сауғаға алған қалмақ әйелінен туған балалары Жем өзенінің бойындағы әдемі тоғайлықта қазақ даласында бұрын-соңды болмаған ас берді. Оған Кіші жүздің ханын шақырды. Атынан түскен ханның алдына қонақ үйіне жеткенше ақ киіз төседі. Кейін бұл жер «Ақкиізтоғай» атанып кетті.

Қайғының қара түнегі иығынан түсіп жеңілденген сайын, көңілін әлдене арбағандай, әлдене денесін шымшығандай, әлдене омырауын қытықтағандай болады. Әсіресе наурыз мерекесі өткелі. Әсіресе күні кеше қайнысы ағаның орнында отырған жеңгеге көрісе келіп кеткелі.

...Тұла бойы өртеніп барады. Өртеніп барады. Құс төсек құстың мамығынан емес, жылқының сабаудай-сабаудай қылынан жасалғандай тал шыбықтай бұралған дененің тиген жеріне түрпідей тиеді. Бұның тілегені бір «нәрсе». Отағасының тамағын сыйпай қытықтайтын ұзын тарам сақалының, қыпша белін екі орап алатын салалы саусақты ұзын қолдарының орны бөлек екен ғой... Бәрі-бәрі еске түсіп, Ақшолпанды төсектен атып тұрғызды, құс жастықты құшақтатып қайта жатқызды,



жұмсақ жастық оның құшағын толтыра алмай жұмарланды да қалды. Ызадан есік жаққа лақтырып жіберді.

– Жігерсіз, жасық, еркек емес!

Ызадан қолы дір-дір етті. Найза кірпіктер ашылып-жабылып, жанардан жас моншақтары домалады.

Ақшолпанның бұл өкпесі кеше келіп кеткен қайнысына болатын (Кейін әже болған кезінде ол қайны мен қайынағалары туралы: «біреуі батылы жетіп көрпемді аша алмады, ал қойшы-қоланды үстіме шығаруға қорсындым», – деп отыратын болды).

Иә, кеше қайнысы Әлі келген. Тұлғалы, ажар-көркі бір еркектен кем емес жігіт ағасы.

– Жеңеше, наурызда көрісе келдім, – деді ол. Жасы өзінен мүшел кіші Ақшолпанды ата салтымен жеңеше деді. – Жеңеше, жай-күйін қалай, Қошан батыр өсіп келе жатыр ма? Ағаның қара шаңырағының иесі сол ғой.

Әлінің шай қайнатым мен ет пісірім уақытының ішіндегі бар айтқан әңгімесі осы болды. Шайды үнсіз сораптады, бағыланның жас етін аузына үнсіз үсті-үстіне тыққыштады. Қолын шайды, тісін шұқыды. Сосын:

– Жеңеше, ертең ерте жүріп кетсем, жылқышылар қосында шаруам бар, – деді де сыртқа шығып кетті.

Ақшолпан ойланып қалды. Әменгерлік жолымен қалауын сұраса, іштей осы қайнысын меншіктеп жүрген. Тек үйіндегі шүйкебасы долылау. Ақшолпан «бір жыныстанбыз ғой, оның да тілін табармын», – деп ойлаған. Міне, енді сол көңілі құлаған қайнысы жеңгенің оңаша ақбоз үйіне арнайы ат басын тіреп қонғалы тұр. Демек... оның да көңілінде...

Ақшолпан ақ боз үйдің ішіне екі төсек салды. Бірін кішігірімдеу, қойшы-қоланның төсегіндей жұқалтандау етіп төседі, екіншісін екі кісілік, яғни бұрынғы отағасы бардағы төсектей көз жауын аларлық етіп салды.

Не де болса арадағы нәзік жіптің түйілген тұсын Ақшолпанның өзі шешуге ниеттенді.

Сырттан үйге кіріп келген Әліге:

– Қайным! – деді, – келісіңнің сыр-құпиясын әлі ашпадың, егер қонақ болып келсең, онда қонақ төсегің анау (босағаға жақындау салынған жұпыны төсекті нұсқады), ал... ағаңның орнын жоқтатпағалы

келсең... төсегің мынау! (ылғи құстың мамығынан ғана жасалған, шәйі жібектермен тысталған, қандай еркектің болса да есін алатын оттай ыстық жар төсегін көрсетті).

Әлі жеңгесіне қарап қалып еді... Жасы жиырмадан енді асқан келіншек қырдың қызыл түлкісіндей құлпырып-ақ тұр екен. Дүниеде, сірә, бұдан асқан сұлу ұрғашы болмас. Жүрегі бүлк етті. Жанарын әлгі сұлулық жасқап, өзінен мүшел жас кіші, бірақ қазіргі сәттегі үстемділікті, билікті өз қолына алып тұрған келіншекке екінші рет тік карауға батылы жетпеді. Осы сәт көз алдына үйіндегі бейпіл ауыздау өз қатыны елестеген. Осы қылығын сезсе, күн ертең отының басы ойрандалатындай сезінді.

Әлінің маңдайынан тер бүрк етті. Жеңгесінің бұл батыл қылығы оған жуса кетпейтін күнәдай көрінді. Егер қосылыспақ болған күннің өзінде де неке суын ішісіп, айдай әлем алдына жария етіп барып... жар төсегіне жату керек емес пе?

– Ақшолпан! – деді ол сырт киімін кереге басына іліп жатып, – Бүгін... м-ме-ен... қонақ ретінде келдім... Ал мү-үм-кін кей-ін...

Ақшолпан Әлінің сөзін аяқтатпай қатқыл үнмен үзіп жіберді.

– Қонақ болсаң, төсегің анау!

Өзі сыртқа атып шығып, өксігін баса алмай ағыл-тегіл ұзақ жылады. Тағдырын қарғады, әкесін қарғады, өзінің әлін білмей отқа қолын көсеген кәрі қақпас отағасы Қожаназарды қарғады, өмірді ойыншықтай көріп бәріне келісім берген өзін қарғады.

Қайнысының сондағы келісінің мәнісіне түсінбеген, өзінің ерке қылығы сәтсіз болып шықты. Ақшолпан сол оқиғаны еске алып әлгі сөзін тағы қайталады.

– Жігерсіз, жасық, еркек емес!..

Түн тылсымы, түн арбауы келіншекті ұйықтатар түрі жоқ.

Байдың бұла қызы өмірдің қысастығына қысастықпен жауап бергісі, тіпті тәлкек еткісі келген. Бірақ қатал тағдыр аңғал, сәби көңілді бойжеткеннің түсінік-түйсігінен тым күрделірек болып шықты. Ол оңаша үйде отырып, өз-өзінен мынандай мағынадағы зар өлең айта-тын болды:

Умашталып басылып,  
Төсек бұл жатқан шашылып.  
Түлкі құйрықты қу тағдыр,  
Қарғаймын сені ашынып.

Сөндірген кім бар отын өз,  
Жұлқысар шақта етіп ез.  
Араша түспей ұзатқан,  
Қарғаймын әке қатігез.  
Сакалын, мұртын ақ басқан,  
Кірпігін қарар қақпастан.  
Балымды сорған тілімнен,  
Қарғаймын сені, қақбас шал.  
Оттан да ыстық ойны бар,  
Ашылған талай қойнылар.  
Қарғаймын тағы батылсыз,  
Қайнағалар, қайнылар.  
Қайтемін жәудір көзімді,  
Бола алмай шыққан төзімді.  
Тәкаппарлықтан тартқан сазайын,  
Қарғаймын және өзімді.  
Дүниеқоңыз қуған кіл,  
Шыққандай жаурап судан бір...  
Не жаздым мені зарлатқан,  
Тылсымы мол, қу тағдыр.

Иә, тағдырының бұлай түзілуіне өзі кінәлі. Менің бетіме жан қарай алмайды, айтқаным орындалады, – дейтін өркөкіректігі түбіне жетті. Олай емес, бәрі де алдамшы, жалған екен. Оның есіне Қожаназар байға қалай тоқал болғаны түсті...

...Әлім елінің аузынан тастамайтын «айдай сұлу Ақшолпаны» болатын бұл. Әкесі – мыңғырған бай болса, өзі – аса сұлу қыз болса, Ақшолпаннан бақытты кім болмақ. Қызметші қыздарының бірі маңдайын сипап, шашын өрсе, бірі балтыры мен санын сылайтын. Сол кезде бұл маужырап ұйқыға кететін. Жігіттердің аузында «Ақшолпан», жеңгелердің аузында «Еркежан», «Сырғалым» болатын.

Бірде елінде той болды. Қыз-бозбалалар отырған отау әркезде көңілді, ән-күйге бөленбей ме? Ақшолпан қолына домбыра алып, мақпал дауыспен үзілдіріп ән шырқады. Тойшылардың бірі есіктен, бірі іргеден, аттылар жабықтан таласа сығалап қалыпты.

Кенет Ақшолпанның көзі жабықтан сығалап тұрғандардың ішінен сакалы аппақ, жанары нұрлы, құндыз бөрікті, асыл шапанды қартқа

түсті. Әлгі паң мінезді қарт Ақшолпанға сүйсіне қарап тұр екен. Манадан бері ту сыртынан оқша қадалған көздің иесі осы екенін сезгендей:

– Мына ақшұнақ шалға да қыз керек пе, әй! – деп сыңғырлай күліп еді, оған «Сары майдан дәме еткен итім кұрсын» деп бозбалалардың бәрі қосылып күліп, қолдарын шошайтып әлгі қызға тесіле қараған қартты мазақ етті.

Бірақ Ақшолпан аузынан аңдамай айтылған осы сөздің кейін өзінің бар тағдырын шешерін сол бойда қайдан білсін?!

Жабықтан сығалап тұрған шал Адайдың атақты байы жаңай Қожаназар болатын. Өзін құдай санайтын Қожаназарды әлгі сөз қамшымен қақ маңдайдан сарт еткізіп ұрғанмен бірдей болды. «Тоты құс торға өзің түстің», – деді бай іштей бір мырс етіп.

– Мына тоты құс кімнің бақшасынан екен, білші, – деді ол қосшысына қарап. Сөйтті де тойдың соңын күтпей ауылына сар желіп жүре берді.

Той иелерінің ішінде абыржу пайда болды. «Қожаназар өкпелеп кетіпті». «Кімге?» «Әлімдерге», «Неге?», «Сәлкен байдың сайқымазақ қызы «ақшұнақ шал» деп масқаралапты». «Ұят болған екен». «Әлімдер, енді сендер Адайға ат-шапан айып төлейсіңдер. Жігітке емес, қыздарыңызға мырзамызды сөккізіп...»

Қожаназарға да керегі осы қаңқу сөз еді. Келе Сәлкен байдың ауылына құда аттандырды. Айтқаны: «Топ ішінде абыройымды төккен қызға көңілім ауды. Шал демесін. Аруым деп қадірлеп өтем. Ақшолпанға да Алла «адамың осы» деп тұспалдаған болар, әйтпесе сақалыма жабысар жөні жоқ еді».

Сәлкен ауылының түндігі құйын соққандай тулады.

- Қожаназардың қай басынғаны, бұл...
- Сексендегі шалдың дәмесінің зорын...
- Қызымыздың теңі болса бір жөн...
- Қойыңдар, ағайын, қызымыздың өзінен, жатқан айдаһардың құйрығын басып...

Осы кезде Ақшолпан:

– Әке, жатқан айдаһардың құйрығын бассам, басымды бәйгеге өзім тігейін. Бай малжанды келеді. Оны малмен қашырталық. Әрі қанша бай болса да, тауып бере алмайтын қалың сұраныз. Қалың малым мынау болсын. Қожаназардың жасы 80-де ғой, бір өңнен шаша-

сы ақ, алааяқ 80 күрең құнажын байтал, 800 ақсарбас марка, 40 алмас өркеш ақ тайлақ...

Қандай байдан да бір-бірінен айнамайтын бұндай төл түрі табылмайтын. Қыз байламын естіген құдалар елге шапты.

Қожаназар жылқышы ұлы Есбердіні, қойшысы мен түйешіні шақыртып алды.

– Әке! – деді Есберді, – алааяқ, шашасы ақ 80 күрең байталды Сауранқызыл, Сарала, Аққасқа, Шалбас айғырлардың үйірінен-ақ тауып берем.

– Байеке! – деді қойшы, – 800 ақсарбас маркаңыз анау бөлек жатқан отар.

– Қожеке! – деді байдың өзімен тұстас түйеші, – алмас өркеш 40 ақ тайлақ Қожаназардың келесінен табылмағанда қайдан табылады. Бірақ, кәрі тарлан бурам-ау, осы жолы келеге түспей-ақ қойсаң қайтеді? Онсыз да әйел мен баладан кенде емессің ғой...

Ақшолпанның қалың малы сол бойда Сәлкен байдың ауылына айдалды. Қожаназар байлығымен жеңіп кетті. Жылқысы да, қойы да, түйесі де асыл тұқымды болып шықты. Жас ару аузынан жазды.

Сөйтіп Қожаназарға үшінші әйелдікке, яғни, аққолтық аталатын тоқалдыққа келді. Алғашқы түні отағасы ыстық көрпені ашып, «Шолпанжан, кәрі деме, жаным жас, көңіліңмен маған берілсең, айтқаның екі етілмейді... Бісмілдә, рахман-рахим», – деп теріс қарап солқылдап жылап жатқан Ақшолпанды бауырына басқалы өзіне қарата берген.

Ашулы Ақшолпан оның қолын қағып жіберді де:

– Маған жолама! – деді.

Қайта теріс қарап жатты.

Бұдан кейін Қожаназар да қайтып қолын созған жоқ. Жұбату да айтпады. Таң атты. Әркім өз шаруаларына кірісіп кетті.

Екінші түні де бір төсекте некелері қиылған ерлі-зайыпты екі адам, дәлірек айтқанда, сексендегі шал мен 17-дегі жас қыз екі жаққа қарап жатып шықты.

«Ашуың басылсын, қақпанға түскен бөкенсің ғой, қайда кетермін дейсің», – деп ойлады бұл өмірден түздің де, төсектің де ләззатын көп татқан отағасы.

Үшінші түн. Әрберден соң Ақшолпан қосағына бұрылды. Бойындағы ашу тарап, жуасыпты. Мүмкін күндізгі абысын-ажындардың құлаққа сыбырлаған құпиялары да әсер еткен болар.

Ақ білекті созып, ерінің мойнына салды. Сосын наздана осы кісіні тұңғыш жабықтан көргендегі теңеуін әуендете қайталай тіл қатты: «Құдай салды, мен көндім, а-қ шұ-н-ақ шал, бері жат!».

Қожаназардың құлағына бұл жолғы әсем әуен ырғағымен айтылған «ақшұнақ шал» сөзі ілкідегідей түрпідей тиген жоқ, қайта аса бір жағымды, аса бір майда, баланы еркелеткендей естілген.

Ақшолпан басына түскен тағдыр тәлкегін осылай жеңген. Аз күнде-ақ байдың ерке аққолтығына айналды. Қожаназар өзге әйелдерін мүлдем ұмытты. Дүниеге ұл келді. Ақшолпанның бағы одан сайын жана түскен... Отасқан соң екі жылдан кейін Қожаназар дүние салды... Міне, содан бері жас келіншек жар төсегінің ең ыстық, ең ләззатты сәтін аңсап, жалғыздықпен алысумен келеді.

Түн тылсымы, түн арбауы келіншекті ұйықтататын емес. Тұла бойын өртеп бара жатқан алапат жалын. Наурыз келе дүниедегі бар тіршіліктің жанданатын, қимыл-қозғалысқа түсетін, махаббаттың бүр жаратын әдеті ғой.

Ақшолпанның бойында аласұрған бір нәрсе құжынап, жыбыр-жыбыр еткендей. Бұл құрттың емі... тек жар төсегі. Көрпе де, көпшік те мыжғыланып қалған. Тіз киімін шешіп тастаған Ақшолпан шапанын желбегей жамылып тысқа шықты. Жер бір ақ, бір қара матадан құрап тігілген әдемі көрпе тәрізді. Шығыс жақтан баяу қызыл жел еседі. Есік алдындағы қоңырайған бақа төбенің көлеңке жақ баурайындағы күртік қардың ортасына жүресінен отыра кетті.

«Есімді есірік еткен, тезірек жер астына көміліп, құм толғыр неме, мә, саған, мұздай қар асатайын!»

От болып өртенген денеге қысқы ызғарынан айырылып, моп-момақан күйге түсіп жатқан сап-салқын ұлпа қар тиген бойда жұп-жұмсақ болып ереді. Өрттің емі су емес пе? Ыстық дене рахат сезімге бөленгендей бей-жай тарта бастады. Тұла бойдан шыпылдап тер бу-санғандай ма?

Ақшолпан маужырады. Бір рахат сезімге бөленді. Түндер бойы қағылмаған кірпік жұмылып, ұйықтап кетті. Келіншек оянып кеткенде, таң рауандап келе жатты. Тұла бойы жеп-жеңіл, манағы өрттің, жыбырлаған құрт-құмырсқаның бірі жоқ. Су сепкен тозандай басылған.

Келіншек өз-өзінен таң қалды. Тіпті не болғанын, бұл жерге қалай келгенін, не күй кешкенін есіне түсіргелі біраз тұрды. ...Ақшол-

пан содан кейін түнгі жар төсегі ләззатын аңсаған сезім арпалысынан бір жола құтылды. Пенделікпен, нәпсіқұмарлықпен ісі жоқ сол елдің ақ жаулықты әжесі болды. Оның алдынан қайны да, қайнаға да, абысын-ажын да, келін-қыз да кесе-көлденең өтпеді. Ақшолпан қыздай қосылған қосағы Қожаназарға адал күйінде дүниеден кетті...

## ҚАЙШЫБАЙ ЖЕЗДЕМНІҢ ӘНГІМЕЛЕРІНЕН

*«Боқанұлы Қайшыбай (1890–1986) – ұста, шежіреші. Ескіше оқып, сауат ашқан. Жас кезінде ағылшындардың мұнай өндіретін кәсіпшіліктерінде жұмыс істеген. Оның есімі халық есінде ұста, мерген, темірден түйін түйген шебер, ел тарихын көп білетін шежіреші есебінде сақталған. Маңғыстау ақындарының өлең-жырларын жақсы білген. Ол туралы ғалым Қ.Сыдықұлы өзінің «Ақын-жыраулар» кітабында кеңінен жазады».*

*(«Маңғыстау энциклопедиясы», Алматы, 2008)*

Қайшекен Бозашы түбегінде дүниеге келіп, Жылой ауданына қарасты Майкөмген ауылында дүниеден өткен. Бізге жезде. Яғни, әкем Өтегенұлы Оспанның үлкен апасы Ілгектің зайыбы. Жазда Жем өзені бойындағы Қазыбек жайлауына малшылармен бірге көшіп, қыста Қаракұмдағы Майкөмгенге келетін. Оның қолынан шыққан пышак, қасық, ыдыс-аяқ, ошак, шәйнек, құман, мосы, тесігі жамалған қазан, қырықтық, қақпан, кісен тәрізді тұрмыс бұйымдары сол кездегі Маңғыстау, Жылой, Байғанин аудандарының малшыларының әр үйінен табылатын. Шөп шабатын, жинайтын ат косилка мен тырмалардың сынып қалған бөлшектерін де соғып беретін. Әсіресе оның қырықтығының құны жабағы, күзем жүн алу кездерінде өсетін. Бүгінгідей қырқым машинкасы жоқ кезде колхоздың қойлары мен түйелері Қайшекеннің қырықтығымен ғана қырқылатын. Аңшылар малға тыным бермейтін ит-құсты, сонымен бірге киік, қоян, түлкі, қарсақ тәрізді аңдарды Қайшекен соққан қақпандармен аулайтын. Әр аңға лайық өз қақпаны болатын. Адай көтерлісі кезінде қолдан мылтық та соғыпты. Тойларда күресіпті.

Бір тойда тойшылар екі шежіреші Алшын Меңдалыұлы мен Қайшыбай Боқанұлын қолқалап күрестіріпті. Екі алып бір-бірін қадірлеп өткен. Ауруханада Қайшекеңнің баласы Мағрипетолламен бірге жатып, осы әңгімені естіген бейнеулік ақын Қаржаубай Жылқыбаев бірде Алшекеңмен кездескенде сұраған екен, «не, жыққанымызға бәйге берейін деп пе едің, Қайшекеңнің жеңгені рас еді» деп абыз әкеміз мойындапты. Қайшекең колхоздардың ортақ ұстасы болғанымен еш колхозға мүше болып кірмеген, еңбек кітапшасы жоқ, үкіметтен зейнетақы талап етпеген адам еді. Бүгінгі тілмен айтқанда, жеке кәсіпкер болған. Отбасын ұсталық кәсібімен, ашаршылық кезінде аңшылықпен ғана асыраған.

Көрік үйінде ыбырсыған неше түрлі ұсталық құралдардың арасында әртүрлі төстер болатын, соның бірі – алып төс. Оны Қайшекемнің өзі және үлкен баласы Хамит қана көтеретін. Бұл төстің өзіндік тарихы бар. Жас ұста Қайшекем көрші ауылдағы қарт ұстаның көрік үйіндегі нән төске қызығып жүріп, бір күні бұйымшылап барыпты. Сонда әлгі ұста (есімін ұмыттым) «тізенді бүкпей үйден тік көтеріп кетсең төс сенікі» депті. Қайшекең сонда әлгі төсті тік көтеріп үйіне алып келген екен. Артынан әлгі қарт ұста «төсім өз иесін тапты» деп қуанған екен. Қайшекең ол ұстаны өле-өлгенше сыйлап, қадірлеп жыл сайын сый-сыяпатпен көрісіп барып тұрған.

Күнұзаққа шағын көрік үйінде төс пен балғаның шыңылы бір толастамайтын. Көрік үйде ауыл балалары алғашында таласып тармасып көрік басатынбыз. Кешке көрік үйден келген жездем намаз оқуға дәрет алып жуынғанда шынтағынан темір мен көмір күйелері саулап жататын. Намазын оқып болған соң өзі соққан темір ыдысқа апам Ілгек, не келіні Қайша толтырып шұбат пен үлкен бір тілім таба нан әкеліп береді. Оны өзі соққан дөңгелек басты, күміс сапты алюмин қасықпен ішіп алған соң кешкі тағамға дейін пеш түбіне көпшікке жастанып жатып діни кітаптарды дауыстап оқитын. Ол кезде үйдегілер аяғының ұшымен басады, кейбірі тындап отыратын.

Ол кітаптар арабша, татарша, қазақшаға қатты ұқсас болып та келетін, оны «бұл шағатай тілінде жазылған» дейтін. Кейде пеш түбінде шалқасынан жатып алып, өз-өзінен әлдебір жырларды дауыстап жатқа айтып, кейде жанарынан жас парлап жататын. Жырлап жатқандары Абылдың, Ақтанның, Қашағанның, Аралбайдың жырлары болатын. Қайран жездем көкірегінде жатталған сол асыл қазыналарды



ұмытып қалмау үшін қайталап айтып жадын жаңғыртып қояды екен. Әлденені сағынған, аңсаған кездеріндегі көз жасын ешкімнен жасырмайтын. Ұстаханасын бүгін кіші баласы Мағрипетолла ұстап отыр. Енді Қайшекең айтқан әңгімелердің кейбір жадымда қалғандарын қағазға түсіріп көрейін...

## ҚАРАШҮҢГІЛ ҚАСИЕТІ

Менің көпке танымал болған алғашқы өлеңдерімнің бірі Қарашүңгілге арналған еді. Қарашүңгіл – бұрынғы Жібек жолының бір тармағының бойына орналасқан бекет, үлкен қорым. 1928 жылға дейін Адай округіне қараған, округ таратылған соң, сол жылы құрылған Жылой ауданына берілген. Жергілікті халықтың атақты адамдары өздерінің мәңгілік мекені осы Қарашүңгіл болуын аманаттап кететін болған.

Жатыр мұнда талай батыр, мергендер,  
Жатыр мұнда бай, мырзаға ергендер.  
Деп кетіпті өлер кезде бәрі де,  
«Сүйегімді Қарашүңгілге жерлендер».

Мұнда менің атам Өтеген, әжем Жиде, апам Ілгек, жездем Қайшыбай бар. Мен жеті атамның да жерленген жерін білемін. Мәселен, Өтегеннің әкесі Қалмырза Боранқұл мен Құркөл стансасының ортасындағы Байқұл қорымында, Қалмырзаның әкесі Кетебай, оның әкесі Қарымбай Қарашүңгілде. Жиде әжемді жерлеуге Қарашүңгілге түйеге артып апарғаны есімде. Сондықтан да Қарашүңгіл маған ыстық.

Қарашүңгіл, жүрем сені сағына,  
Сен қымбатсың, сен ыстықсың жаныма.  
Анау қорым – бабаларым мекені,  
Қарап өскем сенің арай таңыңа –

деген тебіреністен туған бір топ арнау өлеңдерім бар. Негізгі айтпағым бұл емес.

2006 жылдың 9 қыркүйегінде Майкөмген селосында ұста, шежіреші, ағылшындарға жалданып жұмыс жасаған қазақтың тұңғыш мұнайшыларының соңғыларының бірі, жездем Қайшыбай Боқанұлының дүниеден өткеніне 20 жыл толуына байланысты ас берілді.

Астан кейін Қарашүңгіл қорымына бардық. Қорымды аралап орта тұсына келгенде бір ескі бейітке тактай шаншылып, онда: «Жетімек-Әлібек-Онғарбекұлы Аралбай» деп жазылыпты. Біз «акын Аралбай бейіті осы болды-ау» деп бет сыйпадық. Дұғасын оқып болған Қайшыбайдың баласы Мағрипетолла: «Ертеректе осында бір келгенде кәкем (әкесі Қайшыбайды айтады – А.Ө.), мына жатқан Аралбай акын – деп өзге тұсты көрсетіп еді. Ал мынау одан басқа тұс», – дегені. Накты білетін Қайшекем дүниеден өтіп кетті. Аралбай бейітін марқұм Қабиболла Сыдиыков ағамыз осы Қарашүңгілге іздеп келіп таба алмай кетіп еді. Аралбай акынның ескерткіш орнатпақ ағайындарына іштей сәттілік тіледік.

Осы барғанымда Қарашүңгілдің тұзды көліне барынша барлай қарадым. Көл беті сорға айналған. Жауынды-шашынды көктем, күз айларында су болғанымен, жазда көл кеуіп қалады. Бұнда адамдар қырық күн шілдеде құзырынан арылу үшін келіп тұзға түседі. Көлдін ішінде төрт аралшық бар. Оларда да қауым болғаны құлпытас сынықтарынан байқалады. Айтушылар көлдің ортасындағы аралда бұрын қорған не керуен сарай болған дегенді тілге тиек етеді. Бірақ ешкім қазып, зерттеп көрмеген. Тектоникалық қозғалыстар салдарынан жер төмен түсіп кетіп қазан шұңқыр пайда болып, оған су жиналған, – деген геологтар пікірі де бар.

Бұрын байқамаппын, әлгі терең шұңқырдағы сор көлге үш бағыттан бұлақ көзі жылымшылап құяды екен. Екі бұлақтың жүлгелеріне көк шалғын өскен. Ал үшінші бұлақтың түсі қара, жүлгелерінде өсімдіктер жоқ, суға мұнай араласып шығатыны сонадайдан-ақ көзге ұрып тұр. Демек, мұнай бұлағы. Ертеде тұрғындар осы жерден май алып, тұрмыстарына пайдаланған. Қазақстан мұнайының атасы – осы бұлақ.

Марқұм Қайшыбай жездем ағылшындарға жалданғанда әр жерден кең кенерелі құдықтар қазылады екен де, сол құдықтардан су тәрізді мұнай өнеді екен. Жұмысшылар ішіне түсіп шелектерді толтырып сыртқа жіберіп тұрады. Мұнайдың күлімсі газды исіне құдық ішіндегілер шыдай алмай, белгілі мезгілге ауысып тұратын болған. Сонда қайратты жас жігіт Қайшыкең ғана шыдас беріп, құдық ішінде ұзағырақ тұрып қалады екен.

Иә, Қарашүңгілден 1899 жылы қараша айында №7 ұңғыдан мұнай бұрғағы атқылаған. Қазақстан мұнай тарихы осы күннен басталады. Бірақ әлгі мұнай фонтаны соңынан тоқтап қалады да, содан әлі күнге дейін мұнайы алынбай келеді. Тек сор көлге сыздықтап жатқан қара түсті су аққан бұлақ көзі ғана бұл жердің киелі де қасиетті мұнайлы жер екенінен хабар беріп тұр.

Қарашүңгіл!

Өзінде аласым жүр,

Құпиянды ашпаған даласың бір.

Шежіреге жүгінсек... шежіреге,

Дарияның бастауы боласың бұл.

Жазылған жоқ сен жайлы дастан әлі,

Қазылған жоқ жыртылып астар әрі.

Қарт Ембі мұнайының тарихы да,

Содан бері өзіңнен басталады...

Оңдырмайды кетсең де тасын алып,

Аруағы дәл түсер жасын анық.

Сұғанақ қол шошытып бермей жатыр,

Бар майын бауырына басып алып.

Жалған ба екен, білмеймін рас па екен,

Бұл аңыз кімге сірә, сыр ашты екен?!

Халқымның туған жерге махаббаты,

Осылай шөл даласын нұр асты етер...

Бұдан 40 жыл бұрын жазылған осы өлең қазақ мұнайының 100 жыдығына арнап шығарылған Қазақстан мұнай энциклопедиясының бірінші шығарылымының бірінші томында жарияланды және ақыры мені мұнайшы етті. Мүмкін бұл Қарашүңгілдің қара мұнайының қасиеті шығар.

## НІЛ ӨЗЕНІНЕ КӨПР БОЛҒАН ОРТАН ЖІЛІК

О, керемет! Бала кезімде естіп, кейін есейгенде санамды сандалтқан сұрақтың жауабын «Жұлдыз» журналының 2011 жылғы №7 санындағы жазушы-ғалым Мұхтар Мағауиннің «Құждың қу жілігі»

(134-137 беттер) атты мақаласынан оқығанымда, «жерден жеті қоян тапқандай» қуанғанымды қайтерсіз.

Қандай сұрақ еді, ол?

...Мен ол кезде Жем өзенінің бойындағы Молқат ауылында апам Ілгектің үйінде жатып, 5 класта оқитынмын. Жездем Қайшыбай темір ұстасы болатын. Ертелі-кеш шап-шағын көрік үйінде темірден бұйымдар соғып отырғаны. Қолымыз бос кезде көрік басамыз. Керек-жарақтарына сұраныспен келген ауыл ақсақалдары әңгіме дүкенін қыздырып отырып қалады. Қайшекең араб тіліндегі діни де, әдеби де кітаптарды мүдірмей, дауыстап оқитын да, мағынасын қазақшалап, жанындағыларға түсіндіріп, айтып беретін. Сондай кезде құлағымда қалған аңыздың бірі: «Ертеде Мысыр жерінде ерекше алып адам өмір сүріпті. Талтайып тұрса Мысыр шәрі оның екі бұтының арасында қалады екен. Ашуланса қала үстіне талтайып тұрып сигенде, тұрғындар жаңбыр жауып тұр деп ойлайды екен. Ажалы жетіп өлген кезде әлгі алып адамның бір жілігі Ніл өзенінің үстіне көпір болыпты...».

Жездем алып адамның есімін де айтқан болар сірә, бірақ ойын баласының есінде қала ма. Есейіп қолға қалам ұстаған шақта әлгі алып жөнінде деректер табылар ма екен деп қолыма түскен ежелгі әдебиеттерді қараған болам, бірақ ешнәрсе іліктіре алмай жүргенмін.

Міне, енді сол адамның аты-жөнін, Мұхтар Мағауин айтып отыр. Жазба әдебиеттерден деректер де келтіреді. Есімі Құж деген кісі екен. Мағауин былай дейді: «— *Ніл дарияның үстінде алып адамның жілігі көпір болып тұрғаны рас па? — деп сұрайды Алтын Орда ханы Берке, Мысыр сұлтаны Бейбарыстың елшісінен. Бұл — 1264 жыл...*

— *Сол Құждың ортан жілігі әлі күнге дейін Ніл дарияның үстінде көпір болып тұр екен, — деп жауап береді менің үлкен әкем, қазақтың ұлағатты ақсақалы Мағауия. Бұл — 1949 жыл*». Ал мен Айтуар Өтегенов бұл әңгімені шежіре Қайшыбай Боқанұлынан 1959 жылдың шамасында естігем. Мағауин Қазақстанның бір түкпірінде, ал мен екінші түкпірінде туғанбыз. Бірақ аңыз бірдей, еш өзгеріссіз жетіп отыр.

Қазақтың қарапайым қара шалдарының ғұламалығына танданбай көріңіз?!

## МӘНГІЛІК ӨМІР СУЫН ІЗДЕГЕН АДАМ

Қайшыбай жездем айтқан тағы бір әңгіме...

Әрі бай, әрі әкім бір мырза ғұламалардан: «дүниеде бір көл бар, оның суынан ішкен адам ажал құшпай, мәңгі өмір сүреді, бірақ оны табу қиын, еш жанға көрінбейді, бір Аллаға берілген, ақ, адал, шын ықыласымен іздегенге ғана кезігетін көрінеді. Сапарында астамшылықтан ада болып, көкірегін көтермей, жанындағы құлдарын өзінің дәрежесімен бірдей ұстап табуға талпынса, кім-кімге де кезігіп қалуы мүмкін, бәрі бір Алланың қолында» дегенге иланып, әлгі мырза адал көңілімен жолға шығады. Тапқан-таянғанын шашып, жаяу-жалпылап, қасындағы көмекші-құлына мейіріммен, құрметпен қарап, қиындықты тең бөліседі, тамақты өзі әзірлейді, төсекті өзі салады, отынды өзі шабады дегендей ғой. «Аса таяғы тебендей, темір етігі тебінгідей болады». Шаршап, іздеген нәрсесінен үмітін үзе бастайды. Шаршағандықтан аяғы жүруге келмей: «Бәленше, сен, ана қырдың астын қарап келші, ендігі қалғаны сол жер ғой, бірақ онда да бар дейсің бе, Аллаға неден жаздық, сапарымыз сәтсіз болды-ау, ол жерде жоқ болса елге қайтамыз», – дейді де өзі жантайып отырып қалғып кетеді.

Құл төбенің басына шығады да, шаттықтан айқайлап қожайынына жүгіреді: «Мырза, суды таптым, тез жетіңіз, мөп-мөлдір көл көлкіп жатыр, көл айналасының әдемі көркіне қарасаңыз көз тоймайды», – деп аптығады. Мырза орнынан атып тұрып, жүгіреді. Ұйқысыз, күлкісіз жапан кезіп талай жыл ғұмырын сарп еткен асыл арманының ойламаған жерден алдынан шыққанына қалай қуанбасын.

Екеуі өкпелерін қолына алып аптығып келсе, әлгі жерде ешнәрсе жоқ, аптаптың ақ сағымы ғана арбайды.

– Әлгі көрген көлің қайда? – дейді мырза кейіп.

– Дәл осы жерде толқынданып көлкіп жатырған, – дейді құл.

Мырза құлдың сөзіне риясыз сенеді де, сол жерден шықпай Аллаға жалбарынып, тағы бір жыл іздейді. Бірақ көл енді қайтып көрінбейді. Мырза ұзақ жыл іздеген арманының дәл жанына келіп тұрып, өзінің бір сәттік қана қателігі – шаршаса да өзі барып, төбенің астын қарамағаны, құлына астамшылықпен бұйыра сөйлегені екенін түсініп еліне қайтқан екен, – дейтін Қайшекең шежіре. Сол мырзаның да есімін, «аты бәлен, Арабияның түген жерінің тумасы еді», – деп

отыратын. Жоғарыда аты аталған Құж тәрізді Әділхаят суын іздеген мырзаның да есімі бір жерден шығатын болар.

### «АҚЫРЗАМАННЫҢ ҒАЛЫМЫ...»

Қайшыбай жездемнен естіп, құлағымда қалған бір әңгіме сарыны мынау еді...

Бір адам ғұлама-балгерге көрген түсін айтып жорып беруін өтінеді. Иран бактың ішінде келе жатыр екенмін дейді түс иесі, алма ағаштың бұтағында сазды әуенмен сызылта сайрап отырған бұлбұлға кезіктім. Аң біткен таң-тамаша ұйып тыңдап қалған. Күн батар кезде ұясына ұшып барды да, бидай, тары не жеміс-жидек теріп жеудің орнына бөк шұқыды, айтыңызшы әулием, асылдарды ғана тамақ ететін бұлбұлдың бұл не қылғаны?

Сонда болашақты болжаушы көріпкел ойланып отырып: «бұлбұлыңыз – болашақ заманның ғалымы болатын, дүние сырын біліп, тамаша сайрайды, бірақ сөзі мен ісі сәйкес келмейді», – депті.

### «АҚЫРЗАМАН ҚАЙ КЕЗДЕ БОЛАДЫ?»

Құлағымда қалған тағы біреуі...

Жерге қар қалың түсіп, қыс бекіген кезде соғым сойылып, жездем ауыл ақсақалдарын соғымнан ауыз тиюге шақырды. Әңгіме гу-гу қызған. Тақырып – дін мәселесі, пайғамбар хадистерінің мән-мағынасы, оны түсіндіріп отырған насихатшы Қайшыбай жездем. (Кейін өзіміз партиялық оқу бітірсек те лениндік идеяны қалың бұқараға дәл жездем уағыздағандай жеткізе алмағанымызды еске алатынымын, адам зейініне тап солай, мидың қақпағын ашқандай құя алмайтынбыз). Үлкен де, кіші де өздерін толғандырған сұрақтарға жауап алып жатыр. Бір замандасының «Ақырзаман бола ма, болса қай кезде болады?» деп сұрақты төтесінен қойғаны, құдды жездем дүние тылсымын бес саусағындай түгендеп отыратын адамдай. Әрине сұрақ иесі шын ниетімен осы сұрақтың жауабын білгісі келеді және оған дәл жауап ала алатынына да шүбәсіз сенетіндей. Сонда жездем: «Дүниенің ақыры жайлы әңгіме бар. Бәрі бір Алланың қолында ғой. Ерте дүние

ғұламаларының қалдырған жазбаларында: «Некесіз туған ұл мен некесіз туған қыз ержетіп, бір-біріне үйленіп, одан туған бала әлемге үстемдігін жүргізетін патша болған кезде ақырзаман орнайды» деген сөз бар деп естігенмін. Демек адамнан иман кетіп, зинақорлық, сұрқиялық, жауыздық қайтадан етек алған кезде болар, мен қайдан білейін, шырағым, мүмкін олай емес шығар, сұраған соң осындай да уәж бар еді, деп жатқаным ғой» деген.

Егер терең зерделесек, ауылдың қарапайым шалы айтқан осы сөзде көп мағына жатыр-ау!

### **«ТУҒАН ЖҰРТЫҢА АУНАТЫП АЛАЙЫН, ҰЛЫМ!..»**

Анамның осы сөзі есейген соң мені алай-дүлей сезім арпалысына салған, «неге аунамадым екен» деп...

Алтыншы класты оқитын жылы біздің үй Ленин атындағы колхоздың орталығы Молқатқа бала оқыту үшін көшіп келді. Бесінші класты Қайшыбай жездемнің үйінде жатып оқысам, енді өз үйімде оқитын болдым. Сол жылы түркіменстандық ағайындар көптеген аруана түйелер әкеліп сатты. Біз де көркі көз тартатын, келісті бір аруана сатып алдық. Өкінішке орай, әлгі аруана Жем бойының отсуына үйренбеді. Белгісіз жаққа қашумен болды, бірнеше рет жоғалып кетіп, әзер тауып жүрдік. Кісендеп ұстадық, бір күн қарамасаң сол кісенмен-ақ біраз жерге барып қалатын. Бір күні тағы жоғалды. Қайшыбай жездемнің торы атын сұрап алып, шешем Жаңылхан екеуміз бір атқа мінгесіп іздеуге шықтық. Сұрау сала жүріп, Жем бойындағы тоғайлықтың бәрін аралап шықтық, аруана жоқ. Шыңдауыл аталатын Жем бойындағы жазық жағалауға келдік. Мезгіл күздің кезі болатын. Өзен баяу ғана сылдырап ағып жатыр. Әр жерде ескі атыздардың із, жұрнақтары бар.

Екеуміз де ат үстіндеміз, кенет шешем: «Мына жұрт сенің туған жерің, ұлым. Осы жерге егін салдық, егін пісіп, орақ аяқталып жатқанда, түнде ай туа әжең сені дүниеге әкелген, туған жұртына аунаған баланың өмір жасы ұзақ болады деген ырым бар, түс аттан, әжеңнің орнына өзім аунатып алайын» деді. Мектепте атеистік рухта тәрбиеленіп келе жатқан маған, өзім жеңге деп санайтын шешемнің бұл сөзі көңіліме қона қойған жоқ, ескіліктің қалдығы тәрізді болып көрінді,

әрі әженің қолында тәрбиленген мен оны шеше деп (шешем екенін біле тұра) мойындамайтынмын, одан тудым дегенге арланатынмын: «Жоқ, Жаңылхан, (және атын атайтынмын) болмайды, не айтып тұрсың, ондай ырымдар ескіліктің қалдығы ғой, кеттік, одан да түйемізді жарық барында тауып алалық» деп ақылгөйсіппін, мен бейбақ. Кейін осы ісіме қатты өкіндім де, «Өкініш» атты баллада жаздым...

### **«ЖОҚ, ТУҒАН ЖҰРТЫМА АУНАПШЫН...»**

Өзегім өртеніп, өкініп жүрсем...

Айналайын туған жерім, ата-бабам аруағы сол ескі жұртқа мені өзі айдап алып барып, аунатып, кунатып, бір түн түнетіп шығарыпты.

«Өкініш» өлеңін жазғаннан кейін дәл сол жерді тағы бір барып көргім келгені. Менің бақыттылығым, өзімді шыр еткізіп жарық дүниеге әкелген, кіндік қаным топырағына алғаш тамған киіз үйдің орнын білетіндігім және оны адаспай қапысыз табатындығым. Ақкиізтоғай ауылына барған бір сапарымда Шыңдауыл, Бақашы, Молқат арқылы жүруді жоспарладым.

Шыңдауыл Жем өзенінің иініндегі биік жалдың басына қойылған бейіттің аты. Ақкиізтоғай мен Молқаттың ортасында. Бұрын бір ғана бейіт болса, соңғы кезде жаңа қойылымдармен көбейіп үлкен қауымға айналыпты. Жалдың асты тегістік, арғы жағында Жем өзенінің арнасы. Әуелі есіме анам екеуміздің Қайшыбай жездемнің торы атына мінгесіп аруана іздеп жүріп, тоқтаған жеріміз түсті. Биік жалдың дәл астындағы жазық жер болатын. Дәл таптым. Шөп өсіп кеткен. Жұрттың ізі де жоқ. Осы кезде көз алдыма тағы бір елес келді. Ау, ол дәл осы жер болатын. Қызық, ғажап. Бұрын неге ойыма оралмаған...

Құлсарыдағы ең биік үш қабатты Абай орта мектебін бітірген соң Алматыдағы зоотехникалық-малдәрігерлік институтына барып, түсе алмай келгеннен кейін «Коммунизм таңы» совхозына жұмысшы болып орналасып, көп ұзатпай совхоз әкімшілігі аудан орталығындағы ауылшаруашылығы училищесіне «шопан-механизатор» маманын даярлайтын алты айлық курсқа жіберген. Көбі аға шопандар, ішіндегі ең жасы Мұқан Айтқұлов екеуміз. Жағдайымыз жаман емес, совхоз ай сайын 50 сом стипендия төлейді. Бір демалысымызда мамыр айының ішінде Мұқанның үйіне бардық. Мұқанның әкесі Айтқұл егінші



болатын. Молқаттың арғы жағындағы Шындауылда егісте екен. Биік жалдың дәл астындағы жазық жерге Мұқанның үйі тігіліпті. Айналасында өзге де бірнеше үй бар. Осы оқиғаның есіме сап ете түскені. Демек мен туған жұртқа дәл Мұқанның үйі тігіліпті де, қыдырып барып жүріп, дүниеге келген жұртыма бір түн түнеп кетіпін ғой...

Менің ойымда әркез Жем бойы, егістік жер, ағаш үйдің ескі жұрты жүреді. Сол жерге соғып кеткім келеді де тұрады.

### «КІНӘЛІ ОҒАН ЗАМАНЫҢ...»

*(Қайшыбай жездеммен әзіл)*

Қайшекемнің көрік үйі бар еді,  
Құркылтайдың ұясындай тар еді.  
Жем өзені баяу ғана ағатын,  
Арғы беті жазықтау,  
Бергі беті жар еді.  
Ойнайтынбыз жар басында топ бала,  
Бірге жүріп барлық қиын шақтада.  
Таласып кеп басқан кезде көрікті,  
Қара көмір жанатынды шоқтана...

...Неге олай істегенімді білмеймін, мектеп директоры Құрманғали ағай беретін тарих сабағынан шыққаннан кейін үйге келіп көрік баса отырып Қайшыбай жездеммен әзілдескім келді..

Тұрысын да, жүрісін де сынай кеп,  
Айттым оған былай деп:  
– Ескіліктің қалдығысыз жездеке,  
Құрманғали ағай айтты: «Құдай жоқ»,  
Деген едім.  
Ақтарыла көңіл-сана бұлағы,  
Жездем сонда ағыл-тегіл жылады.  
Жылады да өзіне-өзі күбірлеп:  
– Ұрпағым-ай,  
Ұрпағым-ай адасқан,  
Ешкім де жоқ пікіріммен санасқан.  
Құдайсыздар бағы жанып бүгінде,  
Ал біздерге төніп-ақ тұр қара аспан.

Қарағым-ай,  
Қарағым-ай,  
Қарағым,  
Кінәлі оған заманың.  
Жоқ қой менің оған істер амалым.  
Кешір Алла, кешіре гөр мейірімді,  
Білместігін баланың...  
Дәл осылай жалбарынды жездем болса мен үшін,  
Тарылмауға болашақта өрісім.  
Жылағанын көріп қарттың еңкілдеп,  
Деп түсіндім:  
«Жеңісім бұл,  
Жеңісім».  
...Ол оқиға ұмытылды, қиырларға ұштым мен,  
Талай дауға, қиындыққа түстім мен.  
Жатты айтылып қисынды да, қисынсыз,  
Өсек-аяң үстімнен.  
Бірақ, бірақ өмір-көштен қалмадым,  
Орындалды көп-көп жақсы арманым.  
Мұның бәрі маған, маған оң көзі,  
Түскендігі Алланың.  
Айта алмаймын қатал тағдыр кесімін,  
Және ешкімге тигізбедім кесірім.  
Шүкірмін ғой, үбірлі де шүбірлі,  
Сұрағаны арқасында Алладан,  
Менің үшін асыл жездем кешірім.  
Құлыңыздың балаң кезгі білместігін кешір, Алла!

*13.10.2010 ж.*

## **СЕГІЗ САНЫ – МЕНІҢ ӨМІРІМДЕ**

Мән бермей келіпін. Сегіз саны менің өмірімнің бел-белестерін анықтауда ерекше орын алады екен. Тізбелеп көрелік:

**1968** жылғы **8** қарашада Жәукен Өмірзаққызына үйлендім.

Екінші қызым Эльмираның туылған күні **1971** жылдың **28** қыркүйегі.



Үшінші перзентім Ғапудың туған күні 1973 жылғы 18 қазан.

1976 жылы 28 ақпанда төртінші перзентім Ақмарал дүниеге келді.

1978 жылы Алматы қаласындағы «Жалын» баспасынан «Тұңғыш» атауымен алғашқы кітабым жарық көрді.

1980 Алматы Жоғары партия мектебіне оқуға түстім.

1980 жылы Алматы қаласындағы «Жалын» баспасынан «Ақкөйлек» атты екінші кітабым шықты.

2002 жылы Ақтау қаласындағы 12 шағын ауданның 35 үйінің 8 қабатындағы 80 пәтеріне көшіп келдім.

2003 жылы «Адыраспан» атты кітабым «Атырау ақын-жазушыларының кітапханасы» сериясының 80-ші кітабы болып шықты.

Мен пайдаланған автомашиналардың мемлекеттік номерлері: Бейнеу аудандық мәслихатындағы «Нива» автомашинасының №208, жеке «Жигули» автомашинасының №938, «Маңғыстаумұнайгаздағы» қызмет автомашиналарының №068 және №388, ал осы мекемедегі жұмыс кабинетімнің №408 болды. Ұялы телефонымның соңғы сандары 8618 болды.

## МАҢҒЫСТАУ АФОРИЗМДЕРІ

Отан от басынан басталады емес пе? Қазақтың әрбір жанұясының ақсақалы аталық шежіре бастауын ежіктеп, өзіне дейін тізбелеп, ұрпақтарының құлағына құйып кетуге тырысатын. Айтқандарының бала зердесінде тоқылғанын білу үшін, аңдаусыз отырғанда кенеттен қалың сұрақтың астына алатын:

- Дінің кім, балам?
- Ислам, мұсылманмын.
- Кімнің құлы, кімнің үмбетісің?
- Құдайдың құлы, Мұхамметтің үмбетімін.
- Ұлтың кім, балам?
- Қазақпын.
- Қазақтың балалары... одан тарайтын руларды жіктей аласың ба?
- Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс. Ақарыстан Ұлы жүз (12 ата), Жанарыстан Орта жүз (6 ата), Бекарыстан Кіші жүз (25 ата) тарайды. Қазақ ұлты осылайша ірі 43 атадан құралған рулық жүйеден тұрады. Ал Кіші жүз – Байұлы (12 ата), Әлім (6 ата), Жетіру (7 ата), – деп

әкеге біліктілігінді танытпаққа осылай шұбырта жөнелесін. Сонда әкең: «міне, азамат!» деп арқаннан какса, саған одан асқан сыйлық болмайтын.

Ендігі кезек біздікі, әкелерден алып қалған білетінімізді екшеп, електен өткізіп қағазға түсіріп кетсек айыбы бола қоймас деген ой ғана. Сонымен...

**«Ұлы жүзді қолына қауға бер де малға қой,  
Орта жүзді қолына қалам бер де дауға қой,  
Кіші жүзді қолына найза бер де жауға қой».** –

Бұл афоризмдегі қауға – экономика мен байлық; қалам – білім мен ғылым; қару – күш пен қорғаныс. Ошақтың мықты үш бұты.

**«...Асыл тусаң Керей бол,  
Үш қазаққа мерей бол.  
Уақ болсаң шоға бол,  
Даулы істе жорға бол.  
Арғын-Қыпшақ болсаң Алтай бол,  
Найман-Қоңырат болсаң Матай бол.  
Үйсін болсаң Ботпай бол,  
Байұлы болсаң Адай бол.  
Осы алтауы болмасаң  
Қалай болсаң олай бол...»**

**Байұлы жайлы сөз:**

Екі кісі Сұлтансиық көрсең, бірі – кербезікте жүреді.

Екі кісі Беріш көрсең, бірі – ерлікте жүреді.

Екі кісі Таз көрсең, бірі – саудада жүреді.

Екі кісі Ысық көрсең, бірі – ұрлықта жүреді.

Екі кісі Есентемір көрсең, бірі – қорлықта жүреді.

Екі кісі Адай көрсең бірі – зорлықта жүреді.

**Байұлының ұрандары:**

Беріштің ұраны – «Ағатай!».

Шеркештің ұраны – «Шағырай!».

Жаппастың ұраны – «Баймұрат!».

Ысықтың ұраны – «Бәйтерек!».

Таздың ұраны – «Бақай!».

Сұлтансиықтың ұраны – «Әйтiмбет!», «Қара!».

Есентемірдің ұраны – «Алдоңғар!».

Адайдың ұраны – «Бекет!».

**«Бай болсаң халқыңа пайдан тисін,  
Батыр болсаң жауыңа найзаң тисін.  
Бай болып халқыңа пайдан тимесе,  
Батыр болып жауыңа найзаң тимесе,  
Елден ала бөтен үйің күйсін».**

«360 әулиелі Маңғыстау» – 362 әулиелі деп те атайды. Ежелгі аңыз-эпсанаға толы қасиетті де киелі мекен деген сөз. Мұнда Шопан-Ата, Шакпақ-Ата, Масат-Ата, Қараман-Ата, Сисем-Ата, Бекет-Ата, т.б. ежелгі қорымдар, оның жанында жерасты мешіттері бар. Бұлардың ішінде жергілікті қазақ Бекет-Ата ғана. Елді сауаттандыру, мұсылмандық ілім жолына түсіру үшін Бекет-Ата 5 жерден (кейбір деректерде 7 деп те айтылады) мешіт ашқан. Арал теңізі жағасындағы Баялыда (ақын Әбу Сәрсенбаев айтты деген әңгіме бойынша Ақтөбе облысына қарасты Мұғаджар (Мұңалжар) тауының етегінде), Жем өзені бойындағы Ақмешітте, Үстірт үстіндегі Бейнеуде, Маңғыстау жеріндегі Тобықтыда, Оғыландыда. Арал өңіріндегі мешіттен басқалары жұмыс істеп тұр. Атаның бұл мешіттері сонау Алтайдағы Жеменей жазығы, Жеменей өзенінің бойын мекендеген, Жомарт атанған Аталық мырза бастаған Адай руының кейінгі ұрпақтары «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» кезіндегі «Түркістан, Сауран айналып» батысқа бет алған көшінің жолын көрсетіп тұрғандай. Мұғаджардан бастау алатын Жем өзенінің бір тармағы Жаңай, ал сол маңдағы көл Жеменей аталады. Жамбыл облысында да Жеменей атты жер бар екені белгілі. «Толып кеткен бұл неғылған Жеменей» деп танданбасқа амалың жоқ. Өткен ғасырдың басында ақын Сәттіғұл Жанғабылов: «Маңғыстауға Адай келгелі екі жүздей жыл болған» деп жырлағандай бір кезде сонау Алтай тауынан басталып, ұзақ мерзімге созылған ұлы көш Каспий теңізіне келіп тіреліп, көршілермен бірде тату, бірде қату бола жүріп, оларды бірте-бірте қоныстан ығыстырып, бұрын жеті жұрт кеткен өңірді өздеріне тұрақты мекен етіп алады.

Мұрағат қызметкері Зияда Ижанов өзінің «Маңғыстау уезіндегі мұсылман мектептері» деген еңбегінде 27 мектеп-медресенің тізімін береді. Бұларда балалар тұрақты жыл бойына оқығаны айтылады.

**«Мәдинада – Мұхаммед,  
Түркістанда – Қожахмет,  
Маңғыстауда – Пір Бекет,  
Тілегімді қабыл ет!» –**

Пайғамбарға, ірі әулиелерге жалыну, жалбарыну, мұқтаждық тілегін тілеу кезінде, ас қайырғанда айтылатын сөз.

**«Маңғыстауға жеті жұрт келіп, жеті жұрт кетіпті» – делінеді.**  
Бұл жөнінде Абыл ақын былай дейді:

Бұл жерге жеті ел келген, жеті ел кеткен,  
Әрбір ел әр мезгілде мекен еткен.  
Кеткен ел, жетеу емес алтау еді,  
Біреуі екі келіп екі кеткен.

Ақын Түмен Балтабасұлы **«Маңғыстау»** өлеңінде:

...Қара ойын қасиетті Маңғыстаудың,  
Жерленіп жеті жұрттың жайлаған жер.  
Бұл жерден кімдер өтіп кім қалмаған,  
Қара жер қаза жетсе кімді алмаған.  
Қызылбас, Қытай, Қыпшақ, Қырым, Қырғыз,  
Айладыр алтау болса, Қалмақ жетеу,  
Ерлерден ертедегі алынған жер... – десе, біз (А. Ө.) таңданысымызды былайша білдіргенбіз:

О, Маңғыстау, жасырған,  
Құпияң мол неткен бұл?  
Жыр оқимын тасыңнан,  
Қына басқан көктеңбел.  
Өткен өмір айқаста,  
Істеп кеткен дегенін.  
Қой таста да, ай таста,  
Таңбасы бар жебенің.  
Мәңгілік боп ұраны,  
Жоғалмастан нұр әрі.  
Мавзолейлер, мазарлар,  
Айдалада тұр әлі.  
Небір тарих жатыр-ау,  
Сынып, мұрты кертіліп.  
Жеті жұрт кеп, япырау,  
Кеткен дейді жеті жұрт.

Тұлғасына тұнған әр,  
Сұрақ қоям шыңдарға.  
Мына қорым кім болар,  
Сақтар әлде,  
Оғыздар ма,  
Ғұндар ма?

**«Маңғыстауды Адайға атамекен еткен Атағозы батыр мен Қонай батырдың найзасының ұшы, Лабақ батырдың түнеріңкі сұсы, Қожамбет палуанның білегінің күші, Шотан батырдың шұбар атының ізі»** – бұлар халықты Маңғыстауға бастап келіп, ерліктерімен ел есінде қалған батырлардың бір тобы.

**«Адай мен Таз емшектес»** – Адай Қыдырқожа байдың қызынан туып, ол қайтыс болған соң байдың әйелі, Таздың шешесі бауырына басып, Адайды емізген – деген аңыздан шыққан сөз.

**«Есентемір, Адайсын,**

**Берішіңмен қалайсың?..»** – бұрынғы ағайындық жолмен татутәтті тұрып жатсыңдар ма? – дегені. Шежіре варианттарының бірінде Есентемір, Беріш, Таз, Адай Қыдырғожаның ағайыны Байғожаның балалары еді делінеді.

**«Танысаң Адайыңмын, танымасаң Құдайыңмын»** – Адайды менсінбей, мұрынын шүйіре қарағандарға әдейі айтылады.

**«Көкте құдай, жерде мұнай, ортасында Адай!»** – Маңғыстау мұнайының аты шырқап тұрғанда көтеріңкі көңілде отырып, айтыла салған сөз болар.

**«Аспанда аққу мен қаз, жер асты мұнай мен газ, ортасында Адай мен Таз!»** – «Адай мен Таз емшектес» дегенді еске салып және мұнай саласында таздың жігіттерінің де ерен еңбегі бар екенін меңзегені.

**«Келімберді, Құдайке Адайдың екі баласы»** – ақын-жыраулар жырында кездесетін шежіре бастауы.

**«Адайдың сауыры да Келімберді, салмағы да Келімберді»** – Байұлы, Әлімұлы, Жетіру жақсыларының берген бағасы.

**«Мұңалошак»** – Адай ата кіші немересі Мұңалдың қолынан 115 жыл жасап дүниеден озған деген аңыз бар. Яғни Қарашанырақтың иесі деген сөз болар. Жеменей есен Ерменбет би: **«Қара нарым, кісі**

бойы қол созым мырзам да, биім де, батырым да, Пірім де осы Мұналда» деген екен.

**«Ақбоз атты мінбей бер,  
Ақ сауытты кимей бер.  
Ақ қылышты шаппай бер,  
Ақсұқсырды құшпай бер!»** – Жеменейұлы

Жомарт (Аталық) мырзаның қазақтардың қалмақтармен ұрыстағы жеңісінен соң Еңсегей бойлы Ер Есім ханнан сұраған қалауы. Бұлар – қолды болған қалмақ Қонтайшысының асыл бұйымдары мен ару қызы Ақсұқсыр (қазақша Ақсұлу), яғни, «Хан сыбаға» болатын. Хан жорық кезінде әскерді азық-түлікпен, мінгі атпен жабдықтағаны үшін Жомартқа осы сұрағандарының бәрін берген екен. Тарихта Ханның сыбағасын қалап алған жалғыз адам Жомарт қана. Шежіре ол оқиғаны былайша баяндайды:

Қазақ хандығы Қасым хан мен Хақназар хан тұсында Сырдария, Қаратал, Сайрам, Талас, Шу, Жем, Жайық өзендерінің бойын, Жетісу жерін алып, өзінің аумағын едәуір кеңейтіп тастаған еді. Ол кездегі ұрыстар Мұхаммед Шайбани ордасы және Ақсақ Темір ұрпақтарымен болса, ал Тәуекел хан, Есім хан тұсындағы ұрыстар Жоңғар хандығымен өтеді. Тарихта қалған сондай ең үлкен соғыстағы ұлы жеңіс Еңсегей бойлы Ер Есім ханның тұсында болған.

Сол кезде Кіші жүз қолын Жолымбет батыр мен Жеменейұлы Жомарт мырза басқарған. Жорыққа аттанар тұстағы кеңесте Жомарт Есім ханға:

– Хан ием, әскеріңіздің бір көш алдын не бір көш артын беріңіз. Сарбаздардың ас-суы түгелдей мойнымда болсын депті.

– Жауға шапқанда сарбаздардың көңілділігі жақсы, ол жорық алдындағы татқан дәм-тағамына да байланысты, сен көштің артын емес, алдын алғаның жөн, Жомарт! – деген екен хан.

Атақты бай, әрі мырза, қол бастаған батыр Жомарт қалың әскердің түстенетін, қонатын қолайлы жерлерін алдын ала өзі белгілеп, тамақтарын пісіріп, даярлап, екінші бір топ даяшыларын келесі қоналқаға күні бұрын аттандырады екен. Ауқаттанған кезде сарбаздарға құнан қойдың үйітілген майлы құйқалы төстігі мен жылқының қазы-қартасын қоса беріп отырыпты. Төстік пен жылқының майлы сорпасы ер жігітке әл-қуат береді емес пе?! Сонымен бірге сарбаздардың көпшілігін мініс аттарымен қамтамасыз еткен де Жомарт екен.



Бұл ұрыста қалмақ әскері ойсырай жеңіледі. Қазына, мүлкі талан-таражға түседі. Соғыс кезінде Қонтайшының ордасына бірінші шабуыл жасап, басып кіргендер Жомарт мырзаның қарамағындағы адай жігіттері болады. Олардың ішінде жас батырлар Бегей, Токтамыс, інілері Алдасай, Кедей, Шылым, Жомарттың өзінің үлкен ұлы Қожамсүгір, т.б. ерекше ерлік көрсетіп, қонтайшының асыл бұйымдары – ақбоз атын, ақ сауытын, ақ қылышын және бәрінен де қымбат айдай сұлу ару қызын қолға түсіреді.

Кіші жүздің қолын басқарып жүрген Жолымбет сардар бұл ерлікке аса риза болып, әлгі асыл бұйымдардың ендігі иесі Жомарт болатынын айтады. «Жолымбет «хан сыбағасы» болар дүниелерді Жомартқа берді», – дегенді естіген хан қатты ашуланып, «сыбағасын» өз сарайына алдырады да, Жолымбетті зынданға салғызып тастайды.

Жеңістен кейінгі олжаны бөлісер тұстағы хан кеңесіне Жомарт келмей қалыпты. Хан шабарман жібереді. Оның бірінші шақырғанына келмейді, екінші шақырғанына да келмейді. Хан ашуланып, «не өзін, не басын әкел», – деп шақырушыны үшінші рет жібергенде Жомарт келе:

– Хан ием, келмеген себебім, дүнием де, малым да өзіме жетеді, мен үлестен сұрасам жүрегім қалаған нәрсемді сұраймын, оны сіз әрине бермейсіз, сондықтан сұрағанымды ала алмай қапа болмайын дегенім еді, – дейді.

– Жомарт, менің бермейтінімді қайдан білдің? – дейді хан, оның дәйекті жауабына жібіп.

– Өйткені асыл ханға да керек қой, аңдамай қалып, Жолымбет батырдың кебін киемін бе, деп сақтанып жатқаным, – дейді Жомарт.

– Бірақ сол асылдар маған жеңіс әкелген би, мырза, батыр сарбаздарым мен сардарларымнан артық болып па, сұра қалауыңды, Жомарт! – дейді жауын аяғының астына таптап көңілденіп отырған Есім хан.

– Сұрасам... сұрасам, хан ием, Ақсауытты кимей беріңіз, Ақбоз атты мінбей беріңіз, ақ қылышты шаппай беріңіз, ару қыз – Ақсұқсырды құшпай беріңіз. Менің қалауым осы хан ием, – деген ғой, қасқайып тұрып.

Есім хан Жомарт мырзаның қалмақ қонтайшысының қызы Ақсұқсырға (қазақтардың қойған аты, қалмақша ару, сұлу деген мағынаны білдіреді) әуелден сырттай ынтық екенін, ол үшін жеңіс жолына бар

байлығын сарп еткенін, енді ұрымтал сәтті ұтымды пайдаланып, қажет болса басын да бәйгеге тігіп тұрғанын сезді. Ал ғашықтықтың не нәрсе екенін Есім хан жақсы біледі.

– Бұл сый, маған арналған сый екенін білесің бе, Жомарт? Жолымбет екеуің менсіз тарту таралғы жасап әбестік істедіңдер. Осы әбестіктеріңді ақтап алатын дәлелдерің кәне? – деді хан.

– Хан ием, пенделікпен артықтау кетсек ғафу етіңіз, бұл асыл бұйымдардың бәрін қолға түсірген менің арыстан жігіттерім еді. Ұрыста тұтқын болған жесір мен жетім кімнің қолына түссе оның қожасы сол болмайтын ба еді?

– Жігіттеріңнің жесір олжалағанын қалай дәлелдейсің, мүмкін басқа сарбаздар шығар?

– Оған дәлелім бар, Хан ием! – Жомарт өз қосшысы жас батыр Бегейге қарап ым қақты.

Бегей алға шығып, Ханға иіле тағзым етті де, қойнынан қыз сәукелесін суырып алды.

– Жә, бәрі оңды, енді қыздың өзін шақырталық. Мүмкін сәукеле басқанікі болар...

Хан алдына тұтқын қыз келтірілді. Ішке ай кіріп келе жатқандай сезілді. Ару шынында да сұлудың сұлуы еді. Жомарттың бұл аруға не үшін жанын салып, не үшін бар байлығын судай шашып жүргенін енді сезді Хан. Бұрын неғып көрмегеніне өкінді. Жай көп қыздардың бірі болар деп ойлаған. Егер бұрынырақ көрсе... шешім мүлдем басқаша болар ма еді, кім білсін.

– Ару, мына сәукеле кімдікі, танысың ба?

Қыз үнсіз басын изеді. «Танимын» – дегені.

– Кімдікі? Сенікі ме?

Қыз тағы да үнсіз басын изеді.

Хан тақ үстінде біраз ойланып отырды да: «Жомарт жесір де, өзге бұйымдар да сенің иелігіңе тиіс екен, әттең бұларды сен менен емес, мен сенен қалауым керек еді... бердім қалауыңды! Қосағыңмен қоса ағар. Енді Жолымбеттің жөнсіздігі жөніндегі мәселені шешелік, – деген.

Осы кезде Кіші жүздің жырауы тана Жиёмбет жырлап қоя берді:

Әмірің қатты Есім хан,  
Бүлік салып бұйырдың:

«Басын бер – деп – батырдын»,  
Қанын ішіп қанбаққа,  
Жанын отқа салмаққа.  
Атадан жалғыз ол емес,  
Хан ием, ісің жол емес.  
Жолбарыстай Жолымбет,  
Құрбандыққа қол емес!  
Жол тосып алып кетіпті,  
Қалмақтан алмақ сыйынды.  
Қаһарынды басқалы,  
Қалың елім жиылды.  
Бастап келген өзге емес,  
Жиёмбет сынды биің -ді.  
Малын салып алдына,  
Әр саладан құйылды.  
Он екі ата байұлы,  
Бір тәңірге сыйынды...

– Болды, болды, Жиёмбет, бір шапсаң тоқтамайсың-ау, тым тереңдеп бара жатырсың ғой өзін, – деп Хан тағынан тұрып күле келіп жыраудың қолын алды. – Он екі ата байұлының бір мырзасына «хан сыйы» аталатын, ішінде айдай аруы бар өз сыбағамды беріп, бата жазағаным жаңа ғана. Жолымбет батырдың да бір жөнсіздігін өзін үшін кештім, жырауым. Жолымбет шығарылсын зынданнан!

Аталық – Жеменейұлы Жомарттың бұрынғы есімі, қолы ашық, мырзалығына орай, Есім хан алдындағы оқиғадан кейін ол ел ішінде Жомарт мырза аталып кеткен (Аңыздағы Атымтай Жомартқа теңегені).

«Жолда Жомарттың ауылы кездессін» – Шаршап келе жатқанда қонақ күтетін жайлы ауылға кезіксек – деген сөз.

«Ескелдім ес болмас, Қосқұлағым қос болмас» – Ескелді, Қосқұлақ және Жары үшеуі Жаулының балалары. Бәйбішесі көпке дейін бала көтермеген соң, тоқалдыққа өзбек қызын алған. Одан алдыңғы екеуі туады, кейін бәйбіше де бала көтеріп Жарыны туған. Жаулы батыр адам екен. Жауға аттанып бара жатқанда бәйбіше: «Құрсағымда бала бар, кетпе, бір баланы дүниеге әкелу арманым еді» дейді. Сонда ері: «Бармауға болмайды, не бітісіп, не кетісіп келеміз, ұл

тусаң атын Жары қоярсың, жарыр ма екенсің, қыз тусаң өзің біл» деп аттанып кетіп, сол жорықта қайтыс болады. Тоқалдың ересек екі ұлы бәйбішенің ұлына әлімжеттік жасай берген соң Жарының шешесі баласын Жомартқа алып келіп: «Ескелдім ес болмас, Қосқұлағым қос болмас, құрдасыңды өзің үйлендіріп, азамат етіп жібер», – депті дегеннен қалған сөз.

**«Кетпес сары, кезеген Жары»** – Жарыны шешесі Жомартқа әкелген соң Жомарт Жарының астына түсі сары келісті ат мінгізіп: «мына атпен ауылдарды аралап өзіңе қалыңдық ізде, ұнатқан қызыңды маған айт, сол қызды алып беремін», – дейді. Жары ел кезіп кетеді. Барған жерінде тұсамай бос қоя берсе де әлгі сары ат ешқайда кетпей, Жары келгенше сол орнында жайылып тұра береді екен. Содан қалған сөз дейді айтушылар.

**«Жары келді дегенше, жыланның улы тілінің зәрі келді десейші»** – Жомарт құрдасы Жарыға таңдаған қызын алып береді. Бірақ мал-дәулет бірден біте қоймапты. Сонда Жомарт «бір адамның бергені құтаймайды екен, енді көп болып көмектеселік. Ертең түгенше бай қызын ұзатып той жасайды, маған арнап бөлек үй тігіп сонда түсіреді, сол кезде менің үстіме кешігіп келерсің де: әй, Жомарт, мені жарлы деп қалдырып кеткен құрдастығыңа болайын, деп қамшыңды ала маған ұрам деп ұмтыларсың, бірақ шабармандарым сені жібермей қалар, аржағын өзім келістіремін», – дейді. Жары солай істейді. Сонда Жомарт: «Жары келді дегенше, жыланның улы тілінің зәрі келді десейші, ағайындар-ау, бәріміз әлімізге қарай көмектесіп, алдына мал салып бермесек болмас», – деген екен. Сол ағайындар жинаған малдан мол дәулет бітіп, Жары мыңғырған бай болыпты, Адайдың атын шығарған батырлар мен билер шығып, төрт құбыласы сай болыпты – дейтін бұрынғы қарттар. Бұл әңгімелер ертедегі ағайындардың ұйымшылдығын, сонымен бірге Жомарттың да, Жарының да қасиеті мол адамдар екенін көрсетпей ме?!

**«Адайдың үш Назары»** – жары Назар, ескелді Саназар, жаңай Қожаназар. Үшеуі де Адайдың атақты байлары болған. Жары Назарды «Қыдыр көрген» дейді, Қожаназар жуас, иі жұмсақ адам болса, Саназар қатаңдау мінезді адам болса керек. Саназардың соңында, ол айтты деген мынандай сөздер қалған: «Жусаны мен бұйрығыны жоқ жерді от демеймін, көжесі жоқ үйді тоқ демеймін» немесе «Мен малды он екі айдың екі айында ғана күтіп бағамын, бірі күзгі күйе-

гінде, екіншісі көктемде қалжасында». «Үш нәрсені орындай алмадым: Бірі – қойым қанша көп болса да жылына мың тоқты қоздата алмадым. Екіншісі – итті қанша асырасам да жүзге жеткізе алмадым. Үшіншісі – байлығыма мастанып қызымды бара бәйбіше болатын жерге ұзата алмадым», – деген сөздер. Сонымен бірге Саназар бай «өз малының етін дәмінен біледі екен», – деген де сөз бар. Үшеуі де жаугершілік заманда ерлерді жарамды арғымақ аттармен, азық-түлікпен қамтамасыз етіп отырған.

Қонай батыр жорыққа атты Қожаназар байдан ғана алып мінеді екен, өйткені Қонай аса ірі адам болыпты, оны көтеріп жауға шабатын ат тек Қожаназардың жылқысынан ғана табылса керек, немесе бір-бірінің сөздерін жерге тастамайтын тату адамдар болса керек. Маңғыстаудың белгілі шежірешісі Алшын Меңдалыұлының жазбасы бойынша Қонай батыр қалмақтың ханы Аюкені шапқанда көп жесір әйел әкеледі. Осыны естіп Қожаназар барса әйелдер бұрынырақ келгендерге үлестіріліп кетіп, өзі екіқабат бір әйел ғана қалған екен. Бай әуелі аздап назырқанса да сол әйелді алуға келіседі. Себебі бұған дейін Қожаназардың бәйбішесінен перзент болмаса керек.

Бала үшін әйелді алғалы отырып Қонайға: «Батыр, бір өтінішім бар, егер мына әйелдің ішіндегі бала ұл болса қызыңды бересің, ал қыз болса балаңа келін етіп аласың», – дейді. Қонай келісіп, екеуі қол алысады. Айы-күні жетіп әйел босанып, егіз ұл туады. Бірінші дүниеге келген баланың атын Шомақ, екінші баланың атын Сәркен қояды. Шомақты Қожаназардың бәйбішесі Қарабике (бәйімбет Сабытайдың баласы Жандайдың қызы) туған бойда орап алып бауырына басады. Қонай батыр уәдесін орындап, ержеткен соң баласы Бегештің жалғыз қызын Қожаназардың баласы Сәркенге ұзатады. Ал Шомаққа байбақты Шолан батырдың қызын әперген. Шоланның немересі Сырым Датұлына ас берілгенде сауын айтылғанда Шомақ нағашы жұртына 1000 қой, 100 жылқы беріпті. Қожаназардан туған қалмақ әйелдің үшінші баласы Таған. Қазіргі қазақтың белгілі жазушысы Әбіш Кекілбаев осы Тағаннан тарайды. Қожаназардың жеңгелей (немесе келіні) алған екінші әйелінен Түнғатар мен Шонты туады. Орта жүздің Есберді атты бір жігіті Қожаназарға бала болады. Қожаназар 80 жасында қалың малына 80 торыала аяқ байтал, 800 ақсарбас марка, 40 алмас өркеш ақ тайлақ беріп алған әлімнің қызы Ақшолпаннан Қошан атты бір балалы болады. Осы Ақшолпан мен Қошанға қа-

тысты менің (А.Өтегенов) «Ақшолпан» атты әңгімем, «Ант немесе суын құлын хикаясы» атты балладам бар.

**«Жарыны Жары қылған Назар, ал Назардың даңқын асырған Тастемір»** – бұған алып қосар ештеңе жоқ. Бір айта кететін жай Тастемір өз кіндігінен тараған 10 баладан басқа 8 бала асырап, оларға өгейлік танытпаған. Сонда Тастемірдің 18 баласының әрқайсысы бір-бір ру болып, тату-тәтті өмір кешудің үлгісін көрсеткен.

**«Бектеміс, нармая сауған теп-тегіс», «Бектеміс, кигендері көк кеуіш (кебіс)»** – Жарының Бектемісі Бозашы түбегіндегі Каспий теңізі жағасын жайлаған. Теңіз жағасында ащы шөп өсетіндіктен, олар көбіне түйе ұстаған. Ал «кигендері көк кебіс» деуі тұрмыстары тәуір, сәнді киінеді дегенді меңзегені.

**«Адайда – Абыл, тазда – Есенбак, үшіншісі – өзім-ақ!»** – кете Шернияз ақынның айтқаны. Оның екі ақынды ұстаз тұтқаны көрініп тұр.

**«Махамбеттің жұмбағын Абылдың шешуі»** – Исатай қаза болып, көтеріліс жеңілген соң Махамбет аз топпен Хиуа ханынан көмек сұрауға бара жатып, жолда Шернияз ақынның ауылына түседі. Шернияз Махамбетке тоң-теріс мінез көрсеткісі келген екен, оған әкесі Жарылғас жол бермей, қонаққа құрмет көрсетіп, сыйлапты. Махамбет аттанғалы үзеңгіге аяғын салып жатқанда Шернияз ішіндегі қыжылын шығарғысы келіп, өлеңмен мынадай сұрақ қояды:

Көп үйрек көлден ұшқан көлгілікті,  
Молдалар шарифаттан жол біліпті.  
Баласы Өтемістің ер Махамбет,  
Сөз бар ма біз тыңдарлық ескілікті?..

Сонда Махамбет: «Шарифаттан ескілікті сөз сұрасаң құлағың сал:

«Әліп», «ләм», «айнмен» тұрады алхам басы,  
«Мимнің» «бимен» тұрады бисмилласы.  
«Мимнің» ортасы ақша, құйрығы икем,  
Білсең айт, бұлар ненің ишарасы?  
Он бүркіт, отыз аққу көлде жатқан,  
Лашын қақпай қанат дәмін татқан.  
Күн бұлтты, ай қараңғы жортар құлжа,  
Жауабын осы сөздің терең болжа.  
Арқадан қайта айналып келгенімше,  
Жауабын қайтаруды және ойла!

Шернияз, мен келгенше жауабын әзірлеп қой!» – деп жүре берген. Жұмбақты Шернияз шеше алмай Маңғыстаудағы Абылға ат шаптырады. Сөздің мәнісін түсінген Абыл: «Махамбет оң көзім, Шернияз сол көзім еді. Екеуінің шалыс түсуі қиын болған екен», – деп жұмбақтың жауабын да өлеңмен қайтарған екен. Бірақ ол өлең жауапты сол күйінде тапқан ешкім жоқ, ұмытылған. Мүмкін табылып та қалар. Былай шешкен екен деп қара сөзбен ғана айтылады.

**«Абылдан сөз қалмаған, Есбайдан күй қалмаған»** – адай Абыл көрнекті ақын, ал есентемір Есбай көрнекті күйші. Сол заманда бұлардан асқан ақын мен күйші жоқ еді деген сөз болар.

**«Абыл – зергер, Қашаған – ұста, Абылекеме кім жетсін!»** – жыр дүлдүлі Қашаған ақынның сөзі, бұдан Абылды ұстаз тұтқаны, сыйлайтыны білінеді емес пе?!

**«Арық, Таңат жоқ болды, Тіней сорлы боқ болды»** – Жомарт мырза кештетіп келіп нөкерлерімен Тінейдің үйіне қонады. Тіней бұларға қой соймақ болып, Жомарттың алтын қынды пышағын сұрап алып сыртқа шығып кетеді де, әрі-беріден кейін қайтып келіп: «қой түнегіне жатып күйсеп қалған екен, қонағасыларыңды таңертең ерте жерсіндер» дейді. Бірақ таңертең де малын соймай күйбендеп жүргенде қойлар өріске кетіп қалады. Себебі ауылда балалары Арық пен Таңат жоқ екен. Сонда: «енді кідірсек кешігеміз, жүрелік» деп аттанып бара жатып Жомарт айтты дейтін сөз. Осы кезде Тіней: «Жомарт, ұмытылып қала жаздапты, кешегі пышағың мінеки» деп ұсынғанда Жомарт: «Мен бір берген нәрсемді қайтып алмаушы едім, өзінде қала берсін» деп мырзалығының өмірде қалыптасқан жай екенін тағы бір көрсеткен екен.

**«Шылым Жеменей емес, Кедей Жомарт емес»** – Бұзаудың екі баласы – Жеменей мен Айтумыс. Шылым Айтумыстың баласы, Айтумыс қайтыс болып, Шылым жастай Жеменейдің тәрбиесінде болған. Жеменей руының құрамында. Не жеңгесін, не келінін әменгерлік жолмен Жеменей алса керек. Кедей мен Жомарт Жеменейдің өз балалары. Кедейлер де өздерін Жомартпыз деген. Соған кейбіреулердің ағайын арасын ашу үшін іштарлықпен айтқандары тәрізді.

**«Жығылсаң Қожамбеттен...»** – Қожамбет – жеменей, жомарт, солтангелді, Солтаналыұлы Текеннің баласы, Кіші жүзге белгілі атақты палуан болған. Адайдың ішінде күресті жаңа бастаған бір жас палуанды «Жығылсаң атақты палуан Қожамбеттен жығыласың,

шық күреске. Оның еш айыбы жоқ», – деп шығарған екен. Кейін өзге палуандарды жігерлендіріп, қайраған кезде мақалға айналып кеткен сөз. Қожанбет бірде шілде айының ішінде жолаушылап келе жатып түрікпендер жайлап отырған шыңыраудың үстінен шығады. Аты да, өзі де шөлдеген екен. Құдық басында малдарын суарып болып тұрған бір топ түрікпен жалғыз атты жолаушыны онша менсінбей, әжуалай бастайды. Тіпті ер-тұрманын олжалағысы келгендей сыңай танытады.

– Алыстан келе жатқан жолаушы едім, атымды суаруға рұқсат етсеңіздер, – дейді Қожанбет. Сонда түрікпендердің бірі:

– Бұл құдықтың суы сарқылып қалды. Өнгенше біраз мезгіл кетеді, анау екінші құдыққа мына тас астауды көтеріп апарып құр да, атыңды суарып ала ғой, – дейді.

Қожанбет әлгілер көрсеткен, адам түгіл атан түйе тарта алмайтын астауды «әуп» деп көтеріп, бір қолтығына қысып, екінші қолымен атын жетектеп, көрсетілген құдықтың басына апарып атын суарып, өзі де шөлін басып, жөніне жүре беріпті. Түрікпендер оның атын олжалауға бата алмапты.

**«Ақ түйелі Тілеміс, айтпасан да білеміз»** – есен жеменей Тайлақұлы Тілеміс байға айтылған сөз. Оның алты баласының кенжесі Аманияз күйші, сері, атбегі болған.

**«Кенженің үйіне қонғанша, Есеннің жұртына қон»** – кенжеге өкпелеген біреудің екі рудың қонақжайлығын салыстырғаны.

**«Адайдың үш қарасы»** – бегімбет Қаракісі, жары Сүйінғара, матай Ботағара. (Кей деректерде Ботағараның орнына бабық Мыңбайды атайды). Бұлар өз руларының көсемі болған. Ыстығына да, суығына да күйген. Билік қолында болғаннан кейін, жазықты да, жазықсыз да қарапайым адамдарға тізелерін батырса керек. «Қара» сөзінің екі мағынасы бар, бірі – қарау істері жөнінде, екіншісі – жүк көтеретін елдің қара нары деген мағынада. Қай мағынада түсіну әркімнің өз еркі. Бұлардың бойында көсемдік те, шешендік те, мәрттік те, қараулық та болған тәрізді. Сүйінғара жөнінде баспасөзде көп айтылып, жазылып жүр. Өзге мақалаларды айтпағанда, жазушы Маршал Әбдіхалықовтың «Сүйінғара» атты романы бар. Әнуар Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі» романында да оған біраз орын беріледі.

Бұған дейін баспасөзде жақсы сөз маңдайына бұйырмай, тек қарау сөздер ғана біржақты үстіне төгіліп келген Қаракісі жөнінде біраз мәліметтер бермекпін. Қаракісі негізінен Сүйінғараға күйеу. Оның



қарындасын екінші әйелдікке алған. Бірде қарындасы Сүйінғараға күйеуі өзіне қол жұмсайтындығы жөнінде шағым айтып: «батыр ағем күйеуін келіп жөнге салып кетпес пе екен» деп сәлем жолдапты. Сонда Сүйінғара: «Даулассам дауға алдырмайтын, белдесем белге жеңдірмейтін Қаракісіге мен не істей алам. Екі тентектің бірі бәсең болмаса болмайды, қарындасым үйдегі тентектігін қойсын, тағдырына мойнын ұсынсын» депті.

Бірде Махамбет кештетіп жолдастарымен Қаракісінің ауылына түседі. Өздері де, аттары да әбден шаршаған. Қаракісі үйден шығып:

– Жолдарың болсын! Сірә Махамбеттің қосшылары боларсыздар, қайдан келесіздер? – деп сұрайды. Сонда Махамбет:

Тарланды сұлу көрсеткен,  
Сұлы менен беде екен.  
Жігітті сұлу көрсеткен,  
Қалың қол мен елі екен.  
«Махамбетке қосшы» дегенің,  
Махамбеттің өзі екен, –

дегеннен кейін Қаракісі танымағанына кешірім сұрап құрметтеп қонақ етеді. Кетерінде Махамбетке келісті айғыр, жолдастарына тың аттар мінгізіп, шаршап келе жатқан аттарын «кішкене тыңайсын, қайтарда алып кетерсіңдер» деп алып қалады. Махамбет қайтарында тарлан атының құлпырып қалғанын көреді. Қаракісі аттарға сүт бергізіп, сұлымен жемдеген екен. Махамбет бұған аса риза болып, «Дәмдес болатын кісі екенсің» дейді. Махамбеттің ер мінез, келісті қарындасы барын білетін Қаракісі оған құда түскісі келетінін айтып, інісі Қосымға сұрайды.

Махамбет: «Бұрын үйленбеген болса бір тең шешесің, ал бұрын үйленген болса екі тең шешесің» депті. Қосым үйленген екен екі қалың мал берілетін болып шешіледі. Бұл құдалықты естігенде Махамбеттің қарындасы ағасына өлеңмен былай деп наз айтыпты:

Желекті найза қолға алып,  
Оң жағыңда жүргенде,  
Жігіттермен тең едім.  
Жоғары өрден жылқы айдап,  
Боранды күні келгенде,  
Қай жігіттен кем едім.  
Сырын білмей адайға,  
Ағаке, неге телідің?..

Сөйтіп, адайға келін болып түседі. Қалың малы көп әйелдің бағасы да жоғары болады. Абысындары күндеп: «Сатып алды» деп атаған. Ұзақ жас жасап, «Сәке шешей» атанады. Үш қыз, төрт ұл (Қолдасбай, Бөшекен, Шопанияз, Шопанбек) туады. Төртеуі де ер тұлғалы азаматтар болады. Қолдасбай бабық Мыңбайдың оң қолы, батыры болыпты. Жазушы Ә.Кекілбаевтың «Күй» повесінің бас кейіпкерінің бірі Дүйімғара деп аталады. Кейбір әдеби сыншылар осы Дүйімғараны Сүйінғараның прототипі деп түсіндіреді. Біздіңше олай емес, аты айқайлап айтып тұрғандай осы «үш қараның» жиынтық бейнесі (немесе ел шетінде, жел өтінде жүретін барлық батырлардың) десек сенімдірек болар еді. Әбекең өз шығармаларында маңғыстаулық тұлғалардың іс-әрекеттерін өз ауылына жекешелендіріп жатпай, өзі барын салып сомдағысы келген өзге өңірден алынған жағымды кейіпкерлерінің бойына сойып қойғандай етіп, қаптай салады. Білетін адамға оның өмірде кім болғаны беп-белгілі. Бірақ ол үшін авторды еш кінәлауға қақымыз жоқ. Көркем шығарманың өз идеясы, мақсаты болады. Оны орындап шығу үшін, яғни, жергілікті ғана маңызға ие оқиғаны әлемдік маңызға жетелеу үшін, кейіпкерлер сомдалып, алғашқы бейнесінен айырылып, өзге формаға ие болмақ. Үлкен масштабтағы кеңістікті көре білуге бейімделмеген, ауыл маңының өрісіне үйренген біздің көзіміз ол жаңалықты әуелгі кезеңде қабылдай алмай қалатынымыз, өз түйсігімізбен ғана бағамдайтынымыз бар. Ал Әбіш Кекілбаев маңғыстаулық мүдденен (сәл басқаша айтсақ жеке мүдденен) қазақтық (ұлттық) мүддені үнемі жоғары қоятын суреткер. Ал біз болсақ оны түсіне бермей (дәлірек айтсақ, түсінгіміз келмей) жерден алып, жерге салып кінәлап, жазғырып жататынымыз рас енді.

**«Қаракісі заманында зор болды, ол ісі кейін өзіне сор болды»** – руаралық (адай мен өзге рулар арасындағы) дау-жанжалдарды шешуге көп барған адам. Ол бір жерге айтысуға, дауласуға барар болса алдымен ауылының алдындағы төбе басына шығып, тымағын қамшының басына іліп қойып оны қарсы жақ етіп, оңаша салғыласып айтысады екен. бірде өзі, бірде қарсы жақ болып сөйлейді. Егер тымақты жеңсе дауласуға барады, егер жеңілсе бармайды екен. заманында зор болғаны сол болса, ал ағайын бір атаның екі бала ұрпақтарының (қожантай мен бегімбет) араларындағы адамдар өліміне әкелген келеңсіз оқиғаның кінәсі Қаракісіге телініп, оған өле-өлгенше сор болып жабысқан.

**«Балықшы мен Жеменей, аударылмас кемедей»** – Келімбердінің алты баласының ішінде Ақпан мен Құнанорыс, Балықшы мен Жеменей, Мұңал мен Тобыш еншілес болған немесе қоныстас болған тәрізді. Олар әңгіме араларында осылай қосақталып айтылады. Балықшылардың өздерін «жеменейміз» деген кездері де болған тәрізді, Бейнеуде тұратын кей балықшы жігіттерге руың кім дегенде «балықшы жеменейміз» дегенін естідік.

**«Сүйінғара сыбаға»** – Жары Сүйінғара өзінің меншігіндегі өңірден өтіп бара жатқан саудагерлерден (мәселен, Хиуаның...) салық төлеп өтуді талап еткен ( бүгінгіше кеден салығы), сол «Сүйінғара» сыбаға аталған.

**«Мен өлсем Адайдың белі сынады, сендер өлсеңдер адайдың қатындары өздеріндей тағы бір ұл туады»** – Сүйінғараның Хиуа ханы ауылын шапқандағы қанды шайқаста қосшы жігіттеріне ескертпесі. Адай жасақтары ойсырай жеңілген осы шайқаста Сүйінғараны жау қоршауынан аман алып шығыпты. Сүйінғараның бұл сөзі ұлағатты сөз. Ханын, көсемін жаудан жанын салып қорғау, оның жолында шейіт болу қазақ сардарлары мен сарбаздарының әуелден қанына сіңген әдет, Сүйінғара соны жасақтарының есіне салып, жаудан жасқанбай ұрысуға жігерлендіріп тұр.

**«Исаның билігін, Досанның ерлігін көре алмай барамын»** – дүниеден өтерінде айтқан Сүйінғараның өкініші. Кейін патшаға қарсы ұлт-азаттық көтерілісінің басшылары болатын Иса Тілембайұлы мен Досан Тәжіұлы ауырып жатқан Сүйінғараның көңілін сұрай келіп, олар кеткен соң көзіне жас алып айтқаны екен. Сірә олардың болашақтарын көпті көрген қарт тарлан болжаса керек.

**«Адайдың бес жүйрігі»** – көрнекті ақын-жыраулар: Абыл, Ақтан, Қашаған, Нұрым, Аралбай. Осы жерде бірер мысал айта кетелік: бірде Қашаған келе жатып суатта қой сауып отырған қойшы жігітке кездеседі де:

Ақсарыбас шұнақ қой,  
Бауыры толған бұлақ қой.  
Оны сауып отырған,  
Кере қарыс маңдайы  
Қыздар сүйер шырақ қой, –

дегенде ақынға аса риза болған кедей жігіт үстіндегі шапанын шешіп ата салтымен Қашағанның үстіне жабады. Жігіт үйге келген соң

істеген ісін мақтанып шешесіне айтса шешесі «үстіндегі дұшпанкөз жалғыз шапаныңды бергенің не болғаның, жаным-ау, Қашаған көрші ауылда қонып жатыр, барып шапаныңды алып кел» деп ұрысады. Жігіт амалсыздан барып шапанын сұрағанда Қашағанның жауабы:

Берген жоқсың барлықтан,  
Беріп едің ғой нарлықтан.  
Бешпентінді де шешіп бер,  
Тіпті өлмейсің жарлықтан, –

дегенде әлгі жігіт сөзден тосылып бешпетін де беріп кетіпті делінеді.

Қайыпалды сұлтан азғана мезгіл Адай еліне басшы болып өзін ханмын десе керек. Ол Адайларға орынсыздау 60 атан айып салыпты. Соған ашуланған 60 жігіт атқа мініп, қастарына Абылды ертіп сұлтанға барыпты. Сонда Абыл келе былай депті:

...Адайдың салық салдың мойынына,  
Алпысы адуынды атқа мінді.  
Жармасып жарақтанып сойылына.  
Уа, тақсыр, тура қарап дұрысынды айт,  
Адайға алпыс атан салдым деген,  
Әзілің энеукүнгі қойылды ма?

Сонда Қайыпалды: «Абылеке, менің сіздермен әзілдесетін жайым бар ғой, ойнап айтып едім» деген екен. Бірде Мұрын жырау ұстазы Нұрымға былай деп сұрақ қойыпты:

– Абыл сенен қаншалық алдағы ақын еді?

Сонда Нұрым оған қарсы сұрақ қояды:

– Бұхара осы арадан қанша жер?

– Екі айлық.

Нұрым сол кезде Мұрынға қарап:

– Менің алдымда Абыл да тап сондай жер, – деген екен.

Бір жылы Ойыл бойын қыстап қалған Ақтан жұтқа ұшырап, Ойылдағы татар көпеске тері илеушілікке жалданады. Маңғыстаудағы ағайындарға хабарласуға мінер тұяғы болмай қалады. Жәрменкеге келіп жүрген адайдың оншақты мырзасы Ақтанды көрмекке іздеп келіп, көпестен: «Адайдың Ақтан деген ақыны сіздің қарауыңызда жұмыс жасайды екен, қайда?» деп сұрайды. Көпес: «Ақын ба, батыр ма білмеймін, әйтеуір Ақтан деген біреу бар, ол анау» деп Ақтанды көрсетіп жібереді. Мырзалар келсе ешкіммен ісі жоқ лас киімді адам теріні созғылап жатады. Әлгілердің ішінен пысықай біреуі: «Ақтан,

Ақтан дегені осы болса мұны да көрдік, адаммен ісі жоқ, төмен тұншыққан біреу ғой, жүріңдер кеттік», – деп бұрылып бара жатады. Сонда бұлардың сөзін естіген Ақтан: «Мырзалар, тоқтандар!» деп өзіне қаратып алып былай деген екен:

Айдынға аққу, қаз керек,  
Сұлуға құшақ наз керек.  
Жырға әуез саз керек,  
Теріге пұшпақ баз керек...  
Мен адайдың Ақтаны,  
Шежіре, шешен, тақтағы...  
Тап болып жұтқа өткен қыс,  
Қатын-бала қамы үшін...  
Теріге пұшпақ су сеуіп,  
Жасап жүрмін күнкөріс.

Осы жерде мырзалар аттарынан түсіп, сәлемдесіп, он мырза он аттың пұлын беріпті. Көпес те әлгі мырзалар мен бірге Ақтанды үйіне шақырып, қонағасыда түнімен жырлатып, ол да бір аттың пұлын, еңбек ақысын, шай, секерін, т.б. ұсынған екен.

«Адайдың жеті қайқысы» – көрнекті әнші-жыршылар: Өскенбай, Жылгелді, Досат, Әділ, Тұрсын, Тастемір, Шолтаман. «Жеті қайқы» атауы қалай шыққанына тоқтала кетсек. «Маңғыстаудың Алтынсарины» атанған, тоқсаннан асып дүние салған мұғалім Ысқақ Шәкіраттың жазуынша, болыс Иса Тілембайұлы бір шыяз (съезд) кезінде адайдың алты өнерпазын шақырып, қонақ етіп, көпшілік алдында ән салдырады. Олар кенже Әділ, майлан Шолтаман, мая Досат, медет Жылгелді, қырықмылтық Қарасай, бегей Қалым екен. Шыяз өтіп болғанша осы алтауын бай, мырзалар қонаққа кезекпен шақырып, ән салдырып, сауықтапты. Бұлар содан кейін «Адайдың алты қайқысы» атанып кетеді. 1970 жылдан кейін өлке өнерін зерттеп жүрген музыкалық сарапшылар сірә, шығармаларын жүйелеу үшін бұл мәселені қайта қараған тәрізді. Бұрынғылардың қатарынан Қарасай мен Қалымды алып тастап, олардың орнына жаманадай Тастемір мен қаржау Тұрсынды және жаңай Өскенбайды қосып, бұрынғы «Адайдың алты қайқысы» деген терминді «Адайдың жеті қайқысы» деп өзгертіп, оқулықтарға кіргіздіріп жібереді. Олар қайқыны көбейткісі келмеген шығар, әйтпесе, Қарасай мен Қалымға Иса болыс берген атақтарын қалдырып, қайқы санын тоғызға жеткізе қоюға да болмас

па еді. Бұлардан басқа қожантай Қойбас (кезінде Қойбасты да қайқылар сапына қосып айтушылар болған), бәйбіше Дүйсенбай, шолақ Өткелбай, бегей Қайып, солтаналы Өтеген, кеше Құрым т.б. әншілер маңғыстаулықтардың өнерге деген шөлін қандырып отырған.

**«Жолға шықсаң жолдасың Қосай болсын»** – туыстықты, бірлікті сақтау үшін жорыққа шықсаң да, той-садақаға барсаң да үлкенің – аға баласын ұмытпа, сыйла, өзіңмен бірге алып жүр, басты соған ұстат, батаны соған жасат, татулыққа жақсы, – деген Келімбердінің өз балаларына қалдырған өсиет сөзі болса керек.

**«Қосай досың болғанда, Есей қалмағың ба?»** – ағайындарды бір-бірінен алалама, – дегені.

**«Иттің ішін таңған Жаңай»** – рудың сарандығын айтқаны. Жаңайдың көшіп бара жатқан бір ауылының адамы «үрмесін, үрсе бейсеубет жолаушылар бұрылып келеді» деп итінің ішін таңып тас таса керек. Соған орай нағашылы-жиенді ауызекі әзілден шыққан сөз болса керек.

**«Ақшакедей той жасап, Әйтей – Бегей ат қосыпты, пұтақ!...»** – аузы жеңіл, шолақ ойлайтын нағашылы-жиендердің бір тойда әзіл-қалжыңмен айтқаны болар. Істеріне көңілдері толмаған барлық ағайындарға арналып айтыла береді.

**«Бұдан Көтеш болмас»** – жары бектеміс руының байы. Жұпыны киінетін, малшыларымен мал арасында жүретін адам болған. Қысылған кезде ақыл сұрамақ болып, оны іздеп келген Төлеп батырдың баласы Мәмбетнияз байдың жұпыны сырт пішініне разы болмай барған шаруасын айтпай кеткен екен, содан қалған сөз дейді.

**«Сиыр көрсең салып өт»** – маңғыстаулықтар сиыр малын ұстамаған. Сиыр сулы жердің малы. Жерінде сиыр жейтін шөп шамалы. Сиыр малын қолданбағандықтан шыққан сөз болар.

**«Қаракұмның кара жусаны саған жоқ, Қарашүңгілдің кара топырағы маған жоқ»** – Қазан революциясы кезіндегі Кеңес өкіметіне қарсы Адай көтерілісі талқандалғаннан кейін Иранға өтіп бара жатқан кезде астындағы көлігі – нар түйеге қаракұмдық азаматтың жылап шаққан мұңынан. Қарашүңгіл – Жібек жолының бір тармағының бойына орналасқан Қаракұмдағы ежелгі қауымдық. Кезінде керуен сарай болған тәрізді. Қазақтың көбі өздерін дүниеден өтерде осы қауымға жерлеуді аманат ететін болған. Сонымен бірге Қарашүңгіл

казак мұнайының атасы болып есептеледі. 1899 жылы тұңғыш мұнай бұрқағы осы жерден атқылаған.

Қарашүңгіл –

Шүңгіл,

Шүңгіл,

Шүңгілсің,

Қаракөздей тұңғиықсың, көп құпия жидың сыр.

Шалқалаған маң даламның шүңірек көзі шығарсың,

Кім білсін?!

Заман желі етегінді түріңкіреп кетіпті,

Шүңірек көзің ұясына кіріңкіреп кетіпті.

Қартайғаның көрініп тұр құлшытастан мүжілген,

Әр тайғаны сезіліп тұр үнсіз мұңлы жүзіңнен.

Археолог дос дейді сені: «Жібек жолы бекеті»,

Геолог досым дейді сені: «Полеозойда түзілген»...

**Жыл аттары:** Тышқан, Сиыр, Барыс, Қоян, Ұлу, Жылан, Жылқы, Қой, Мешін, Тауық, Ит, Доңыз. **Ай аттары:** Дәлу (қаңтар), ұт (ақпан), наурыз (маңғыстаулықтар Амал деп те атайды, мәселен, «Амал келді, жыл келді»), сәуір, саратан (мамыр), зауза (маусым), әсет (шілде), сүмбіле (тамыз), мизам (қыркүйек), ақырап (қазан), хауыс (қараша), жеді (желтоқсан).

«Ұт жақсы болса – құт, жаман болса – жұт», «Сәуір болмай тәуір болмас», «Сәуір салуалы қыс, отамалы ойылған қыс, үркерлі айдың бәрі қыс, саратан, зауза сенен де қорқам». «Сүмбіледе су суиды», «Ақырап-қауыс, кәрі-құртанды тауыс».

**Адай ішіндегі есімдері әртүрлі себептермен өзгеріп, кейін сол өзгерген есімімен ру атын алған адамдар:**

Көңілімқош – Бұзау.

Аталық – Жомарт.

Қожамсүгір – Шолақ.

Нұрмағанбет – Кедей.

Шыбынтай – Балықшы.

Қосай – Түркменадай.

Мәмбетқұл – Шалбарадай.

Сүйіндік – Жаманадай.

Шоғы – Қырықмылтық.

**Мұрат – Кеше.**

**Еділ – Қараш.**

Қазактың ру шежіресінде осылай қалыптасып кеткен ру аттарын (ыңғайсыз, ар санап, ревизиялап) өзгертіп айтушылар да кездесуде. Мәселен; Түркпенадайды Қосай, Жаманадайды Сүйіндік, Кещені Мұрат – дегендей. Бұндай өзгертулер шежірені шатастырады. Адайдың жеті қайқысының бірі, әнші Тастемір қысылмай-ақ, қымсынбай-ақ:

Сұрасан руымды – Жаманадай,  
Қолымда көк қаршыға томағалы-ай.  
Ерегес екі талай болған жерде,  
Байрақты бізден бұрын кім алады-ай, –

деп аспандата шырқаған ғой. Қазіргі орындаушылар неге екені белгісіз осы әннің осы шумағын айтпай (ән осылай басталатын) «Тастемір өзім атым, ағам Нұрым» деген екінші шумақтан бастап айтып жүр. Жем бойындағы Ақмешіт, Қарақұмдағы Қарашүңгіл қауымдарына жерленгендердің құлпытастарынан: «Түркпенадай аймағы Тіней руы...» деген сөздерді көптеп оқуға болады. Немесе «Түркменадай болысы...» (Қосай болысы болмаған). Демек бұрынғы қосайлар өздерін ру болып қалыптасқаннан-ақ түркпенадаймыз дегендері көрініп тұр. Олай болса жалған намысшыл бүгінгінің «реформаторларына» жол болсын. Әуел баста адам аттарының өзгеруінің өз тарихы бар. Сол тарихи оқиғаларды нақтылап, келер ұрпаққа қалдырып отырсақ, баба рухы сонда ғана риза болады емес пе?!

**Әйел есімімен аталатын рулар:**

**Жеменей Шылымнан: Бәйбіше, Қаратоқа,**

**Шылым Кенже руының ішінде: Қаракемпір, Сарыкемпір.**

Түркменадайдың Тінейінің Тәңірбергенінен тарайтындар өздерін іштей **Бекбике, Шөжеппіз** – дейді.

Жарының Бектемісінің ішінде **Өкін** деген бөлім бар, әйелдің есімі. Жалпы әйел есімімен аталатын бөлімді барлық рулардан да табуға болады.



Төртінші бөлім

**БАРЫС МІНЕЗ  
ХАЛЫҚПЫЗ**

*«2030 жылға қарай Қазақстан Орталық Азия Барысына айналады және өзге дамушы елдер үшін үлгі болады деп сенемін...»*

*Жануарлар әлемінде Жолбарыс туыстас болғанымен Барыстың өзіндік ерекшеліктері де бар.*

*Бұл – өзіне тән тектілігімен, бұлалығымен, алғырлығымен, жасқануды білмейтін тәкаппарлығымен, батылдығымен, айлалығымен дараланатын Барыс болмақ...»*

**Н. НАЗАРБАЕВ**

## ҚҰЛАМАҒАН ТУ ТУРАЛЫ ТОЛҒАУ

*Қазақстан Республикасы Жоғарғы кеңесі сессиясының салтанатты мәжілісіне қатысуға шақырылыптын. Онда бүкілхалықтық сайлаумен сайланған тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев депутаттар мен әр облыстан келген өкілдер алдында Ант қабылдайды екен. Мұндай рәсімге қатынасу бақытына ие болу әркімнің маңдайына жазыла бермейді емес пе? Тәуелсіздігіміздің көк Туы төбемізде асқақ желбіреп, жүрегіміз шаттықтан жарылғалы тұрған шақ еді...*

1991.

Желтоқсанның 10-ы еді.

Аспан ашық көксеңгір,

Шаттыққа жүрек толы еді:

«Арманның сырын төксем бір»,

Көңілімде көркем өлеңім.

Кеуделерге еккен гүл,

Сарайға күліп келемін.

Қазақ жері, әр отау,

Бір бақытқа сенеді.

Ақбас шыңды Алатау,

Төбемізден төнеді.

Алты Алаштан жиылған,

Бір арнаға құйылған,

Бір Аллаға сыйынған,

Мұнда бүгін жиын бар.

Жайдары жүздер кектенбей,

Көктөбем күлер көк белдей.

Желтоқсанның ызғары,

Көктем боп самал төккендей.

Құйылып көктен жаңалық,

Алматымды өпкендей.

Жиынның аты – сессия,

Шадыман құрған салтанат.

Басталған шақ ес жия,

Әрбір тілден бал тамат...  
Айнымас көне қалпынан,  
Қазақтың мұнда салты бар.  
Президенттің тұңғыш сайланған,  
Халқына берер анты бар.  
Тербетіп терек, қайыңды,  
Көтерем көкке Айымды.  
Құрсауы мықты қара бұлт,  
Аспанымнан жойылды.  
Куә боп Абай ар үнді,  
«Ақ түйе қарны жарылды».  
Қазақтың өз гимні,  
Шырқалып тұңғыш жалынды.  
Құлшылық етіп Аллаға,  
Ақсарбас қошқар шалынды.  
«...Біз қазақ ежелден еркіндік аңсаған...»  
Шырқадық тік тұрып залдағы барша адам.  
Жеткенше осы бір мезгілге,  
Шейіт боп кетті екен қанша жан?!  
«Конституцияны сақтауға,  
Жол бермей құқық таптауға.  
Президенттік парызға,  
Лас-кірлер жақпауға».  
Ант бергенде Нұр-Аға,  
Дүр сілкінді зал іші,  
Даланың жақын, алысы,  
Тойлады...  
Гимн тағы ойнады.

*Осы сәтте есте жүретін ерекше жай болды. Сол көріністі «Егемен Қазақстан» газеті өзінің 1991 жылғы 11 желтоқсандағы № 284 санында былайша тұжырымдаған еді: «Ел өмірінде тосын оқиғалар болып жататыны сияқты, бұл жиында да күтпеген оқиға болды. Республика гимні ойнағаннан кейін, сахна жабыла бергенде шымылдық Қазақстан Туын қағып, Ту қисая берген. Бірақ Қазақстан Туы құламады. Оны президент Нұрсұлтан Назарбаев құлатпай ұстап қалды. Алғашқыда «ойпырмай» дегізген осы оқыс сәттен*



**біз үлкен нышан байқадық. Нұрсұлтан Назарбаевтың ешқашанда, ешқандай сәтте де Қазақстан Туын қисайтпайтынына кәміл сендік».**

Жарамас ойды бүккенім,  
Елбасым Туды тіктеді.  
Құрыштан шыққан құрыштай,  
Нұр-Ағам неткен мықты еді.  
Бір сәтке есім кетірген,  
Үстімнен түскен жүк менің.  
Енді мен шалқып айтам ән,  
Қалайша айтпай жай табам.  
Үстіме құлай жаздаған,  
Тіктелді Туым қайтадан.  
Қалқып шыққан сәт еді ол,  
Қазағымның қаймағы.  
Балқып жатқан сәт еді ол,  
Нұр сәулеге аймағым.  
Бұрын ойға келмейтін,  
Мәңгі жанды тербейтін.  
Жақсылық нышан меңзейтін,  
Ғарышқа құлаш сермейтін,  
Бодандық енді келмейтін,  
Ұлтымыз мәңгі өлмейтін,  
Кеудені шаттық кернейтін,  
Тек қана өрге өрлейтін,  
Туды деп білем заманым.  
Архивке тастап жаманын,  
Шұғылалы шақтар көп болар,  
Тілеймін Елім аманын!..

***Иә, салтанатты мәжіліске қатынасушылардың бәрінің де көкейінде «Нұрсұлтан ешуақытта да мемлекет Туын қисайтпайды, Қазақ Елі өсіп-өркендеп, тарих сахнасында өзінің еңселі орынын алады» – деген берік сеніммен кеткен еді.***

***Енді міне сол сенімнің айна қатесіз келгенінің куәсіміз.***

***24.12.2008 ж.***

## БІЗДІҢ ЕЛДЕ НҰР МЕКЕН

*«Алла қалаған кісісін өз нұрына бөлейді»*

*(Құран, «Нұр» сүресінен)*

Бақытым мен базарым,  
Ұлан байтақ жерім бар.  
Бүкіл әлем назары,  
Өзіне ауған елім бар.  
Қабакта жоқ қатулық, –  
Білмей өскен қайғыны.  
Достық,  
Бірлік,  
Татулық,  
Оның басты байлығы.  
Өкпелер – деп қамықтым,  
Кезім болса керіскен.  
Өкілі бар әр ұлттың,  
Сағынысып көріскен.  
Біздің елде үлгі етер –  
Туысқандық, тәттілік.  
Біздің елде нұр мекен,  
Құшақ жаяр шат қылық.  
Қомағайлық, құмардан,  
Бұл адамзат қырқысқан.  
Сөйтіп атын шығарған,  
Ескендір,  
Цезарь,  
Шыңғысхан.  
Құтылмаған сонда да,  
Елдері қиын тұрмыстан.  
Шыңғысхан жері көлемі:  
Ескендірден төрт есе,  
Римдіктен екі есе  
Көп еді,  
Бәрінің де бірақ та қайғы болды төлемі.

Содан бері адамзат  
Бір-біріне әрдайым өлім сеуіп келеді.  
Ол неге?  
Қырқысады адамдар тауып алып бір сылтау,  
Осы сұрақ ойынан кетпей қойған Нұрсұлтан:  
Тарихтың сабағын ұмытқан соң жиі олар,  
Талай-талай қирады алып империялар.  
КСРО еді бірі оның,  
Құлаған соң білмеді ел қалай өмір сүрерін.  
Әлгі сұрақ жауабын,  
Деді Ел Басы:  
«Табамын,  
Берекеге, Бірлікке жататұғын ел ұйып,  
Орнастамын даламда мемлекет – Жерұйық.  
Оның аты әрине Қазақстан болады,  
Өмірі оның және де ғажап іске толады.  
Ең әуелі, әуелі деп ойламай ұтылам,  
Ядролық қаруымнан құтылам.  
Құтылам да елімді өзгелерге үлгі етем,  
Достық қана білсеңіз планетаны гүлдетер.  
Көрсететін қасиетім мен көркім ғып,  
Берем сосын барлық тілге еркіндік.  
Адам үшін салтанат пен сән бөлек,  
Бірік, бірақ ең бірінші нан керек.  
Тағы айтарым бейбіт атар таң керек.  
Табылар-ау ағайындар сын айтар,  
Ең әуелі экономикамды нығайтам.  
Соның бәрін түсінетін, қолдайтын  
Қосшы болар жан керек.  
Қызығатын жақын менен алыс көп.  
Мақсат атын қоялықшы «Барыс» деп.  
Барыс деген тауда жүрер аң болар,  
Қайраты бар, айбаты бар таңғалар.  
Өздігінен өзгелерге тимейді,  
Басын және өзгелерге имейді.  
Мүддесі үшін айлакер де, адал да,  
Кербез көрік, бармайды артық қадамға.

Мінез-міні адамға тән адамға.  
Бір қасиет бардай оның атында,  
От жанарлы, қаймықпайтын батыл да.  
Символымыз осы болса дұрыс-ау,  
Кім-кіммен де тату болу ырыс-ау!»  
Бүгін міне,  
Бәрінде де жарыстың,  
Озып келем мінезімен Барыстың.  
Бәрі бізге көз тігеді сүйсініп,  
Жақын менен алыстың.  
Жүзім жарқын, көңілім шат ән салар,  
Бір құпия айтайын ба мен саған.  
Десем болды:  
«Қазақстан, Нұрсұлтан!»  
Қайда барсам құшақ жайып қарсы алар...

## ЖАРЫСТА ОЗАР ЛАЙЫҚ

Қай кезде де болған ғой тақ таласы,  
Әкеге бала болған бақталасы.  
Жақсы-жаман патшалар келер-кетер,  
Тек қана өмір жыры тоқтамасын.  
Дидар ғайып, адамға ажал ғайып,  
Әлемде болған істен көз алмайық.  
Әбділдин, Әбіловтер аласұрған,  
«Қазақ елін құртты – деп – Назарбаев».  
Өмір – базар, жеткенше әл базарлайық,  
Өмір – жарыс, жарыста озар лайық.  
Бақталастар не айтпайды тақ жолында,  
Қазақты қазақ еткен Назарбаев.  
Өсек өрт-ау шайпау тіл сумаң еткен,  
Кей патшалар өмірін думан еткен.  
Такқұмарлар елімді етпесе екен,  
Құдайкөнің<sup>31</sup> көшіндей суға кеткен.

27.02.2007 ж.

<sup>31</sup> Құдайке – аңызда жалған ант бергендіктен көктемде көші суға кеткен бай-мырза.



## КІМ ДЕЙМІЗ?

Самалының лебінен аққан нұр,  
Көшелерін жасыл-желек жапқан кіл.  
Он қалаға татитұғын бір қала,  
Сарыарқадан соққан кім?

Бақыттарын осы елден тапқан кіл,  
Адамдарға жанарынан жаққан жыр.  
Ажал себер бар тірлікке әлемдік,  
Ядролық полигонды жапқан кім?  
Туыстықпен,  
Достастықпен гүлдейміз,  
Қайғыруды, қаймығуды білмейміз.  
Қазақ Елін жер жаһанға танытқан,  
Бұл адамды айтыңдаршы  
Атақазақ демегенде кім дейміз?..

*Алматы, Қарғалы санаторийі.*

*12.04.2010 ж. Сағ. 13.10*

\* \* \*

Кетті өмірден  
Жиырманшы Ғасыр өтіп,  
Артқа тастап Қуаныш, Қасіретін.  
Біреулерді ісімен жирендіріп,  
Біреулерді өзіне ғашық етіп.

Өтті өмірден, иә, иә, мына ғасыр,  
Қалдырумен көп сұрақ, ғұлама сыр.  
Көп нәрсені тындырып, бүлдіріп те,  
Келер ұрпақ сынасын, сынамасын.

Аямай-ақ күйғандай құтты осыған,  
Адымдады адымын нық басып әр.  
Басынан шыр көбелек айналдырды,  
Ғаламшарды ұстап ап тұтқасынан.



Қалдық, қалдық одан да бірақ аман,  
Жер де, көк те туған ғой бір Анадан.  
Не біледі, сірә да, не біледі,  
Бұл өмірде күлмеген, жыламаған.

Жаңа ғасыр күледі көктен бүтін,  
Бүр жарғызып аязға Көктем гүлін.  
Жаңа патша қолында –  
Тағдырымыз,  
Жүргізеді ол қалай Өктемдігін?!

### АТА ҚАЗАҚ

Бір шыңырау және онда жалғыз қауға,  
Құтым болған түссе де сансыз дауға.  
Әрқашанда қамқор боп қол созасыз,  
360 әулиелі Маңғыстауға.

Еліңіз бар иесін көптен күткен,  
Тоза жаздап тозбаған өктемдіктен.  
Сізге ұсынар киесі дарысын – деп,  
Әулиелер бойына жерден біткен.

Қайда да қошемет мол сүйікті Ұлға,  
Әлемді Көсемдікпен ұйыттың да.  
Таныттыңыз Қазақ атты халық барын,  
Ғасырда дара туған биік Тұлға.

Қоғамдағы талдайсыз әр ізді Сіз,  
Ел алдында ұғынып парызды Сіз.  
Қазақ ұлтын топаннан сақтап қалу,  
Жолын білер Нұх пайғамбар тәріздісіз.

Қара түндер келмеске кетті дейміз,  
Бақыт құсы бізге де жетті дейміз.

Елбасының игі істе қадамына,  
Бекет-Ата жар болсын, деп тілейміз.

Аз көрген жоқ өмірден атам азап,  
Басталады енді өмір өте ғажап.  
Жасай берсін Нұрсұлтан Назарбаев,  
Ұрпақ берер есімі – Ата-Қазақ!!!

(«Егемен Қазақстан», №245-247.

23.06.2010 ж.)

### АҚБОЗ АТ МІНГЕН ЕЛБАСЫ

*1994 жылдың жазында Республика Президенті Н. Назарбаев өз қолымен облыс етіп қайта құрған Маңғыстауға келгенде оған маңғыстаулықтар өздерінің ыстық ықыласының белгісі ретінде ақбоз ат мінгізген-ді. Елбасы сол ақбоз атқа мінген бойда дала төсінде құйғытып шаба жөнеліпті...*

Тамшалыда...

Мөлдір тамшы... көп ғажап,

Тамсанбаған Тамшалыға жоқ қазақ.

Осы жерде, осы жерде адайлар,

Нұр-ағаға мінгізген-ді ақбоз ат.

Кенет... тосын... бір іс болды ақылды,

Елжіреткен алыс, тума-жақынды.

Оқыранды иесін күткен ақбоз ат,

Елбасы оған салған кезде тақымды.

Алып ұшты, Елбасыны жыраққа-ай,

Қос қолтыққа қанат біткен пырақтай.

Әулиелер аймалады мандайдан,

Аңызак боп,

Ақ сағым боп құлатпай,

Кең далада келеді ғой желпінгің,

(Ақбоз атты патша – дала – көркің бұл)

Сәнді сарай тамаша ғой. Сонда да,

Кең далада тыныстады ол еркін бір.

Енді ешкімге жалтақтаман тұрмыста,  
Алдымызда жарқын мақсат – тұр нұсқа.  
Тұлпар мініп, дала даңқын асырған,  
Атилла да,  
Темірлан да,  
Шыңғыс та.  
Қандай жұмсақ еркіндіктің самалы,  
Кеуделерге бірлік отын жағады.  
Емін-еркін төрт түлігің жайлауда,  
Бұлақ қырда емін-еркін ағады.  
О, жаратқан! Бізді де бір қолдашы,  
Болсын оның Қыдыр-Ата жолдасы.  
Естисің бе, естисің бе, ей, Қазақ,  
Атқа мінді,  
Атқа мінді,  
Елбасы!  
О, Жаратқан! Бізді де бір қолдашы!

1994 ж.

(«Егемен Қазақстан», №275 (24528),  
08.11.2006 ж.)

## **ЖЕТІ МИНУТТЫҚ ЖОЛ**

*(Президенттің Ант беру сәтін  
көргендегі көңіл тасқыны)*

Президентім Нұрсұлтан,  
Өрбиді бір сыр бір сырдан.  
Қазаққа келген Бақ болып,  
Айтуға мұны қымсынбан.  
Тапқан жөн сөзді жүйелі,  
Бар халқы оны сүйеді.  
Сайланған мерзім жеті жыл,  
Жеті саны киелі.  
Өмірді әділ сүрген жөн,  
Дәстүрді-ғұрып білген жөн.



Ант берерде адымдап,  
Жеті минуттық жүрген жол.  
Жолы болсын қазақтың,  
Жеті ғасырлық ғажап бұл.  
Артта қалсын бәрі де,  
Азап пенен мазақтың.  
Уағыздайды елдікті ой,  
Үйді ұстар белдеу, белдік қой.  
Барыс болып көрелік,  
Көк бөрі болып көрдік қой.  
Өзі төгіп жақсы асын,  
Өзі тонап бақшасын.  
Қуғындайды ақынын,  
Жамандайды патшасын.  
Еркегі сайқал тозған ел,  
Әйелі байтал азған ел.  
Пақырын хан ғып көтерер,  
Өзіне көрін қазған ел.  
Қасірет бар ма одан көп,  
Қарамас ешкім адам деп.  
Бөлшектеніп ек, бөрі жеп,  
Орысқа кеттік бодан боп.  
Әдет-ғұрып, салты – нұр,  
Алқа ғып тағып алтынын.  
Дәуірлеген де кез бар Ел-қазақ,  
Екі жүз жетпіс алты жыл.  
Ұлтымның асқақ әні көп,  
Кербездік сымбат сәні көп.  
Ұйытқан ел ғып сонау жыл,  
Сұлтандар Керей-Жәнібек.  
Қасқа жолды Қасым боп,  
Ескі жолды Есім боп.  
Тәуекел мен Хақназар,  
Шығарған дана шешім көп.  
Тілегі болып қабыл-ай,  
Көтерген талай дабыл-ай.

Жеті жарғылы эз-Тәуке,  
Әбілқайыр, Абылай.  
Ағайын бұған құлақ сал,  
Арнама сыйман бір ақсам.  
Солардан қалған арман мен,  
Солардан қалған мұрат бар.  
Асқар-асқар талабым,  
Мөлдірден ішсем қанамын.  
Туғандай қайта түледім,  
Жеті жаста ғанамын.  
Ынтымағы жарасқан,  
Елдердің дәйім бағы асқан.  
Жердің де асты жеті қат,  
Жеті қабат көк аспан.  
Саз қосар дәуір сазына,  
Шертілер небір بازیна.  
Тектілік сыры – жеті ата,  
Халқымда – жеті қазына.  
Кімде жоқ намыс көкірек,  
Болсын деп елге бір тірек.  
Туған үйі жұртына,  
Аунатар ұлды жеті рет.  
Жігіттің болсын ісі адал,  
Шектесін қайғы құсадан.  
Сау болсын ләйім оқыстан,  
Адамда жеті мүше бар.  
Сақта деп тозақ отынан,  
Кейінгі ұрпақ атынан.  
Аруақтар үшін иіс қып,  
Пісірер анаң жеті нан.  
Өмірді әділ сүрген жөн,  
Дәстүрді-ғұрып білген жөн.  
Ант берерде адымдап,  
Жеті минөттік жүрген жол.  
Жолы болсын Қазақтың  
Жеті ғасырлық ғажап бұл.

Артта қалсын бәрі де,  
Азап пенен мазақтың.  
Зұлматтан небір өтіп ек,  
Буындар қатып бекіп ек.  
Әлемге бізді паш етіп,  
Атылды салют жеті рет.  
Шалқымай көңіл тұра ма,  
Тулайды жүрек сірә да.  
Жиырма бірінші ғасыр тұр,  
Баста алға бізді, Нұр-Аға!!

### ГҮЛ ҚАЛА – АСТАНА

Жап-жас қала – Астана,  
Үлгі-өнеге басқаға.  
Қалауын тапса қар жанып,  
Гүл өседі екен тасқа да.  
Тағдырына сынаған,  
Мойымайды шын Адам.  
Қайсар мінез танытып,  
Бас сәулетші Нұр-Ағаң.  
Тамсандырып халықты,  
(Жанып тұр-ау, жанып тұр).  
«Мың бір түн» де айтылар,  
Жауһар шаһар салыпты.  
Кең тынысты алабы –  
Даңқы асып даланың.  
Әрлендірген лала гүл,  
Нұр сәулетті қала бұл.  
Келер шалқып көсілгім:  
Жағасына Есілдің.  
Астананы көшіру,  
Көрегендік шешім бұл.

## **БАРЫС МІНЕЗ ХАЛЫҚПЫЗ**

### **1. Болашақ бағдарламасы немесе қазақ елінің мұраты**

Адамдыққа, асылға,  
Толған барлық айналам.  
Жиырма бірінші ғасырға –  
Қазақ елі жайнаған.  
Бағдарлама – қайраққа,  
Жігерімді жанығам.  
Барлық құрлық, аймақтар,  
Қазақ елін таныған.  
Қара қазан қайнаған,  
Ешкім жықпас намысын.  
Арыстан мен Айдаһар,  
Шығарады төріне  
Орта Азия Барысын.  
Өмір керек тіріге,  
Бағдарлама – кенен жыр.  
Айналамыз біріне,  
Мұнайы мол он елдің.  
Болашақты барламай,  
Ақыл-ойын арнамай.  
Көп патшалар,  
Гүл атқан  
Мемлекетін құлатқан,  
Аман-есен біздің Ел.  
Өтті алғашқы сынақтан.  
Кетті күндер елесі,  
Небір тоңған, жылаған.  
Қазақстан кемесі,  
(Штурвалда Нұр-Ағаң)  
Бет түзеді сеніммен,  
Бақыт, шаттық портына.  
Мейірім боп төгілген,  
Тастап нұр іс артына.

Оның әрбір ісінде,  
Кемелденген Болашақ.  
Ал жүзінде, жүзінде,  
Имандылық, Парасат.  
Бәрі осының, осының,  
Шыққан нәрсе намыстан.  
Тындап сөзін досының,  
Айдаһар мен Арыстан.  
Қажет болса осы күн,  
Қаймығады Барыстан...

## **2. Алыптармен алыпша сөйлесу**

Бір көршіміз – Арыстан,  
Бір көршіміз – Айдаһар.  
Оңбайды екен алысқан,  
Паналар жер қайда бар?  
Батыл, алғыр болмасаң,  
Бірі дайын ұтуға.  
Жалын атып жанбасаң,  
Бірі дайын жұтуға.  
Мекен етсең сақтана,  
Екі алыптың арасын.  
Барыс болып тек қана,  
Көзің жанып шоқтана,  
Аман-есен қаласың.

## **3. Желбірейді көк Туым**

Міне, міне, бізге де,  
Нұр шапағын төкті күн.  
Бақ пен Бақыт іздеген,  
Тұқымы едік тектінің.  
Рас, бардан құр қалдық,  
Болса да биік шоқтығым.



Күйін кештік құрбандық,  
Талай еркек тоқтының.  
«Басқа шығам», – дегенге,  
Төрден орын жоқ бүгін.  
Желбіреп тұр төбемде,  
Аспан түстес көк Туым.

#### **4. Ұрынбаймыз өзгеге**

Талай сөніп күл болып,  
Талай қайта жаныппыз.  
Өскен Жусан, Гүл болып,  
Дала сынды алыпмыз.  
Ырылдайтын кезде де,  
Сабыр сақтап қалыппыз.  
Ұрынбайтын өзгеге,  
Барыс мінез халықпыз.  
Қараулыққа бармайтын,  
Шегінбестен бір адым.  
Жанын салып қорғайтын,  
Өз ұрпағын, тұрағын.

#### **5. Мұнай мен газ байлығым**

Қазыналы байлықты,  
Берген бізге құдайым.  
Қосты елге бай, мықты,  
Газым менен мұнайым.  
Мынау жарқын жүзімнің,  
Шығарады шырайын.  
Жанса букет – қызыл гүл,  
Газым менен мұнайым.  
Жанға қуат себетін,  
Аспандағы Күн-Айым.  
Бақ боп елге келетін,  
Газым менен мұнайым.

Алмас ешкім қыспаққа,  
Тыныш болсын лайым.  
Шығарады ұшпаққа,  
Газым менен мұнайым.

1997 ж.

## КАСПИЙДІҢ ТҮБІ – АЛТЫН ТҮП

О, Каспий!  
Қай дәуір ед сенің соғып жататының Күйкенге  
Қай дәуір ед сенің толып келмейтінің икемге.  
Қай дәуір ед Қаратауың, Ақтауларың арал боп,  
Талғамастан жұтатының бар нәрсені сүйкенген.  
Үстіртімді өрнектеген толқыныңмен өпірем,  
Ақ бауырын ұрып тасқа аласұрған бекірең.  
Су пері қыз суын мініп дай жігітін аңсайтын,  
Қай дәуір ед,  
Қай дәуір ед  
Айтшы, Каспий, өтінем...  
Ұмытылды содан бері  
Көп құпияң,  
Көп әнің,  
Үгітілді толқын сүйген жақпар тасы жағаның,  
Үмітімді маздатуда енді менің о, Каспий,  
Су пері емес,  
Суын емес  
Мұнай басқан табаның.  
Бар жақұтты басып жатыр сенің жалпақ табаның,  
Ұлың болып өр кеудеме арман отын жағамын.  
Ықылымнан бері жиған қазынаңды қи маған,  
Өр төсінде еркін жүзер  
Келді-ау деймін заманым...

\* \* \*

Бір ғажабы, ғажабы,  
Өзінде Әлем назары.



Саясат саған ойысты,  
Бұл сенің бәлкім –  
Базарың.  
Бұл сенің бәлкім –  
Ажалың.  
Ортаймас Қара қазаным,  
О, Каспий.

\* \* \*

– О, Каспий!  
Қайсысысың көл мен теңіздің?  
– ?  
– Үндемейсің... мінезің-ай кең, ізгі.  
Картада жатсың (сезем мен),  
Терісіндей боп өгіздің...  
Жіліктелу ғой ежелден,  
Қасиеті де семіздің,  
Қасіреті де семіздің.

\* \* \*

Су алады (дұрыс бұл)  
Өзіңе кеп әр күн бұлт.  
Суарады қыр үстін,  
Найзағайын жарқыл ғып.  
Қуанады халқың – жұрт  
Деп:  
«Бізде екен Алтын Түп»,  
О, Каспий!

\* \* \*

Десем де:  
«Кеткен талай өзгелерге есем де»  
Әкем де сенсің, шешем де.  
Тойы бар бақыт көшем де.  
Айналмай ұрыс-кеселге,  
Ырыс-құт болшы бес Елге.  
О, Каспий!

\* \* \*

О, Каспий!  
«Қазақстанкаспийшельф» –  
Ұғым бұл,  
Бар қабатын қопаратын түбіңнің.  
Мұнай – Дәулет,  
Мұнай – Сәулет,  
Мұнай – Жыр,  
Міне, ұраны бүтіннің.  
Бір жеткізсе  
Жеткізетін Алысқа,  
Айналдырып мұнай селін ағысқа.  
«ҚазМұнайГаз» деген мықты  
Және сен,  
Қазақ елін теңдестір  
Барысқа!

\* \* \*

О, Каспий!  
Жайқалтар нуынды,  
Ысып күн,  
Ащы суынды –  
Тұщыттым.  
Жасау көркін бұл –  
Базары құстың.  
Асау толқынның,  
Наз әнін құштым.  
Гүлін ашады,  
Кемпіркосағың.  
Нұрын шашады,  
Бетім тосамын.  
Шақырып қыз-айдын,  
Шаңқ етіп шағалаң,  
Танкерлер ұзайды ...  
Жағадан.  
Теңізге күн батқан,  
Қызыл нұр арайлы...

Төніп қабактан,  
Ақтау қарайды.

\* \* \*

Уа, Каспий,  
Тәріздісің сен қиял,  
Қиял сырды –  
Жайық құяр,  
Еділ құяр,  
Жем құяр.  
Ағызумен аңыз жырдың асылын,  
Сосын саған Мен құям.  
Сеземін ғой,  
Сеземін ғой,  
Сеземін,  
Өтті бастан небір дәурен кезеңі.  
Мен құйып ем асып-тастың арнаңнан,  
Өлең-жырдың өзенін.  
Ұмыт қалған қан жүреді тамырдан,  
Толқын шайып жуылады қабырғам.  
Тіріледі  
Музейлерде экспонат боп тұрған,  
Жезтырнақтар,  
Таутайлақтар,  
Динозаврлар.  
Әлгілерді аулайтұғын Есекмерген шығады,  
Заманалар қайталанар, әйнек бір күн сынады.  
Не айтып кеттім, кешір, досым, бәрі әзіл ғой, бәрі әзіл,  
Бұл әзілді еріктері кімдер қалай ұғады...

\* \* \*

Бүгін сәби,  
Ал ертеңгі тас-тұғын,  
Міне, осындай күдіреті бар Каспийдің.  
Ұлы мақсат жолындағы жандардың,  
Ерлігіне,  
Өрлігіне,  
Басты идім.

**ЖЕР-АНА, ТЕРБЕ МЕНІ!**  
**немесе планета тағдыры жүрегімнің лүпілі**

Тоқтамасын нұрлы өмір дөңгелегі,  
Адамзатқа бейбіт күн ең керегі.  
Алтын БЕСІК өзіңсің әлдилеген,  
Тербе мені, ЖЕР-АНА, тербе мені!

\* \* \*

О, Жер-Ана!  
Көктем сайын гүлдермен,  
Жасарып бір түрге енген.  
Кешір, қадір-қасиетінді ұғынбай,  
Бұған дейін қалай өмір сүргем мен.  
Өзің екен нұрландырған аспанды,  
Сезім екен орман еткен жас талды.  
Төзім екен тау жасаған тастарды.  
Сені ұғыну сені білу арқылы,  
Мәнді өмірім,  
Сәнді өмірім басталды.  
Сені мендей сүйсе деймін барша адам,  
Атқан таңды інкәрлікпен қарсы алар.  
Табиғатпен үндес, тілдес болуға,  
Жан даусыммен бар эфирден жар салам.  
Тілін тапса мол қазына зор кеуден,  
Нұр өмірді күндіз-түні тербеумен,  
Келесің сен, келесің сен келесің,  
«Алтын бесік» деген саған төл есім.  
Өр төсіңе сәуле шашып НҰР-ЖАРЫҚ,  
Асыл мұрат, пәк сезімдер бүр жарып.  
Тарап жатыр, тарап жатыр бар маңға,  
Құшақ ашып арай таңға, арманға.  
Галактика әлемінде мәртебен,  
Өсу үшін,  
Ұлдарың бар тер төгер.  
Дертін болса сылып алып тастайды,  
Өзегінді өртеген.

Жұлдызды өмір керуені сапында,  
Мағыналы ғұмыр сырын шерте бер...

\* \* \*

О, Жер-Ана!  
Барлық адам ұғынысу бір тілде,  
Бір мақсатқа құлаш ұру бұл күнде,  
Мүмкін бе?  
Қару емес болса ән мен жыр кімде,  
Сол ел мықты саналуы  
Мүмкін бе?  
Үндемейсің...  
Өйткені Ана батырсың,  
Өзіндік нәр, тірлік беріп жатырсың,  
Төсіңдегі он сегіз мың ғаламға.  
Адамдарың,  
Аң-құстарың сананда.  
Осылардың келешегін ойланып,  
Өз өсіңмен үнсіз жүрсің айналып.  
Соқтығысып қалмауға, өзге планеталармен,  
(Оның, оның жолы әрмен),  
Галактика заңын қатал сақтайсың.  
Парызыңды және адал ақтайсың.  
Бар әрине ұлдарыңда,  
Ақылдылар, есерлер,  
Мән бермейсің ішкі істерге,  
Өздері оны шешер, – деп.

\* \* \*

Ғажапсың-ау,  
Айналайын Анам-ай!  
Абзалым-ай,  
Көрегенім,  
Данам-ай!  
Кейде сенің көңіліңе қарамай,  
Зеңбіректің біршілігімен әр сағат,



Омырауынды тастасақ та пәршалап.  
Түрткендей де көрмейсің,  
Көрмейсің-ау, көңілің де бөлмейсің.  
Баяғы сол сүрлеуіңнен жаңылмай,  
Кең аспанды зерлейсің.  
Сенің жалғыз мақсатың бар діттеген,  
Әріптесің маңдайына бітпеген:  
Төсіндегі әрбір тірлік әлемін,  
Өсіру мен қызығына бөлену.  
Сондықтан да мәңгі бақи ояусың,  
Сен жақұтсың,  
Мың құлпырған бояусың.  
Өзге планеталармен,  
Шарт жасасып жатасың:  
Баспау үшін тот асыл,  
Аспан заңын бұзбауға,  
Жол бермеуге мұздауға...  
Ғажапсың-ау,  
Айналайын Анам-ай!  
Кейде сенің көңіліңе қарамай,  
Кешіре гөр бомба ала ұмтылсақ,  
Абзалым-ай,  
Көрегенім,  
Данам-ай!

\* \* \*

«Асыл тудым» –  
Деп санайтын бір «мықтың»,  
Өрт қаптатып,  
Талай Ана дүрліктің.  
Сосын оның...  
Өз денесін күйдіріп,  
Ұғындырдың қатал заңын тірліктің.  
Өйткені, Ана,  
Өйткені, Ана, ұлыңнан,  
Өлім емес ӨМІР жайлы жыр күттің.



Тұрғаннан соң жолы жарқын, бағы үдеп,  
Адамзатқа дарыттың зор қабілет.  
Ал қабілет...  
Алып тауды қопарды,  
Тұңғықтың ең түбіне апарды.  
Не керемет қашықтықтар қысқарып,  
Корабльдер космосқа ұшты алып.  
Қысқа айтқанда,  
Жасап берді жоқтан бар...  
Қабілеттің иелері,  
Енді сәл-пәл тоқтандар!  
Ей, ғалымдар, төккен тер,  
Қабілеттің қызығына тым беріліп кетпендер.  
Адалдық пен зұлымдықтың шекарасын шектендер.  
Қолдарыңда дүниенің құпиясы – сыр, – деген,  
Жер-Анаға қауіп төнер жасап қоймаң «бірдене».  
Ғылымдағы жаңалыққа саларыңда барыңды,  
Жолбасшы қыл ой-санаңа азаматтық арыңды.  
Бұзылмасын өмір заңы, бүлінбесін ортамыз.  
Өйткені біз ойы бұзық,  
«Мықтылардан» қорқамыз!.. –  
Десем айып емес болар, Анашым.  
Үндемейсің мың сан от боп жанасың.  
Үндемейсің...  
Қайран абзал Аналар,  
Қимайды ғой жамандыққа баласын.

\* \* \*

«Жер-Ананың  
Тікені бар, гүлі бар,  
Құмырысқасы,  
Арыстаны,  
Пілі бар,  
Бәрі-бәрі өз алдына бір әлем.  
Әр әлемнің патшалығы, тілі бар,  
Соларды ұғып біліп ал!..» –  
Десе ғалым,  
Іске асырдық мұны да,  
Қол жеткіздік бар әлемнің сырына.

(Қажет болса ұрпақтары жетіледі шыныда).  
Бір ғажабы арман қуып адамзат,  
Абзал іске түседі ғой құныға.  
Бұл заманда, бұл заманда арайлы,  
Бәрі олардың игілікке жарайды.  
Бірі менен бірі өсіп жетіліп,  
Думандатар ӨМІР атты сарайды.  
Өсімдіктер әлемі,  
Жануарлар әлемі,  
Техникалар әлемі...  
(Аты қандай әдемі),  
Әлем жатыр ашылып.  
Тауып алды енді адам,  
«Ядролық қару» деген пәлені.  
Әлемдерге өлім бұлтын төндіру,  
Мылқаулыққа көндіру,  
Оның құны, төлемі...  
Сондықтан да, сондықтан да есті адам,  
Оған қарсы күрес ашып келеді.  
– Өмір қымбат жасауымен, сәнімен,  
Өмір қымбат әр дауысты әнімен, –  
Деген ойды алға әрдайым тосасың.  
Олай болса төсіндегі, Жер-Ана,  
Сан түрлі ӘЛЕМ жасасын!

\* \* \*

Сыр іздеген жалықпай бұдан-одан,  
Білесің ғой сен мұны  
Адам,  
Адам!  
Жер-Ананың қасиет, құдыреті, –  
Өр төсінде бүр жарған бадана ДӘН.  
Бадана дән –  
Тіршілік, жанар-жалын,  
Бадана дән –  
Уыздай бал арманың.

Бадана дән, ұғынсаң бадана дән,  
Көршілерге қызғанып, аларғаның.  
Бадана дән –  
Ән-жырың сауығың да,  
(Дәнсіз тірлік құрмайды тауығың да).  
Бір уыс дән бергенің жетіп жатыр,  
Жаумен дос боп,  
Досыңмен жауығуға.  
Нансыз жүйрік болмайды ой аса тым,  
Сәулеттейтін, өмірді боясатын.  
Шынтуайтқа келгенде ел-елдегі,  
Осыған кеп саяды саясатың.  
Олай болса  
Сыр тартып бұдан – одан,  
Космосты зерттеген,  
Адам,  
Адам!  
Жер-Ананың өр төсін жаралама,  
Жерде ғана өседі бадана ДӘН!

\* \* \*

О, Жер-Ана!  
Қиял құсы ғарыштарға ұзады,  
Бірақ, бірақ...  
Сені зерттеп болған жоқпыз біз әлі.  
Бір өңірің –  
Құс қанаты күйетұғын от-жалын,  
Бір өңірге патша құрған мұз әні.  
Бір қойнауың –  
Әлі ұйқыда самарқау.  
Бір қойнауың –  
Жанартау.  
Бағындырып адамзатың өзіне,  
Бәріне де беріп жатыр жаңа арқау.  
Біз ашпаған сыр-құпия көп әлі,  
Бұзылмаған тоғаны...

Сені, Ана, жасартатын дәрі ойлап,  
Адамзаттың ақ жүрегі  
Соғады,  
Соғады!

\* \* \*

Болған болсам құдырет күш,  
Егер мен:  
О, Жер-Ана, төсіңнің тұсын,  
Тозған, көнерген.  
Тыңайтамын, суландырып шөлінді,  
Бидай дәнін себем мен.  
Жыр бесігім,  
Нұр бесігім түлеген,  
Орындаймын мақсатыңды тілеген.  
Ашық қалған алаңқайдың бәріне,  
Жұпар иіс ГҮЛ егем.  
Жетелейтін арман-мүдде жол әрі,  
Кеудесінде ізгіліктің толы әні.  
Адамзаттың қолындағы қаруы,  
Балға және орақ қана болады.  
Болғызбаймын  
Алдау,  
Арбау,  
Көлгірсу,  
Теңіз суы, мұхит суы – мөлдір су,  
Жүйке деген шаршай ма, әлде тоза ма,  
Жұтатыны болса кәусар таза ауа.  
Мұның бәрі... бірақ мұның бәрі де,  
Рахатқа, ләззатқа аз-ау, ә?!

Олай болса осы міне емші, – деп,  
Ұлы еңбекті берем және еншілеп.  
Болған болсам құдырет күш,  
Мен егер:  
Орындалар бәрі осының,  
Сене бер!

\* \* \*

Миллион жыл тарихыңмен қынжылма,  
Он жылда ма, әрі кетсе жүз жыл ма.

Расым:

Қастерлейтін Жер-Анасын, мұрасын,  
Ынтымағы жарасқан елдерден тек тұрасың.

Бір-бірімен құштар жандар білімге,  
Ұғынысар тек достықтың тілінде.

Болмайды онда кетісу мен жауласу,  
Шертиседі бұлбұлдары бауда сыр.

Қырғи қабақ екі майдан болмайды,  
Құрлықтар мен құрлықтар,

Сағыныш хат жолдайды.

Ел мен елдер сайысады спорт залда тек қана,

О, Жер-Ана, Күн-Атаны,

Айнала бер,

Тоқтама,

Тоқтама!!!

## ҒАЛЫМДАРҒА АШЫҚ ХАТ

Анасына «менікі – деп, – төр енді»,

Қағып-төгіп ақ сүт толы зеренді.

Дейтұғындар, дейтұғындар есуас,

«Тағдырың қолда, Жер, енді».

Бірақ оған шамданбады шешеміз,

Сол бір ұлың: «сенен нәр ап өсеміз»,

Құпияның кілтін тауып, ұғынып,

Келбетіңе нұр сыйлаймыз, –

Десе, – біз.

Маздар еді-ау перзенттік бір махаббат.

Қозғар еді-ау кей пейілді қатал-ақ.

Жасамас ек табиғатқа қиянат,

Тұрмас еді жанардан жас боталап.

Тоғышар боп кетер тұсқа таңым бар,

Одан-дағы тәңір тектес ғалымдар.

Адамзаттың атынан бұл аманат:  
(Болып кетер әйтпесе бір жаманат).  
Бар бомбаны от алдырмай тастайтын,  
Қиянатқа баспайтын  
Құрал ойлап табындар.  
Бейбіт күн, – деп көтереміз күнде Ту,  
Зұлымдықты керек әсте індету.  
Тіршілікті құртар құрал тапқанда,  
О, ғалымдар, кемеңгер.  
(Арымызға тиді біздің демендер)  
Құтқаратын жол табу да міндетің.  
Жылан көзін ағызатын,  
Үлгі алалық Дәуіттен,  
Бұл қатерден,  
Құтылудың бір амалын тауып бер.  
Еркін өмір сүру үшін,  
Бақытты ойнап-күлу үшін,  
Жер Ананы құтқарып ал қауіптен.

## АРАЛ ТЕҢІЗІНЕ ОДА

О, Арал теңізі!  
Сақтап қалудың сені аман,  
Іздеумен жолын мен алаң.  
Қалайша бұған көне алам,  
Көнсем бе, онда  
Байлығым,  
Сұлулығымнан тоналам,  
Талайдың осы өзегін,  
Өртеуде оны сеземін.  
Аралым – нұрлым, жаралым,  
Тетистен<sup>32</sup> қалған көз едің.

---

<sup>32</sup> Тетис – бір кезде Каспий мен Аралды біріктірген шалқар мұхиттың атауы. Кейін тартылып, құрып кеткен.

Бақ тайып бастан  
Құрғаудың  
Келген ба саған кезегі?!  
Балықшы ау сап жағадан,  
Шаңқылдап ұшса шағалаң,  
Айдының шапшып аспанға.  
О, асқан бақыт жоқ одан.  
Сібірдің суын бұрмай-ақ,  
Каналдар қазып жырмай-ақ.  
Шарасы толған ырысқа  
Құтқарам сені сырлы аяқ,  
Іздеймін, жолын табамын,  
Мақсаттарыма нұр бояп.  
Арнаңа, Арал, құт дарып,  
Жайнарсың әлі нықталып  
Өзіңнен талай су алар,  
Шөлейтке беттер ықпа бұлт.

### МІНЕЗДЕМЕ

Ширықтым, шымырылдым ілезде мен  
Оқылып жатқан кезде мінездеме:  
Екенмін іс барысын айырымды,  
Сенімшіл, адамдарға қайырымды.  
Үркектеу, үрейшілдеу сондықтан да,  
Үнемі тартып жүрем айылымды.  
Көпшілмін, қылығым жоқ алабөтен,  
Жетпейді, кейде жігер, талап етер.  
Сонда да сын естісем әділ-қазы,  
Жақтырмай қабақ түйіп қалады екем.  
Біреудің ұйып тыңдап сөзін күрең,  
Көп екен өн бойымда «өзім білем».  
Көрсемде кемшілікті көрмейді екем,  
Кей-кейде жұмып алып көзімді мен.

Ойпырым-ай...  
Білмейді екем...  
Қалай ғана...  
Партбюро бәрін көрер шарайна ма?!  
Тер шықты-ау маңдайымнан шымыр-шымыр,  
«Жаңа ұқтың өзінді-өзің,  
Солай бала!»  
Оқылып жатқан кезде мінездемең,  
Ширықтым түзелем деп, ілезде мен.

### АРДАГЕР

Сынар болса морт сынар шынар деген,  
Тұрар болса және тік тұрар дене,  
Өткір сынмен бастықты сойып салды.  
Бір жиында сөз алып  
Бір Ардагер.  
Бұлтартпайтын шындықты.  
Рас бәрі,  
(Түнергенмен бәсекең сыр ашпады)  
Өзіме деп бәрін де алдырыпты,  
Жеткен жерден  
Созғанда құлаштары...  
Рас бәрі, япыр-ау, рас бәрі.  
Көп қамы емес  
Өз қамы ойлағаны,  
Әйелінсіз асыл зат қоймадағы,  
Шықпайды екен,  
Өзгеге жетпейді екен,  
Құлқынының белгілі тоймағаны.  
Істелген іс деп білем еріккеннен,  
Заманымнан садаға көріктелген.  
Сонау соғыс кезінде менің шешем,  
Үзім нанын көршіге бөліп берген.  
Ал бұлар керіседі хрустальға,  
Қоймадан қойма қоймай зеріккеннен.



Деп Ардагер сыбады,  
Сыбады-ай кеп,  
Қос жанары от шашып шырадай боп.  
– Кешір, – деді ал бастық, – кешіріңіз.  
Ойламап ем айтар деп, мынадай көп.  
Тәлімі мол осындай жақсы ортаның,  
Шығардыңыз терімнің ақ сортағын.  
Жарым алған шетелдік гарнитурды,  
Ертең қайта қоймаға тапсыртамын...  
Дегеннен соң бастығы «қыңыр» шалым,  
Мәз болғаны (көп ескен өмір салын).  
Мәрт мінезді ардагер аталар-ай,  
Анда-санда осылай,  
Дәл осылай,  
Қағып беріп тұрындар көңіл шаңын.

## ДОСТЫҚ ТАМЫР – ТЕРЕНДЕ

### I

«Тату болсаң ұлы халық орыспен, –  
Деген атам, – жаның еркін, өріс кең».  
Сондықтан да өзі қалап бодан боп,  
Кездескенде сағынысып көріскен.  
«Ілімінде бұл халықтың ырыс-құт»  
(Жүрегімде Абай сөзі жүр ыстық).  
Сондықтан да махаббатпен кіршіксіз,  
Бар асылын қабылдауға тырыстық.  
Болмаса да еш ұқсастық түрімде,  
Ұқсастық бар мінезімде,  
Жүректегі дірілде.  
Сөзін алам. Өзі болам, – деп достың,  
Құрбан бола жаздапты-ау нұр-тілім де.  
– Тамызық боп пешке бірге жанғанбыз,  
Бірге бақыт ләззатына қанғанбыз.

Өзгені біл,  
Өз тілінді ұмытпа, –  
Деген кезде дос қадірін ұғындық.  
Аңғалмыз-ау,  
Әй, аңғалмыз,  
Аңғалмыз.

## II

«Тікен емес гүлге ғана тұнсын жер.  
Көрмейікші адамзатты күрсінген»  
Деп жүргенде:  
– Орыс, қазақ, неміс – деп.  
Бөлушілер,  
Айтыңдаршы кімсіңдер?  
Өткен кезде достығымыз бар сыннан,  
Маңсап тайып, мінелуді арсынған.  
Ешкім емес,  
Ешкім емес, о, сендер,  
Арандатушыларсыңдар!  
Асылымыз, ортақ кезде сәніміз,  
Ортақ кезде шырқар ғашық әніміз.  
Процентпен өлшенуге жол болсын,  
Араласқан шағымызда,  
Қанымыз бен жанымыз.  
...Бүршік атып бұтақтардан сан алуан,  
Қайта туып, қайта түлеп жаңарған,  
Қазақ Елі ұл-қызымыз бәріміз.

## КҮЙ САЗЫ

### I

Айтар болсам  
Жасырмай не асырмай,  
Отыр әлі алған әсер басылмай.  
Шертсе деймін өмір сырын бар аспап,  
Осы Ару домбырасындай.

Тіл жоқ деген домбырада бекерлік,  
Қос ішектен нөсер жаңбыр төгерлік.  
Ынтықтырды, ынтықтырды өзіне,  
Нәзіктік пен шеберлік.

Айдын көлге көңіл құсын қондыра,  
Шықты алдымнан шын құпия, мол мұра.  
Жеңілсем де болар едім даулескер,  
Өкінішті-ақ шерте алмауым домбыра.  
Шылбырынан босана алмай тұр төзім,  
(Осы сырды тек құпия білші өзің),  
От шаша ма маған қарай нұр көзің.  
Астан-кестен қылған тұла бойымды.  
Лапылдар ма,  
Өшер ме екен бұл Сезім?!

## II

Баурайтындай едің, жаным, сонша кім,  
Аңсар жүрек осы сәтте аңсарын.  
Шымырлатып көкірекке жыр құяр,  
Сиқырлы екен қарындасым саусағың.  
Бал-бұл жанып, бал-бұл жанып гүл өңің,  
(Осы сәттің құпиясын білемін).  
Саусақ емес сағақтан сыр ағытқан,  
Жүрегің ғой,  
Жүрегің ғой,  
Жүрегің.  
Жетегіне еріп небір ойлардың,  
Арғымақтай бір қазыққа байландым.  
Күмбір қағып тұрған қазір күй болып,  
Сенің құттай жүрегіңнен айналдым.  
Көгершінім –  
Аспанымнан түсірмес,  
Көңіл сырым –  
Ләззатым ішілмес.  
Түсінеді жүрек жырын бар адам,  
Түсінбесе жүрегі жоқ түсінбес.

## ПЕЛЕНІҢ 1000-шы ДОБЫ

Қақпаға аңыратып,  
Соққанда 1000-ыншы доп,  
Стадионды жамыратып,  
«Табындық талантына,  
Пележан, ұғыншы» – деп.  
Жанкүйер қол соққанда.  
Футболшы жылап тұрды,  
Бақытпен кездескендей,  
Бетпе бет бірінші рет...  
Мың ойын мың түрлі еді,  
(Мың бақыт мүмкін бе еді?)  
Шайқалып стадион,  
Мың рет дүрілдеді.  
Мың рет күлімдеді...  
Толқытты осы көрініс,  
Неліктен бүгін мені?  
Біткен жоқ ақырғы әнім,  
Мұратым – жыр-өнерім.  
Деп іштей түнеремін:  
«Қол соғар оқырманым,  
Жазылмақ қашан менің,  
Бір өлеңім.  
Ой-зерде ашар кенін,  
Ірі өлеңім!».

## ДЕМЕЙМІН...

*«...Жусаны мен бұйрығыны жоқ жерді от демеймін.  
Көжесі жоқ үйді тоқ демеймін...»*

*(Саназар байдан қалған сөз)*

Саясы жоқ тауынды –  
Қорған демен.  
Жемісі жоқ бауынды –  
Орман демен.

Орындалмас қиялды –  
Арман демен.  
Жерұйық бар қиянды –  
Жалған демен.  
Шашпаса сүт нұрыңды –  
Ай демеймін.  
Арда ембеген құлыңды –  
Тай демеймін.  
Сүбе сүйем сөгілмей,  
Май демеймін.  
Домбыра жыр төгілмей,  
Той демеймін.  
Бұлағы жоқ жеріңді –  
Сай демеймін.  
Мұнайы жоқ еліңді –  
Бай демеймін.

### СЕЗІМ МЕН ТӨЗІМ

Жұпар исі бұрқырап кеп ауада,  
Сезім-жаңбыр селдетіп бір жауар ма?!  
Ер мен әйел бір-біріне ынтықса,  
«Кінәлі» оған Адам-ата – Хауа-ана.  
Бәрі, бәрі... Алладан:  
Жаратушы құпиясына таң қалам.  
Көз арбаған сән-салтанат бар Ғалам.  
Адам-ата – Хауа-ана,  
Жұмақтағы ұрлап жеген алмадан –  
Сезім пайда болыпты.  
«Алдағанға, арбағанға ерме – деп.  
Жүзімдердің неше түрін терме – деп.  
Сұлулықты, әсемдікті көрме – деп.  
Сұрағанға ешбір жауап берме» – деп.  
Айтқан сөзді ұғынбаған екі жан,  
Топ еткен соң Жерге кеп –  
Төзім пайда болыпты.

Көңіліңе түй мұны:  
Сезім деген білсеңіз –  
Көк Аспанның сыйлығы.  
Төзім деген білсеңіз –  
Қара Жердің сыйлығы.  
Қара Жер мен Көк Аспан  
Бір-бірімен таласқан,  
Бір-бірімен санасқан.  
Не түсіндің сөзімнен?  
Айналайын көзіңнен.  
Жаралыпты махаббат,  
Сезім менен Төзімнен.  
Соны ұққын...

## ҚҰЛАЗУ

Қоңыр дала,  
Қоңыр үй,  
Қоңыр тірлік,  
Тұрмайтын ба еді бояудан өмір түрлі.  
Түрлі бояу... (бар жерде тірлік ояу)...  
Көз жауын алушы еді-ау,  
Қызғалдағы – қып-қызыл,  
Тауы – қара,  
Орманы – көк.  
Ал мынау талғамы жоқ,  
Суретшінің шимайы тәрізденіп.  
Жабырқатқан жаныма көріністен,  
Нәр іздедім.  
...Қисық-қисық ойымды түзетем ғой,  
Өйткені бұл...күз екен ғой.  
Қоңыр дала,  
Қоңыр үй,  
Қоңыр тірлік...  
...Қалай бабам білмеймін,  
Өмір сүрді...

## АҚҚУЛАРМЕН ҚОШТАСУ

Аяқталғаны-ау қыс мына,  
Аққулар кетті ұшты да...  
Хош оралғанша.  
Іздеумен үзіп өңменді,  
Сағынамын-ау сендерді,  
Амал қанша?!

## СЫЙЛЫҚ

*«Бір меңіңе Самарқан мен Бұхараны берер ем...»*

*Хафиз*

Тәжі сынды мына маңғаз даланың,  
Бар асылы – жауһар, жиһаз жинағы.  
Кешір, інім,  
Сен басқарған қаланы,  
Бір аруға сыйладым.  
Кінәлама ағанды сорғалаған өңірден,  
Өкініш боп мың арман. '  
Ал қаһарың аспас Ақсақ Темірден,  
Айырылған Самарқан мен Бұхардан.  
Алматының алмасы еді...  
Жанары,  
Жоқ еш жанда ондай нұр.  
Көрік кеуде ал анары, анары,  
Менің шөлім...  
Қанбай тұр.  
Кім ұнатпас мактауды,  
Ақын дархан, өңінде де түсінде.  
Бере салдым арман қала Ақтауды,  
Бір сүйгенім үшін де...  
Түсін, інім, ағандағы мықтылық,  
Талайларың аһылаған қызығып.

Қыз жанының құпиясын ұқтырып.  
Бір тамшы жас түсті жерге үзіліп.  
Қатпар-қатпар нәзік сырды ұғатын,  
Гүлдер ғана самал желмен ырғала.  
Шын көңілден, шын көңілден шығатын,  
Тамшы жастың шын құны да – бір қала.

## ЖАЗУ

Қарға жаздым атыңды,  
Амал нешік кетті еріп.  
Жарға жаздым атыңды,  
Шықты біреу кектеніп.  
Құмға жаздым атыңды,  
Жел үрледі, көмілді.  
Шыңға жаздым атыңды,  
Тағы да жел кемірді.  
Дедің бе екен, наз ұқсын,  
Қызғалдақ гүл дестелеп.  
Сен атымды жазыпсың,  
Орамалға кестелеп.  
Тоғанды өтер ағызып,  
Атыңды жаздым тасқынға.  
Үйіңе барсам мә, қызық,  
Атым тұр өрмек-басқұрда.  
Ойдан шықпай жүрмін бе,  
Ала алмайтын көк дауыл.  
Иеленіп атым тұр бірде,  
Шаңырақтың жел бауын.  
Ұмыта алар оны кім,  
Үркек сезім дір етпе?!  
Содан бері есімің,  
Жазылулы жүректе!



## ҰЛ КӨТЕРГЕН АНА

Жалаңаяқ көшемен

Ұл көтеріп келе жатыр бір Ана,  
Нұр көтеріп келе жатыр бір Ана.  
Гүл көтеріп келе жатыр бір Ана.  
Жыр көтеріп келе жатыр бір Ана –  
Аңсағандай... сұрама,

Талғақ па

екен сірә да?!

Бізге керек құрсағы еш құрғамайтын бұл Ана.

Осы көрініс ерекше бір сала ма ой,

Ару – жарым,

Бауыр етім – бала ғой.

Жанарында мейірім мен інкәрлік,

Өйткені ол – Ана ғой.

Шәй көйлегі тал мүсінде жабысқан,

Небір тағдыр кірпігіне тоғысқан.

Талай ердің көз-құрты боп тәңір-ау,

Неткен сұлу сәби емер омырау.

Етегін де самал жел сәл желпіген,

«Келініміз дәл осындай...» ел тілер,

Жалаңаяқ ал аяғың, аяғың,

Үлгермеген таранып та, боянып.

Табиғилық қандай әсем аяулым,

Қажеті жоқ, жасандылық бояудың.

Бал қылықпен Еріне ерінін сүйгізген,

Ұл көтерген Анаға тіл тигізбең.

Күн көтерген Анаға тіл тигізбең.

Нұр көтерген Анаға тіл тигізбең.

Гүл көтерген Анаға тіл тигізбең.

Жыр көтерген Анаға тіл тигізбең!!!

## ЕКІ ҚАЗАҚ

*«...бірде Бауыржан Шоқырға:  
«Бізде нағыз екі-ақ қазақ бар.  
Бірі – сен, бірі – мен», – деп әзілденді.  
«Е.Қ.» №126-128, 31.05.2000*

Екі-ақ қазақ,  
Бүкіл қазақ Елінен,  
Заңды бұзып...басып және белінен.  
«Ұлмын мен» – деп жаздырыпты метіркесіне,  
Тізе бүкпей тік қарапты тесіле:  
«Момышұлы, Бөлтекұлы. Біз әкенің ұлдары,  
Емеспіз біз ешкімнің де басы-байлы құлдары.  
Бас имейміз,  
Сатылмаймыз,  
Қанға құймай бөтен із,  
Қазақ болып тудық екен, қазақ болып өтеміз».  
Қолбасшылар... өлмейтұғын рухымның атасы,  
Дарыса екен ұрпағыма о-о солардың Батасы!!!

## ЖЕЛТОҚСАН ЖЕЛІ

(Келешекте жазылмақ дастанның прологы мен эпилогы. Ортасы ойда...)

Япыр-ау,  
Неге сонша буырқанды Атырау?!  
Біреу сірә бағасы әлі берілмеген Ел Шерін,  
Парақ-парақ қағазға,  
Будак-будак шумақ қылып отыр-ау.  
– Кім екен?  
– Біреу болар бата берген Меңдекеш пен Жүмекен?!

\* \* \*

Желтоқсан,  
Желтоқсан,  
Желтоқсан!  
Дүние болар астан-кестен сен соқсан.  
Ойға шомдым терезеге қарап бір,  
Қар жауып тұр,  
...алай-дүлей борап тұр.  
Қарт Каспийдің ашуын-ай сапырып,  
Басын тасқа соғады кеп аһ ұрып.  
Дедім іштей «неге екен?...»  
Себеп-салдар көп екен ғой, көп екен.  
«Су түбінде жатқан тас, жел толқытса шығады,  
Ой түбінде жатқан сөз, шер толқытса шығады»  
Қайран бабам неткен дана Қайғы Асан,  
Кетіпті ғой болжап бәрін ойласам...  
Желтоқсанда шер толқытты біздерді,  
Жасыра алмады жауған қарлар... іздерді.  
Көктем келді, жазың келді, күз келді.  
Кім ұмытар сол Желтоқсан ызғарын,  
Қарға отырған қара бұрым қыздарым.  
Тигізіп ап қара суық жатырға,  
Дүниеге келмеді сан Батырлар.  
Ал Батырлар қорғаны еді даланың,  
Туып келе жатыр енді жаңа күн.  
Әбіш айтқан алтын құрсақ құр тұрмас,  
Жетесің сен Бізге де әлі шіркін, Жаз!

\* \* \*

...Жыр жазылды Боран сынды бұрқырап,  
Адал жандар ұйықтамады, буындары сырқырап.  
Арам жандар бұйығып, қымтай түсті көрпесін,  
Ертеңіне...қарасаңыз ертесін,  
Көк теңізім – көз тәрізді түп-тұнық,  
Аяқ асты жатыр ақ қар – пәк сезімді ұқтырып.

Кеше ештеңе болмағандай... ашық-шашық дүние,  
Мейірім төгіп жарқырап тұр аспандағы Күн Ие!

## ДОСҚА НАЗ

### I

Бала кезде бірге ойнадық талай біз,  
Құпия емес, арман болған арай қыз  
Ал бүгінде бірімізге біріміз,  
О, өмір-ай,  
Сынай-барлай қараймыз.  
Уақыт шіркін, жылжиды алға, тоқтамас,  
Мөлдір көзде болмаушы еді өкпе наз...  
Ал бүгінде білмегенсіп жүрсек те,  
Тұрмыста да, жұмыста да бақталас.  
Енді, досым, не десең де өзің біл,  
Жасты ойласақ толған кемел кезің бұл.  
Соның бәрі деп білемін, меніңше,  
Ылайланғаны сонау мөлдір сезімнің.

### II

Ұқпадық па бұл өмірдің сырын біз,  
Тек шаттықтың шырқаушы едік жырын біз,  
Бәке, Сәке – деп жатырмыз қазірде,  
«Әй», – дейтін ек, «ей» – дейтін ек бұрын біз,  
Ұқпадық па ұзақтығын қаншалық,  
Атқызушы ек аппақ таңды ән салып.  
Құшақтасып сәл шаттықтың өзіне,  
Жатушы едік маңыз беріп соншалық.  
Өзге нәрсе көңілінді бөледі,  
Ұмыт қалып балаң достық өлеңі.  
Ал бүгінде көңілің босап тұрса да,  
Қайғыға да,  
Шаттыққа,  
Байсалды боп көрінгің-ақ келеді.

\* \* \*

Ынтызар отым едің,  
Таным бар қозасына әлі суы құйылмағанына.  
Бөтенсің. Өкінемін,  
Сенің бал-шырыныңның өзіме бұйырмағынына.

Тағдырдан өтінесің,  
Таңың бар кеудедегі жанған от сөнбейтініне.  
Бөтенмін. Өкінесің.  
Сол дәурен – бал дәуреннің қайта бір келмейтініне.

## **БІР ӨЛЕҢНІҢ ӨНДЕЛГЕН ҮШ НҰСҚАСЫ**

*(Алғашқы нұсқа)*

Балаң жігіт қонақ қызбен оңаша бөлмеде бірге қонып шығады. Сол сәттегі жігіттің алай-түлей сезімі арада біраз күн өткеннен кейін өлең тудырды...

Сезімнің ұрып толқыны,  
Гүлдеткен мені нұр болдың.  
Кездескен сәттей сол түні,  
Келеді ылғи бір болғым.  
Екен бе сырым бұл ғана,  
Телміре саған қараппын.  
Мас болдым балғын тұлғаңа,  
Ішкендей буын шараптың.  
Екеуміз болған бөлмеге,  
Күмбірлеп кірген күй ме едің.  
Батылым барып мен неге,  
Мен неге сонда сүймедім.  
Айта алмаған сөзім көп,  
Қызарып таң да атты ғой.  
Дегендей: «сүйші өзін кеп»,  
Шөліркеп ернің жатты ғой.  
Содан бері жыл өтті,  
Қоясың кейде үндемей.

Жаркын бейнең жүдетті,  
Ойлаймын күндіз-түн демей.  
Жиналған қыздар ішінде,  
Бейнең де сенің көп бөлек.  
Сол жасықтық үшін де,  
Жүресің бе әлде өкпелеп.

1966 ж.

*(Екінші нұсқа)*

Он сегіз жастағы балаң жігіттің бал сезімін автор отыз жасында одан әрі тереңдете мөлдірете түскісі кеп былайша өңдеді. Өндеген жоқ, алғашқы өлеңді аяусыз белінен қызыл сиямен екі сызды да қайта жазып шықты.

Сезімнің тоғы, толқыны  
Ұрғылап.  
Жүрек солқылы,  
Басылмай, жібек шашылмай.  
Бір жаттық, сәулем, есте ме,  
Тәңірден тілеп таптырмас  
Оңаша бөлме сол түні.  
Қол созым жерде толықсып,  
Жатқан қыз, мені жөн ұқшы!  
(Жігітке қыз жолықса,  
Осындай шақта жолықсын)  
Түскеніме жанға жарының,  
Өртеніп күйіп барамын.  
Бойдағы қанды тастар-ды,  
Іңкәрлік деген шарабың,  
Ес-түссіз мені мас қылды.  
Басқандай көрік өр төсің,  
Шыжғырып шыдам ерітесің.  
Кетер ме есім ауысып,  
Төзімді болдым тауысып.  
Бұрынғылардың жолы – деп  
Көтерсем бе екен көрпесін.

Қол соза жаздап қалдым да,  
Алқына демді алдым да,  
Орныма қайта құладым,  
Малшынып терге бұладым.  
Ұяттан лаулап жандым да.  
Бағынбай бірі, бағынып,  
Сан ойлар жатыр ағылып.  
Өзімді өзім тілдеймін,  
Қыз ойы қандай білмеймін:  
«тағылық, – деп, – бұл тағылық»  
Сан ойлар жатыр ағылып...  
Қамады деймін ол неге,  
Қонақ қызбен бір бөлмеге?  
Аппақ қар жауып ақпанда,  
Ақ көрпе шатыр жапқанда.  
Қу жеңгем...жо-жоқ ақ жеңгем  
Құр-р-ған қақпан ба?  
Мәрттікке шіркін ұсау бақ,  
Төсектен қанша түс аунап.  
– Кезеніп шыққан көк белге,  
Аңшы емеспін ғой құс аулап –  
Деп басып іштей өзімді,  
Сезімді қойдым тұсаулап.  
...Бірақ та жоқпын көз ілген,  
Соғысып шықты сезімдер.  
Сезбедің бе, сездің бе,  
Ермін бе, әлде езбін бе,  
Қол созым жерде түнеген,  
Жауабын, қалқам, өзің бер?!

26.11.1978 ж.

### Қол созым жер

*(Үшінші нұсқа)*

Автор тағы бірде қолжазбалардың арасынан осы өленді тауып алып (дәл жыл мезгілі есінде жоқ) қырнай түскісі келді ме, олпы-сол-

пы артық тұстары бар деп ойлады ма тағы да қол тигізді. Бұрынғы тақырыпсыз өлеңге енді тақырып қойды.

Сезімнің тоғы, толқыны

Ұрғылап.

Жүрек солқылы,

Басылмай,

Мәрмәр тасындай.

Сен жаттың еркем толықсып,

Қол созым жерде сол түні...

Қол созым жерде... лала гүл,

(Алаулап, лаулап барамын)

Жігіт боп қалған баламын.

Тамырда қаным тастырды,

Есімді алды. Мас қылды,

Іңкәрлік деген шарабың.

Басқандай көрік өр төсің,

Деміңмен бір сыр шертесің.

Бір ерлік есіп кейпімнен,

Деймін мен іштей деймін мен:

«Бұрынғылардың жолы деп,

Көтерсем бе екен көрпесін».

Қол созым жерде... лала гүл,

Жігіт боп қалған баламын.

(Түскені-ау жанға жарының,)

Еркімді алып от төсек,

Қол созып жаздап қаламын...

Аппақ қар жауып ақпанда,

Ақ көрпе шатыр жапқанда.

Қамады екен ол неге,

Қонақ қызбен бір бөлмеге?

Қу жеңгем... жо-жоқ ақ жеңгем,

Құр-р-ған қақпан ба?

...Батылдық жетпей түн соңы,

Ұласып кетті ақ таң да...

Жүрекке бір нұр септің де

Көрінбедің көп күнге.



Көремін жиі түсімде,  
Сол жасықтық үшін де,  
Өкпелеп әлде кеттің бе?

Араға мезгіл салып, автор осы өлеңге жиі-жиі шұқшиып неге өзгерту-өңдеулер енгізе береді екен. Өйткені өлеңге кейіпкер болып оңаша бөлмеге бір қонған қонақ қыз қазір ақынның сүйікті жары.

Бір кезде белінен бір тартқан алғашқы өлең жолдары баландығына қарамастан қазір оның көңілін көбірек мазалайды. Өйткені ол қайта келмес жалын жастықтың өз дауысы, өз үні болатын.

1986 ж.

\* \* \*

Білсең егер...  
Бақыт деген қасында жүр жап-жақын,  
Таныр кезде тек кешігіп қалмағын.  
Бақыт деген және жүрер тым алыс,  
Кездесем деп әйтеуір бір, ете гөр тек жұбаныш.  
Оны табу ебін білсең жеп-жеңіл,  
Сылдырындай бұлақтың,  
Сыңғырындай теңгенің.  
Десең егер тереңіне дүниенің сүңгіім,  
Оны табу – шын бақытты тым қиын.  
Білмейді ешкім бақыт деген не өзі,  
Сыздап шығар шикан ба, алынбаған өңезі.  
Айтшы, досым, білсең бақыт не өзі?  
Шын мәнінде не екенін, білмейді ешкім, білмейді,  
Теңеу таппай қалған кезде: «жұпар иіс гүл» – дейді.  
Кең дүниеде бос жібермей уақытты,  
«Бақытсызбын» – деп жүргендер бақытты.  
Кейде әсем,  
Кейде сұп-сұр көрінеді айнала,  
Бақыттылық,  
Бақытсыздық шартты ұғым жай ғана.  
Өзі бақыт жарық дүниеге келгенің,  
Өзі бақыт ажалыңнан өлгенің...  
Солай, досым!..

## ҚАДЫР ТҮНІ

Бақыт,  
Байлық  
Аңсайтындар жол шегер,  
Сәтін тілеп Алла нұрын мол себер.  
Депті Сағди: «Қадыры оның болмас ед,  
Түннің бәрі қадыр түні болса егер».  
Адал жүрген жамандықты сезбес ер,  
Алақұйын мінезіңе төзбес ел.  
Оқып оның жан дүние, ой- үнін,  
Әр пендеге Қыдыр -Ата кездесер.  
Бір ғажапты күтесіз ғой енді Сіз,  
Ғайып дидаар кездесуге бергісіз.  
Ер жігітке кезігеді кім болып,  
Бірақ,  
Бірақ  
Қыдыр-Ата белгісіз?!  
Қайыршы боп,  
Ақсақал боп,  
Қыз болып.  
Аппақ қар боп,  
Ақ жауын боп,  
Мұз болып.  
Тарапынан Қадыр түні Алланың,  
Ізгіліктер жатар болар ізделіп.  
Бар болғаны қайыршыға,  
Қайырым қыл – төлемің.  
Ақсақалға дұрыс болсын сәлемің.  
Қарындас, – деп туыстықпен қарасаң,  
Ал аруға әдемі...  
Қайыршыға қара тиын бермесен,  
Ақсақалды өз атам, – деп білмесен.  
Ал аруға, ал аруға нәпсіңнің,  
Арам ойын үрлесен...

Келіп тұрған ұшырғаның бақ құсын,  
Білмегенің ең бақытты шақты шын...  
Қыдыр-Ата кездеседі күн сайын,  
Бірақ оны ұғынбайды көп кісің...

*Ақтау, 15.09.2009 ж.*

## **ӘЙЕЛ – ӨМІР ШЫРАҒЫ**

Қас батыр да –  
Атағына сай өлген,  
Ғұлама да –  
Көз ілместен ой өрген,  
От ауызды, орақ тілді ақын да  
О басында туған осы әйелден.  
Өмір сыры дәл осында!  
Ұқтың ба?  
Ұқпайтындай құпия жоқ түк мұнда.  
Әйел нәзік,  
Сол нәзіктік алдында  
Бір осалдық байқатады мықтың да.  
Қүдірет-күш осы нәзік әйелде,  
Барар жігіт әйел салған қай өрге.  
Мейірімділік құрады ылғи салтанат  
Әйелдерге бай елде...  
Жүрегіңе жалын құяр, от салар  
Әйел деген нағыз сиқыр, патшағар?  
Әйел үшін, әйел үшін ертеде  
Бір-біріне қырғын сапты патшалар.  
Әйел – Ана,  
Кім бар ұлы Анадан?!  
Анаға бас ию керек бар адам!  
Маған өмір,  
Саған өмір сыйлаған,  
Ана сүті шықпақ емес санадан!

Әйел – жарың,  
Қанбай сүйер құмарың,  
Мұны айтпай қалай сірә тынамын.  
Әр еркектің жүрегінде жанады,  
Жұлдыз болып,  
Алау болып бір Ару...  
Әйел – арқау,  
Әйел – өмір ұршығы,  
Көкірегінде құпиялы нұр-сыры.  
Әйел болса –  
Аспан ашық,  
Нұрлы әлем!  
Әйел болса –  
Өлмек емес тіршілік!..

\* \* \*

Адам деген кірпияз,  
Түсінбейтін қырлар көп.  
Ашылмайтын құпия,  
Айтылмайтын сырлар көп.  
Бір сәттей-ақ көз ілген,  
Өтеді өмір, өтеді,  
Соның бәрі өзіңмен,  
Көрге бірге кетеді.  
Түсінем деп қырларды,  
Құпияны ашам деп.  
Айтамын деп сырларды,  
Сым пернесін басам деп.  
Небір ғалым, данышпан,  
Жер жаратын атағы.  
Орағытып алыстан,  
Қателесіп жатады.  
Көңілге кеп тоқығым,  
Соғып жүрек қаттырақ.  
Бірін соның оқыдым,  
Түк түсінгем жоқ бірақ.

Түсіп баба жолына,  
Деп дәстүрім сезілсе.  
Қалам алып қолыма,  
Жаздым сосын өзімше.  
Айтылмайтын сырларды,  
Қойдым ба айтып білмедім.  
Мендік нәзік жырларды,  
Бір нақұрыс тілдеді.  
Ойысына даланың,  
Ойы жатып үйелеп.  
Ақ сәулесін сананың,  
Тастады әбден күйелеп.  
Қара тура көзіме,  
Пешенеңе жазған ол:  
Бұйырады өзіне,  
Өзгелерге қазған ор.  
Ей, оқырман, сезіп ал:  
Ашылмайтын құпия –  
Ашылатын кезі бар.  
Айтылмайтын құпия –  
Айтылатын кезі бар.

*27.11.2005 ж.*

\* \* \*

Ойлап тауып мағынасыз тойларды,  
Іріктеуде кедейлерді, байларды.  
Зар заман да,  
Тар заман да,  
Бар заман да өтті ғой,  
Әбіш айтқан «Рахатизм» қайда әлгі?!  
Кім қасымыз,  
Кім және осы досымыз,  
Керек бізге тосын ой мен тосын із.  
Ілгері ме,  
Әлде кейін кеттік пе,  
Шатастырдық қоғам атын осы біз.

Өткен шаққа көз жіберсек батырмыз,  
Осы шақта – мінез жалтаң, батымсыз.  
Келер шақтың не демекпіз атын біз,  
Қай «измде» өмір сүріп жатырмыз.  
Мейлің, қазір көп ұлтты де, жалғыз де,  
Мейлің, қазір кең пейілміз, тармыз де.  
Мейлің, қазір сорлымыз де, балмыз де,  
Үш «измнің» үшеуі де бар бізде.  
Мына дала қай кезде де гүл дала,  
Гүл даланы күл ғып жүрген біз ғана.  
Адамзатқа Рахатизм кештірер,  
Бұл далада туады әлі бір Дана!

*31.03.2006 ж.*

## ӨШ АЛУ

«Айғырұшқан» басынан қасқыр қашты,  
Ол қасқырды ақ «Нива» бастырмас-ты.  
Саламат бар қасымда – «Құламерген»,  
Табылмайды оған тең – сыңар елден.  
Аң-кұстары жыртылып айрылысқан,  
Алып қырат дөңкиген – «Айғырұшқан».  
Айғыр қалай ұшты екен біле алмадым,  
Бейіттер тұр солғандай гүл арманы.  
Тіке қарғып жықпылға құлау жардан,  
Мерген көзден құтылмақ болған Арлан.  
Саламаттың оғынан құшты ажалын,  
Езуіне жинап ап сұсты ажарын...  
«Қорадан қойды қоймай жан қысқанын»,  
Малшылар жаудырды-ай кеп алғыстарын.  
Бұл сонау 86, Желтоқсан-ды,  
Намыс отын оятқан Ер Тоқсан-ды.  
– Шіркін! – деді Саламат, – шіркін! – деді,  
Келген сөзді тіліне іркілмеді:

– Аз ба, көп пе білмеймін татар дәмім,  
Күлімдеген күнім де атар менің.  
Алматыда Аруымды тепкілеген,  
Дәл осылай  
Ана бір қорқауларды атар ма едім?!  
Ақ «Нива» ақ қарменен араласып,  
Әп-сәтте бір тұтам боп ара қашық.  
«Айғырұшқан» басында арға берік,  
Сонау жыл өшімізді  
Бөрілерден алған едік...  
– Осы қасқыр, о-о әкең... осы, – деумен,  
Шопан атын байлаған талға келіп...

*22.12.2005 ж.*

\* \* \*

Өлеңнің түп тамыры – Құран болар,  
Намыстың түп тамыры – ұран болар.  
Жылқының түп тамыры – құлан болар,  
Өсектің түп тамыры – жылан болар.  
Топырақ түп тамыры – құнар болар,  
Жемістің түп тамыры – шынар болар.  
Махаббат түп тамыры – құмар болар,  
Қуанса, күйінсе де адам деген,  
Егіліп ағыл-тегіл жылар болар.  
Тағдыр солай адамды сынар болар

*26.01.2009 ж.*

## ЕГІЗ ҰҒЫМ

Айуандық пен адамдық,  
Жақсылық пен жамандық.  
Жатады әсте тең шығып,  
Жетістік пен кемшілік.  
Адалдық пен арамдық,  
Әділдік пен қараулық.

Өксiк пенен жұбаныш,  
Қайғы менен қуаныш.  
Ғашық болу, кектену,  
Жақсы көру, жек көру.  
Ұсақтық пен ірінің...  
Бірі болмай бірінің,  
Қадірі жоқ білсеңіз.  
Еркіңіз де күлсеңіз,  
Кездеседі бәрі де,  
Ұзақ өмір сүрсеңіз.

08.08.2004 ж.

\* \* \*

– Өмір – ғажап,  
Алтындаған өзегін,  
Өмір – азап,  
Азабына төзе біл! –  
Осы сөзің, досым, менің жадымда, –  
Дәурен дейміз өмірдің әр кезеңін.  
Төземін ғой  
Кенде емеспін төзімге,  
Бір жан едім тым берілгіш сезімге.  
Түсінбейді сол жанымды көп адам,  
Абайды да ел түсінбеген кезінде.  
Өздеріндей, өздеріндей мен де осы,  
Кең Алланың періште емес пендесі.  
Бір басыма кемшілігім жетерлік,  
Бірақ, бірақ өсектерге сенбеші.  
Қара есекке мені теріс мінгізіп,  
Оқиғаны ойлап тауып ең қызық:  
– Іренжіп бір ұлыққа,  
Ішіп кетті – десе егер.  
Құлқын деген құдыққа,  
Түсіп кетті – десе егер.  
Батпаққа сол шықпастай,  
Батып кетті – десе егер.



Сатпакқа сыр ұқпастай,  
Сатып кетті – десе егер.  
Өз тілінен түңіліп,  
Жараланды десе егер.  
Өз дініне үңіліп,  
Қарамады – десе егер. –  
Сенбеші, сен сенбеші,  
Белгілі ғой ондайларға көнбесім.  
Бір ақынды үкілеп,  
Қосып едім жарысқа.  
Қарсы шықты өзіме,  
Мастанды да табысқа.  
Бір әкімді үкілеп,  
Қолдап едім жарыста.  
Танысын – деп үкімет,  
Айналсын – деп Барысқа.  
Қарсы шықты өзіме,  
Жеңілген соң, жеңілген,  
Бақталасы алысқан.  
Кейде ұқпай бағаны,  
Кейде жыртып жағаны.  
Досынды да қас етіп,  
Өмір солай ағады,  
Ағады.

*09.10.2008 ж. Сағ: 17.10*

\* \* \*

Құдағилар,  
Құдалар!  
Достасуға келдім мен, .  
Басымызға тағы бір бас қосуға келдім мен.  
Оң аяқпен қызыңыз келін болып аттайтын,  
Өкілімін елдің мен.  
Жету үшін сіздерге арғымақтай арқырап,  
Желмаядай желдім мен.  
Төбе би боп отырмын төбесінде төрдің мен.

Татулықтың жемісін,  
Туыстықтың жемісін,  
Талай рет тердім мен.  
Жас отаудың құрылған жаққызатын шырағын,  
Асқар таудың баурынан аққызатын бұлағын,  
Қос жүректің қосылған айтқызатын шын әнін,  
Күмбірлеген күйлердің тартқызатын шынарын,  
Көтеретін көңілді құдашалар сынағын,  
Таныстырар көліне қос аққудың сыңарын,  
Табыстырар екі елді елшімін мен – құдамын.  
Ей, құдағи, құдағи,  
Кемсең-кемсең жылама,  
Қуаныш бұл, орынсыз көздің жасын бұлама.  
Қимастықпен бір қарап ұясына қызыңыз,  
Ұшқалы тұр ұшқалы қиясына қызыңыз.  
Құшқалы тұр сүйгенін, азаматын, арысын,  
Қуә қылып құрбысын, көршілерін, танысын.  
Өзгерткелі тұр және балалықтың қонысын,  
Алалықшы, тойшылар, алалықшы сол үшін,  
Екі жастың алдағы ұзақ – ұзақ жолы үшін!!!

*14.11.2008 ж.*

\* \* \*

Қиялыммен бағзы барып қайтам кеп,  
Адамзатты шығыпты Алла қайта емдеп:  
«Тұрмысыңның шырқын бұзды, бүлдірді,  
Болсын енді жер бетінде шайтан жоқ –  
Депті Алла мейірі түсіп Адамға, –  
Азғандарын қиын соқты маған да.  
Ең ақылды иелері тірліктің,  
Қадам басың мағыналы қоғамға».  
Бітті іс.  
Өтті көктем, өтті жаз да, өтті қыс,  
Малғұн жоқ,  
Ібіліс жоқ,  
Шайтан жоқ,  
Жердің беті бола қалды тып-тыныш.

Балағат жоқ, жағаларды жыртыс жоқ,  
Бұрынғыдай жаугершілік, қырқыс жоқ.  
Қызғаныш жоқ,  
Алдау-арбау,  
Өсек жоқ,  
Әр ошақта жанды ылғи бір түсті от.  
Кеуде шіркін ізгілікке лық толды,  
Бір сөзбенен басқа келіп бақ қонды.  
Қайғы жоқ қой,  
Ол болмаса жылау жоқ,  
Жыламасаң қуаныш та жоқ болды.  
Сұрамайды ешкім келіп жан сауға,  
Ал өйткені алысатын жоқ жау да.  
Ең жаманы жүректегі жоғалды,  
Сағыныш та,  
Құмарлық та,  
Аңсау да.  
Бұрын күйі, әсем әуез әні бар,  
Бақталастық салтанаты, сәні бар.  
Алла бірде келсе асыл Адамзат,  
Болып алған қарыны тоқ жануар.  
Өз түйсігім айт деген соң айта алам,  
Бұны айтпай қалай сірә жай табам.  
«Өзің күрес зұлымдықпен» – деп Алла,  
Адамзаттың ортасына шайтанды,  
Жіберіпті қайтадан.  
Жақсылықты күндеу неткен жаман зат,  
Улы оқ боп дәл жүрекке қадалмақ.  
Азғырумен, аздырумен сол шайтан,  
Бір-бірімен қырқысуда адамзат.  
Рахатизм кештірем, – деп демалмай,  
Данышпандар кеудеге от-нұр жаға алмай.  
Жасар ма екен Ақырзаман қолымен,  
Бұл Адамзат өзін-өзі жеңе алмай.  
Оған, оған жеткізбеші кең Алла-ай!!!

26–27.02.2009 ж.



\* \* \*

– Махаббатты кейбіреулер  
«Бал» – дейді,  
«Жая» – дейді,  
«Жал» – дейді,  
Естен кетпес дәмін татып ал – дейді.  
Махаббатты кейбіреулер  
«У» – дейді,  
Түпсіз терең су – дейді.  
Жеткізбейтін сағым ол,  
Мейлі, мейлі қу – дейді.  
Данышпан боп ту мейлі,  
Отына өртеп, аязына үсіріп,  
Өсек желі гулейді.  
Бірақ, бірақ махаббат  
Көзіне оны ілмейді.  
«Не деп жатыр» – естімейді, білмейді.  
Қас қылғандай,  
Қас қылғандай солмастан,  
Сол өсектер арасында гүлдейді...  
О, Өмір!!!

*15.02.2009 ж. Сағ:12.00*

\* \* \*

Бүгін біздер көркем жігіт, көркем қыз,  
Қара шал мен сары кемпір болармыз-ау ертең біз.  
«Сіздер де жас болдыңдар ма?» – деген кезде немере,  
Сағынышпен небір сырлар шертерміз.  
Мәңгі біздер бола алмаймыз  
Көркем жігіт, көркем қыз.  
Қала алмаймыз бір ауылға жұлдыз боп та, ай боп та,  
Сән-салтанат жарасатын мәңгі бақи бай боп та.  
Өзге жұлдыз, өзге айлар туады,  
Туады да ескі жұлдыз, ескі айларды қуады.  
Айта алмаймын бірақ бұл іс қай уақта?!  
Сезінеміз сол уақытта гүліміздің солғанын,

Сезінеміз өзгелердің толысқанын, толғанын.  
Сол шақтарда күл-қоқыстың астында,  
Ұмытылып қалмасaq тек болғаны  
Солай жаным!..

23.03.2009 ж.

\* \* \*

Сағым – елес өткен күн,  
Бір сәтінде көктемнің.  
Туған жерден жыраққа,  
Жалғыз ұшып кеткенмін.  
Арман гүлін ектім де,  
Тәуекелді жектім де.  
Теңіз кешіп, тау кездім,  
Мақсатыма жеттім бе?!  
Білмеймін.  
Содан бері жалғызбын,  
Үні және шықпайды ғой жалғыздың.  
Жықса жығар оңдырмай,  
Күндесіміз бар біздің.  
Сәттерім көп жығылған,  
Кештеу бәрін ұғынғам.  
Жеңіп келем бәрін де,  
Мойымағандығымнан.

08.03.2009 ж.

## **ИНВЕСТИТОРЛАР, БАЙҚАҢДАР!**

Теңіздің астында «теңіз» бар,  
Айтайын ең зәрін – ең ызғар:  
Қауіпті ол судағы тірлікке,  
Осыны барлаушы  
Негізге ал!  
Алға асқан салтанат-мұрамен,  
Каспий де патшалық, бір Әлем.

Жалғасқан Аралға, Азовқа...  
Десеңіз ол қалай?  
Түсіндіріп бере алман мына мен.  
Асыққан құюға өзені,  
Суының бар қабат, кезеңі.  
Онда өмір тыныстап жатқанын,  
Әйтеуір түйсігім сезеді.  
Иә, солай сезген соң айтам да,  
Инвесторлар, байқандар,  
Байқандар!

*Желтоқсан, 2003 ж.*

\* \* \*

Өтті ғой небір жаман күн,  
Бүгінге жеттім. Аманмын.  
Не болар екен болашақ,  
Су патшалығына қол салған,  
Ұнамайды сұры заманның.  
О, Каспий!  
Бетінді айғыз тіліктеп,  
Жібермекпіз жіліктеп.  
Итбалығыңның зарлы үнін,  
Бұрын соң естіп біліп пе ек?!  
Тәрізді алқа, сән тасы,  
«Қара маржаның» ән басы.  
Қалқып жүр бүгін бетінде,  
Бекіре балық қаңқасы.  
Өзгеше әлем су асты,  
Итбалық момын,  
Жуас-ты.  
Жуасқа үйір  
Қай кезде де қиянат,  
Қиянаттар Каспийіме  
Жатыр қазір ұялап.  
Құрлық пен теңіз тел еді,  
Теңізсіз дүние өледі.

Теңізге ажал құштырар,  
Байлықтың қанша керегі?

\* \* \*

Су патшалығы бар еді-ау,  
Ну патшалығы бар еді-ау.  
Жер-Ана – планетамыздың,  
Түрлі-түсті сәні еді-ау.  
Су патшалығын да жоқ қылмақ,  
Ну патшалығын да жоқ қылмақ,  
Саналы тірлік саналар –  
Адамзат неткен ақымақ?!  
Табылар ма шын адам,  
Итбалықтың жылаған,  
Ұғынар мұңын көздегі.  
Ақырзаманды тудырар,  
Адамзаттың өздері.  
Қалайша бұған көнейін,  
Ақымақ демей не дейін?!

## МҰНАЙШЫ СӨЗІ

Күлер болсаң шын көңілден саңқып күл,  
Қанжар сұқпай сыйлап тұрып барқыт гүл.  
Жер шарының барлық биржаларынан,  
Мен өндірген мұнай ісі аңқып тұр.  
Көп елдерді достасуға құштар ғып,  
Және өзіне магниттей тартып тұр.

«Қазақ елін шығаратын ұшпаққа,  
Мұнай» – дейді саясаткер тісқаққан.  
Бірақ менің саясатпен ісім жоқ,  
Бар арманым шығу қысқы қыспақтан.  
Кең Аллаға тәубе етемін, құлына,  
Қазынананың бір пұшпағын ұстатқан.

Бар арманым мотор үні тынбаса,  
Бар арманым качалкамыз тұрмаса.  
Бар арманым құбыр-өзен ағылып,  
Қара мұнай сыбдырласа, жырласа.  
Бастан кешіп нәубеттердің бәр-бәрін,  
Төзген жанмын қасіретке, сынға сан.

Шаттануым тегін емес мен бұлай,  
(Шынымды айтсам талай сөніп, жандым-ай).  
Қазағымның аспандатқан атағын,  
Біле білсек, сен Мұнай!  
Ояндық біз, айналамыз ғажайып,  
Енді, енді ойлан, Қазақ, қалғымай.

07.02.2008 ж. Сағ:10.15

\* \* \*

Ауызда – Дағдарыс,  
Дауасы – қамданыс.  
Үстінде қазірде,  
Әр кеуде қозғалыс.  
Ол итің бұл күнде,  
Деп жүрсек қалды алыс.  
Жүр екен жанымда,  
Бойдағы қанымда.  
Оны ел «жұт» – дейтін,  
Айтудан бүкпейтін.  
Аждаһа дегізіп түп кейпін.  
Аждаһаң жеп қояр,  
Күні жоқ түк тояр.  
Және жұрт жұтыңды,  
«Жеті ағайын» – деп қояр.  
Айта алмай мұны әлі,  
Іштен тек тынады.  
Меніңше бұл іске,  
Жаһандану кінәлі.



Дағдарыс, дағдарыс,  
Боп шықты қолдағы іс.  
Кінәлі айтылса,  
Болады шамданыс.  
Демократияңыз да – өзгеге,  
Ерікті бас ұру,  
Кемшілікті жасыру,  
Жұтылуға асығу...  
Осыған таңым бар,  
Бәрі де, бәрі де,  
Арбаған сағымдар...

*19.02.2009 ж.*

### ҚҰЛАЗУ

Қоңыр дала,  
Қоңыр үй,  
Қоңыр тірлік,  
Тұрмайтын ба еді бояудан өмір түрлі.  
Түрлі бояу... бар жерде тірлік ояу,  
Көз жауын алушы еді-ау,  
Жүректе от жанушы еді-ау.  
Қызғалдағы – қып-қызыл,  
Тауы – қара,  
Орманы – көк,  
Ал мынау талғамы жоқ,  
Суретшінің шимайы тәрізденіп,  
Жабырқатқан жаныма көріністен,  
Нәр іздедім.  
...Қисық-қисық ойымды түзетем ғой,  
Өйткені бұл күз екен ғой.  
Қоңыр дала,  
Қоңыр үй,  
Қоңыр тірлік...

...Қалай бабам білмеймін,  
Өмір сүрді...

12.06.2002 ж.

\* \* \*

Мейірім төгіп нұр саулап,  
Күн сәулесі тарала.  
Босап қысқы құрсаудан,  
Жатыр балқып Жер-Ана.  
Сұлу мүсін бейнені,  
Ынтықтырған, іздеткен.  
Жел желпіген көйлегін,  
Күлімдейді қыз көктем.  
Бозторғайлар ән салып,  
Бұр жарыпты бауымыз.  
Күткен аңсап қаншалық,  
Келді міне, Наурыз.  
Құтты болсын халайық,  
Ұлы күні ұлыстың.  
Қане қарсы алайық,  
Басы болсын нұр істің.

### АЛДАСАЙ СЕРІНІҢ ӘНДЕРІНЕН...

...Тым алыстан қарауытар тау мұнар,  
Әлгі таудың етегінде сүйіктімнің ауылы бар.  
Сол ауылға бұрғанымда ат басын,  
Жапалақтап жауды қар.  
Қар жауып тұр, қар жауып,  
Арты боран болатындай болжауым.  
Болса болсын бәрібір мен жетемін,  
Сағыныштың айтып сазды толғауын.

\* \* \*

– Ауырады жүрегім,  
Тапсаң деймін бір емін!  
– Тылсымы көп бұл өмір,  
Күлші, күлші, күле біл.  
...Тек қайғыдан тұрмайды ғой бұл өмір,  
Күлші, күлші, күле біл.  
Шаттық қана сыйламаған Құдай бұл,  
Жыла, жыла, жылай біл!..  
Сонда жазыласың...

26.09.2009 ж.

## КӨКПАР

Қазақ тілді қазақ бар,  
Орыс тілді қазақ бар,  
Танданбай көр ал енді, адам сенбес «ғажапқа».  
Екі жақ боп айқасып тартысуда бір көкпар.  
Өздерінше шүлдірлер екі жақтың еркесі,  
Ортадағы додада қазақ тілі – «серкесі».  
Анда-мында тартқан соң түте-түте шығыпты,  
Соры қалың «серкенің» қайғысын кім ұғыпты.  
Бір-бірінен екі жақ айлаларын асырмақ,  
Кемшілігін көзге ұрған өзгелерден жасырмақ.  
Қазандыққа кім салса соның тілі жанбақшы,  
Бағы жанып бірінің,  
Бірі гүлдей солмақшы.  
Мазак еттік өзіміз тілімізді арайлы,  
Ал өзгелер біздерге «тамашалап» қарайды.  
Қазақ тіл мен орыс тіл қатар тұрмай болмайды,  
Сахнада екі тіл қатар тартар сырнайды,  
Мінбеде де екі тіл мұңын қатар «жырлайды».  
Арғы-бергі тарихта кім көріпті ондайды.  
Онда-онда заңымның орындалмай талабы,  
Артық кетсе біреуі, бірі қысыр қалады.

Орыс болып қазекен кеткендігі соншама,  
Айта алмаймын бұл үрдіс созыларын қаншаға?..

2010 ж.

\* \* \*

Құлқын...  
Сен жасап ылғи ез қылық,  
Адамды ардан бездіріп.  
Торғайды торға түсіресің,  
Қырғиды қолға түсіресің.  
Үрген шардай сен сосын ісінесің...  
Оның соңы не екенін түсінесің,  
Сыймай бара жатыр ғой  
Ішіме сыр...

## ҚЫЗ ҰЗАТУ

Қырдың қызыл қызғалдағы тәрізді,  
Құлпырса қыз арайланар таң ізгі.  
Бойжеткен соң қыздың жолы жіңішке,  
Ауыл-аймақ аңдып жүрер әр ізді.  
Үйінде қыз қол салдырмас асау тай,  
Еркелікпен жүрер аяқ баса алмай.  
Деп жатады ел ісмер қолдан шыққанды:  
«Қызға жиған жасаудай».  
Ұйыпты ел қызды ауылда сүттей боп,  
Небір даулар қыз алысып бітпей ме?!  
Ел мадақтар салтанат пен сәнінді:  
«Қыз жинаған жүктей» – деп.  
Өмір сәні қыз бұрым боп өрілер,  
Қалар бәрі шақтың сонау ерінер.  
Қыз кеткен соң, қыз кеткен соң өз үйің,  
Қаңырап бір бос қалғандай көрінер.  
Жүре алмайсың ақ ботаңды аңсамай,  
Іздейсің сен бауыр етті қаншама ай.

Өз қолыңмен өзге ұяға бересің,  
Қайтесің сен өмірдегі заң солай.  
Қыз баланы кәмелетке толтыру,  
Әдет-ғұрып, салт-сананы, жолды ұғу,  
Міндеті әке сүйгеніне ұзатып,  
Бойжеткен соң құтты орнына қондыру!

## КҮНДЕЛІК

О, күнделік,  
О, күнделік,  
Күнделік,  
Мұндасымсың отыратын сыр бөліп,  
Мінезі бар достарымның бетінде,  
Жеген талай кәмпітті де бір бөліп.  
Болады ғой естен кетпес кезің бір,  
Жетегінде жүрген әсем сезімнің.  
Жас жүректің соғысы тұр бетінде,  
Балаң қызға гүл сыйлаған кезімнің.  
Жүрдік талай жел, боранның өтінде,  
Жол таба алмай тас қараңғы не түнде.  
Қызартады кейде менің жүзімді,  
Кейбір сөздер шамырқанған бетінде.  
Бір арманға бір арманым жалғасты,  
Түсінумен досты, жалған жолдасты.  
Күнделігім бетінде тұр шаттанып,  
Кітабымды жуған кезім алғашқы.  
Жолдас болған сонау балаң кезімнен,  
Шуақ табам сенің әрбір сөзіңнен.  
Болашаққа апаратын жоғалтпай,  
Күнделігім – менің өмір шежірем.

28.05.2008 ж.

## БҰЛБҰЛ

(Р. Бағылановаға)

Роза – ол қызғалдағы даланың,  
Роза – ол қырдың жібек самалы.  
Қазағымның, қазағымның бұлбұлы,  
Сұлу сазға бөлеп тұрған алабын.  
Бұл дүниеден талай дарын жан өткен,  
Ал дарындар өлмейді өсек-кесектен.  
Алдарында, о, жарандар, Ару тұр,  
Қазағымды бар әлемге паш еткен.  
Нағыз ару әр жүрекке от салар,  
Сыйқырлайды әсем үнмен пәтшағар.  
Қанша елдің сахнасында ән салса,  
Сонша елде ғашық бопты патшалар.  
Сынай берсін «жағымпаз» деп сынаған,  
Хрущевің «бір сүйем» деп құлаған.  
Қазақ қызы өз ұлтының намысын,  
Биік ұстап жетті бізге дін аман.  
Роза қыз өз халқынан от алған,  
Сондықтан да «роза гүл» атанған.  
Сондықтан да, елімдегі егемен,  
Қыздан шыққан ең алғашқы «Қаһарман!»  
Төмендейді алтының да көп сатса,  
Халық білер кімді ұсынар жақсы атқа.  
Қазақ Елі құлпырады Апа айтқан:  
Нұр-Ағамыз «аман тұрса – Ақ Патша!»  
Ақ Патшамыз құрды елді біз қалаған,  
Айтам талай жасқанбаймын мен одан.  
Роза ару – сол қазақтың әуені,  
Роза ару бір-ақ туар – Феномен!

20.10.2001 ж.

## ҚҰЛПЫРАДЫ ҚҰЛСАРЫ

(Жылыой ауданының 80 жылдығына)

Бүгін, бүгін Құлсарының нұр шағы,  
Сексен жылдық желкілдейді жыр сәні.  
Қарашүңгіл – кәрі атасы жебеген,  
Құлпырады қызыл-жасыл Құлсары.  
Басып өткен бұл өмірде нық қадам,  
Құлсарыдан кімдер, кімдер шықпаған?!  
Өтебаев,  
Өтесінов,  
Мұқашев,  
Мұнай-газдың аталары – мықты адам.  
Көз тартады мұнаралар қырдағы,  
От-моншағы нұр төгетін – сырлары.  
Әлем бүгін атын білген ұлдары –  
Ұзақбайы,  
Балтабегі,  
Нұрланы.  
Қаламастан бұл өмірдің жеңілін,  
Аямастан төгілгенін терінің.  
Туын көкке желбірете білді олар,  
Тәуелсіз Қазақ Елінің.  
Бұларменен алаулады жалын жыр,  
Бұларменен танымым бір, қаным бір.  
Соғыстан соң ашқан дүние есігін,  
Құрдастарым бұл.  
Дала сәні қызыл-сары гүл болар,  
Асыл ғана қан базарда пұл болар.  
Жаңа-жаңа тәй-тәй басқан ел үшін,  
Мұнай әнін әсем шырқай білді олар.  
Көтере де білді және сынды олар,  
Шын ұландар қиын сәтте шындалар.  
Бұл шежіре талай әлі тыңдалар.

24.01.2009 ж.

## «АДАМ ТЕГІ – МАЙМЫЛ» – ДЕЙДІ...

Нанба мейлі, наныңдар,  
Танба мейлі, таныңдар,  
«Адам тегі – маймыл» – дейді ғалымдар.  
Ғалымдардарға таңым бар.  
Тебіренем, толғанамын ұдайы,  
Бұл сұмдыққа қалай төзем, шыдайым,  
Бір мақұлық...  
Ортақ үлес алып жатса қанымнан.  
Бұл пікірді қайтып алың, ғалымдар.  
Десең нанам: «Жер-Анадан нәр алған,  
О, бастан-ақ Адам болып жаралғам.  
Жүрегіміз дана жүрек болыпты,  
Дана жүрек толықты да, молықты,  
Кеудемізде шешек атып соны арман.  
О, бастан-ақ Адам болып жаралғам.  
Арым таза соныменен баймын да,  
Із боп қалған шаттығым да, қайғым да.  
Құлығы мол, сұмдығы мол адамдар,  
Айналыпты маймылға,  
Айналыпты маймылға!!!» –  
Десең нанам...

## 1946-да ТУҒАНДАР...

Мың тоғыз жүз қырық алтыда туғандар,  
Бір сыр айтам, мойын бұра тыңдандар.  
Шат өмірге күліп келген думандар,  
Қайғы бұлтын қаралы елден қуғандар,  
Қасіретті жуғандар,  
Құрдастарым, бір сыр айтам тыңдандар.  
Соғыс бітті...  
Солдат елге оралды,  
Оралды да жас құрғатты жанарды.



Әке менен Ананы табыстырды сағыныш,  
Сағыныштан құмар қалай қанар-ды.  
Біздер солай,  
Күрсіну, аңсаудан тек жаралдық,  
Ел қорғаған ерлердің төлеуі боп оралдық.  
Үзілмеген үміттің сәулесінен нәр алдық.  
Батырлардың рухы болу керек біздерде,  
Олар үшін бақыт құс қону керек біздерге.  
Теңіздердей бұрканып толу керек біздерге,  
Сан асқарлар, сан шындар көну керек біздерге.  
Арыстанша алысып тап солардың өзіндей,  
Қажет кезде әдемі өлу керек біздерге.  
Құрдастарым,  
Бір мезгілде туғандар,  
Шат өмірге күліп келген думандар,  
Қайғы бұлтын қаралы елден қуғандар,  
Қасіретті жуғандар,  
Бұл сырымды сәл ойлана тыңдаңдар!!!

*18.07.1974 жс.*

## **ҚЫМБАТСЫҢ МАҒАН, АҚКЕТІК!**

Қымбатсың маған, Ақкетік,  
Сымбатсың маған, Ақкетік!  
Бекіренің сорпасын бергеннен емес тәтті етіп.  
Емес және Толстов торыққаны үшін де,  
Тастай қашып алтынын  
Тобанияз бабамнан қорыққаны үшін де.  
Емес және бекініс-қамалдығың үшін де,  
150 жыл жасаған амандығың үшін де.

Қымбатсың маған, Ақкетік,  
Сымбатсың маған, Ақкетік,  
Жатқандықтан өзінде «Қырық батыр» – қазынам,  
Жаратылған әріде Сыпыра жырау сазынан –

Жеткендіктен баз қалпы сол қазынам – бұрынғым,  
Зердесімен сақталып  
Абыл, Ақтан, Қашаған,  
Нұрым және Мұрынның.

Қымбатсың маған, Ақкетік,  
Сымбатсың маған, Ақкетік!  
Түрмеде жатып Ер Досан жасымағандығынан,  
Бас имес дәстүр рухпен халқын асырағандығынан.  
Азаттық туы өзінде бірнеше рет көтерілгендігінен,  
Кемелер жүзіп теңізде ерліктің оты өрілгендігінен.

Қымбатсың маған, Ақкетік,  
Сымбатсың маған, Ақкетік!  
Тасыңа Қайып-Ақбөбек көз жасы тамғандары үшін,  
Өртене сүйген бір-бірін армандар үшін.  
Бейкүнә тұтқын Тарастың тарыққаны үшін,  
Днепрін еске алып қамыққаны үшін.

Қымбатсың маған, Ақкетік,  
Сымбатсың маған, Ақкетік!  
«Бар жалынымды арнадым Жерұйық үшін», –  
деп түсінген Ұлдарың –  
Мыңбаев үшін,  
Жұбаев,  
Оңалбаев, Әлиев үшін.

Ресей, Украин еліне тіке шығатындықтан,  
Достықтың құнын ұғатындықтан.  
Толқында туып, қиынға талай көндіккен,  
Түрікпенің де,  
Орысың да  
Қазақша таза сөйлегендіктен.  
Қымбатсың маған, Ақкетік,  
Сымбатсың маған, Ақкетік!  
Мұражай мекен –

Тарихым менен шежірем,  
Сыр ұққан талай Ботакөз<sup>33</sup> қыздың көзінен  
О, Ақкетік, Ақкетік,  
Дарысын саған бақ-несіп!

## ОТПАНТАУ

*(немесе Адай-Ата аруағынан кешірім сұрау)*

*«Адайдың ішінде Отпанның биігіндеймін...»*

*Мәтжан би*

О, Отпантау,  
Отпантау!  
Ашылмастан құпиясы жатқан тау,  
Шашылмастан етек-жеңін жапқан тау.  
Сұр мергендер талай арқар атқан тау,  
Шаттыққа да, қайғыға да батқан тау.  
Жаулар талай көз алартып шапқан тау,  
Дайлар талай ұран отын жаққан тау.  
Жауды қапқан қақпан тау.  
О, Отпантау,  
Отпантау!  
Каспий беттен саумал самал соққан тау.  
Баурайынан бал-бұлақтар аққан тау.  
Оралуға алтын қазық қаққан тау.  
Ырыс үшін төрт түлігін баққан тау.  
Жанған оттар қып-қызыл бір шок болды-ау,  
Жылуыңмен алаң жұртың тоқ болды-ау.  
Киесі сен Адайдың,  
Арымас нар-түйесі сен Адайдың.  
Тұлпар құлын туатын биесі сен Адайдың.  
Бірақ, бірақ Адайымды – Аруақ,  
Жерлегенің төбеңе әкеп қалай бұл?

<sup>33</sup> Ботакөз – Т. Шевченконың «Қазақтың қызы – Катя» атты суретінің кейіпкері.  
Қазақстанның алғашқы басшыларының бірі – Жалау Мыңбаевтың әжесі.

Көктем сайын бүр жаратын арай Гүл,  
Мұны пұтқа табыну деп санаймын.  
О, Отпантау,  
Отпантау!  
Аруақтар мекені дәйім Аспан емес пе,  
Аян беріп түсінде, кейде айналып елеске,  
Келіп-кетіп жүретін Жер бетінде кеңеске?!  
Ей, Ұлы Адай, Ұлы Адай, Аруағың асқақ-ты,  
Асқақтығың жауларды талай-талай жасқапты.  
Енді, міне, бір білгіш, бір бастама бастапты,  
Бастапты да Отпанға әкеп көміп тастапты.  
Үрейіңнен сескеніп тыншығысы келді ме?  
Сескенбесе мынаусы, ал мынаусы енді не?  
Қарағанда тұратын ап-ашық боп Аспаным,  
Жаксы еді ғой ұшып кеп шапағатың шашқаның.  
Басылмауын тілеймін табанына басқаның...  
Өзгеруі дүниенің, өзгеруі қас-қағым.  
Жаралған Нұрдан О, Баба,  
Кешір, кешір балалығын ұлыңның,  
Кешір, кешір шалалылығын ұлыңның!!!  
Керегі бізге мола емес  
Сәулесі еді-ау Нұрыңның!

*16.10.2007 ж.*

\* \* \*

Наурыз,  
Наурыз,  
Наурыз!  
Сен келсең, гүл атар бауымыз.  
Сен келсең, жасарып Жер-Ана,  
Сен келсең, асқақтар тауымыз.  
Сен келсең, ағайын көрісер  
Шаттықты, қайғыны бөлісер.  
Арада өкпе-наз жойылып,  
Сен келсең, араздар келісер.

Сен келсең, көк кілем – кең дала  
Наурыз – шаттығым сен ғана.  
Сен келсең, Тамшалы тамсанып,  
Сен келсең, шалқиды Шерқала.  
Сен келсең, Ақтауым арайлы,  
Аққу боп қанатын тарайды.  
Мұнара көкпенен таласып,  
Маңына пандана қарайды.  
Елімнің шығарып шырайын,  
Құбырда тулайды мұнайым.  
Бәрі де келеді еңбекпен,  
Біздерге бақ берсін құдайым.  
Тарихы тым терең бұрыннан,  
Сыр шертсем аз ғана жырыңнан.  
Наурыз, сен келген сонау жыл  
Маңғыстау облыс боп құрылған.  
Бұлбұлдар ән салар, тыңдашы,  
Жүректер ғашық жыр жырласын.  
Сен келсең, күн мен түн теңелер,  
Қош келдің,  
Наурызым – Жыл басы!!!

## **АҚҚУЛАРЫМДЫ САҒЫНДЫМ**

Аққуларым,  
Неге келмей кеттіңдер,  
Күтуменен өтіп жатыр көп күндер.  
Жағалауды лай басып кетті ме,  
Әлде, әлде мұнай басып кетті ме?!  
Арман қуып бір қиялға берілсек,  
Саған ынтық сезімді ала келуші ек.  
Қолымыздан және де жем беруші ек.  
Аққу болып ұшты дейтін кезінде,  
Бекет-Атам көзіндей бір көруші ек.

Жағалауға соғып және самал жел,  
Толқындардан тоқпақ бұрым өрілсе.  
Маңғаз ендер, кербез ендер өте тым,  
Шағалалар жемінді жеп кететін.  
Қанаттардың сусылы да әдемі,  
Тамшылардың тырсылы да әдемі.  
Әдемі еді сендер жүзіп жүрген жер,  
(Сыңар іздеп сыңсуың да әдемі).  
Мұз жаратын тұмсығындай кеменің,  
Зырқыраған ұшындай боп жебенің.  
Аңсап әркез көк айдынды келетін,  
Аспандағы тізбектерің әдемі.  
Маң даланы тербеп бара жатады,  
Ал әуенің, әуенің.  
Ей, қымбаттым,  
Ей, сымбаттым,  
Әдемім...  
Көк аспанда аппақ қанат тізілген,  
Көк теңізде аппақ маржан сүзілген.  
Жанарлардың шарасына сыймайтын,  
Пәк нұр дерсің Күн көзінен үзілген.  
Ақтауымда көп қуаныш, көп думан,  
Табиғаттан жарасымды таптым мән.  
Сендер жүрген жерде дәйім бірлік бар,  
Күтудеміз,  
Тез келіндер, аққулар!

*06.07.2007 ж.*

Бесінші бөлім

**ОН СЕГІЗІМ – ОТ ДЕМІМ,  
ЖИЫРМА БЕСІМ – КӨКТЕМІМ**

*Ей, өмір,  
Сырыңа әлі-ақ, қанығамын,  
Өзіңнен бақыт қана танығаным.  
Демеймін қамығамын, жабығамын,  
Жігерім – шар қайраққа жанығамын.  
Ән бар болса жүректі дір еткізер,  
Ол – менің Әнім!!!*

Он сегіз мезгіл екен,  
Арнадан тасып, толар.  
Он сегіз мезгіл екен –  
Өртене ғашық болар.  
Он сегіз мезгіл екен –  
Жалп етіп сөнбейтұғын.  
Он сегіз мезгіл екен –  
Өзгеге көнбейтұғын.  
Он сегіз мезгіл екен,  
Дастан-жыр тындап бағар.  
Он сегіз мезгіл екен –  
Досты да мындап табар.  
Жаратпас дамылды аса,  
Жарыста жүлде алады.  
«Дауасы» табылмаса,  
Он сегіз «жынданады».

### ҰРЫСПА, МАҒАН...

Жастық деген:  
Ай мұңдасы  
эм сырласы екен ғой,  
Той жиынның ән-жыр басы екен ғой.  
Иран бақтың бұлбұл сазы екен ғой,  
Пәк көңілдің әзіл-назы екен ғой.  
Байқамаса күйдіретін өрт екен,  
Қол алысқан секемі жоқ серт екен.  
Сондықтан да тұрамын да ертемен,  
Нұр өмірді әрлеу үшін тер төгем.  
Кей кездерде қарсы ұмтылсам қылышқа,  
Қосағасы, албыртсың деп ұрыспа!



## ЖҮРМЕСПІН ДЫРДУМЕН...

Кезімде жүзіндей алмастың,  
Мұқалмас шабылса тасқа да.  
Мезгілсіз мен ерте солмаспын,  
Жүрмеспін дырдумен босқа, аға.  
Қынынан тым ерте суырылып,  
Қайраққа тым ерте жанылған.  
Отқа да тым ерте қурылып,  
Ағалар, ағалар  
Тым ерте танылған.  
Жарасар думанды жыр жасқа,  
Жалын бар кеудемде маздаған.  
Ал маған бұл тағдыр бұл жаста,  
Бір ерлік істеуді жазбаған...

## ҚАШАН...

Көкірегімде өрекипіді мол ағын,  
Буырқанам, бір тасып, бір толамын.  
Аппақ арман жеткізесің сен қашан,  
Қашан Шоқан,  
Қашан Саттар боламын.  
Он сегізге биыл шығар жасым бар,  
Аз өмірде тапқан досым, қасым бар.  
Он сегізде жарқылдады-ау,  
Мен кепіл,  
Әлгі асылдар, жасындар.  
Олар, олар ат үстінен түспеген,  
Сұңқарлар ғой аузымен құс тістеген.  
Ал меніңше, ұялмастан айтардай,  
бір ісім жоқ істеген.  
Көкірегімде өрекипіді мол ағын,  
Мен осылай буырқанып, толамын.  
Аппақ арман, жеткізесің сен қашан,  
Қашан Шоқан,  
Қашан Саттар боламын.

## ҒАШЫҚТЫҢ БУЫ...

Әніміз сай, жыр да сай,  
Бірге ер жеттік құрдас-ай!  
Көктемнің көркем бағында,  
Берейікші бір жасай.  
Бұл шақта неткен қан қызба,  
Өрекіп жүрек сан қызға.  
Сұлулық пен ерлікке,  
Соншама ғашық жанбыз ба?  
Бойыма сезім тарап бір,  
Сыпырдым бәрін жарактың.  
(Ғашықтың буы бар жерде,  
Жүруі жөнсіз шараптың).  
Жігіттік неткен дерт еді,  
Құмарлық сырын шертеді.  
Жан досым, амал қылмасаң,  
Он сегіз мені өртеді.

## ЖОЛЫМ БОЛЫП...

Қыздар, қыздар,  
Тағатымды ұрлаған,  
Қара көзің таусылмайтын жыр маған,  
Қара көзің сыр ұқтырмай тұрмаған.  
Қайсың асқан сұлусыңдар, айтсаңшы,  
Әлі еш қыз ұнамай-ақ жүр маған.  
Әлі еш қыз от тастаған жоқ маған,  
Айтыңдаршы,  
Ару қыздар, ақ марал!  
Құшағыма кім енеді айым боп,  
Жолым болып қайсыңыздан бақ табам!

## МЕЗГІЛ

Бойымда күш-қайратым жанады есіп,  
Көңілім «жігіт» десең қалады өсіп.

Жүргенімде өзімді есейдім деп,  
Біреулер отырады-ау «бала» десіп.  
Жігітпін...  
Жігітпін мен, бала емеспін,  
(Он сегізім, сын тақпас саған ешкім),  
Күміс күнім көгімнен күліп шығып,  
Жаныма құштарлықтың самалы есті.  
Асаумын...  
Амалым жоқ ұрынбайтын.  
Жүректен жырымды айтып, сырымды айтып.  
Қыздар-ау, әзілдесем айып етпе,  
Мезгілім бұл сендерге қырындайтын.

### ІШТЕЙ СЫР ШЕРТЕМ МЕН...

Жүрекке өртенген,  
Бір өпкен дару ма?  
Іштей сыр шертем мен,  
Қасымда аруға.  
Бұрымын өремін,  
Көтерем еңсені.  
Тұттыға беремін,  
«Мен сені...  
Мен сені...  
Мен сені...»  
Бақытым аңсаған,  
Жанымда ай маңдай.  
«Мен саған...  
Мен саған...  
Мен саған...»  
Қойдым-ау айта алмай.  
Кешті бір өткізем,  
Тұра алман. Онсыз ба?  
Қалай сыр жеткізем,  
Сол қызға,  
Сол қызға,  
Сол қызға!

## АЛҒАШҚЫ СЕЗІМ

Жүрек сырға тасып-толып,  
Деді, досым бір күні:  
– Гүл-Аруға ғашық болып,  
Ұмыттым мен күлкіні.  
Айтшы досым,  
Сүю деген,  
Мазалау ма сезімді.  
Айтшы досым,  
Сүю деген,  
Жазалау ма өзінді.  
Арнап соған бар жырымды,  
Теңестірем араймен.  
Айтшы оған жан сырымды,  
Жеткіземін қалай мен?  
Ол қараса гүл атамын,  
(Онсыз семіп қалар ма ем).  
Класта да ұнатамын,  
Бір тұруды Жанармен...  
деді Мұқан.  
Жанар, сені,  
Жан досымнан қызғандым.  
Қалай көріп қанар сені,  
Төбедегі қызған күн.  
Бір құшаққа сиярым-ау,  
Достар мені ұғар шын.  
Бәлкім балаң қиялымды,  
Сен тербеткен шығарсың.  
Көргім келмес көзі мұңды,  
Бұл дүниеде жанды мен.  
Оятқан сыр сезімімді,  
Сен едің-ау алдымен.  
Ортамызда гүл аттың да,  
Бірге ойнадың, білмедін.  
Іштей ғана ұнаттым да,  
Іштей ғана гүлдедім.

Сондықтан дос «қиянатын»,  
Кешіргім мен келмеді.  
Пәк сезімін күй алатын,  
Өшіргім де келмеді.  
Сені ойлаған күндеріммен,  
Қаралағым келмеді.  
Дос жүрегін шын берілген,  
Жаралағым келмеді.  
Ол дегенде (қимасам да)  
Бал-бал жанды гүл өңің.  
Жас жанымды қинасам да:  
«Сапарларың сәтті болсын,  
Армандарың тәтті болсын», –  
Деген тілек тіледім.  
Қидым сені мен досыма,  
Махаббатым,  
Гүл атқан...  
Бақытты ғой қосылса адам,  
Бірін-бірі ұнатқан.  
Өр қиялым дала кезді,  
Берген сертке бекеммін.  
Қайтер екем,  
Бала кезді, қара көзді,  
Ұмыта алар ма екенмін?!

## БІР ӨЗІНДІ...

Бір өзінді теңедім,  
Сүйдіретін Гүлге мен.  
(Сенен басқа неге бұл,  
Сұлу барын білмегем).  
Бір өзінді теңедім,  
Күйдіретін Күнге мен.  
(Сенен басқа неге бұл,  
Жылу барын білмегем).  
Бал күлкіңе теңедім,  
Ләззатын жер көктің.

(Сенен басқа неге бұл  
Шаттық барын көрмеппін).  
Алданыппын бекерге,  
Деген ойлар жалғасты...  
Бірақ теңеу жетер ме  
Махаббатқа алғашқы.

\* \* \*

Еріктен тыс, еріктен,  
Қарай берем класта.  
Мен өзіңе неліктен  
Ғашықтығым рас па?  
Түсінбеймін өзім де,  
Ынтығамын неге тым?  
Үзілістің кезінде,  
Бірге тұрғым келетін.  
Алма бетің жанады,  
Ерітеді тәнді не.  
Сахнада саласың,  
Тамылжытып әнді де.  
Мүмкін мені баураған,  
Сол әдемі ән бе еді?  
Қос бұлақтан аумаған,  
Бұрымың да сәнді еді.  
Қылығың да сәнді еді.  
Қыз Жібексің аумаған,  
Талай естен танар ма.  
Мүмкін мені баураған,  
Оты мол қос жанар ма?  
Арман қуып аңсаған,  
Нұр сәулеге бөленем...  
Өкінішім – мен саған  
Бола алмадым Төлеген.

\* \* \*

Сол тойда,  
Кездестім алғашқы рет.  
Тәтті ойымның сен кеттің жалғасы боп.

Пікіріміз, сөзіміз сәйкес келіп,  
Жүректің қыл пернесін дәл басып ек.  
Іште тұнып айтылмай көп арманым,  
Іздедім.  
Сол кештен соң көре алмадым.  
Кеткен ұшып суықтан жылы жаққа,  
Жыл құсындай қайтадан оралмадың...

\* \* \*

Армансың сен, армансың,  
Айсың маған көктегі.  
Алғансың сен, алғансың,  
Асылым боп тек менің.  
Қайтем, жүрек ынтығып,  
Қайтем, көңіл ауса егер.  
Қара көзге нұр тұнып,  
Шыдамымды тауса бер.  
Илансаң да өзің біл,  
Иланбасаң өзің біл.  
Иманымдай сөзім бұл,  
Менде азғана төзім жүр.

\* \* \*

Түсінсең-ау:  
Сені құрбым көгімдегі Күн етем.  
Сені құрбым, көңілімдегі Гүл етем.  
Ех, дариға, соны ғана білсем-ау,  
Жүрегінде тулап жүрген кім екен?  
Кездескендер ақ пейілді болса адам,  
Жүректерге мен достықтан жол салам.  
Кім болса да бақытты ғой сол жігіт,  
Елес берген өмірің боп ол саған.

\* \* \*

Жүрші, біраз қыдырайық, қалқашым,  
Саған деген сағынышым тарқасын.  
Мен қасыңда келе жатқан жоқпын ба,  
Неден, жаным, қорқасың?

Мен сен үшін шыға аламын майданға,  
Мен сені іздеп таба аламын қайдан да.  
«Сүйем деші...»  
Ұяласың сен неден,  
Аспандағы айдан ба?  
Тұрсың қазір малынып кеп арайға,  
Тек өтінем, ұялмашы, жарай ма?  
Тек өтінем, қиялдашы, жарай ма?  
Зерлі аспанда жымыңдаған жұлдыздар,  
Куә болған талайға.

\* \* \*

Қиялымды қиырларға самғатып,  
Ой-толқынға сан шығамын, сан батып.  
Менің үшін томсарғаның қайғым да.  
Менің үшін күлгенің де бар бақыт.  
Еркім болса аласұрған мына мен,  
Сені құшып, тыншыр едім, тынар ем...  
Неткен жан ең баурарлықтай сезімді,  
Қарап едім. Жанарыңда тұр әлем.

\* \* \*

Мына жанар тылсым ғой, жанар емес, япыр-ау,  
Көріп тұрып күрсінбей болар емес, япыр-ау.  
Төңкерілген қос күмбез сиқырлаған өзіне,  
Төсіндегі қос анар, анар емес, япыр-ау.  
Дұрыстығын тек қана айтыңдаршы, ағайын,  
Жанып тұрған бұл қызға қандай теңеу табайын.  
Онсыз менің көңілім құлазыған құмды өлке,  
Онсыз менің көгімде күлімдеген жоқ Айым.

\* \* \*

Көкірегімді кернетіп күйге керім,  
Есімде тек ес-түссіз билегенім.  
Ынтыққаным, бірақ та сүймегенім,  
Есімде тек «Қайтайық-деген сөзің, –  
Жеңгем іздеп қалады үйде менің».



Есімде тек тұрғаным үй алдында,  
Жаныңа нұр білмеймін құя алдым ба?  
Таныма бір қол соқып қиялымда  
Есімде тек сөккенім өзімді-өзім:  
«Жасықпын ба осы мен, ұяңмын ба?»  
Есімде тек қалғаны бітіп демім,  
Мейлің, мейлің, жігерсіз жігіт дегін.  
(Сөз айтар деп сол бойда күтіп пе едің?)  
Есімде тек жанымды мазалады  
Үміт пен күдік менің.  
Есімде тек (бұндай да өтер қызық,  
Тоғандарды тасқындар кетер бұзып).  
Есімде тек, иә, иә жүтіргенің,  
Бір сүйіп ап бетімнен шөп еткізіп...  
Тағы есімде:  
«Мені сүй деп қыз қашан тосыпты ернін,  
Тек қиялмен ләззатты кешіп бердің.  
Батылдықтың еншісі – бақыттылық,  
Бақытсыздық үлесі кешіккеннің, –  
Деген сөзің соңынан мен құшқанда,  
Мәселенің бәрін мен шешіп бердім».

## КЕЗБЕ БОП КЕТЕМ

Мәңгі мұз құрлық –  
Антрактиданы қақаған,  
Ерітейін жүрегімнің отымен.  
Жол табайын Ай-Шолпанға да апарар,  
Ерші, жаным, өтінем.  
Ғайып боп кетсең  
Жатпаймын тау деп, теңіз деп,  
Бір сен боп қана арманым менен аңсарым.  
Кезбе боп кетем, айналып шығам сені іздеп  
Жер Шарын,  
Қайғырмай-ақ, ақ үмітіммен саспай-ақ,  
Басып өтем миллион шақырым жолды көп.

Саяхатымда жаңа Америка ашпай-ақ,  
Өзіңді тапсам болды тек.  
Махаббатымның беріктігіне сене бер,  
Жүректе жатыр, айтылар саған талай сыр.  
Ғайып боп кетсем мен егер,  
Іздеуге өзің қалайсың?

\* \* \*

Бақытым-ау,  
Сәтінде сен жолыққан,  
Терең деген теңізін де келмес еді тобықтан.  
Өр қиялым аспанменен жатар еді таласа,  
Тауларың да көңілімнен болар еді аласа.  
Ақ жүзіңнен көмескі боп қалар еді Айың да...  
Әнге салып тұрар еді ақ балтырлы қайындар.  
Сырлы күй боп кетер еді маңайдағы үн біткен,  
Ашар еді қауыздарын бақтардағы гүл біткен.  
Кездеспей-ақ, келесің ғой,  
Асыл бақыт тек әттең,  
Басыма кеп қонарыңды күтіп жүрмін тағатпен.

\* \* \*

Қызғанасың, сен мені қызғанасың,  
От боласың, кей-кейде мұз боласың.  
Шашын талдап ес-түссіз жұлардайсың,  
Көрсең тұрған қасымда қыз баласын.  
Қызғанасың, сен мені қызғанасың.  
Қызғанамын, мен сені қызғанамын,  
Шоқ боламын, кей-кейде мұз боламын.  
Қарақұсын оюға бармын мен де,  
Саған күліп сөйлеген бозбаланың.  
Қызғанамын, мен де сол қызғанамын.  
Бұның бәрі көп күдік үйгендіктен,  
Бұның бәрі бөтен ой түйгендіктен.  
Бұның бәрі мен білсем ең әуелі,  
Ес-түссіз сүйгендіктен,  
Иә, иә, сүйгендіктен.

\* \* \*

Армандап келем:  
Кеудеме алау жақсам-ау, – деп,  
Жұлдыздай бір ақсам-ау, – деп.  
Қажет пе? Онда Боран тәрізді,  
Ажалдың аузын жапсам-ау, – деп.  
Ай кабак ару құшсам-ау, – деп,  
Ләззат-шарап ішсем-ау, – деп.  
Зерлі аспан кеңістігіне,  
Еркін бір самғап ұшсам-ау, – деп.  
Арманға әсте  
Гүл жастық деген маусым бай.  
Аққудың әуез даусындай.  
Түспеспін енді биіктен,  
Арманым менің таусылмай.

## КӨЗДЕР

Көздер, көздер, түпсіз тұнық сырсындар,  
Мөлдірлікпен баурап жанды тұрсындар.  
Бұлқынсын деп бір өртеніп, бір күйіп,  
Кетесіндер жүректерге нұр құйып.  
Жапа шеккен жолаушыдай елсізбен,  
Көздер, көздер, жабырқаумын сенсіз мен.  
Жалынсындар, ызғарсындар кей көздер,  
Бота көздер, қара көздер, қой көздер.  
Күлкіні де, қайғыны да ұқтырып,  
Қалар кейде кірпіктерге шық тұрып.  
Кей сырды да айта алмаған сөзбенен,  
Жеткіземіз біздер осы көзбенен.

## ҚЫЗ ҚИЯЛЫ

Өткен бойда жанап сіз,  
Еседі бір жақсы леп.  
Күтейінші тағатсыз,  
Тереземді қақшы кеп.

Ашылады күлкім де,  
Көңілімде де кеңіген.  
Бірге болып бұл түнде,  
Қыдырайын сенімен.  
Таңның жұтып арайын,  
Қолқаласаң өтініп.  
Салайын, ән салайын,  
Құшағында отырып.  
Кетіппін ғой қиялдап,  
Келсең, саған ердім мен.  
Болмай енді ұялшақ,  
Сүйгізейін ернімнен...

\* \* \*

Алдымда менің арайлап атқан ақ таң бар,  
Достарым мені кінәлаң, мейлі мақтандар.  
Асыға күткен арманым болсын сол күндер,  
Жүректің мөлдір сезімін ғана сақтандар.  
Зымырап кейде уақыт шіркін ақса тым,  
Мерейің өсіп орындалсыншы мақсатың.  
Адамға деген бір пайдалы ісіңмен,  
Кезсінші сенің әлемді бүкіл жақсы атың.

\* \* \*

Ортасында тілек-назым құпталған,  
Достар, достар, құшақ жайып шықты алдан.  
Шын достықтың орны өмірде ерекше,  
Достар үшін жан беремін керексе.  
Күлкі ғана өмір сәнін бар қылмақ,  
Достар, достар, қарсы алады жарқылдап.  
Армандаймыз жасасак деп бір аңыз,  
Сырласқанша біз асығып тұрамыз.  
Жалғыз үйде зерікпестен жатты кім,  
Достар менің көңілді күй, шаттығым.  
Достар, менің көкте күнім балқыған,  
Достар, достар, шалқар теңіз шалқыған.

\* \* \*

Ақтарсам деп өзіңе лағылын сырдын,  
Мен жүрек әміріне бағынып жүрмін.  
Келіскен түгіл, керіскен шақтарымды да,  
Сағынып жүрмін.  
Берген серттен мәңгілік өзгермей бір,  
Сағыныштың отына төзгендеймін.  
Мен тіпті сені шын сүйетіндігімді де,  
Дәл қазір сезгендеймін,  
Осы шақта неге әттең, кез келмеймін.  
Аңсауменен әзірге өтейін де,  
Сарғайып барып мұратқа жетейін бе?  
Жоқ, әлде, бәрін де қойып өзің жаққа,  
Тартып-ақ, кетейін бе?  
Айтшы, жаным, не етейін мен?

\* \* \*

Асықпашы,  
Асықпашы,  
Асықпа,  
Асығыстық жараспайды ғашыққа.  
Мендегі өртті, сендегі өртті, сәулешім,  
Сөндіре алмас-ау,  
Ақ Жайық суын шашып та.  
Жүрек жалын, аспан жалын, түн жалын,  
Тамашалап туған жердің қыр-жалын.  
Таң атқанша қыдырамыз жүр, жаным,  
Қасымда болсаң, қасымда болсаң сен менің,  
Бұл тағдырыма ырзамын.  
Толқынды қара,  
Ақ Жайық неткен өр еді,  
«Қылмысымызды» да Ақ Жайық қана көреді.  
Есімізді алып жалындай түссін біздегі от,  
Өрт сөндірушінің ғашыққа,  
Керегі жоқ қой керегі.  
Сезімнен іңкәр құтыла алмаймыз қашып та,  
Мұндай сәт пе?  
Мұндай сәттер табылмайды ғашыққа.

Қарсы аламыз таңның нұрлы шапағын,  
Асықпа сен,  
Асықпашы,  
Асықпа!

\* \* \*

Көзіндегі сырды үнсіз,  
Үғушы едім.  
Шақырғанда кірбіңсіз,  
Шығушы едің.  
Екеуміз де бал кұрақ,  
Балауса едік.  
Атқан таңға албырап,  
Қараушы едік.  
Ажырассақ сағынып,  
Қалушы едік.  
Ақ жүректе ақ үміт  
Жанушы еді.  
Сол күндерден қалды іздер,  
Жосылып-ақ,  
Тынышталдық ал біздер,  
Қосылып ап.

\* \* \*

Бірін-бірі адамдардың түсінетін кезі көп,  
Шын бақыттың тани білер, көре білер көзі көп.  
Асығамыз жылынуға, лапылдатып үрлеуге,  
Байқаусызда қалсақ болды бір жанардан сезіп от.  
Бірін-бірі адамдардың түсінбейтін кезі көп,  
Шаттық пенен қуаныштан кететұғын мезі боп.  
Асығамыз суынуға, өшіруге жалынды,  
Бір жанардан жүрек-дағы, жылынатын сезіп от.  
Адамдағы алабұртқан, аласұрған көңіл-ай,  
Бірқалыпты болмайды екен неге ұдай.  
Өте шығар бір адасып, бір жол тауып жүргенде,  
Сабындай-ақ қамшының,  
Келтесің ғой, өмір-ай!

\* \* \*

Соғады жүрек, соғады жүрек жаспын деп,  
Махаббаттың бал-шарабына маспын деп.  
Күннен де ыстық қызуым мол кеудемде,  
Кеудемде менің таскын көп.  
Есігім ашық, достарым, келіп қақсаңдар,  
Шуағым да мол жүрегім отын жақсаңдар.  
Шаттық бар менің думанды тойлы кеудемде,  
Кеудемде менің жақсы ән бар.  
Күндерім көп қой алдымнан тынбай бақ күткен,  
Армансыз күнім, алаңсыз күнім жоқ тіптен.  
Қарсы алам ылғи арайлап атқан таңды мен,  
Адамға деген адалдықпен, пәктікпен.

\* \* \*

Қамалды да бұзып жарып өтердей,  
Толқынына ағызып-ақ кетердей.  
Көктемде тасып едің, Ару Жем,  
Арнаңнан бір асып едің, Ару Жем.  
Асау едің, кейпің жоқ момақан,  
(Мен осындай албырттықты жаратам).  
Басылуды, білмейтіндей жасуды,  
Жарға соғып жатыр едің ашулы.  
Қоңыр күзде боп қалыпсың байсалды,  
Осы көрініс маған мұңлы ой салды.  
Адамның да салар бәрін жайратып,  
Қайтады ғой кәрілікте қайраты.

## МАХАББАТ

Әлі өмірдің белесіне шықпадым,  
Махаббаттан екі-ақ нәрсе ұққаным –  
Дәмі мүлдем тәтті екен,  
Заңы мүлдем қатты екен.



## АЙТА АЛМАН

Достар да көп жалғандығы байқалған,  
Қыздар да көп көңілімді қайтарған.  
Сонда да мен махаббатты, достықты,  
Баянсыз деп айта алман.

## ЕСЕЮ

Бірге ойнадық, бір төсекте жаттық қой,  
Өмір дәмін, дос-ау, бірге таттық қой.  
Он сегіз жас қара сирақ біздерге,  
Алып келді жігіттік пен шаттық той.

## ӨМІР СӘНІ

Жаратылған толқындардан, ағыстан,  
Қызғаныштан аласұрған, қағысқан.  
Өмір-сарай сәулетіне сән берер,  
Жүректер мен жүректер ғой табысқан.

## ҚҰЛПЫТАСТАҒЫ ЖАЗУ

Ей, адамзат!  
Күліп келіп, бұл өмірден күліп кет,  
Не себепті келгеніңді біліп кет.  
Әділдікке биік күмбез орнатып,  
Жауыздықты қанжарыңмен тіліп кет.

## БАҚЫТ

Бақыт деген бір биікке ұмтыламын құмартып,  
(Ол биігің тұр әзірге тым алыстан мұнартып).



Шығам соған, шығам соған, отырмаймын телміріп,  
Демен әсте: «Бақытым-ау, өзің үйге кел кіріп».  
Толқын болып ұстатпайтын дауыл соққан жапырып,  
Тұрсын бақыт арманым боп алыстарға шақырып.  
Таппай қойман дүниеден  
Айтшы: қайда мекенің?  
Сенсіз өмір қажеті не,  
Мен сені іздеп кетемін,  
Мен сені іздеп кетемін.

## ЖАҒАЖАЙДА

Махаббатың гүл атса,  
Мөлдір болып арыңыз.  
Көңіл нұрға құмартса,  
Жағажайға барыңыз.  
Аршын төсте қос алма,  
Әп-әдемі бұлтылдар.  
Дейсің неден жасалған,  
Құралай көз сылқымдар.  
Әсем әуен күлкіден  
Төгіледі. Ал тында.  
Аққу болып сілкінген,  
Көміледі толқынға.  
Деп таңданба, бұл неге?  
Жастың көңілін жас ұғар.  
Жағажайда  
Шілдеде,  
Сұлулық галереясы бар.

## МЕКТЕП БІТІРУ КЕШІНДЕ

Адам үшін,  
Жыр-өмірге алғашқы қадам үшін.  
Жастығымыз үшін,  
Он жыл бірге гүлдеген достығымыз үшін.

Арманымыз үшін,  
Қыз-жігіт болғанымыз үшін.  
Кәмелетке толғанымыз үшін,  
Бір өзгеше күйге еніп  
Ән шырқадық, биледік.  
Асқақтадық, шалқыдық,  
Жарасымды, жарасымды әр қылық,  
От сезімге малындық та, балқыдық.  
Өйткені ертең шартарапқа кетеміз,  
Бір ұяда тату едік өте біз.  
Тау бұлағы тосқауылсыз ақпай ма,  
Біз іздеген арман қайда, бақ қайда?  
Айтындаршы!  
Ей, адамдар,  
Жауап берер қайсың барсың?

## КӨГІЛДІР КӨКТЕМ

Көгілдір аспан.  
Көгілдір теңіз.  
Айналам бәрі көгілдір,  
Сүйеді самал, сыйпайды беттен жеңіл нұр.  
Тасиды көңіл (бастауы биік болғасын),  
Деп келем іштей, өмір – бақыт, өмір – жыр.  
Көк шалғынға аунап... (бұл дәурен бастан өтер-ау)  
Ақ шәйі көйлек көгілдір тартты, көкем-ау!  
Көгілдір көйлек көлеңдеп сезім биледі,  
Көктемнің көркі көгілдірлігінде екен-ау.  
Келеміз әсте бақыттың құнын сезіп біз,  
(Мұратты жанның мақсатын алдан кезіккіз).  
Көктем кезіндегі көгілдір көркем әлемді,  
Қол ұстасып кете берсек кезіп біз.

\* \* \*

Көгілдір дүние.  
Айнала бәрі көгілдір.  
Өректігендей, аптығып алға көңіл бір.

Көгілдір нүкте – ақ жолақ сызды ақ лайнер,  
Көгілдір құсым, әсем әніңді төгілдір.  
Арманшыл жігіт, сапардан орал жеңіс боп,  
Көгілдір бояу бозаң тартқанша сөгіс жоқ.  
Бұр жаруы, көктеуі керек сезімнің,  
Аспан да, жер де тегіс көк.  
Шадыман шақта, төгілші сәуле, төгіл нұр,  
Қарттарыңда да жасарып қалсын көңіл бір.  
Жұпар иіс қырмызы қырды ораған,  
Көктемнің түсі, сұлулық түсі – көгілдір.  
Өмір – бақыт, өмір – жыр,  
Білсеңіз және Туымның түсі көгілдір.

\* \* \*

Көгілдір түс,  
Гүл көктемнің нәрі ме,  
Көгілдірге боялады бәрі де,  
Тау реңі – көгілдір,  
Жарасады  
Бау реңі – көгілдір,  
Қала сәні.  
Көгілдір – мұнара да  
Аспанмен таласады,  
Қарашы, эне.  
Жан бітіріп,  
Беретін суретке әр,  
Әйтеуір бұл көктемде  
Құдырет бар!!!

## МАЙ ТАҢЫ-АЙ!

Шіркін, әсем май таңы-ай,  
Гүлге оранған, эне қыр.  
Көктем сайын қайталай,  
Жасау құрар дала бұл.  
Жарқыраған самала,  
Өнері мол біз күткен.

Қалаға емес, далаға,  
Құмартады қыз біткен.  
Татып алма аузыңа,  
Ішімдіктен қаш мейлі.  
Қызыққан гүл қауызына,  
Бір сені  
Бәрібір жұрт мас дейді,  
Мас дейді.

\* \* \*

Жүріп келем шыңдарым көп аспаған,  
Сапарым бар ұзақ жолға бастаған,  
Қол бұлғаған асқақ ән.  
Қырандарша самғап биік түлегім,  
Келген әсте ұл едім,  
Кең дүние, есігіңді аш маған.  
Бұла күші бұлшық етте ойнаған,  
Қызығыңа, шаттығыңа тоймаған.  
Жаңа бүршік жарған Гүлің болар ем,  
Құпияңа құштар едім, алаң ем,  
Кең дүние, құшағыңды жай маған.  
Шығам соған, шыңдарым көп аспаған,  
Жігерім бар ұзақ жолға бастаған.  
Кең дүние, саған кінә тақпайтын  
Ақ бетіңе қара күйе жақпайтын,  
Сапарымда адал жанды дос табам.

## ЖАСТЫҚ ЖЫРЫ

Ей, өмір,  
Сырыңа әлі-ақ қанығамын,  
Өзіңнен бақыт қана танығаным,  
Демеймін, қамығамын, жабығамын.  
Жігерім – шар қайраққа жанығаным,  
Ән бар болса жүректі дір еткізер,  
Ол – менің әнім.

Менің әнім –  
Дүние қорек қылған,  
Жер-Ананы думанға бөлеп тұрған,  
Таңғы шықтай мөлдіреп ерек тұнған.  
Соным үшін жастық деп аялайды,  
Соным үшін өзгеден ерек тұлғам.  
Күтсін алдан ор қазған, тор қамаған,  
Демен әсте қаймығып, «қорқам одан».  
(Мақсаты жоқ түн кезіп жорта ма адам).  
Мың батпанын арманның арқалағам,  
Соным үшін шарпысып от көздерден,  
Менің тойым базары тарқамаған.  
Дауысы сәл айқындау естілді ме,  
Менің тойым жібермес ешкімді де –  
Күмбір-күмбір күйінді төгілдірмей,  
Шай құйдырмай қыздарға көгілдірдей.  
Мергенге оғын жүзіктен өткіздірмей,  
Жүйріктерді көмбеге жеткіздірмей.  
Ақын болса шырайлы жыр естірмей,  
Палуанды алқада күрестірмей,  
Сөйтіп бәрін сынақтан өткізіп ап,  
Жеңімпазға бәйгені үлестірмей.  
Менің тойым –  
Осылай ән болады  
Қызықтырар, қызғантар сән болады.  
Батырлық пен сұлулық таңдағаны,  
Жігіт емес, бұл кезде жанбағаның.  
Олай болса ей, өмір, Жастық деген,  
Дүниенің сөнбейтін Мәңгі Алауы.

\* \* \*

Білем, өмір көктемі, күзі барын,  
Гүл көктемде мыналар қызығарым:  
Жылқышының құтқармайтын құрығы,  
Арулардың толқынданған бұрымы.  
Егіншінің жер өңдеген кетпені,  
Ал жаңбырдың нөсерлетіп төккені.

Шешек атқан даланың қызғалдағы,  
Қыр төсінде соқпақты із қалғаны,  
Сыланғаны, аққудың шомылғаны,  
Тоғайдағы тораңғы, тобылғы әні,  
Қырандардың қызылға шүйілгені,  
Қара шанақ құлақ күйіндегі.

### ДОСЫМ БАР...

Бір досым бар қыз-қырқынға батыл тым,  
Бір досым бар кені тұнған ақылдың.  
Бір досым бар момындау да, қайратты,  
Бір досым бар әлжуаз да, айбатты.  
Бірі күйші қандырар жан сусынды,  
Бірі қиқар шымшып алар қу тілді.  
Бірі тұйық, оңайлықпен алынбас,  
Енді бірі, енді бірі қалжыңбас.  
Мен олардың жүректерін сан ұқтым,  
Демес едім олар барда жалықтым.  
Мен солардың бәріменен данамын,  
Мен солардың бәріменен алыппын.

\* \* \*

Кеудемде менің,  
Жайнаңдар шок болып,  
Төстегі жарқылдар,  
Ойнаңдар ақ көбік,  
Ақ көбік толқындар.  
Атындар тербетіп,  
Гүлдерді таң нұрлар,  
Жатындар селдетіп,  
Селдетіп жаңбырлар  
Тіл бітіп тастарға,  
Орнаңдар ақ шыңдар.  
Фонтандар аспанға,  
Аспанға шапшындар,

Алмайын жоғалтып,  
Көрмейін тапшылық,  
Гүлдеңдер, адалдық,  
Гүлдеңдер, жақсылық.

\* \* \*

Шымырлатып мөлдір сезім бұлағын,  
Сүрінсем де қарсы ап өмір сынағын.  
Жиырма төрттің өрін артқа қалдырып,  
Талайлардың жүрек отын жандырып,  
Жиырма беске шығамын.

Біреулерге ұнамай,  
Біреулерге ұнадым.

Болашаққа сенім артып тұрса күн,  
Енді сірә, қуа алмаспын құр сағым,  
Білем және білем және ағаның.

«Бұздық талай асау сезім, тоғанын,  
Сенің әлі өз дауысты жоқ әнің».

Деп келіп бір; деп келіп бір ұрсарын,  
Ренжітпе мені алау, нұр шағым.

Жүрегіме бір сәуле құй тек менің,  
Бақыт гүлі – өр кеудеме еккенім.

Белгісіздеу болып еді келгенің,  
Жиырма бесім балауса гүл, көктемім.

Белгісіздеу болса және кеткенің,  
Онда менің көз тартпайды өрмегім,  
Балым емес, боп кеткенің кермегім.

Өзің жайлы қалмаса есте бір қызық –  
Онда менің,

Онда менің...

Өлгенім!

\* \* \*

Сағындырды, аңсатты,  
Самал желді, құба түн.  
Сағындырды аңсатты,  
Жайлау, сенің шұбатың.

Сағындырды, аңсатты,  
Собалақ нан бір үзім.  
Сағындырды, аңсатты,  
Жайлау, сенің қымызың.  
Сағындырды, аңсатты,  
Сылаңдаған су сағым.  
Сағындырды, аңсатты,  
Жайлау, сенің жусаның.  
Менсінбестен дауласам,  
Балдан тәтті суатың.  
Жусаныңа аунасам,  
Арта түсер қуатым.

### АЛҒАШҚЫ ҚАР ҚЫЗЫҒЫ

Жолдың үсті  
Жердің үсті  
Ақ жамылған тек қана,  
Ұшып жатқан,  
Түсіп жатқан ақ түбіт пе, мақта ма?  
Алма беті бал-бұл жанған топ бала,  
Соғып жатыр аққала.  
Жас жігіттің мойнына  
Бір бойжеткен бал қылық,  
(Риза өзі ойынына)  
Жіберді әне қар тығып.  
Жүректерді дәл осындай ақ сезімге толтырып,  
О, дүние,  
Мәңгілікке пәк күйінде қал тұрып...

### ЖИЫРМА БЕСПЕН СЫРЛАСУ

Ей, жиырма бес, қош келдің,  
Ақтарайын сырға сыр,  
Қайтайықшы гүл теріп, меніменен қырға жүр.



– Не тындырып, не қойдың маған дейін, – дейсің бе,  
Үйлендіріп достарды қолым тимей жүр қазір.  
Бақыт болып тек қана, қуаныш боп көз алдым,  
Жиындарда, тойларда шалқып тұрып сөз алдым.  
Ішіп алып биледім ұстап сұлу белінен,  
Өзім думан әйтеуір, өзім ғана базармын.  
– Қандай, қандай жүректен жұрт сүйсінер жыр естісең?  
– Алқа топтың алдында күш сынастым, күрестім,  
Шыдай алмай намысқа шатасып та қалдым мен...  
– Менен басқа қоя қой, естімесін мұны ешкім.  
Бозбала емес ду құмар, ақыл ойың еңселі,  
Дырлуды қой, ей жігіт, ер етемін мен сені.  
– Лапылдайтын, жанатын нағыз, нағыз кезім бұл,  
Мен дайынмын, жиырма бес, не істесең де өзің біл!

\* \* \*

– Шапшаңдықпен деп келесің жолды ұтам,  
Жүрісіңе мына досың болды таң.  
Асығамыз кабинада қайда біз,  
Ентелейміз неге алға оу, Мұқан!  
Ұнатушы ең қалжың сөзді, әзілді,  
Артатынсың, базынаңды, назыңды.  
Кеңесейік өмір жайлы азырақ,  
Екіленбей жайлап басшы «газыңды».  
Көңілді өтер әрбір алау кешіміз,  
Дұрыс жандар сияқтымыз есіміз.  
Мақтанарлық, ескерткіш боп қалардай,  
Айтшы, досым, не бітірдік осы біз?  
– Жиырма бесте арды қолдан төккізбей,  
Ісімізді жүрген жақсы сөккізбей.  
Ұялмастан ауыз барып айтарлық,  
Әлі ештеңе тындыра алған жоқпыз ғой.  
Қайрат барда бойға сыймай тасыған,  
Орынсыз-ақ, мыс-қоладай жасыған.  
Ізімізді мынау дала бетіне,  
(Сұрадың ғой айтайын)  
Өшпестей ғып, қалдырсам деп асығам  
– Бұл пікірге, досым, мен де қосылам.

\* \* \*

Сайыс бар ма?  
Сәйгүлігін баптайды,  
Қалай қайрат бір жұлқыспай тоқтайды,  
Жиырма бестер дамылдауды білмейді,  
Жиырма бестер түнде де ұйықтап жатпайды.  
Жүрек деген алып-ұшып соғады,  
Толқындардай ұрған жартас, жағаны.  
Жиырма бестер шырқау биік шыңды асып,  
Жиырма бестер жұлдыз болып ағады.  
Жиырма бестер табар адам мұратын,  
(Осы шақ қой үй-тұрмыс та құратын).  
Жиырма бестер біле білсек өмірге,  
Көрік беріп тұратын.

\* \* \*

Маған ыстық бұйрат құмдар, шағылдар,  
Маған ыстық ұстатпайтын сағымдар.  
Не ойлайды екен қаладағы мен жайлы,  
Дала ұлдары Мұқандар мен Сағындар.  
Жоқ ұлыңда өзің жайлы ой бөтен,  
Алып ұшам саған ылғи ей, мекен.  
Олар мені жөнді, жөнсіз кінәлап,  
Оны қойшы, тайқып жүрген, – дей ме екен.  
Айыпта, дос, айыптама әйтеуір,  
Қинайды ғой мені осы жай, тегі.  
Ұстасам деп, ұстасам деп жалынан,  
Бір арманды қуып жүрсем қайтемін...

## АЯУЛЫ ҚҰЛСАРЫМ

*(Әнге арнап)*

Качалка тынбайды, жырлайды сазыңды,  
Ұлдарың өр тұлға, қыздарың наз үнді.  
Құлсары – кең кеуде мұнайшы қаласы,  
Есімің тарихқа, тарихқа жазылды.



Арманым, аңсарым –  
Аяулы Құлсарым.  
Жұлдыздай самсаған,  
Самсаған нұр шамың.

Ақ бұлттар жайлайды мұнара төбесін,  
Жүректің жаңбырын – ән-жырын төгесің.  
Достықтың отауы – «қара алтын» Отаны,  
Сұлудай күн сайын құлпырып келесің...

Байырғы Кең Жылой, бүтінгі Теңізім,  
Еліме қан берер тамырым ең ұзын.  
Көремін өзіңнен бабамның арманын,  
Сұңқардың тұғырын, тұлпардың мен ізін.

## **КҮЗЕТЕМІН, СЕНІ ОТАН!**

*(Жас шекарашы жазбаларынан)*

### **1. Сәулелі достық мендегі тілек**

Кек пенен ызаны оқ қылып ататын,  
Солдаттар майданда қансырап жататын.  
Ынырсып, күрмеліп әрең тіл қататын,  
Соғыстың апатын,  
Көргем жоқ.  
(Көру үшін де өмірге келгем жоқ).  
Бірақ, мен жауыздық, тағылық ісімен,  
Тарихта қалдырған өшпейтін ізімен.  
Естумен, аяғы, қолы жоқ кісіден,  
Түсінем.  
О, менің киелі мекенім,  
Соғыстың құнының не екенін.  
Қайтадан сол өртің жанбасын,  
Жүректер шаттықты толғасын.  
Сұм қайғы басқа кеп қонбасын,  
Армандар солмасын, –

Деп ұлың тапжылмай қырағы,  
Ей, Отан, күзетінде тұрады.

\* \* \*

Қырық бірдей күн туса саған, Отан,  
Жалмамақ боп бақыттың байтақ әнін,  
Махаббатпен кіршіксіз балаңа тән,  
Жарқ етем, – деп көгінде айта аламын.  
Кемерінен жігерім жатыр асып,  
Кеудем менің тұрады дауылдан тек.  
Ондай сәтте солдаттар Матросов,  
Командирлер кетеді Бауыржан боп.  
Ерлік оты жанарда жанады шын,  
Мен жанымды дүлейге сынаттырам.  
Танктің табанына Отан үшін,  
Гранат қып жүректі лақтырам.

\* \* \*

Опасыз боп кетсем, досым,  
Шалыс басып жаңылыс.  
Жүрегінді кек кернесін,  
Шап басымды, мә, қылыш.  
Опасыз боп кетсең, досым,  
(Жексұрынсың онда сен).  
Еш ойланбай сескенбестен,  
басыңды онда мен кесем.

\* \* \*

Ей, адамзат!  
Райхан гүлдер солмасын,  
Бақыт құсын қондыратын қолға шын.  
Жыламасын жарын күткен жас ана,  
Құламасын алтын діңгек – босаға.  
Атында да, затында жоқ ұсқын,  
Кім тілейді алапатын соғыстың.  
Сәні неде, мәні неде дүниенің,  
Ару жүзі тартып жатса көгіс кіл.

О, жендеттер!  
Сенбе мейлі, сен мейлі,  
Біз ешкімді тонағымыз келмейді.  
Жер шарының түкпіріне тым алыс,  
Күн сәулесі түссе бізге қуаныш.  
Атында да, затында да жоқ ұсқын,  
Кім тілейді алапатын соғыстың.  
...Ал соғыста шегінбеймін бір адым,  
Бірақ менің бейбіт өмір жыр-әнім.  
Бірақ менің туысқандық мұратым.

\* \* \*

Жауыңнан еш ығыспа,  
Қорқынышты тіпті ұмыт.  
Солдаттарға ұрыста,  
Ең керегі – мықтылық.  
Жауыңмен еш ұғыспа,  
Арыңды ойла Отандық.  
Солдаттарға ұрыста,  
Ең керегі – қаталдық.  
Құлата алмас тауыңды,  
Оны осал деп ойлама.  
Жеңу үшін жауыңды,  
Керек және айла да.  
Командирдің бұйрығы,  
Аманаты Отанның.  
Сондықтан да сыйлы ол,  
Сондықтан да қатал тым.  
Жараланып ауырмен,  
Қалсаң да жау торында.  
Болсаң нағыз жауынгер,  
Сол бұйрықты орында.  
Тосып өлім – «сыйлықты»,  
Қиын-қиын жол жатсын.  
Орындасаң бұйрықты,  
Міне, сонда солдатсың.

\* \* \*

Малмау үшін арулар,  
Қайта жасқа кірпігін,  
Болдырмауға жарылған,  
Бомбалардың зіркілін,  
Күзеттемін!  
Мұқалмауға көңілдер,  
Қапасында тор сымның.  
Көз жасы боп егілген,  
Деген оймен құрысын мұң,  
Күзеттемін!  
Гүл егуге алаңға,  
Бұлт шалмауға аспанды.  
Адам менен адамға,  
Жасатпауға қастандық,  
Күзеттемін!

## 2. Самғадым көкке өзінде түлеп

Бакытты тартып алар қиядағы,  
Асыл арман кеудеме ұялады.  
Менің орным – мұнайлы мұнаралар,  
Менің орным – театр, би алаңы.  
Менің орным – домнаның от демінде,  
Менің орным – армандар мектебінде.  
Менің орным – комбайн кабинасы,  
Менің орным – жайлаудың нақ төрінде.  
Бұрыс кеткен қатемді түзет, сына,  
Ей, ағалар!  
Бас ием ізет қыла.  
Менің орным – бортында «Союздардың»,  
Менің орным –  
Шекара – күзет мына.

\* \* \*

Жүрмесем де даңқ пенен атақ ап,  
Киелі Отан, балаң сыннан өте алад.

Жүрегімде – сыймай жатқан сағыныш,  
Жүрегімде – қимай кеткен махаббат.  
Әсем неткен күліп атқан таң шағы,  
(Менің жаным бір бакытты аңсады).  
Зер төгемін болып Отан, Қадыр жыр,  
Аймалаймын болып сені Шәмші әні.  
Қымбат маған гүлге тамған күміс шық,  
Қымбат маған арадағы туыстық.  
Жүрегіме қаным болып тараған,  
Қазақстан атың сенің тым ыстық.

\* \* \*

Кіріскем жоқ әзір мен күз қамына,  
Сенбес едім жүрегім мұздарына.  
Мен ғашықпын – өр тұлға ұлдарыңа,  
Мен ғашықпын – қыпша бел қыздарыңа.  
Жүземін де, көп сырға қанамын не,  
Оранса ақ сәулеге дала мүлде.  
Мен ғашықпын – ақ боран қуатына,  
Мен ғашықпын – хош иіс дала гүлге.  
Сары аязды үскірік қыста мына,  
Орап алам жүрегім ыстығына.  
Ғашық болсын дәл мендей  
Ғашық болмау,  
Жастар үшін кешілмес күшті күнә.  
Жүрек жатыр кеудемді өртеп менің,  
Ол өзі сүйер білер тентек керім.  
Бұл жүрекпен сен үшін, аяулы Отан,  
Жанымды да қиюға серт еткенмін.

\* \* \*

Отанымның жауына ор қазам, – деп,  
Тарихтың жарқын бетін жазам, – деп,  
Лақылдаған оққа ұшты, жас дәурен,  
Лапылдаған отқа түсті, жас дәурен.  
Демейтұғын күшім бітіп таусылды ой,  
Жастық деген батыл болар маусым ғой.

Замандас-ау, осы шақта,  
Бір лапылдап көрмесең,  
Қарыздарсың аяулы Отан, елге, сен!

### 3. Аңсады сені, сағынды жүрек

Аңсаймын қырды желпіп бір самал өткенде,  
Аңсаймын сырды құрбыға шертер көктемде.  
Кездескендердің бәрін де құшсам деп жүрмін,  
Жатсыну деген жоқ менде.  
Бозторғай көкте бар әуенімен қайталап,  
Шарықтап тұрып, сазды бір әнді айтады-ақ.  
О, шіркін, дала,  
Жазығыңда бір желпінбей,  
Жазира көңілім қалайша мынау жай табад.

\* \* \*

Шықпай жатып ауылдан-ақ, жол бастап,  
Қобыз-кеудем сағынышқа толды асқақ.  
Түсінді ме менің мөлдір сырымды,  
Кетті бір дос солдат жайлы ән бастап.  
Сезім жайлы бұл нәзік ән, асқақ ән,  
Бақытты етті мені өзгеше басқадан.  
Адам жанын түсінетін, достар-ай,  
Қайда жүрсем сендерді естен тастаман.  
Вокзал басы абыр-сабыр көп халық,  
Қоштасу сәт зымыраумен жетті ағып.  
Поезд жүрді.  
Қимастықпен қол бұлғап,  
Жас жарым мен достар қалды топталып...

\* \* \*

Ұйқыда бар әлем,  
Мен жалғыз ояумын.  
Заматта барар ем,  
Алыссың, аяулым.  
Шалқитын теңіз боп,  
Сол тандар атсын да.



Бұл түнде мені іздеп,  
Сен де әлде жатсың ба?  
Жүрегім от дер ем,  
Ұнатқан үшін бе.  
Өзінді көп көрем,  
Көп көрем түсімде.  
Керемет көркің де,  
Сәулесі жанса айдың.  
Таусылып еркім де,  
Аңсаймын, аңсаймын.  
Қанша айлар өтпеді,  
Жаныммен бірсің бе.  
Бір көрсем деп мені,  
Аяулым, жүрсің бе?

\* \* \*

Күтіп бірге жылдағы жыл құсымен,  
Болып жүр ме жаныңның күлкісі кем.  
Толып жүр ме жүрегің сағынышқа,  
Нәсер тілеп жаумаған бұлт ішінен.  
Қызыл нұрға боялған таң шағында,  
Аңсадың ба сен мені, аңсадың ба?  
Жалғыздықтың азабын көңілге орап,  
Жүрегіңді батырдың қанша мұңға.  
Қырға шығып гүл терген кездерінде,  
Іздің бе, сен мені іздің бе?  
Жарқын бейнең күн болып күлімдейді,  
Өтіп жатқан күндердің тізбегінде.

**ӘН**

Ойын, қырын, адырын,  
Құшқың келіп жүресің.  
Досым, елдің қадірін,  
Алыс жүрсең білесің.  
Өзге өңірден ерекше,  
Сұлу болар таңы да.

Құмартасың керексе,  
Аунасам деп шаңына.  
Айтар болсам жасырмай,  
Оның сыры, мәні бар.  
Әр жүректің асылдай,  
Туған жерге әні бар.  
Жүрегіммен енді ұққан,  
Хабар күтіп күнбе-күн.  
Шекарада сондықтан,  
Сақшы болу-міндетім.

## АҚ ЖАЙЫҚ-АРУ

### I

Ақ Жайық-Ару, сылдырап әсем ағасын,  
Өзіңмен тартам безбенге тірлік бағасын.  
Қондырар шөлді бал суың,  
Сондықтан сенен жоқ асыл.  
Ақ Жайық-Ару, мен үшін сенен жоқ асыл,  
Ұғынасың да ұлылығыңды жартасқа шапшып соғасың.  
Сімірер сені барлаушы, малшы аптапта,  
Тамшылар зерлеп жағасын.  
Атыраудағы жасампаз өмір нәріндей,  
Ақ Жайық-Ару,  
Ақ Жайық-Ару ағасың.

### II

Жүзі қоңыр, жел қақты да күн өтті,  
Шопан былай толғар еді толғаса:  
«Өзге сулар толтырады жүректі,  
Шай шығарар Жайық суы болмаса.  
Бұрынғыдай татымайды таңдайға,  
Суы зәрдей шыңырауға қонсақ та.  
Жайық суын жазған біздің маңдайға,  
Тездет, шофер, аңсатпа.

«Жигулилер» ауыстырды аттыны,  
Кезіміз мол жиі-жиі жол шегер.  
Іздемейміз өзге тәтті-мәттіні,  
Үнді шай мен Жайық суы болса егер».  
Жапан дала мұнараның жанында,  
Моторисің ал былай деп әндетер:  
«Өзенің де, көлің де жоқ маңымда,  
Бірақ асты Жайық суы дәмді етер.  
Бұл ісімнен көріп тұрсың оғаш не,  
Құм бораны жаңа тынып басылған.  
Осы судан қымбат нәрсе жоқ әсте,  
Жүз шақырым қашықтықтан тасылған.  
Бұндай сәтті барлаушылар көп көрген,  
Абыржыма, қонақ жігіт, күйзелме.  
Бар жұмысқа, бар табысқа от берген,  
Жайық суын жаратады дизель де.  
Емес әсте кербездіктен, пандықтан,  
Түсінерсің сөздің ара жігін жай.  
Жайық суын сондықтан –  
Қадірлейміз көздің қарашығындай».

## ТОРСЫҚ ТУРАЛЫ СЫР

Бұл сырды тыңда,  
Ойла, күйге бөлен.  
Туған жер топырағын сүйген өрен.  
Дала ғой сырласып кең даласымен,  
Бешім қарт келе жатты баласымен.  
Қысқарту ұзақ жолды аңсағаны,  
Жолаушылар сызылтып ән салады.  
«Білген дала сұрлана, нұрлана да,  
Шөлдіркемей жетсек-ау бір қараға.  
Қыз баланың қылықты мінезін айт,  
Бір ерлік жасау керек ұл балаға»...  
Кім көрген бұрын сірә бұл ғажапты,  
Сортаңда жылжып ағып жылға жатты.

Жаздады көліктері ішіп ала,  
Қараса аққан «судың» түсі қара.  
Қасиет, құдірет, – деп сыр түйеді,  
Бір атты, бір түйелі.  
Түсінді ме, кім білсін, тылсымына,  
Әлгілер әлгі майды  
Құйып апты торсығына...  
(Шөлдетпейтін кім болса да жолшыны,  
Торсығы ғой шалап толы торсығы).  
Бұл өңірді бұрын тек мал даусы бар,  
Содан соң қаптап кетті барлаушылар.  
Көп екен құпия тең шешілмеген,  
Жөн-жосықсыз құмы да есілмеген.  
Торсық толы олжасын Москваға,  
Жолдамапты ғұлама Бешім бекер.  
Төбеңнен жөңкіп көшкен ақша бұлтың  
Туған жер, өзінді ұлың бек сағынды.  
Танытты қасиетінді осынау бір,  
Басынан атқан фонтан қос шағылдың.  
Бітпес керек бұл байлық отсыз жанға,  
Жалғады бұрғышылар таңды таңға.  
Қосшағылдың фонтаны тәулігіне,  
Атқылады «қара алтын» 400 тонна.  
Бұл фонтан елге бақыт ала келді,  
Оятып маңғаз жатқан дала-белді.  
Таратты маңайына шұғыласын,  
Қаратты бір өзіне бар әлемді.  
Сан ғасыр үнсіз жатқан дала сұлық,  
Аз күнде шыға келді аласұрып.  
Самсады маңғаз-маңғаз мұнаралар,  
Болып тек аспандағы таласы бұлт.  
Саған қимай қоштасты батырың да ай,  
Шапағы да күн нұры шапағындай.  
Өз атанды ей, Ембі, Бешім деп біл,  
Көмір атасы Байжанның Апағындай.

Бас ұрып топырағына сыйынған соң,  
Бұл өлкені дей алман жиылған сор.  
Ең алғаш қазанға емес, құбырға емес,  
Және майы торсыққа құйылған соң.  
Атырауда өзіндік ою бөлек,  
Ою бөлек жасауды жаю керек.  
Айналайын адамдар, сол торсықты,  
Тауып алып, музейге қою керек.

## ЕЛУГЕ КЕЛГЕН ДОСҚА НАЗ

*(Кәдірбайға)*

Асыл досым, сағынысып көріскен,  
Жем суынан мен де ішкенмін, сен ішкен.  
Кеше еді ғой... құрбы-құрдас, балғын кез,  
Тай-құлындай тебіскен.  
Көңіл әлі сол шақтарға желуде,  
Өмір нәрі – досқа назар бөлуде.  
Нанайын ба, нанбайын ба досым-ау,  
Қалай ғана кеп қалыппыз елуге?  
Сан қауіптің қыл шылбырын үзгенбіз,  
Талай сырдан гауһар-моншақ тізгенбіз.  
Қызғалдағын теріп қырдың қырмызы,  
Қамыскөлдiң толқынына жүзгенбіз.  
Кез еді ол жанарда от маздаған,  
Достық көңіл боз інген боп боздаған.  
Құлсарыда ең биік үй-ұямыз,  
Мұғалімге ғашық бола жаздаған.  
Қазір міне, ақылманбыз, іріміз,  
Жарасады әзіліміз, жырымыз.  
Құда түсіп қалыңдықтың ауылына,  
Үйлендірдік бірімізді-біріміз.  
Жанымызда қыз мүсінді жарымыз,  
Таусылған жоқ елге берер барымыз.

Кідіре тұр, Елу аға,  
Жүргенде,  
Жиырма бестің бақшасында әлі біз.  
Көштің көркі кеп салтанат, сәніміз,  
Шырқалуда бақыт жайлы әніміз.  
Кідіре тұр, Елу аға,  
Жүргенде,  
Отыз жастың бақшасында әлі біз.  
Керуенге ұласыпты сәніміз,  
Шырқалуда шаттық жайлы әніміз.  
Кідіре тұр, Елу аға,  
Жүргенде,  
Қырық жастың бақшасында әлі біз.  
Өзгешелеу, маңыздылау әуені,  
Адамзаттың бәрі содан дәмелі.  
Суарылған бал мен кермек нәрінен,  
Ер Елудің бақшасында мәуелі, –  
Дейді өзгелер: – бұл бақшаға кірерде,  
Жүрегінді мықтаңқыра әуелі.  
Жиырма бестің қиып түсер қылышы да осында,  
Отыз жастың орда бұзар ырысы да осында.  
Қырық жастың камал алар нұр ісі де осында.  
Сосын ба?..  
От оранған он сегізде, қарт жүзің де мақұлдар,  
Осы Елуде – қазына бар, ақыл бар.  
Сол ақылға бағынады Ару да,  
Сол ақылға бағынады қару да.  
Бәрі ынтық мәуелі бақ елудің,  
Жемісінен дәм татуға, баруға.  
Олай болса кемел кезің – бұл кезің,  
Өн бойыңда лапылдасын Гүл-сезім.  
Елуінде –  
Ел басқарар Дана болғың келе ме,  
Қорғансызға пана болғың келе ме,  
Ісі шала бала болғың келе ме,  
Асыл досым, білші өзің!!!

## КЕРЕК БІЗГЕ ИСАТАЙДАЙ АРЫСТАН

*(Батырдың 200 жылдығына Махамбет*

*селосында оқылған өлең)*

Оң қолында жарқ-жұрқ етіп алдаспан,  
Қас жауына сермеп өткен талмастан.  
Арыстан ұл – Тайманұлы Исатай,  
«Жайық үшін жан беріп,  
Қиғаш үшін қандасқан».  
Ардың туын түсірместен төбеден,  
Қаймықпаған борап ұшқан жебеден.  
Соның бәрі алу үшін – Еркіндік,  
Соның бәрі болу үшін – Егемен.  
Жан серігі ер Махамбет – сөзі алмас,  
Қиып түсер, ол мазаққа төзе алмас.  
Туып кеткен бір ақын, бір батырдың,  
Сымбатынан кім-кімің де көз алмас.  
Кетпек емес халық берген нұр беттен,  
(Сендер жайлы әуезді еді жыр неткен).  
Құшағына ап Махамбетті Маңғыстау,  
Ханға бермей аялады құрметпен.  
Жағасында жаудың қолы қарысқан,  
Бостандықтың ақ күні үшін алысқан.  
Тусын ләйім, тусын ләйім қазақтан,  
Исатайдай батыр ұлдар – Арыстан.

## ТАМ БАЙҒАЗЫ

*(Қашаған ақынға арналып, халық ықыласымен*

*салынған әсем ескерткіш мавзолейдің ашылу*

*салтанатында оқылған өлең)*

Тұлпарым, қамыс құлақ кекілденген,  
Сан торды бұзып өткен, бекінгенмен.  
Дамылдап тынығуға жатырмысың,  
Арысым, арынды өзен секілденген.

Иә, иә арысым, ақын құсым,  
Тарпаң тұлпар тәрізді батыл-ды ісің.  
Орыныңнан бір мезет аунап түсіп,  
Ұрпағыңа риза боп жатырмысың.  
Бізбенен келермісің тұрып сөзге,  
Алаулайды дарының ұрып көзге.  
Орнатылған тамыңа байғазы алып,  
Бар халық жиналуда «Қырық кезге».  
Ардақтаған атағын даласының,  
Ардақтаған аруағын бабасының.  
Ұрпақ қана өшпейді, өркендейді.  
Жоғалтпай бір дәнін де санасының.  
Мерейі өсті даламыз, жотамыздың,  
Қуаныштан құшақтасып жатамыз кіл.  
Аман болсын халқымыз асылдары,  
Құтты болсын мекені атамыздың.

## ТУҒАН КҮНДІ ТОЙЛАМАЙМЫН

Мейлі сана наданға,  
Мейлі теңе жаманына одан да.  
Туған күн де, өлген күнде біреу-ақ,  
Адамда.  
Жөн-ау деймін мәнді ұққан,  
Дендер мейлі: «болдық таң».  
Мен өзім  
Туған күнді тойламаймын сондықтан.  
Қарашы!  
Мол болатын қуанышы, жарасы.  
Ғұмыр деген –  
Туған күн мен өлген күннің арасы.  
Ана болған талайларға бұл мекен,  
Мекенімді жеткенше әлім гүлдетем.  
Туған күнді тойлай берсін тойлайтын,  
Ал өзім –  
Бір келем де, дүниеден бір кетем.



## МЕНІҢ КЛЕОПАТРАМ

Арнадан асып сыймаған,  
Жүректе жатыр әндерім.  
Жаныма гүл сыйлаған,  
Ізбасар ұл сыйлаған,  
Сен – Клеопатрам менің.  
Даралығымды кіндіктен,  
Ұғып біліп,  
Жара-мұңымды кірпіктен,  
Ұмыттырып.  
Жіберген, иә, сен Клеопатрамсың,  
Күліп тұрып.

## ТУҒАН ЖҰРТҚА ТАҒЗЫМ

Ескі жұрт, саған бас ұрып,  
Тербеттім жанды сезіммен,  
Сағыныш тамды көзімнен.  
Әкемнен таяқ жеген жер,  
Бошалап кетіп бозінген.  
Желіні толып бойынан,  
Жеті күн асып айынан.  
Қиған соң қилы тамырын,  
Қансырап барып қайыған.  
Бозінген боздап қорада,  
Тұратын ниеті – далада.  
Солардың бәрі санаға,  
Құйылып самсап бұлақтай,  
Сәуле боп жарқыл қағады, ә!  
Келгенмін соны сағына,  
Қызыл орамалды қыз болып,  
Қол бұлғап... жайлап жүз-көрік.  
Солардың бәрі, солардың,  
Арбайтын алыс сағым, ә!  
Туған жер барда ескен леп,

Кеудеде қалай от сөнбек?!  
(Өзінде туып өскен көп)  
Келдім мен саған жеті аунап,  
Күш-қуат алып кетсем деп...

**ДОСТЫ АҢСАУ**  
(Марқұм Кеңшілікке)

Алматыда... Иә, иә арайлаған,  
Өтті біздің бастан да талай заман.  
Аэропортта қарсы алар Кеңшілік жоқ,  
Кеңшіліксіз қалаға қалай барам.  
Қалай барам... онда сыр кім бөлісер,  
Бал сыраны япыр-ау, кіммен ішем?  
Омырауын айқара ашып тастап,  
Төспен-төс түйістіріп кім көрісер?  
Өзі үрлер зергерлік көрігін өз,  
Күрсіністің қылдың да елігін кез.  
Қайда кеттің ғайып боп, ақын досым,  
Ерке мінез, өр мінез, сері мінез.  
Даурығатын, жеңгенше таласатын,  
Және білер әр нәрсе парасатын.  
О, Кеңшілік: «Мағжаннан кейінгі ақын,  
Бір өзім», – дейтінің де жарасатын.  
Алматыда... Иә, иә, арайлаған,  
Өтті біздің бастан да талай заман.  
Жарқыл қағып қарсы алар Кеңшілік жоқ,  
Кеңшіліксіз қалаға қалай барам?

**СЕН – МЕНІҢ ШАҒАРИЗАДАМСЫҢ**

– Бұл сырды айтам жүрегімнің үнімен,  
Сезім отқа өртенердің бірі мен.  
Білсең, жаным, Шағаризадамсың, сен менің,  
Ғажап-ғажап сыр шертетін түнімен.

Таптым сені, табарымды біліп ем,  
Бүршік атқан алма бақтың гүлінен.  
Әумесерлеу, бірақ адал жанымды,  
Аялашы шын ғашықтың тілімен.  
Жұмбағына бұл өмірдің кімнің жеткен зейіні,  
Тұп-тұнық деп ұғынамын маған деген пейілің.  
Менен асқан бақытты адам болмас жердің бетінде,  
«Мәртебелі Патшам, – десең күліп қана, – Ей, Ұлы!».  
– Ей, Ұлы, Бақытты Патшам!  
Болып шықпай жол торитын қарақшым,  
Болып шықпай шарапшыл,  
Болсаң егер тәңірім.  
(Ер әйелге болу керек тәңірі)  
Ал тәңірдің екі етілмес әмірі.  
Айтсаң болды  
Арманыңды алып ұшар алысқа,  
Құсың болам – Самұрық.  
Гауһар тасты жүзік ек...  
Тақпақ болған ер жігіттің жүзі кеп.  
Сол гауһардың иесі сен, өзіңе  
Шаһаризададан артық етем қызмет.  
Тек қана...  
Бақыт үркек ұшып кетер қона алмай,  
Қонбаған соң мұң ұялар жанарға-ай.  
Көп әйелдер Шаһаризада бола алмай,  
Көп еркектер әмір-патша бола алмай.  
Өз патшасын тапқан ханым бақытты,  
Қарақшыға тоналмай...

## ПАРСЫ САЗДАРЫНАН

(С. Есениннен)

Орыс халқының ұлы ақындарының бірі Сергей Есениннің лирикасы адам сезімін сиқырлап, ғаламат күйге түсіреді. С. Есенин өлеңдері қазақ тіліне аударылып, бірнеше рет кітап болып шықты. Оның



шығармалары оқыған сайын мені де бөлек сезімге бөлейді. Қазақтың көрнекті ақындары Ғ. Қайырбеков, Қ. Мырзалиев ағаларымның жеріне жеткізген көркем аудармаларына қарамастан ұлы ақынның «Парсы саздары» атты ұялас өлеңдерінің біразын мен де өзімше қазақша сөйлеткім келгені...

\* \* \*

Ескі жарам жүректегі шеменім,  
Жазыларын байқағам.  
Оның емі (болмаса да дегенім),  
Тегеранның гүлдері мен шайхана.  
Шайханашы иығы да зор мына,  
Атақ пен даңқы тұрар сай.  
Арақ пен шарап орнына,  
Құяды маған күрең шай.  
Қожайын, сыйла барыңмен,  
Жазылсын жанның жарасы.  
Астынан перде жалынмен,  
Тегін бе қыздың қарасы.  
Қыз ғұмыр мына сіздерде,  
Байлаулы иттей аңдарсыз.  
Сүйісер жастар біздерде,  
Ақшасыз және қанжарсыз.  
Мен ұнатқан орасан бір,  
Үшін Ару гүл өңі.  
Мә, шәлісі Хорасанның,  
Мә, Шираздың кілемі.  
Шәйінді әкел, ағат менен,  
Кетпеді әсте Гүлдеймін.  
Өзім үшін жауап берем,  
Ал сен үшін...білмеймін.  
Шыныма сырдың сізге өзі,  
Бакшанда маған есік бар.  
Күлімдеп перде астынан,  
Тұрғанда қарап қыз көзі,  
Айта алам мұны кесіп дәл!

\* \* \*

Бірді екі етер адамдарға байқаған,  
Иесінен шайхана  
Деп сұрадым: парсыша мен Лалаға,  
Қалай нәзік «ғашықпын», – деп айта алам?  
Дүниені жел секілді шайқаған  
Иесінен шайхана:  
Деп сұрадым: Әдемі қыз Лалаға,  
«Сүйгізші», – деп қалай ыммен айта алам?  
Сұрадым мен, сұрадым мен тағы да,  
Жүрегімнің әміріне бағына:  
Қалай айтам әдемі қыз Лалаға,  
«Жаралғансың – деген сөзді – бағыма».  
Деді әлгі адам сұрағыма төзбеген:  
Гүл-махаббат айтылмайды сөзбенен.  
Айтылады, айтылады тек қана,  
Жарқ-жұрқ еткен көзбенен.  
Айтарым сол және осы бар шыным,  
Сүю сөзін аударуға қарсымын.  
Сүю деген жинақталған гүл нәрі,  
Еріндерде еріп кетер бал шырын.  
Махаббаттан құтылмайсың қашқанмен,  
Барарың сол қайғырғанмен, тасқанмен.  
«Сен менікі» деген сөзді тек қана,  
Айта алады бет пердені ашқан қол.

\* \* \*

Шаганэ, менің Шаганэм!  
Айтуға жырдың қандайын  
Далалық жанмен мен дайын.  
Елімде тербер ән дәйім,  
Шаганэ, менің Шаганэм!  
Солтүстік жақтың ұлымын,  
Желпіген самал тұлымын.  
Бермеймін Рязань сый-назын,  
Болса да сұлу Ширазың.

Даламнан алған жирен түс,  
Егін, шашымды тербеймін.  
Қолыңмен сипа, өр мейлің,  
Өзіңнен өзге көрмеймін.  
Толқындаған егін жайды ай асты,  
Менің бұйра шаштарымнан ұғын, біл.  
Әзіліммен орап жатам, бүгін күл,  
Оятпашы елестерін сонау күннің бұлыңғыр  
Толқынданған егін жайды ай асты.  
Шаганэжан, жаным менің Шаганэм,  
Арнағандай саған эн,  
Арнағанмын бір қызға.  
Ойлайтыны мен болармын тым қызба...  
Шаганэжан, жаным менің Шаганэм!

\* \* \*

Дедің сен: «Саади әйелдің,  
Төсінен өзге сүймеген»,  
Токтай тұр жаным (әй, өлдім),  
Оны да мен үйренем.  
Әндеттің тағы: «Қыздары,  
Ефрат жақтың – бейне гүл».  
Бай болсақ егер біз-дағы,  
Болар ед өзге сөйлемің.  
Қуаныш маған жаға ма?  
Жұлар ем гүлдің бәрін мен.  
Шаганэ, жаным Шаганэ,  
Асып кетпеу үшін әріңнен.  
Сүймесең мені келмес ең,  
Айтпа сен ойдың жоқ емін.  
Ақын боп тудым ендеше,  
Ақынша сені өбемін.

\* \* \*

Босфорда болу жазбаған,  
Болмад деп және сөкпеңіз.  
Көгілдір оты маздаған,  
Жанарың сенің – көк теңіз.

Бағдатқа және бармадым,  
Керуенмен жібек тасыған,  
Тізеңде сенің – арманым,  
Дем алсам-ау деп асығам.  
Жаныма, менің денеме,  
Бермесе деймін ит өлім.  
Парсының қызы, келе ме,  
Қиялдағы елді бір көргің?  
Мықты еді неткен жаратқан,  
(Толмай ма сірә, тақымың).  
Телмірте саған қаратқан,  
Ресейдің мықты ақынын.  
Еліктірдің гүлге ұқсап,  
Сен шақырдың, жолдамын.  
Аймалады жұп-жұмсақ,  
Аққу қанат қолдарың.  
Күндерге өткен өкінбен,  
Белгісіз не күн тумағы.  
Бір нәрсе айтшы, өтінем,  
Көңілді елің туралы.  
Келсем де сені ұнатып,  
Тағдыр неткен көп әсем.  
Бір нәрсе айтшы жұбатып,  
Алыста қалған аруды,  
Сағынсын жаны демесең.

\* \* \*

Алқызыл нұр шашқан әсем өлкеде,  
Гүлдер үнсіз ғашық жырын шерте ме.  
Хайям айтқан бір әнді айтшы, аяулым,  
Жаным мұңлы бір нәрсеге қаяулы.  
Гүлдер үнсіз ғашық жырын шерте ме.  
Шираз үстін көмкереді ай нұры,  
Ал жұлдыздар бүркей ме екен қайғыны.  
Ұнамайды осы дәстүр еш маған,  
Гүл қыздарды перде астында ұстаған,  
Шираз үстін көмкереді ай нұры.

Әлде тәнін отты лептен қорғай ма,  
Кетпейін деп, кетпейін деп, тез еріп.  
Әлде Ерді құпиямен арбай ма,  
Перде астында лаззат ерін кезеріп.  
Дос болмашы, қымбаттым, сол пердемен,  
Ұғынып ал осы ойды жан тербеген.  
Өмір қысқа және бізге табиғат.  
Сүйісуге ұзақ мерзім бермеген.  
Ұғынып ал осы сөзді  
Жан жүйенді тербеген.  
Ажарсыздың да жұрт сүйсінер құлқы бар,  
Тамаша ғой бетке біткен шіркін әр.  
Жаратылыс берген әрді тұмшалау,  
Бұл күнә ғой,  
Бұл күнә ғой, бұл – күнә.  
Гүлдер үнсіз ғашық жырын шерте ме,  
Болмау керек жүректерде қаяу-мұң.  
Түс көремін, өзгеше әлем ояумын,  
Ақын Хайям шерте алмаған әуенді,  
Мен шертемін өзіңе арнап, аяулым,  
Гүлдер үнсіз ғашық жырын шерте ме?!

## ОЙ ТАМШЫЛАРЫ АРЫМДЫ ҚАМШЫЛАДЫ

\* \* \*

Біреулерге баю деген арман, ә?!  
Сыймайсын-ау кейде адам арнаңа.  
Сатылады бұл дүниеде бәрі де,  
Ауа,  
Ауа,  
Сатылмайтын сен ғана.  
Небір ойлар тулап жатыр санамда,  
Қанағат жоқ  
Неге,  
Неге адамда?..



Ауа, өзің тірлік беріп келесің,  
Он сегіз мың ғаламға.  
Керек, керек дүние сырын шын ұғу,  
Ылайламай жаратылыс тұнығын.  
Өркениетке жеткізген де сол еді,  
Адамзатты құртатын да – құнығу.  
Кей істерді түсіне алмай жатам-ау,  
Жүрегімнен лапылдайды от-алау.  
Көзбен көріп, қолға ұстауға болса егер,  
Бұл адамдар ауаны да сатады-ау!!!

*12.09.2011 ж. Сағ: 10.10*

\* \* \*

Себезгілегенде таңнан нұр,  
Шығарып әсем жаннан жыр.  
Мінезіңмен, ісіңмен,  
Айналанды таңғалдыр.  
Қарамас ешкім бұған жай,  
Шарасынан көз шығардай,  
Тамсануменен бәрі де,  
Әп-сәтте қалсын ұға алмай...

\* \* \*

Мидағы –  
Клеткалар ақпараттар жинағы.  
Ашылуда құпиясы дүниенің,  
Алла берген сый бәрі.  
Жер-Анамыз екен құттай шар ғана,  
Түкпірі жоқ бүгін адам бармаған.  
Басқарылар бәрі-бәрі бір қолдан,  
Бұрын болған біреулерге арман-ән.  
Кең ғой десем, бұл дүние тар екен,  
Қуаныштан қайғысы көп, зар екен.  
Бірақ бәрін бітістіріп жіберер,  
Ақыл,  
Сана,  
Берекем.

Демей адам: «Күшағыма сыймады»,  
Артылса да өзгелерге қимады.  
Қызғаныштан, мешкейліктен ада бір,  
Басқарса екен барлар ғана иманы.

12.09.2011 ж. Сағ: 11.40

\* \* \*

Акыннан ақыл сұра ма,  
Білсе-дағы  
Айтпайды ақыл сірәда.  
Одан да сұра:  
Келсе егер гүл боп өрілгің,  
Түніне тылсым берілгің.  
Шарапқа қызған қандай, – деп,  
Тұмсықты бұзған қандай, – деп.  
Айтады саған бір-ақ сөз:  
«Көреді бәрін маңдай», – деп.

12.09.2011 ж. Сағ: 12.20

\* \* \*

– Сұлулық –  
Дүниені ұстап тұр, –  
Деп едім.  
Астына алды ол қыспақтың:  
– Казинода сатылатын салдақы  
Сол сұлуды құшпақ кім?  
Келді-дағы одан әрі талдағым:  
– Дүниені ұстап тұрған  
Сонда кім,  
Сұлулыққа құмартқан,  
Қайда қалмақ арманым? –  
Дедім тағы.  
– Дүниені ұстап тұрған –  
Өсектер,  
Өсек болып торын құрған –  
Есептер.

Есеппенен айналады Жер шары,  
Түк те емес сұлулыққа аңсарың. –  
Дегені.

...Өмір сенің тылсымың  
Неткен көп еді...

\* \* \*

Өмірден көргені кіл азап  
Болса да,  
Мұңаймай бұ қазақ  
Келеді,  
Үмітін үзбеумен,  
Бақытын іздеумен.  
Сол бақыт – әрі нұр, әрі ізгі,  
Арбайды ақ сағым тәрізді.  
Қусам да жеткізбей қашады,  
Тұлпармен шұбалған шашағы.  
Ырзығым мол екен,  
Төгілген көл екен.  
Әйтеуір  
Достарым ырза боп кетеді,  
...сол маған жетеді...

\* \* \*

Коммунизм...  
Ол идея күйреді,  
Капитализм...  
Елді қайта биледі.  
Коммунистер – ел тірегі бұрынғы,  
Шыға келді буржуй боп жырынды.  
Меншік,  
Меншік,  
Меншік үшін қырқысу.  
Жағаларды жыртысу.

Абыр-сабыр, әркімде бір жанбағыс,  
Әр қоғамда, өзіндік бар дағдарыс.  
Оқиғалар...  
Таңдандырды тап мені,  
«Коммунизм идеясы» тәтті еді.  
Барлығы тең қоғамда,  
Тап күресі жоқ онда.  
Қабілетіңе, еңбегіңе қарайтын,  
Маған,  
Саған,  
Оған да.  
Асты-үстіне түсіп жатқан дүние,  
О-о, Кең Алла!

*31.10.2011 жс.*

\* \* \*

Дала,  
Дала,  
Ұлы дала,  
Кең дала,  
Ұлылығын түсінетін мен балаң.  
Бар қымбатым,  
Махаббатым,  
Мұрат-мүддем  
Сен ғана.  
О, байтағым  
Толғана алмас сен жайлы,  
Сезімі жоқ жан ғана...

\* \* \*

Өмірден көргені кіл азап,  
Сонда да өлмеген бұ қазақ.

\* \* \*

Түсті де сәуле  
Қараңғылықты қақ жарып,  
Дүние болды жап-жарық.



Ал ол сәуле,  
Ол сәуле,  
Сәулесі еді – Дінімнің.  
Сәулесі еді – Ілімнің.  
Бұған дейін Әлемді,  
Қараңғылық қаусырған.  
Менің айкай-даусымнан,  
Жаңғырықтар шықты тек қана,  
Тау-шыңнан.  
...Қауызын жарған Гүлімнің.  
Тасқа қашалған Тілімнің.  
Тарихын,  
Таңбалардан танымын.  
«Қазақтың түбі...»  
Осы бір сауал мазалап,  
Келмей жүр менің әлі ұйқым...

*Ақтау, 25.11.2011 ж. Сағ: 10.20*

\* \* \*

Өмір заңын түсінем,  
Тіршілікке ілесіп.  
Улы газдар ішінен,  
Келе жатыр гүл өсіп,  
О, ғажап!

\* \* \*

Пәк адамға ғайыптан,  
(Дәлелім мол сүйенер).  
Тағылады айыптар,  
Жағылады күйелер.  
Ел мықтысын «жазалау» –  
«Зікіршілер жиыны».  
Ол күйені тазалау,  
Қиындардың қиыны.  
Өтірік-шын амалдап,  
Кездер болды есірген.

Депутатты жамандап,  
Әкімдерді кетірген...  
Осылайша әңгүдік,  
Айлаларын асырды.  
Ойбайлауды «ән» қылып,  
Киелерді қашырды.  
Малғұндық әрекет,  
Болып алды жиі өнер.  
Ұрса деймін соларды,  
Маңғыстаулық киелер.

*Ақтау, 25.11.2011 ж. Сағ: 11.55*

\* \* \*

Өмірде  
Не болмайды дейсің:  
Шығуын шығып биікке,  
Басы айналып, құлайтындар да болады.  
Жаны ашып, сол бір күйікке,  
Жылайтындар да болады.  
Бар кемшілікті үйіп кеп,  
Табалап сені,  
Сынайтындар да болады...

*1982 ж.*

\* \* \*

Ей, Шаханов!  
Аруақпен алыспа киесі ұрар,  
Құмырысқамен белдеспес түйе сірә.  
Сенбесеңіз жүгінелік Құранға,  
Пайғамбар мен Патшаларды  
Жібереді бір Алла!  
Сол патшалар бірегейі – Шыңғысхан,  
Тайпаларды бір-бірімен қырылысқан.  
Мемлекетке ұйытуға жіберген,  
Мол дарынмен және асқақ жігермен.  
«Қанішер, – деп Ұлы Ханды, – қатал-ақ»,  
Аптыққаныңмен.

«Жазушы, – деп, – жеті жүздің жетеуі-ақ»,  
Шаптыққаныңмен.  
Өзгелердің «енелерін» ұратын,  
Сен бәрібір бола алмайсың «ұлы ақын».

02.02.03 ж. Сағ: 10.30

\* \* \*

Оралар ма өткен күн,  
Гүл майсалы көктемнің  
Кезі еді.  
Тасып жатты,  
Арнасынан асып жатты,  
Әшейінде моп-момақан  
Жем өзені.  
Ақсәулеме ғашықпын мен,  
Кездесуге асықтым мен.  
Тағат таппай күтетінін оның да  
Ішім сезеді...

\* \* \*

Өзінше бір патшалық қой су асты,  
Итбалықтар момын, әрі жуас-ты.  
Жуасқа үйір қай кезде де қиянат,  
Жанарында қалыпты мұң ұялап...  
Жағалауда жатыр оның қаңқасы,  
Батады ғой жанға осы...

2012 ж.

\* \* \*

Бір арманмен шектелмей,  
(Бұ несі екен білмеймін).  
Гүл жайнаған көктемнен,  
Аппақ ақ қар іздеймін.  
Бала күнгі құрбыммен,  
Ойнағым кеп қуыспақ.

Сол ақ қарды тұрдым мен,  
Салғым келіп уыстап,  
Мойынға...

21.01. 2013 ж.

\* \* \*

Қарама маған тесіліп,  
Сөйлей алмаймын есіліп...  
Жолаушыдай пойызынан кешіккен,  
Ылғи да жүрем кешігіп.  
Алдап кетер үміттің,  
Несі үміт!..

\* \* \*

Бәтіңкі,  
Бәтіңкі,  
Бәтіңкі,  
Тері ғой дейміз біз затыңды.  
Лақтырып өзінді АҚШ-тық патшаға.  
Ирандық журналист шығарған атыңды.  
Шөп басы осылай желменен ырғалды,  
Әйтеуір сен жайлы ғажайып жыр қалды.  
Хрущев көкеміз БҰҰ-ның мінберін,  
Өзіңмен ұрған-ды.  
Намысын елінің қорғамай тұра алмай,  
Әріптесім сілтеді сені өткір құралдай...  
Мен болсам отырмын,  
Шыбын да ұра алмай...

\* \* \*

Гүлдәуреннің бақшасында гүл атып,  
Бір-бірінді шын беріле ұнатып,  
Қозы менен Баян болып сүйдіндер,  
Қол ұстасып бір өтуге түйдіндер.  
Көкіректе армандарың айға асып,  
Тәрде күліп отырсындар жайғасып.



Сендер тіккен жас отаудың уығын,  
Достарың жүр ақ ниетпен байласып.  
Сол отаудың шаңырағы шайқалмай,  
Жүректерде кірбің кірі байқалмай.  
Бақытты боп өтсін деумен,  
Жемісі мол алма ағаштай,  
Гүлдер шашып кетсін деумен,  
Өмірдің бар мол қызығын,  
Тек сіздерден көпсінбеумен.  
Қос көгершін көкке қанат қақты деп,  
Біз тілейміз ақ жүрекпен ақ тілек.

29.03.96 ж.

## ҚИЫП ТҮСЕР ҚЫЛЫШЫМ

*«Абыл – зергер, Қашаған – ұста,  
Абылекеме кім жетсін...»*

**Қашаған**

Запыранын өмірдің,  
Талай-талай асаған.  
Жасы сексен жасаған,  
Өлең сөздің ұстасы,  
Уа, бабам Қашаған!  
Айтсам сөздің дұрысын:  
Қиып түсер – қылышым,  
Есіп ішер – ырысым,  
Базарымның – пұлысың,  
Қазағымның дүрісің,  
Ұқсамайтын жүрісің,  
Ірілерден – ірісің,  
Өзгелердің татиды,  
Мың ісіне бір ісің,  
Маңғыстаудың бағына,  
Туған жансың жыр үшін.

Қол жетпейтін өресін,  
Тектілікте – Төресін,  
Мұз жаратын кемесін,  
Зыркыраған жебесін,  
Бай-манаптар көріпті,  
Сенен ғана көресін.  
Мақтап едің ондыра,  
Қасиетті домбыра,  
Сазды әуенге толды да,  
Үйіп-төкті мол мұра.  
Сәукелесі үкілі,  
Салтанат қыз мықыны...  
Есқалидай сұпыны –  
Буындырды үкімің,  
Бәрі-бәрі жырланды,  
Кейбір беттер нұрланды,  
Кейбір беттер сұрланды  
Келген кезде ұтыры.  
Ашулансаң – топансың,  
Жарамсаққа – қаталсың,  
Айтысуға өзінмен,  
Қай жаужүрек баталсын.  
Бағдарым – Темірқазық ең,  
Сыпыра жырау көзі ме ең,  
Қазтуғанның сөзі ме ең?!  
Шыдаған сынға төзім ең.  
Табыстыңдар сұңқарлар,  
Жыр менен күйге інкәрлар,  
Ақтауда Құрманғазымен.  
Өжетсің-ау, өжетсің,  
Кейде арынды тежепсің,  
«Өлең сөздің зергері –  
Абылыма не жетсін?!» –  
Деп кетіпсің Дүлдүлім,  
Кішірейіп ағаға,  
Мырза болып бағаға.

«Жабыспандар – депсің-ау,  
Шуылдақтар жағама».  
Қысың өтсін, жаз өтсін,  
«Жібек емес бөз өтсін» –  
Дейтін мынау заманда,  
Өр мінезді Қашеке,  
Ер мінезді Қашеке,  
Жарлы, бірақ арлыға,  
Көл мінезді Қашеке,  
Дүниеқоңыз барлыға,  
Шөл мінезді Қашеке,  
Бізге аса қажетсің!  
Айтар болсақ өзіңше:  
«Өлең сөздің ұстасы –  
Қашекеме не жетсін!!!»

07.09.2011 ж.

\* \* \*

Деп жүріп:  
Алау маздаттым,  
Сырларын жүрек қозғаппын.  
Өзімді-өзім япыр-ау,  
Жоғалтып ала жаздаппын.  
Деп жүріп:  
Арай күн бұлай,  
Қалмас-ау деп тұнжырай.  
Құрметтей де білмеппін,  
Өзімді-өзім сұмдық-ай?!  
Мәуелесін деп көп гүлдер,  
Нөсер-жыр лекіп төктім мен.  
Жарқырап шыққан жауһазды,  
Әркім-ақ таныр деппін мен.  
Сезімдерімді – нұрлы екпін,  
Келгені рас гүлдеткім.  
Іші тар кейбір жандардың,  
Қақланы барын білмеппін.

Кемшілігімді кеш білген,  
Сынадым-дағы кештім мен.  
Сөгіс пен ұрыс естуге,  
Қақым жоқ енді ешкімнен.

## САРҒАЙҒАН ДӘПТЕР БЕТТЕРІНЕН:

### АЙ

Баяу жүзген аспандағы,  
Аспандағы ай мына,  
Ортақ болған о, адамзат, шаттығыңа, қайғыңа.  
Қалың бұлтты ысырғандай, күлім көзі жарық етіп,  
Менің айым туар екен,  
Туар екен қай күні, ә?!  
Төгіп сонда шұғылысын,  
Шұғыласын нұр себер,  
Екі ғашық балқып түнде, от құшақта жүрсе егер.  
Бірін күндіз,  
Бірін түнде, о, табиғат, егіз қып,  
Жасаған ба күн мен айды, бұл әлемде бір шебер.

\* \* \*

Жанарыңда достық отын маздайтын,  
Жүректегі ұғушы едік назды айқын.  
Үйлендің де бір сұлуға, сен мүлде,  
Болдың хат та жазбайтын.  
Жүрек сырын айтпай қалмас тағы тіл,  
Хат жазуға жоқ па әлде уақытың.  
Ұмыта ма әлде осылай достарын,  
Тапқан адам бақытын.  
Қыздар жайлы көп айтатын сыр қалып,  
Тұрмыс жайлы бір қуанып, бір налып.  
Қалдық па біз,  
Қалдық па біз, досым-ау,  
Шыныменен бір құшаққа шырмалып.

## ХАТ

Ақпаның да,  
Шуақты жазың да бар,  
Хатыңда әзілің де, назың да бар.  
Тұратын еркелігің бірге атылып,  
Хатыңда жанарың бар нұрға тұнық.  
Әкелер жанға ләззат бұл күнде бал,  
Хатыңда сынғырлаған күлкің де бар.  
...Мендегі жас жүректі бағындырған,  
Сол хатың келмей кейде сағындырған.

## ЕҢ СҰЛУ АЙ

Ару Май!  
Табиғатта ең сұлу ай, әдемі ай,  
(Достық күнін тандай білген адам-ай).  
Қыраттарға, хош иісті бақтарға,  
Өтіп көрші көзіңді бір қадамай.  
Тыншымайсың жүрегіңе от орап,  
Гүл атады сенде нәзік махаббат.  
Осалсың ғой,  
Осалсың ғой бұл кезде,  
Болсаң да асқан сезіміңе қатал-ақ.  
Жасарып тұр бар дүние көкпеңбек,  
Құмартасың «мақсатыма жетсем», деп.  
Кешіресің, кешіресің жастардың,  
Мұндай кезде қызбалығын «көктем», деп.  
Өтіп көрші көзіңді бір қадамай,  
(Ашық жанды, ғашық жүрек адам-ай).  
Махаббат бар,  
Нәзіктік бар,  
Пәктік бар,  
Табиғатта ең сұлу ай, әдемі ай –  
Ару Май!!!

\* \* \*

Қызғалдақтар,  
Қыр төсінде қаптаған,  
Сезімсіз жан сені батып таптаған.  
Сезімсіз жан сені өңіріне тақпаған,  
Қызғалдақтар,  
Қыр төсінде қаптаған.  
Қызғалдақтар,  
Сен бар жерде ғашық бар,  
Сен жатасың сезім сырын ашып дәл.  
Сен жатасың жүрек қылын басып дәл,  
Қызғалдақтар,  
Сен бар жерде ғашық бар.  
Қызғалдақтар,  
Қыр төсінде жанатын,  
Сұлулыққа, нәзіктікке мол атың.  
Жүректерге сағыныш боп толатын,  
Қызғалдақтар,  
Қыр төсінде жанатын.

\* \* \*

Тербетті де сезімнің күйі балғын,  
Мен алғаш қыз ернінен сүйіп алдым.  
Махаббат оты ма едің, жас жүректің,  
Махаббат шыңы ма едің биік ардың.  
Қағып қиял қанатын биікке тым,  
Өртеніп баратқандай күйіп бетім.  
Менің тұнық көңілімді шайқап өткен,  
О, қаракөз, сен неткен сүйікті едің.

## ҮЙЛЕНГЕН ДОСҚА

Бара қалсам үйіне мен, әзіл айтпай тұрмас көп,  
Бара қалсам үйіне мен, қарсы алатын құрдас деп.  
Ақ көңілі жұбайлардың ақтарылмай қалды ма,  
Тамағы да, шарабы да дайын тұрар алдымда.

«Түссем-ау, деп, тойыңа бір, келген сайын ойдамын,  
Үйленесің енді қашан, жалғыз басты бойдағым.  
Біздер құсап қосылып ап (әзіліміз десек те),  
Жатпайсың ба тыныш тауып, дөңбекшімей төсекте».  
Дейді де ол наз айтқандай, нәркес көзбен арайлы,  
Шаттанып кеп, күлімсіреп жан досыма қарайды.  
Қызығамын осы бір сәт жарастыққа, наздыққа,  
(Біз де сәулем, хат арқылы, талай назды жаздық та).  
Жас жұбайлар, ылғи да алдан күн күлетін болсыншы,  
Жүректерің қуанышқа, шын бақытқа толсыншы.

## ӘКЕ СӨЗІ

Жолдар,  
Жолдар қилы-қилы бұралған,  
Қандай жолдар сені күтіп тұр алдан.  
Өмір деген, өмір деген, балам-ау,  
Сан жолдардың қоспасынан құралған.  
Жолдар, жолдар қилы-қилы шатқалаң,  
Жолда жатқан оңай бақыт жоқ, балам.  
Орта жолда белестерден аса алмай,  
Жете алмайды мақсатына, тоқтаған.  
Алда құшақ жайып жатса гүл өңір,  
Адам үшін қайғыра біл, күле біл.  
Жол үстінде кездесесің бәріне,  
Кейде тәтті,  
Кейде ащы бұл өмір.

## СОЛДАТ СӘЛЕМІ

Кеудені кернер ән болсын,  
Деп жүретін біз барда.

Сәлем айт, менен, жан досым,  
Ауылда қалған қыздарға.  
Жырламай жүрек тұрмасын,  
Теңіздей тасы, сен, кейде.  
Сәлем де менен, құрдасым,  
Әзілқой, жарқын жеңгейге.  
Қаламын айтпай несіне.  
Сағыныш шындар солдатты.  
Түсіріп бақты есіме,  
Сәулешім хатын жолдапты.  
Сезімді қалар бүгіп кім,  
Көңілмен мен де құшамын.  
«Баураған сол бір жігіттің,  
Сағындым, депті, құшағын».  
Өтеді уақыт жолсызда,  
Өтеді күндер тоқтамай.  
Барып тұр, досым, сол қызға,  
Жүрсінші мені жоқтамай.

## АНА

Аналарды құрметте, дос, ана деген – ұлы есім,  
Бар тірліктің сол анадан жаралғанын білесің.  
Жетпейді оның бергеніне, бар байлығың, үлесің,  
Аналарды құрметте, дос, ана деген – ұлы есім.  
Аналарға бас иіп өт, кездескенде ең кемі,  
Мен айтпай-ақ қояйыншы, мейрімінен өңгені.  
Ардақтандар, о, достарым, ардақтандар ананы,  
«Маңдайыма кірсін дейтін, саған кірген шөңгені».  
Жүрегі оның кешірімді, ізгілікке толы ғой,  
Сыйпайтұғын маңдайыңнан, сол ананың қолы ғой.  
Қамыңды ойлап жүреді-ау, ол есейгенде сен үшін,  
Күдікке де, сенімге де толып ой.



## ОЛАР ӘЛІ КҮТЕДІ

Онда өртеніп бататын күн алқызыл,  
Талай жанға соғыс сөнбес салды ізін.  
Әлі күтіп, әлі күтіп жүр ана,  
Сол майданнан оралмаған жалғызын.  
Соғыс деген, соғыс деген жат есім,  
Соғыс десе бір түршігіп кетесің.  
Әлі күтіп, әлі күтіп жүр жігіт,  
Сол майданнан оралмаған әкесін.  
Кетеді әсте көңіл шерін қозғап дәл,  
Сол майданнан оралмаған боздақтар.  
Небір жаңа тарихтың бетіне,  
Сол боздақтар, ұмытылмас жазды аттар.  
Қалың тұман баспау үшін үй үстін,  
«Ұрпақтарым деп, алаңсыз сүйіссін»,  
Сол ерлердің жарқын таңын жан қиған,  
Сен, жауынгер, күзетуге тиіссің.

\* \* \*

Мен соғыстың қара түнек кескінін,  
Есейген соң, тек әкемнен естідім.  
Винтовкасын кезеніп жас жауынгер,  
Ок пен оттың арасында кешті күн.  
Мен соғыстың қара түнек кескінін,  
Есейген соң, тек анамнан естідім.  
Ауылдағы жарын күткен жас қыздың.  
Кек аралас жанарынан есті мұң.  
Балада да, анада да бір тілек,  
Жүріпті олар, жеңіс тілеп, нұр тілеп.  
Мен бірін де көргенім жоқ солардың,  
Өсіп келем бейбіт күнмен бір түлеп.

\* \* \*

Жан анам,  
Аяулы анам,  
Асыл анам,  
Мен қалай сезімді бұл жасыра алам.

Бұл балаң – асау әлі арындаған,  
Бұл балаң – таскын әлі тасымаған.  
Жастықтың күмбірлетіп күйін алып,  
Маздаған махаббаттың сыйын алып.  
Бұл балаң – жүреді үнсіз көбіне-көп,  
Бәр-бәрін кеудесіне құйып алып.  
Өмір-теңіз толқынын кешіп келем,  
Бұл балаң сапарынан кешікпеген.  
Жан ана, менің үшін алаң болма,  
Өзге емес, өз жолыммен өсіп келем.

### ДАМАН БАТЫРЛАРЫНА

Иә, олар –  
Қырағы көз көрегендер,  
Жүрегін пәк сезімге бөлегендер.  
Иә, олар –  
Уссуридiң жағасында,  
Ел үшін өз өмірін төлегендер.  
Жүрекке қызыл жалын орағандар,  
Өлімге қаймықпай тік қарағандар.  
Бір күнін бір ғасырға балағандар,  
Елімнің қажетіне жарағандар.  
Мөп-мөлдір толы арманға жаны керім,  
Құшпағандар әлі де жар лебін.  
Осын-ау, бір жыл келген дүниеге,  
Құрдастарым бәрі де, бәрі менің.  
Осылар атқан сайын күліп тандар,  
Ерекше ләззатты сыр ұққандар.  
Ей, адамдар, ақ жүрек азаматтар,  
Ұмытпандар,  
Оларды ұмытпандар!!!

\* \* \*

Маңғыстауда:  
Су кеулеген жыра бар,  
Жел үрлеген ұра бар.

Бауыры бұлақ таулар бар,  
Сауыры құрақ баулар бар.  
Жер-су үшін әлі де,  
Шешілмеген даулар бар.

Тегіс жерде аңғар бар,  
Талай-талай таң қалған.  
Мешіт еткен аңғарды,  
Ғұламалар, заңғарлар.  
Сол заңғарлар жасаған,  
Орындалар әлі күн,  
Жазылмаған заңдар бар.

Ел сенімін ақтаған,  
Сөнбейтұғын шамдар бар.  
Көкірегіне оны сақтаған,  
Бірлі жарым шалдар бар.

Шежіре солай құралған,  
Тұратұғын томдардан.  
Солай, солай бір Алла,  
Ісімізді оңғарған.

*15.09.2014 ж.*

## АЙРЫЛЫСУ

...Түс қашырып, түн қатырған үш жылғы жорықтың сартап соқпағы екі тарамға айрылғалы тұр. Қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс. Бір-бірінің зердесіне екеуі де жеткізе алмады. Екеуі де өздері ұсынған бағытты бірден-бір дұрыс жол деп түсінді. Иелерінің көңіл-күйлерін дәл басқан астындағы арғымақтары да ауыздықтарын қарш-қарш шайнап, аяқтарын сергек басады...

Сан ұрыста  
Деп көрмеген «жан тәтті»,

Келе жатты  
Екі дос, екі салт атты.

Бір құтыдан талай бірге су ішкен,  
Су орнына талай заһар у ішкен.  
Талай-талай бал татқан,  
Бал орнына зәр татқан.  
Елдің арын арлатқан,  
Жауын талай сорлатқан.  
Алдарында құрулы еді нән қақпан.

Тақпас үшін келетұғын ұрпақ сын,  
Елін аман қалай алып шықпақшы?!

– Соңымызға ерген елді қонысына апарайық ертерек.  
– Берілмес ед қас жауына Ер Қармыс та, Балуанияз да, Ер Төлеп.

– Келісер ед ісімізге тіпті Ер Қонай да...  
– Солай ма,  
Нағыз ерлер елін өзі тонай ма?

– Тонау емес, жан сақтау,  
Қаһарынан Ақпатшаның алшақтау.  
Дейсің елім тоналмақ,  
Жер үстінен құрып кетсе не болмақ?  
Ақпатшаңыз беріп отыр кешірім,  
Сондықтан да басымды имей, батыл ашам есігін.

– Құл болғаннан құрып кетсем кетемін,  
Орысыңа басымды имей өтемін.  
Кегімді алам,  
Ажал келіп қалмаса егер төте бір.

– Түсін, Досан,  
Жетпейді оған күшің, Досан.  
Жетіп тынар ел түбіне,  
Осы мәрттік ісің, Досан.

Тыңда мені бір мезетке,  
Ақылыңа ақыл қосам.  
Ашылмасын арамыз,  
Патша алдына бірге барамыз.  
Берілеміз. Уақыт – емші,  
Жазылады қансыраған жарамыз...

– Ер жігітте біреу болмақ өлген күн де, туған күн,  
Керегі не өтірік, өсек, сумаңның.  
Өлсем өлем хақ жолында,  
Құлы болам иманның,  
Бұл өмірге бәріміз де азғана күн мейманмыз.

...Бірін-бірі көзбен талай ұғысқан,  
Енді бүгін сол ұғыстан шығысқан.  
Екі ерді, екі досты екі жаққа айырмақ,  
Дүние жалған – зымыстан.

Екі батыр бірін-бірі ұғындыра алмай келе жатқанда алдарынан жаңбыр суы аққан жіңішке жолым жыра пайда болды. Батырлар сол жолымның екі жағымен жүріп отырыпты. Әлгі жолым бірте-бірте ұлғая берді. Терең аңғарға айналып барып, Үстірттің ернеуіне құйып құрдым болды. Батырлар енді екеуінің жолдарының қайта қосылыспасын түсінген еді...

Иса бағытын өзгертпей алға ұмсынды, Үстірт ернеуінен қиялап жол тауып, Ойға түсіп кетті де, Досан Дөң үстінде ұзақ тұрып... атының басын кейін бұрды...

«Ер қырсыққа шалынса,  
Ем болмайды еткені.  
Тарыққанда басында,  
Зарыққанда қасында,  
Сүйенер досың болмаса,  
Кемеңнің құмға шөккені», –

деп күңіренген Досан далада көкбөріше жортты...

*Ақтау. 10.10.2014 ж. Сағ: 18.31*

## АМАЛДЫҢ АҚША ҚАРЫНДАЙ!

Тәрізді ақ көбелек,  
Ұшып жүрген, жарығым.  
Тұрған көктен себелеп,  
Амалдың ақша қары бұл.  
Жыл келгенін білдіріп,  
Жұмсартып қысқы ауаны.  
Жыл сайын (ұлым жүр біліп),  
Он төртінде айдың жауады.  
Жауады жаңа ырыс боп,  
Жауады жаңа нұр іс боп.  
Ескі жылдың соңы боп,  
Жаңа жылдың басы боп.  
Жамандықтың қасы боп,  
Жақсылықтың досы боп.  
Тазартып ескі ауаны,  
Ақ күміс, ақ қар жауады.  
Айтылмай ол жата ма,  
Амал жайлы мол аңыз.  
Ертең үлкен Атаға,  
Көрісуге және барамыз.  
Ақ батасын аламыз.  
Шаттанайық бәріміз,  
Бастан бақыт арылмай.  
Аппақ болсын арымыз,  
Амалдың ақша қарындай!

## МАЗМҰНЫ

*Үміт ЖӘЛЕКЕ. Айы оңынан туған ақын (Алғысөз орнына)* .....3

### *Бірінші бөлім*

#### **ҰЛЫ ДАЛАМ – МӘНГІ ЕЛІМ, МӘНГІ ӘНІМ – СЕН МЕНІҢ**

Немереммен әңгіме .....	12
Ұлытау мен Маңғыстау – киелі жер .....	17
Жолдар, жолдар... ..	21
Дала қасиеті .....	23
Дала мен бала .....	25
Жайдары мінезің .....	29
Шілде .....	29
Ән ( <i>Баллада</i> ) .....	30
Жібек жолы сорабымен шөп басқан ( <i>Поэма</i> ) .....	33

### *Екінші бөлім*

#### **ЛҮПІЛДЕП АСАУ ЖҮРЕГІМ, АҢЫЗБЕН ӨМІР СҮРЕМІН**

Сүлеймен патша жайлы екі аңыз ( <i>Баллада</i> ) .....	48
Жыр оқимын тасыңнан... ..	52
Есте жоқ ескі заманда... ..	53
Құлпытас .....	59
Суын айғыр барсың ба? .....	60
Ерекше шөліменен... ..	61
Жер атауы – шежірем .....	61
Ақсұқсыр ( <i>Поэма</i> ) .....	63
Дос парызы ( <i>Поэма</i> ) .....	73
Шерқала .....	80
Ақмыштағы кәрі ағаш .....	82
Қарағия .....	83
Булюйық .....	84
Шөжеп сұлу .....	88
Тобанияз .....	89
Қашаған мен Аралбай .....	93
Абыл мен Балдай қыз .....	95
Арғымақтың тұяғы қазған жерлер .....	96
Шипагер дала .....	96
Шөл кемесі .....	97
Қой мен қойшы .....	98
Атбегі .....	98
Ұры тіс .....	100
Қара жорға .....	101
Махаббат мақамдары .....	103
Сырынды аш ұлыңа .....	110
Ақсұқсырдың елінде .....	111
Томирис емес Таңырыс .....	112
Ағамен сұхбаттардан .....	113
Ер Досан .....	115
Әбілхайыр ханның құнын алуға аттанардағы Айбас батырдың бата сұрауы .....	116

Қаратөбе .....	118
Жүретін-ді үш акын .....	119
Қаракісі .....	121
Тіледім тілек... .....	122
Алланын сүйген құлы боп... .....	124
Ант ( <i>Суын құлын хикаясы</i> ) .....	126
Ару Жемнің жағасында Ақмешіт... .....	133
Өзен бойы көп тоғай... .....	136
Аманбай-ата, кешір мені .....	139
Ұл мен қыз немесе әкем айтқан әңгімеден кейінгі ой .....	143
Ақборан. Отар. Амандық .....	144
Ана шапалағы .....	145
Өкініш .....	147
Әже .....	148
Шопан монологы .....	150
Құлсары .....	151
Дәрібай қауымы басындағы ой .....	151
Адыраспан .....	152
Қосыла алмай қос теңіз... .....	153
Серт .....	154

### *Үшінші бөлім*

## **КӨМБЕДЕН КӨРКЕМ СЫРЛАР КӨМКЕРЕМІН, АЛЫҢЫЗДАР ІШІНЕН ЕҢ КЕРЕГІН**

Жара ( <i>Шағын повесть</i> ) .....	156
Шалмағанбет немесе сырлы асатаяқ сыры ( <i>Әңгіме</i> ) .....	173
Құла ат қасіреті ( <i>Әңгіме</i> ) .....	185
Ақшолпан ( <i>Әңгіме</i> ) .....	204
Қайшыбай жездемнің әңгімелерінен .....	211
Қарашүңгіл қасиеті .....	213
Ніл өзеніне көпір болған ортан жілік .....	215
Мәңгілік өмір суын іздеген адам .....	217
«Ақырзаманның ғалымы...» .....	218
«Ақырзаман қай кезде болады?» .....	218
«Туған жұртыңа аунатып алайын, ұлым!...» .....	219
«Жоқ, туған жұртыма аунаппын...» .....	220
«Кінәлі оған заманың...» .....	221
Сегіз саны – менің өмірімде .....	222
Маңғыстау афоризмдері .....	223

### *Төртінші бөлім*

## **БАРЫС МІНЕЗ ХАЛЫҚПЫЗ**

Құламаған ту туралы толғау .....	246
Біздің елде нұр мекен .....	249
Жарыста озар лайық .....	251
Кім дейміз? .....	252
Ата қазақ .....	253
Ақбоз ат мінген Елбасы .....	254



Жеті минуттық жол .....	255
Гүл қала – Астана .....	258
Барыс мінез халықпыз .....	259
Каспийдің түбі – алтын түп .....	262
Жер-ана, тербе мені! немесе планета тағдыры жүрегімнің лүпіші .....	266
Ғалымдарға ашық хат .....	273
Арал теңізіне ода .....	274
Мінездеме .....	275
Ардагер .....	276
Достық тамыр – тереңде .....	277
Күй сазы .....	278
Пеленің 1000-шы добы .....	280
Демеймін... .....	280
Сезім мен төзім .....	281
Кұлазу .....	282
Аққулармен қоштасу .....	283
Сыйлық .....	283
Жазу .....	284
Ұл көтерген ана .....	285
Екі қазақ .....	286
Желтоқсан желі .....	286
Досқа наз .....	288
Бір өлеңнің өңделген үш нұсқасы .....	289
Қадыр түні .....	294
Әйел – өмір шырағы .....	295
Өш алу .....	298
Егіз ұғым .....	299
Инвесторлар, байқандар! .....	305
Мұнайшы сөзі .....	307
Кұлазу .....	309
Алдасай серінің әндерінен... .....	310
Көкпар .....	311
Қыз ұзату .....	312
Күнделік .....	313
Бұлбұл .....	314
Кұлпырады құлсары .....	315
«Адам тегі – маймыл» – дейді... .....	316
1946-да туғандар... .....	316
Қымбатсың маған, Ақкетік! .....	317
Отпантау .....	319
Аққуларымды сағындым .....	321

### *Бесінші бөлім*

## **ОН СЕГІЗІМ – ОТ ДЕМІМ, ЖИЫРМА БЕСІМ – КӨКТЕМІМ**

Ұрыспа, маған... .....	324
Жүрмеспін дырдүмен... .....	325
Қашан... .....	325
Ғашықтың буы... .....	326

Жолым болып...	326
Мезгіл	326
Іштей сыр шертем мен...	327
Алғашқы сезім	328
Бір өзінді...	329
Кезбе боп кетем	333
Көздер	335
Қыз қиялы	335
Махаббат	339
Айта алман	340
Есею	340
Өмір сәні	340
Құлпытастағы жазу	340
Бақыт	340
Жағажайда	341
Мектеп бітіру кешінде	341
Көгілдір көктем	342
Май таңы-ай!	343
Жастық жыры	344
Досым бар...	346
Алғашқы қар қызығы	348
Жиырма беспен сырласу	348
Аяулы Құлсарым	350
Күзетемін, сені Отан!	351
Ән	357
Ақ Жайық-Ару	358
Торсық туралы сыр	359
Елуге келген досқа наз	361
Керек бізге Исатайдай арыстан	363
Там Байғазы	363
Туған күнді тойламаймын	364
Менің Клеопатрам	365
Туған жұртқа тағзым	365
Досты аңсау	366
Сен – менің Шаһаризадамсың	366
Парсы саздарынан	367
Ой тамшылары арымды қамшылады	372
Қиып түсер қылышым	381
Сарғайған дәптер беттерінен	384
Ай	384
Хат	385
Ең сұлу ай	385
Үйленген досқа	386
Әке сөзі	387
Солдат сәлемі	387
Ана	388
Олар әлі күтеді	389
Даман батырларына	390
Айрылысу	391
Амалдың ақша қарындай!	394



**ӨТЕГЕНОВ Айтуар Оспанұлы** (14.10.1946 ж.т., Атырау облысы, Жылыой ауд., Аққиізтоғай ауылы) – ақын, журналист, публицист, өлкетанушы. Қазақстан Жазушылар одағының, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қазақстанның құрметті журналисі, «Құрмет» орденінің, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалінің иегері. Әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ-дің журналистика факультетін (1976), Алматы Жоғары партия мектебін (1982) бітірген.

Жырлануы қиын мұнай тақырыбын қазақ поэзиясына бояуын солғындатпай алып келіп, соны теңеулері бар, тамаша нәтижелерге қол жеткізді. Тәуелсіздігіміздің Туын жоғары ұстай білуге үндеген проблемалық және көркем шығармалар жазды.

«Маңғыстау ақын-жазушыларының кітапханасы» 50 томдығының (2013) құрастырушысы, әрі шығарушысы болды.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті–Елбасы Кітапханасы мен Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Қоры ұйымдастырған «Қазақстан Тәуелсіздігі және Елбасы» республикалық конкурсының (2016) екінші орын иеленген жеңімпазы.

Атырау облысы Жылыой ауданының, Маңғыстау облысы Бейнеу ауданының құрметті азаматы. БҰҰ-ның «Бейбітшілік әлемі» (Планета Мира – World of Peace), Халықаралық Қазақ творчестволық бірлестігінің «Құрмет белгісі – Знак почета» орденінің иегері.

**Айтуар ӨТЕГЕНОВ**  
**БОЗ ЖУСАН ИІС**  
**БОЗ ДАЛАМ**

Корректоры: Ж. НҰРҒОЖИНА

Тех. редакторы: С. АҚЫЛОВ

Дизайнері: Р. АРСЛАНОВ

ISBN 978-601-7174-98-9



«Сардар» баспа үйі

Алматы қаласы,

8 ы/а, 19а үй.

Тел.: 8(727) 249 68 05, 225 25 42

e-mail: sardar777@list.ru

www.sardarbaspa.kz

Басуға 09.03.2017 ж. қол қойылды. Шартты баспа табағы 25,0. Пішімі 60x90 1/16.

Офсеттік басылым. Қаріп түрі «Таймс». Таралымы 5000 дана.

Тапсырыс № 2286.

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы

«Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.

050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.





ISBN 978-3-70-015377-2  
Herausgegeben von der Österreichischen  
Bibliothek



000001537782

Айтуар ӨТЕГЕНОВ  
**БОЗ ЖУСАН ИІС**  
**БОЗ ДАЛАМ**

